

ҒЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

— АЛАТАУ
— АСҚАРЫНАН
ЖЫР АСЫРҒАН —



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ —
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

— АДАТАУ
— АСҚАРЫНАН
ЖЫР АСЫРҒАН —



(Ғұмырнамалық эссе)



АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1996

Төрөкүл Н. Алатау асқарынан жыр асырған. — Алматы: Ғылым, 1996. — 320-б.

Белгілі ғалым Нысанбек Төрөкүлдың бұл еңбегін жыр алыбы Жамбылдың жас кезінен жүз жасқа дейінгі өмірін қамтитын ғұмырнамалық эссе деуге болады. Кітап соңғы жылдары табылған жаңа дерек, тың мәліметтер негізінде жазылған.

Көпшілік оқырманға арналған.

Ж а у а п т ы р е д а к т о р ы,

филология ғылымдарының кандидаты

Ж. Тілепов

Т $\frac{4702250105-015}{407(05)-96}$ 141.96

ISBN—5—628—01931—3

© Төрөкүл Н., 1996

БАСПАДАН

Жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған ұлы жыршының ақындық өмірі, өлең-жыр, айтыс, дастандары қақындағы материалдар аз деуге болмайды. Бірақ, солардың көбісі кеңестік дәуір талабына ыңғайлана жазылып келді. Жамбыл сияқты ірі тұлғаның халықтық, бұхаралық, ішкі рухани дүниесінің пәктігін — имандылық, адалдық қасиеттерін, адамдығын аша түсетін кейбір туындылары мен ақындық қызметі әлі де болса әділ бағасын ала қойған жоқ.

Жүз жасап, оның тоқсан жылында жыр төгіп өткен жыраудың шығармашылығы мен ғұмырнамасы туралы ширек ғасырдан бері дерек жинастырып, зерттеп, ондаған мақала, бірнеше кітап («Жамбыл мен Кенен», «Дастан ата» естелік жинағы, «Жүз жасаған бәйтерек» т. б.) жариялаған ғалым «Алатау асқарынан жыр асырған» атты бұл еңбегінде жоғарыда айтылған олқылықтарды ескере отырып, жаңаша ой толғапты.

Ғұмырнамалық эссе Жамбылдың көзін көрген, қасында бірге жүріп, талай сұхбаттасқан М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Е. Ысмайылов, Тоқтағұл, Лахути, Н. Тихонов, М. Бажан сияқты атақты сөз зергерлерінің естеліктеріне негізделген. Зерттеушінің мұражай, архивтен және ел арасынан тірнектеп жинаған жаңа деректері де молынан қамтылған. Сол арқылы оқушы қауым ақын өмірінің беймәлім болып келген беттерімен және бұрын жарияланбаған өлең-жырларының айтылу тәркінімен танысады. Жамбыл сынды сегіз қырлы, бір сырлы ақын мінездерімен, ақпа, төкпе жыраулыққа тән әдет-салттарынан хабардар болады.

БОРАНДЫ КҮНІ ТУҒАН БАЛА

«Басың — шу, аяғың ну» деп, айта беретін Шу өзенінің терістік шығыс алқабы көсіліп жатқан сексеуілді дала. Сол мидай даламен қапталдаса Хан, Жамбыл, Байғара таулары жалғасып жатыр. Байғарадан әрмен Бетпақдала басталып кетеді.

Осы тауларды бөктерлеп шапырашты Ыстыбай батырдың шағын көші ілбіп барады. Бұл ит жылы, ақпан айының соңғы күндері еді. Ерсілі-қарсылы ұйтқи соққан қарлы боран бетқаратар емес. Кереге, уықты айқара таңып, үстіне кебеже, киіз, төсек-орын артқан оншақты түйе бір-біріне тіркелген. Болдырған жануарлар эзер ілбіп, соңындағыларға із тастайды. Сол ізбен бес-он тұяғын айдаған аттылы, жаяу шұбырады.

Күн-түн борандата жауған қардың аяғы таң ата жаяу суырындыға айналған. Қоқан шапқыншыларынан ығысқан көштің алды Жамбыл тауының ықтасын етегіне жетті. Қош соңында бір топ аттылы жасақтар. Бұлар артынан қуып келе жатқан жаудың алдын торып жүрген Ыстыбай батыр қолы. Көштің оң қанатында тағы бір топ жігіттерді бастап, оның баласы Жабай келеді. Бұлар кеше ғана қоқандықтардың бір топ шапқыншыларын найзалап, аттан аударып кеткен. Өшіккен жау қарап қалсын ба, қайтадан қатарын молайтып оларды өкшелей қуған.

Сол бір жаумен жағаласқан қарбалас кезде Жабайдың жұбайы Ұлдан түйенің қомында келе жатып толғатты. Көш тоқтады. Жел өтіне шөгерілген түйелердің ығында Ұлдан ұл тапқан. Жарық дүниеге «айқайын» сала келген қызыл шақа нәрестені әйелдер дереу тоқтышақтың терісіне орап ала қойды. Жігіттердің біреуі арттағы жасаққа қарай «сүйіншілеп» шапты. Кешегі бір шайқаста сойылға жығылған Ыстыбайды сең-сең тонға

орап, бөстек шанамен әкеле жатқан топқа алқына жеткен әлгі жігіт атынан домалай түсті.

— Сүйінші, сүйінші!

— Ата, немерелі болдыңыз!

Сақал-мұртына қырау қатқан, жүзі сұрғылт тартқан қарт сәл көзін ашты:

— Жа-бай-й, қайдасың? Мына жұрт не дейді?

Әлгі жігіт қол бұлғап Жабайды шақырды. Ол шауып келіп атынан қарғып түсті. Әкесінің алдына барып тізе бүкті. Әкесінің құлағына айқайлады:

— Немерелі болыпсыз, құтты болсын!

Қасындағылар оған үн қосты: «Құтты болсын, бауы берік болсын!»

— Айтқаның келсін!

«Сүйіншілеп» жар сала келген жалбағай тымақ жігіт Жабайға жармасты:

— Кәне, көке, сүйіншімді бер! Жабай жездеген жалпақ кемер белдігін шешіп, қын, пышағымен оған қарай «мә» деп лақтырды. Жігіт қағын алып, айқайлап атына міне кері шапты.

Ыстыбай сәл басын көтерді. Баласы оған жан торсығынан сусын ұрттатты. Әкесі жан-жағына қарады:

— Біз қай жерде келеміз?

Жабай:

— Хан тауынан өттік, Жамбыл тауының етегіне жақындап келеміз.

Ыстыбай көзін қайта жұмып, күбірледі:

— Хан тауы дейсің бе, балам, бұл жерге аялдамаңдар, көшті алға тарта беріндер, Жамбыл тауына жетіп түйе белін шешіндер, ат ауыздығын алыңдар!

Осы сәтте кіндік шеше құндақтағы нәрестені атасына әкеп ұсына қойды. Қарт батыр немересінің титақымдай жүзіне өзінің қоңқақ мұрнын тақады. Қәдімгі жас нәресте иісі.

— Боранды күні туған бала бақытты болады деуші еді, — деді ақсақал. — Жаратқан иесі бақытты қыда көрсін, жасы ұзақ болсын! — Анталап тұрғандар:

— Аумин, айтқаныңыз келсін! — десті.

Бір кейуана Ыстыбайдың құлағына дабыстап жатыр:

— Атын кім қоясыз?

Ыстыбай бабасы Жамбыл тауын нұсқады:

— Жамбыл болсын, Жамбыл!

Жұрт «Жамбыл», «Жамбыл» деп жан-жаққа тарасты.

ҚАРА БОЗДЫ ҚАНАДАН

Жамбылдың жасы тоғыздан асқан кез. Көктем шығып, ауыл Іле бойына қонған. Бірде осы өңірге қобызшы аталған Қанадан нағашысы келді.

Қанадан Ұлданның ағасы. Үйсін жұртынан шыққан шебер қобызшы. Ол қобыз тартқанда, тыңдаушыны егілтіп жібереді екен. Бір күні Қанадан жолаушылап бара жатса, алдынан бір топ қарақшы кезігіп, оны тонап кетеді. Иесіз шөл далада қалған ол қурайдан сырнай жасап, елік лағының маңырағанына салса, оның алдына лағы өлген елік келіп иіпті, соны еміп Қанадан аман қалған деседі ел.

Сол Қанадан бір күні Жабайға жолығуға келсе, ол үйде жоқ болып шығады. Ұлдан қарындасы оны қуана қарсы алады.

— Аң аулап кеткен еді, кештетіп келіп қалар, — деп, қазан көтереді. Нағашысының алдынан жүгіре шыққан тайпақ қара бала мәз болып: «Күй тартып берші» деп, мазасын ала бастайды. Оның бұл тілегін шешесі де қоштап:

— Иә, Қанеке, осы жиеніңіз ән мен күйге тіптен әуес. Құмарын бір қандыршы? — деп өтінеді. Қанадан кеше ғана тігілген қараша үйдің көлеңкесіне шығып алып, қобызын күйге келтіреді де, бір күйді сарната жөнеледі. Күн ұзақ жыңғыл шыбықты ат қылып шапқылап жүрген сидаң бұт, үрпек бас, тәмпіш мұрын қара бала қобызшы алдына етпетінен жата қалып тыңдайды.

Қыл қобызына төне түсіп, бүкшиіп алған Қанадан өзі тартқан күйге өзі балқып, ырғалақтайды. Қобыз әуені мидай даланы елестеткендей. Ызындап жел де, суылдап құм да ескендей. Қобызшы ысқысын секең-секең өткізіп, өзі бейне желмаяға мінгендей, оқтын-оқтын қопандап қояды. Иә, солай, желмая желіп бара жатқандай.

Желмаяда желкілдеп,
Асан кетіп барады.
Жерұйықтай жерді іздеп,
Атаң кетіп барады...

Қанадан осылай термелеп алады да, тағы да сарнайды, тағы да зарлайды.

Күй аяқталып, қобызшы ысқы ұстаған қолының шолақ жеңімен мандай терін сүртіп, демін алды. Манадан бері күй сарынына елтіп, тындап қалған бала, енді орнынан атып тұрып, оған таяна түсті.

— Асан деген кім?— Айтшы, ағатай?

— Ей-й, шырағым-ай, ол бір ел қамын ойлаған бейбақ еді. Еліне жайлы қоныс іздеймін деп, бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Сырдарияның бойына келгенде «басы байтақ, аяғы тайпақ, өткелі жайдақ өзен екенсің, Қаратауды жайласам, Сыр жағасын қыстасам, жайлы қоныс болар ма екенсің»,— деп армандапты. Келес өзенінен өтерде, мөңіреуін қара, мөңіреуін, сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен»— депті. Осы біздің Шуға келіп «Ей, Шу, ағысың шу, қамысың ну, әттең атыңды теріс қойыпты, тегінде бір шулаған болмасаң, мынау ну қамысың елді жұтқа бермес» депті. Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудің ағашының басы сайын жеміс, шаруаға жақсы қоныс екен» депті. Қаратал өзенін кешіп өтерде: «Ей, сарқырап аққан Қаратал, артың кең, алдың тар» депті...

Сол Асан бабамыз хан сарайында қызмет істеп жүргенде:

Еділге келдің еңкейіп,
Онда да кеңес қылмадың.
Жайықты келдің жағалап,
Онда да кеңес қылмадың.
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің,
Ойылда кеңес қылмадың,
Одан да елді көшірдің... —

депті Жәнібек ханға.

БӨЛТІРІК АҚЫН ОСЫ ЕКЕН

... Бір күні жас Жамбыл балалармен жар астында асық ойнап жатса, бір топ аттылы келе жатады. Жамбыл ойынды тастай салып, әлгі жолаушылардың алдынан шығып, шылауына орала кетеді. Мұнысы, кісілерді сылтау етіп, үйіне бармақ, өзін үйден қуып жіберген әке ашуын баспақ еді.

— Біздің үйге түстеніп кетіңіздер. Қазы-қарта көп,— деп, оларды үйіне ертіп барады. Кісілер аттан түсіп жатады. Бала олардың атын байлап жүгіріп жүреді. Жабай баласына ала көзімен бір қарап алады да, келген қонақтарды күтудің қамына кіріседі. Әне-міне дегенше, ет те пісіп, қонақтардың алдына тартылады. Манадан бері шежіре, аңыз, өлең-жырды үсті-үстіне төпеп отыр-

ған ашаң жүзді, селдір сақалды, өткір көзді сөзшен қария қазының майлы қабырғасын әлгі балаға ұсынды.

— Атың кім, балам?

— Жамбыл.

— Атың Жамбыл болса, көңілің даңғыл болар, балам. Жабеке, балаңа өкпелеп жүрген көрінесің, бір ашуыңды маған бер, бетіңен қақпа, түбі осыдан бірдеме шығады,— деп, ескертеді.

Бұл кәдімгі қазақ, қырғызға шешендік, ақындық атағы жайылып кеткен, «Менің атым Бөлтірік, шаршы топта сөйлейтін, сөз мәнісін келтіріп, Айтыспағың болса егер, кетемін сөзбен өлтіріп» дейтін Бөлтірік ақын екен.

Әлменұлы Бөлтірік (1778-жылдары туып, 1859 жылы қайтыс болған). Ұлы жүз ішінде Ысты руынан шыққан ірі ақын. Туып-өскен жері осы күнгі Шу ауданы, Шоқпар станциясының маңы.

Бөлтірік аса шешен, әрі тапқыр ақын. Ол жөніндегі аңыз-әңгімелер ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып, ел жадында сақталған. Қазақ ішінде ғана емес, бауырлас қырғыз, өзбек арасында да «Бөлтірік айтыпты» деген қызық әңгіме-жырлар көп-ақ.

Бөлтірік өзінің жора-жолдастарымен жолаушылап бара жатып, бір байдың үйіне түстеніп өтпек болып, ат басын бұрады. Әлгі байды сараң деп естуші еді. Бір жолдасы «Түспей-ақ қояйық, бәрібір жарытпайды» десе, екіншісі, «Қасымызда Бөлтекең жүргенде, бізді сыйламайтын кім екен?» депті. Осылайша олар ауылға келіп, аттан түседі. Сәлемдесіп, жай сұрасқан соң әлгі бай жігітін жұмсап, бір лақ алдырады.

— Бөлтеке, әумиін!— деп, бата сұрайды. Сонда Бөлтірік, кідірместен былай депті:

Әумиін десең лаққа,
Даусы кетер жыраққа.
Тапсаң қозы сой,
Таппасаң оны қой,
Бұл бейшараны жылатпа!

Мұндай бата күтпеген бай, ұялғанынан:

— Бөлтеке, мына сөзіңізді басқа ешкім есітпесін, қой сояйын, — деп, оған жалыныпты.

Бөлтіріктің өткір сөздері көбінесе ұры-қары, жалқауларға қарсы бағытталған. Ол айтыс-тартыс кезінде бай-

манаптарға, алғыр ақын, шешендерге жалған шариат соғатын қожа, молда, төрелерге дес бермеген.

Жамбыл Бөлтіріктің осы қасиетін жастайынан қадір тұтып, оның шешен де, тапқыр сөздерін жаттап, өлеңдерін соңғы кезге дейін айтып жүрген.

МОЛДА АЛДЫНДА

Жаз айы. Ел «Жая» жайлауына көшіп, қонған кез. Бір күні Жабай баласын ертіп, көрші байдың үйіндегі молдаға барады. Бұл кезде Жамбылдың жасы оннан асқан шағы. Жабай молдаға: «Еті сенікі, сүйегі менікі, осы баламның көзін аш, хат танысын, ойын қуып кетпесін. Өзінің ондай да әдеті бар»,— деп әбден пысықтап тапсырады.

Сонымен оқу басталып кетеді. Бала Жамбыл бес-алты күндей дәріске қатысып, байқап жүреді. Өзге балалар әріп, сөз жаттаса, Жамбыл ішінен өлең торлап отырады. Онысын қасындағы шәкірт балаларға айтып, оларды ауық-ауық күлдіртіп қояды. Сол үшін де ол молдadan талай таяқ жейді. Ол енді молданы мазақтап өлең шығарады.

Уа, күдірет, масқара-ай,
Молданы қара басқаны-ай.
Кірпікшешен асырап,
Тұяққа құйып сүт беріп,
Қасынан жүр тастамай.
Бүрге де ішіп ол сүттен,
Ерінге қонып пәтшағар,
Молданын аузын ластады-ай!

Оны балалар жаттап айтады. Мұны есіткен дүмше молда Жамбылды тағы да шыбықтың астына алады.

Бір жолы мынадай оқиға болыпты. Басында дағарадай сәлдесі бар молда Жамбылға төне келіп:

— Кәне, өлеңші бала, дәрісті қайталашы?— деген. Оны Жамбыл қайдан айта алсын, сілейіп тұрып қалған. Сол, сол-ақ екен, молда кәрі жынын шақырып, баланың жон арқасына солқылдақ көк шыбықты ойнатқан. Арқасы білеу-білеу боп кеткен бала жылаған бойы үйіне барады. Етік жамап отырған әке оған ала көзімен қарады:

— Молдадан неге қаштың! Өлең шығарып оны мазақтағанда тапқан пайдаң осы ма, саған сол керек!

Ұлдан араға түсті.

— Отағасы-ау, баланы аясаңшы?!

— Жап ауызыңды, жайыңа отыр!

— Басына оқу қонбаса қайтесің, азар болса, бір балаң қойшы болады да!

— Қой, дедім ғой мен саған!!

Ана баласының арқа, басынан сипап, бауырына баса бергенде, Жабай ұшып тұрып, баласының жағынан тартып-тартып жібереді. Жамбыл еңіреген бойы далаға тұра қашады.

Сонымен Жамбыл молдадан да, үйден де безеді. Басының ауған жағына кете барады.

Бір мезгілде өзенді өрлеп бара жатқан баланың құлағына қыл қобыздың ызындаған үні талып естіледі. «Қанадан, Қанадан аға!» деп, ол үн шыққан жаққа қарай жүгіреді. Келсе, нағашысы көрші ауылда күй тартып, думан құрып отыр екен.

— Жамбылым-ау, қайдан жүрсің?— деп, ол өксіген баланы арқасынан қақса, арқасы білеу-білеу, қанталап кетіпті.

— Бұл не, сені кім сабады?

Сонда жас Жамбыл қобызды ала салып былайша мұңын шағыпты:

— Шып-шып етіп молданың,
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жон арқам.
Талай дүре соғылды
Тарсылдатып танадай
Жыртар болды тонымды
Тілің ашы бала деп
Қайнатты әбден сорымды...

Қанадан ызасы қайнайды. Ол дереу жиенін қолынан жетектеп, молдаға өзі барғалы тұрғанда, алдынан Жабай шыға келді.

— Ол тентек, күнәкарға неге жаның аши қалды? Қоя бер былай баланы, молданың алдына өзім сүйреп апарайын!..

— Оу, Жабеке, сізге не болған, қарғадай баланы зәбірлеп?!

— Онда сенің шаруаң болмасын, бала менікі, не істесем де өзім білемін.

Осылайша Қанадан мен Жабай сөзге келіп қалады. Содан біраз жылға дейін бір-біріне қырын қарап, қатыспай жүреді.

ЖАРАПАЗАН

Жамбыл албырт бала кезінде жылқышы, қойшы-қоландармен және әр ауылдың әзілкеш, қуақы жастарымен бірге жарапазан, әзіл-қалжың, өлеңді көп айтады. Ел ақын, жыршылары және әр ауылдың өлеңші жастарының үй иесін мақтаған, жасы үлкен кісілерге, жас нәрестелерге және мырза жігіттер мен қыз, келіншектерге арнаған жарапазан бата, тілек мәндес өлеңдер мол айтылған.

Жарапазан айтамын есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе,

деген өлеңдерде жақсы тілек, игі ниет бар. Бала Жамбылдың жарапазандары да сол мәндес.

Жамбыл 13—15 жасында малшылармен бірге мал бағысып, шөп шабысып жүреді. Кімде-кім кешігіп келсе, бір қой сойыс, бір саба қымыз төлейді, — деп шөпшілер өзара бәстесіпті. Бір күні Жамбыл кешігіп келеді.

— Ал, қайда жүрсің, айып төле!— дейді бәрі шу етіп,

— Бір қызық өлең айтсам, құтқарасындар ма?— дейді ол.

— Жарайды, айта ғой?— дейді, көпшілік. Сонда бала Жамбыл кідірместен:

Жиналмай анау жерде шөп жатқанда,
Күйеуі мына қыздың кеп жатқанда.
Шөп төселген іргеде білдірместен.
«Шолақ қасқыр» бірдеме жеп жатқанда.—

депті де, бәстескендерден құтылып кетіпті.

Мұның мәнісі былай екен: Жамбыл таңасына мініп ауылға барса, бір жақындарының үйіне күйеу жігіт ұрын келіп, ірге басып жатса керек. Күйеудің аяғы ақсақ екен. «Шолақ қасқыр» деп сол күйеу жігітті айтыпты.

... Жабай үйден безіп кеткен баласын іздестіріп жүреді. Біреулер — қырдағы ауылдан көрдік, енді бірі — ойдағы ауылдан көрдік, тағы бір ағайындары — жарапазан айтып, жайлауда жүр — дегенді айтқан.

Бір күні Жабай «Ой жайлаудағы» малшылар аулына барып, қонып отырса, ел ас-суын іше бергенде, тыстан сампылдап, жарапазан айтып тұрған бала дауысы естіледі:

Ей — и жарапазан айтамыз ел жағалай,
Көк-ала үйрек ұшады көл жағалай...

Жас Жамбыл бұл жолғы жарапазанды осылай дәстүрлі әуенмен бастап, аяғын былай төкпелеген. «Мен өленді төгейін, алыс-жақын демейін, осы үйдегі жарандар, құлақ салып қарандар, бұл жырымның бас жағы, жарапазан болғанмен, ар жағында мәні бар, арнаулы және әні бар, бұл сөзімнің жаны бар, — деп термелей келіп, соңын:

Ұлдарың батыл болып өссін деймін,
Қыздарың мұратына жетсін деймін —

деп, бата тілекке айналдырған.

— Мынау біздің бала ғой!— деп Жабай тысқа шығып қараса, қасында тағы бір жарапазаншысы бар Жамбыл екен. Әкесі:

— Балам-ау, қайдан жүрсің, мең сені іздеп бармаған жерім, баспаған тауым қалмады ғой, — деп жатыр. Үй несі де:

— Үйге кір шырағым, әлгі жырың құлағымызға жағып барады, — деп оларды қонақ етеді. Дастарқан үстінде бала Жамбыл бірер жырдың басын қайырып тастайды да, кезекті қасындағы серігіне береді. Бұл Үсен деген қуақы жігіт екен. Ол шапырашты Айқым, оның ішінде Қоңыр деген атадан. Жамбыл онымен Түрген жаққа барғанда танысыпты. Үсен де ел аралап сықақ-мысқыл күлдіргі сөз, жарапазан айтып жүреді екен. Ол кішкентай қалақша домбырасын қағып-қағып жібереді де:

— Өткен күзде Қызыл бөрік аулына бардым. Самаған деген батыры бар екен. Біреулер айтты: «Өзі тас кедей, бірақ, кісіден еш нәрсесін аямайтын жомарт, жалғыз шұбар аты бар, егер жарапазан айтып ойындағысын таба сөйлесең, атын да береді» деп. Мен соны іздеп жолға түстім. Батырдың үйі анау деген соң, бір қараша үйге барып: «Батырдың үйі осы ма?»— деп дауыстадым. Ешкім жауап қатпады. Киіз үйдің жабығынан сығалап қарасам, құдай салмасын, түйедей бір дәу тыр жалаңаш бұтын отқа қақтап, қыздырынып жатыр. Сонда мына өленді қоя бердім:

Үйін-үйін үй екен,
Үйдің көркі ши екен...
Әлгі айтқан мырзасы,
Осы ма еді, япырым-ау,
Ат беред деп мақтаған...

Осы сөзді есіткен батыр:

— Ұста, мына иттің баласын!— деп, үстіне шидем

шекпенін жамыла салып, мені қуа жөнелді. Мен өрге қарай салып, жеткізбей кеттім.

Үсеннің бұл сөзіне манадан бері қабағын қарс жауып отырған Жабай да, үй иесі де күліп алды. Олар сол үйде қонып, ертеңіне аулына қайтпақ болды. Жабай баласына қарап:

— Ал, балам, ауылға қайтайық. Менің мал-жанға қарайтын шаруам бар, сен молдаңа бар, оқуыңа кіріс — деді. Манадан бері осы сөзді айтады-ау деп отырған Жамбылдың жорамалы дұрыс боп шықты. Ол ішінен торлап отырған өлеңін әкесіне айтып салды:

Оқымаймын молдадан,
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа,
Жем дәметкен дорбадан.

Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп.
Күн ұзаққа боздаған...

Осылайша ол әке бетіне тіке келді. Бұрын мұндай мінезін байқамаған Жабай, сәл отырып қалды. Баласын қамшының астына алайын десе, кісі үйінде отыр, алмайын десе, ызасы өтіп барады.

— Сонда не істемексің?— деді іштей ашуға булығып отырған әкесі.

Бала жаңа ғана айтқан өлеңін жалғап кетті:

— Оқығанша мен одан,
Домбыраны қолға алам.
Өлең кірген түсіне,
Жөргегінде мен болам.
Қинама, әке, кинама.
Болмас енді зорлаған!

— Жарайды, — деді әкесі, — оқымасаң оқымай-ақ қой, бірақ ақын болмайсың! «Екейде елу бақсы, сексен ақын,» деген Шыбыл шалының мазағы Екейге аз ба? Енді сен сексен бірінші ақын болмай-ақ қой. Бала деген әке жолын қуар болар. Маған көмекші қолқанат бол, шаруаға қарайлас.

Бала әкенің бұл сөзіне лажсыз көнді.

Жамбыл ауылға келген соң қой бағысты, жылқышылармен бірге жайлауда, қыстауда жүрді. Олардан талай әңгіме, аңыздар тыңдады. Біреуі Көрғұлы, Ер Төстік батырды айтса, енді бір қарт қойшы Ер Қосайдан әңгі-

ме қозғады. Есқожа аулының жылқышысы Қарасай, Сұраншының ерлігін дәріптесе, қырғыз ауылының қойшылары Манастан, Семетейден үзінді — ыр шертеді. Жыр құмар Жамбыл осылардың бәрін тындап, көкейіне құя береді.

«МЕНИҢ ПІРИМ СҮЙІНБАЙ»

Шілденің аяқ кезі. Шаңқай түс. Майтөбенің қоңыркай беткейі қалың шалғын, жайқалып тұр. Ойдым-ойдым орылған жерлері де бар. Биыл шөп жылдағыдан қалың-қаудан. Кең жотаның шығыс жағы еңіс сай, ұлтанында бұлақ. Суы мол бұлақ бұлқынып ағады. Оның басында бір қора қой жусап жатыр. Ешкілі, қой, тоқты торым аралас. Жұпынылау ауылдың малы тәрізді. Бұл Ыстыбай балаларының малы. Одан төменірек әудем жерде тағы бір қора қой суға келіп құлады, бұл Бұғы, Марал, Бәйіт, аулының қойы. Оларды «бәйбіше балалары» деп те атайды. Малдарын су жағасына иіріп тастады да, қойшылар бұлақ басына жиналды. Олар көмешкүлшелерін, қағанақ-ірімшіктерін ортаға салды. Жұмырларынан қойыртпақ сіміреді. Бетінің қорасан дағы бар ұзынтұра Әлмембет қойшы қасында отырған Жамбылға:

— Қазекем үйіндегі шілдеханаға неге келмедің? — деді.

— Әкем жібермеді, қайтемін.

— Қашанғы таяқ жей берсін, бармағаны дұрыс.

Мұны айтып отырған шіңкілдек сары Мейрам қойшы. Ол Жамбылмен түйдей жасты. Үнемі Жамбылға жанай жүреді. Жамбыл Шоман дейтін егде қойшының қасына жақындады.

— Ер Қосайды айтыңызшы?

— Шоман бір айтқанды қайта айтпайды.

— Ер Төстікті айтсын.

— Жоқ — деді Шоман тағы да пәлдене түсіп. — Оны былтыр айттым ғой.

— Сендер анталамай қоя тұрсандаршы, Шомакең не айтатынын өзі біледі ғой, — деп, оны қолпаштап жатыр, бір қойшы.

Шоманның бәрінен жасы үлкен. Жалайыр жұртынан. Ел аңыздарын, батырлар жырын, хиссаларды қныстырып айта беретін, аңқылдаған ақ көңіл жігіт. Көтерме-легенді жек көрмейді.

— Сендерге, — деді Шоман селдір мұртын бір сипап қойып, — бұрын айтылмаған бір қызықты айтып берейін бе?

— Айтыңыз, айтыңыз?— десті қойшылар жан-жақтан.

— Ал, тындандар!— деп, Шоман жанында жатқан ақ таяғын домбыра ғып көлденең ұстады. Ол әуелі мынадай әлхисса айтып алды:

— Алтынемелде Тезек төренің болғанын есітулерің бар шығар. Ол жігіттерін барымтаға жұмсайды екен. Бір күні ұрлыққа аттандырған Жылкелді, Бапау деген екі ұрысы таяқ жеп қайтыпты. Осыған ыза болған Тезек екеуіне былай деп ұрсып жатса керек:

— Арғы атам — Әділ төре, Тезек — атым,
Асып тұр Ұлы жүзден салтанатым.
Біріннің басың жарық, қолың сынық
Ұялмай не деп келдің екі қатын!?

Бірталай албан, дулат ел емес пе,
О — дағы шалқып жатқан көл емес пе?
Қолында жетелеген бір тайың жоқ,
Мұнан да өлгендерің жөн емес пе?

Мен іздеп екеуіңді бармас па едім.
Басына заман ақыр салмас па едім,
Қолына аждаһаның түссең-дағы,
Айыпсыз ажыратып алмас па едім?!

— Әлхисса, төре осылай деп долданыпты, Жылкелді мен Бапау мөңтеңдеп оған жалбарынып:

— Тақсыр-ау! Қайтеміз, оған мұрша келді ме?!— депті.

— Тарт тілінді, өңкей қоян жүрек!— Тезек осылай деп екі ұрысына кейіп жатқанда үстіне Сүйінбай ақын:

— Ассалаумағалейкүм, алдияр хан!— деп кіріп барыпты. Сонда құс жастыққа шынтақтап жатқан Тезек басын жұлып алыпты. Жылкелді мен Бапау оған ұмтыла бергенде, Сүйінбай қолындағы домбырасын қағып-қағып, өленді қоя беріпті:

— Келіп едім, хан Тезек, көрейін деп,
Сәлемін пайғамбардың берейін деп,
Аттандырған екі ұрың қолға түсіп,
Құса боп отырмысың өлейін деп,

Хан Тезек, қарамысың, төремісің,
Жемесең ұрлық етіп өлемісің?!

Жетім мен жесірлердің ақысын жеп,
Барғанда ақыретке беремісің?!

Шоман «ашуын» басып, сабасына түскендей сыңай білдірді. Басындағы күнге күйіп кеткен насыбай көк тақиясын алып тізесіне қойды, басын сипады. Аузына қарап анталап отырған қойшыларды көзімен бір шолып алды да, Тезек төренің айтқан сөзін баяндады:

Атадан емес еді жолым өзге
Болмады тоқтамасқа мына сөзге.
Үні өткір, өзі де бір зар жақ екен,
Жасырмай барлық шынды айтты көзге.

Сүйінбай тегін емес, қызыр көрген,
Қол жайып, жаман болмас бата берген.
Жылкелді бір қой әкеп, бата сұра,
Құтпанын ап қалалық осыменен

Жылкелді орнынан ұшып тұрып, даладан бір қой әкеп «әумиін!» деп бата сұрапты.

Сонда Сүйінбай әлгі қойға ары-бері қарапты да мынаны айтыпты:

Мынауың құнан қой ма, дөнен қой ма?
Мойнында мылтығы бар мерген қой ма?
Артына жалтақ-жалтақ қарайды екен,
Бір қорлық қасекеннен көрген қой ма?

Қойшылар қарқылдап күлісті. Жамбыл да мәз болып қалды. Ол Шоман құдың бүгінгі өнеріне ерекше сүйсініп отыр. Шоман тағы да сөйледі. Ол енді Тезектің мына бір кезек сөзін айтты:

Жақсы ақын үйге келсе, қыдыр, ырыс,
Айтқаны Сүйінбайдың бәрі дұрыс,
Көргенді не де болса, бетке айтатын.
Адамнан сирек туар мұндай туыс.

Сүйінбай маған сенің өзің керек.
Баршадан ақын болып тудың ерек.
Жарамды мінетін бір ат берейін,
Соны мініп еліңе қайт ертерек.

Тезек төре бір жігітін жіберіп, кәрі бір сары ат алдырады. Сүйінбай атқа қарап тұрыпты — да:

Таксыр-ау бұл бергенің сары ат па еді?
Аузында бір тісі жоқ кәрі ат па еді?
Кірпігіне қарасам қурап қапты.
Тұсында Абылайдың бар ат па еді?!

Қойшылар бұған ду күлісті:

— Төрөні құртты!

— Аузына құм құйды!

— Енді не дәр екен?

— Сонда Тезек мынаны айтыпты — деп сөзін жалғады Шоман:

— Жамандап келдің-дағы даттап болдың,
Жаксылығын кейінге сақтап қойдың,
Қатыным мынау менің алдыңда отыр,
Аз ғана қыздарымды мақтай қойғын.

Төрөнің бұл өтінішіне Сүйінбай былай деп жауап беріпті, — деді Шоман:

— Тақсыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма,
Жаманды жаман дейтін заман бар ма?
Бағасы бес тындық біреуі жоқ.
Болған соң ханның қызы амал бар ма?!
Хан Тезек, кейкі сары ханымыңыз,
Сүйінбай екенімді таныдыңыз.
Долданып тап бермегін қылышыңа,
Жасырмай айтып берсек анығын біз...

Шоман ұмытты білем, өлеңнің аяғын қара сөзге айналдырып жіберді: «Қатыныңыздың аты Дәнекер; біздің ауылға көрші Жарылқамыстың қызы еді. Кішкентайынан білуші едім, оның несін мақтайын, бақа бас, кейкі танау қара қатын ғой. Мен оны тегін берсе де алмас едім.»

Шоман сәл кідіріп демін алды, жыртық жеңімен маңдай терін сүртті. Қойшылар жамырасып қалды:

— Сонымен Төре жеңілді ғой!

— Жеңілмегенде несі қалды?

— Қызын да, қатынын да оңдырмады емес пе!

— Тұра тұрыңдар, — деді Шоман оларға — айтыстың аяғы былай екен ғой, енді есіме түсті. Сөзден ұтылған Тезек оған мойынсынып, Сүйінбайды өзіне сарай ақыны етіп алмақ бопты:

Қарасам, басың менен аяғыңа,
Жерің жоқ түте-түте жұлынбаған.
Жанадан киім-кешек бергізейін,
Жүргейсің келіп-кетіп ұрып мөреп.

— Бұл сөз — деді Шоман — Сүйінбайдың намысын келтірді білем, ол Тезекке қарап мынаны айтыпты:

Хан Тезек, байлығыңа бас ұрмаймын,
Мен бірақ көргенімді жасырмаймын.
Шын дертім ұстап кетсе айнымалы
Басымнан ұшқан құсты асырмаймын.

Осылайша Шоман қойшы Сүйінбай мен Тезек төренің айтысын аяқтады. Қойшылар жадырап мәз-мәйрам болысты. Әсіресе, Жамбылдың әсерінде шек жоқ. Ол Шоманның жанынан қалар емес.

— Ағатай, үйреніп алайын тағы бір айтып берші?

— Е-е-е, не төлейсің?

— Көк серкеңді бер!— деді ұзынтұра Әлмембет.

— Қой бастап жүрген серкесін әкесі бергізуші ме еді?— деді, шіңкілдек сары.

Жамбыл оған тағы жалынды:

— Тәйтi ағамнан бір тоқты алып берейін.

— Ойнап айтамын, — деді Шоман миығынан күліп. Қойыңның керегі жоқ, шынымен үйренемін десең, түнде менімен бірге қой күзетуге кел.

— Мақұл, аға, барамын...

Сүйінбай сынды батыл сөйлейтін ділмар ақынның бұл сөзін Жамбыл әуел баста Шоман қойшыдан осылай үйреніпті. Осыдан үш-төрт жыл бұрын Сүйінбай есімін Қанадан нағашысынан, кейін өз әкесінен есіткен-ді. Бір жолы Тәйтi ағасының үйінде отырғанда оның Сүйінбай туралы айтқан сөзі де есіне түсті.

— Сүйінбай болмағанда, — деген Тәйтi, — құр қол қайтатын екенбіз. Біз ақ ордасына ене бергенімізде, Тезек төре бәрімізді тоқтатып қойып:

— Сүйінбай табалдырықтан аттамай тұрып, Шапыраштының қандай батыры бар, соны айтшы?— деп шарт қойды. Шамасы, Сүйінбайдың ақындығын байқағысы келді білем. Сонда Сүйінбай: «Айт десең, тақсыр айттайын»— деп Сұраншы батырды табан астында жырлап шыққаны бар емес пе. Тезек төре Сүйінбайдың айтқыштығына риза болып, барған шаруамызды тындырып жіберді...

Еді Жамбылға мынадай ой түсті: «Сүйінбайдан бата алсам ба екен? Ол үшін үйге шақырып, өлеңімді тыңдауым керек шығар. Мұнымды әкем қош көрсе дұрыс-ау. Апама айтсам ба екен?..»

Сөйтіп, Жамбыл Алатау атырабына атағы әйгілі Сүйінбай ақынға жолығып, одан бата алуды армандады. Ол нағашысы Қанадан берген қара қобызды ұстап, кі-

шігірім жиын-тойда өлең айтып жүрді. Бір күні кешқұрым жайлаудағы Сүйінбай үйінің тұсына барды.

— Ей-й, өлеңім келді жол шегіп,
Осынау елге алыстан
Түн болды, үйге ен дейтін,
Табылмай тұр таныс жан...

деп, термелей жөнеледі, өзінің жаңа талап жыршы екенін, ел кезіп, жарапазан айтып жүргенін өлеңдетеді. Енді бірде ол:

— Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Самғай жүйрік жүгірер
Аяқтан біреу шалмаса...

деп Сүйінбайдың өз сөзін айтады. Кеше ғана ел арасындағы дау-дамайдан шаршап оралған Сүйінбай өлеңдетіп тұрған бұл кім екен деп ойлады.

— Ақын болсаң, үйге кір, жасқанба!

Жамбыл табалдырықтан аттай беріп, жыр тарланына сәлем берді. Қолында қара қобызы, бұтында тері шалбары бар мұндай жалаң аяқ ақынды Сүйінбай ешбір ауылдан кездестірмеген екен, ол жөн сұрады.

— Қай туған боласың?

— Шапырашты Жабай баласымын.

— Атың кім?

— Жамбыл.

— Е-е-е, Шапыраштыда бір жыршы бала бар деуші еді, сол екенсің ғой. Жақынырақ отыр.

Ұстаз бен шәкірт ең алғаш рет осылай кездесіп танысады да, сөз кезегін жырға береді. Жамбыл өзі аңсап келген ұстазы алдында әуелі жасқана, имене отырып, қыза келе бар өнерін төгеді. Ол бірде нағашысынан үйренген желмаясын аныратса, енді бірде ауыл арасында өзі айтып жүрген уытты өлеңдерін термелейді. Бала шәкірттің аяқ алысына Сүйінбай да, оның зайыбы Еңлік те риза болысады.

— Отағасы-ау, жас ақынға мына сый лайық болар,— деп, Еңлік оның алдына жібек шапан қояды. Жамбыл шапанды Сүйінбай ұстазының иығына жабады.

— Маған сіздің батаңыз да жетіп жатыр.

Қарт жырау шәкірт балаға ақыл айтып отыр: «Осы

шабысыңнан тайма, өлең-жырды дауылдата бер! Бірақ, байқа балам, ақындық жолы — қиын жол. Оның ыстық-суығына төзген, ол өнерді жан-тәнімен сүйген, өршіл өнерпаз ғана нағыз ақын бола алады. Домбыра садақ болса, өлең сол садақтың оғы, оны жөнімен жұмсай біл. Ең бастысы — шыншыл, әділ бол, халықтың ойындағысын таба сөйле, дұшпанына батыл, досына асыл бол!» Осылай деді де, ұстаз сәл ойланып, іштей толғанды. Сірә, көмейіне бір жыр шумақтары келген тәрізді. Ол жанында сүйеулі тұрған домбырасын алып шертті:

О, Жамбыл, бата дедің — бердім саған.
Бақытты, өмірлі бол, жүргін аман.
Батасын ат орнына берді ғой деп.
Қоймағын былай шығып кінә маған.
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып.
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға риза болсын айта барғын
Осымен өкпелемей жүрсін маған.

«Әумиін» десіп, отырған үшеу қолын жайып, «бата қабыл болсын» десті: Міне, содан былай қарай Жамбыл,

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай —

деп өлең-жырды боратады. Шоман қойшыдан он бес жасында үйреніп алған Сүйінбайдың Тезек төремен айтысын өмір бойы айтып жүрді. Бата алған кезден былай қарай онымен жиі кездесіп, ұстазынан Өтеген, Сұраншы, Жабай батыр дастандарын және оның қырғыз ыршысы Қатағанмен айтысын үйреніп алды. Міне, осыдан бастап Жамбылдың бағы жанып, бала жырау атанды. Енді ол өзі қатарлы ақындармен батыл сайысқа түсе бастады.

САЙҚАЛ ҚЫЗ

Он жеті жас шамасында Жамбыл, Шу, Талас бойын аралап жүріп Сайқал деген қызбен айтысады. Бұл Жамбылдың ел аузында сақталып келген алғашқы айтыстарының бірі. «Мына ауылда ақын қыз бар» деген сөзді естіп, Жамбыл оны іздеп барады. Үйге кіре берсе, үстінде жібек торғын көйлегі бар, жездеп тастаған сәнді кебісін аяғының басына бірде іліп, бірде шешіп ойнап, емін-еркін көсіліп отырады. Ол жалба-жұлба киінген, өзі

ел кезіп жүдеп жүрген Жамбылдың сиқын көріп мазақ етеді.

Жіп айыл, құр құйысқан, киіз терлік,
Япыр-ау, бір соны елді жаңа көрдік.
Жиылған ақсақалдар, бозбалалар,
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік.

Сонда Жамбыл былай депті:

Арқаның жардай болар сары нары,
Кетпейді Алатаудың жаздай қары.
Істікке шанышқан сирақтай қып,
Қуартпай аяғыңды тартсаңшы әрі!

Бұрын мұндай тосын сөзді естіп көрмеген қыз сәл кідіріп қалады. Төрде отырған ақсақалдар:

— Тоқталма, шырағым, айта бер!— дейді.

Сайқал қыз жеңгесін шақырып алады. Ошақ басында оқ жыланша орғып жүрген секпіл бет жеңгесі келе сала:

— Мұндай диуана баланы жеңбейтін несі бар екен, кел, бикеш, қосыл маған,»— дейді де, екеуі қосылып Жамбылға жабылады: жалбағай кедей, кезбе, қаңғырған неме, деп кемсітеді. Жамбыл саспайды, қайта өршелене түседі:

Атыңды қойған екен тауып Сайқал,
Әркім мініп тастаған сен бір байтал,
Қалай-қалай сөйлейсің-ей, әдепсіз,
Әлгі айтқан сөзіңнің бәрін қайта ал!

Ендеше, шотыр қатын, шотыр қатын,
Жайыңа қыстырылмай отыр қатын!
Кесірлі қыз, қатынмен айтысатын,
Мен емес, үй-арасы жаяу ақын,—

деп екеуін қоса түйреп өтеді.

— Сендер қойыңдар, бұл баланы өлеңмен жеңіп болмас, — деп бәйбіше, Жамбылдың жоралғысын беріп қайтарады.

ЖАНЫСҚА ЖАУАП

Жаныс ақын Жамбылдан 5—6 жас үлкен болса керек. Сол жылы күзде ол Шықайды жеңген екен. Шықай тілді, сықақшыл ақын болса да, термелеп төгіп-төгіп

сөйлейтін Жаныстан ықтай беріпті. Бір кезде Жаныс өзінің тәлім алып жүрген Майкөт ұстазына ұқсап, өз елінің батырларын дәріптеп, шілдей тозып жүрген Шыбыл елінің жігіттерін мінегенде, Шықай күмілжіп, жауап айта алмай қалыпты. Тыңдаушылар «Жаныс жеңді» деп тарасыпты. Екей ауылының сол жиында болғандары намысқа тырысып, оны Жамбылға жеткізеді. Жамбыл енді Жаныспен кездесем деп жүреді.

Келесі жылдың көктемі. Жаныс ауылы өзен жағалай қоныпты. Айнала — төңірек жайқалған көк майса шалғын. Өрісте қаптап жатқан мал. Келін түсірген ақ отаудың айналасы толған адам. Бәрі абыр-сабыр. Тойға келгендер үш-төрт үйге бөлініп жайғасып жатыр. Ортадағы сегіз қанат үйге өңкей қариялар, құда-жегжаттар, онан соңғы боз үйге жастар жиналса керек. Домбыра күмбірлейді, ән шырқалады.

Жамбыл тойханаға кіріп келгенде Жаныс ақын өз буына өзі пісіп төрде шіреніп отырады.

— Бәрің қоғадай жапырылып «жоғары шық, жоғары шық» деп жатырсындар, бұлардың кім еді өзі?!— деп, Жамбылға менсінбей қарайды Екейдің бір қариясы:

— Білмеуші ме едің, бұл Жамбыл деген ақын — деп, таныстырады.

Жаныс:

— Қайдам, мұндай тайпақ қараны көрген емеспін, — дейді де, өзін-өзі көтермелеп «мен соғып тұрған дауылмын, күзде жауған жауынмын, анау-мынау ақынды селдей қаптап екпініммен ағызып кетемін» деп, желпінеді. Сонда Жамбыл: «өзінді-өзің орынсыз мақтама, сендей ісіп-кепкендердің талайын көргенмін, бәрі шаңыма ілесе алмай жолда қалған. Кімнің ақын екенін ел шешеді. — дей келіп, сөзінің соңын:

Менің пірім — Сүйінбай:
Сөз сөйлемен сыйынбай
...Селтендеген ақынды
Көрмеуші едім шыбындай,
Қәне, сөйлеп жіберші
Айтыспағың шының ба-ай?
Деп келдің бе Жамбылды
Күнде жеңген Шыбылдай...

Жаныс отырып қалады. Көпшілік:— Жөн сөз! Жамбыл жеңді, — деп тарқасады.

ҚАЙРАН БҰРЫМ

Ел жайлаудан Күзем алуға көшіп-қонып жатқан кез. Айқым аулы көңілді. Шаңырақ көтеріп, уық қадап күліп-ойнап жүрген жігіттер, қыз-келіншектер. Шалғыны жайқалған көк майса сазда үйездеген жылқылар. Біреулері қазық қағып, желі тартып жатыр. Басына нөқта ілінген құлындар желіге тұқырта байланған. Әлі бастықпаған жануарлар бұлқынып, кісінейді: Мама биелер құлындарын айналшықтап ұзап кетер емес. Құрық сүйреткен жылқышы оларды сауырлап қуып өріске айдайды. Анадай жерде бес-алты ересек балалар тай үйретіп жүр. Арқасына тоқым тимеген асау тайлар тулап, орғиды. Балалар жығылып тұрып қайта мінеді. Бәрі күлісіп мәз болады. Жаңадан қоныстанып жатқан ауыл шетінде арқырап аққан өзен. Одан әрмен жайылып жатқан қора-қора қой, ешкі.

Ымырт жабыла бере ауыл жастары алты бақан төңірегіне жиналды. Домбыра тартып ән салды. Орталарында ақ жүзі айдай жарқыраған Бұрым қыз. Ол қыздар жағын басқарып ойынды қыздырып жүр. Жас-желең жігіттер жоғары Қастектен келген Жамбылды ортаға алып, екеуін айтыстырмақ ойда. Айтыстан тайсалып көрген Жамбыл бар ма, ол екі білегін сыбанып, қалақша домбырасын сабалап-сабалап, даусын кенеп қояды. Бір жігіттен Бұрымның жайын сұрап білді.

— Кімнің қызы?

— Қыдырма атамның қызы.

— Айтысқа қалай?

— Осы ауылдағы жігіттерді бетқаратпай жеңіп жүрген бір бәлекет.

— Қайын жұрты бар ма?

— Иә, Шыбылдың бір байы былтыр келіп құда түсіп кеткен.

— Оның баласы қандай еді?

— Ой нақұрыстау біреу дейді жұрт.

— Ендеше мен онымен айтысамын.

Жамбыл алтыбақан жанында тұрған Бұрым қызға барып әуелі екі-үш ауыз өлеңмен сәлем берді: «Қоныс құтты болсын, ірге мықты болсын, осы ауылда той-тама-

ша болады дегенді есітіп, сонау Қастектен келіп тұрмын.
Өзіңдей сұлуға сәлем беріп тұрмын.»

Бұған Бұрым да іркілмей жауап қайтарады:
Жамбыл енді көсілте жырлап кетті:

Сен лашын болғанда; мен ақ сұңқар,
Бір көріп дидарыңа болдым іңкәр.
Көркің бар көрген адам таң қалғандай,
Шыққандай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.
Жасымнан жақсыларды жағаладым.
Қаратау, Алатауды араладым.
Қай тұсқа аттың басын тіресем де,
Өзіңнен басқа сұлу таба алмадым.
Жарқ еткен октан ұшқыр бота көзін,
Балқытар қорғасындай айтқан сөзін.
Сыртыңнан атыңды естіп жүруші едім.
Қаңбақтай жел аударған келді-ау кезім.

Жамбылдың бұл сөзі жастарды үйіріп әкетті. Енді олар оны ортаға алып біраз жыр тыңдасады. Жастар «Ақ сүйек» ойнауға кеткенде Бұрыммен Жамбыл оңаша қалып сырласады. Бұрым қыз Жамбылдың ақындық өнеріне тәнті болса, Жамбыл Бұрымның ақ жарқын, адал да, абзал мінезіне, сұлу көркіне сүйсінеді.

Бұрым: есебін тапсаң мен сендікпін дейді. Жамбыл оны бір айналып келіп алып қашуға серт береді. Екеуі сол жолы сөз байласып тарқасады.

Уәделі күні Жамбыл атпен жетеді. Ел-жұрт әбден қалың ұйқыға батты-ау деген кезде екеуі екі атпен қашып шығады. Өзенді өрлеп елсіз сай-саламен жүріп отырып Саржанның үйіне барып паналайды. Саржан — Екей жұртының ел ағасы Сарыбайдың інісі. Осыдан біраз жыл бұрын енші алып бөлек отау тіккенді. Ол үнемі Жамбылды жанай жүретін, жиі-жиі шақырып алып жырын тыңдайтын, жан ашыр ағасы-тын. Сөйтіп, Жамбыл күндіз ауыл аралап өлең-жыр айтып, елден сыр тартып жүре береді.

Ал, Қыдырма аулы Бұрымға іздеу салып шарқ ұрады. Жан-жаққа ат шаптырады. Ел арасында сөз жата ма, көп кешікпей-ақ «Не дейсің Бұрымды Жапаның жалаң аяқ жыршы баласы Жамбыл алып қашыпты» деген сөз шығады. Енді Қыдырма Жапаға кісі жібереді. «Қызымды айыбымен қайтарсын, болмаса елін шабамын» дегенді айтады. Мұны есіткен Жабай Тәйти ағасына барады:

— Мынау тентек інің елді бұлдіріп, біреудің ұзатқа-

лы отырған қызын алып кетіпті. Саржанның үйіне түсірген көрінеді. Өзің барып сөйлеспесең, менің тілімді алмайды.

— Бір бет, өжет неме, менің айтқанымға көне қояр ма екен?

— Көнбесе, Сарыбайға бар, сөйт, мені мына пәледен құтқар. Қыдырманьң қызынан басқа елде қыз құрып қалған жоқ шығар, осыдан басын арашалап алсам, ол итті өз қолымнан матап үйлендіремін.

Тәйти Саржан үйіне барады. Болған жағдайды сұрап қанады. Жамбыл оған көнбейді: Сіз араласпаңыз, аға! Қызды қайтармаймын. Осы қыздың жолында өлемін,»— деп, қасарысып отырып алады. Тілін алдыра алмаған Тәйти Сарыбайға барады:

— Өзің жолын таппасаң, бала көнетін емес, — дейді. Енді Сарыбай мен Тәйти, Жамбылды шақыртып алады:

— Інім-ау — дейді Сарыбай — бұл не қылғаның екі ел арасына бүлік салып? Осы елден саған қыз табылмай қалғандай, біреудің ұзатқалы отырған қызын алып қашып, саған не болды?

— Қадірлі аға — дейді Жамбыл оған жалына түсіп — мен сізді паналап келдім, Қанатыңыздың астына алып қорғай көріңіз? Мен бұл қызды жан-тәніммен қаладым.

— Жамбыл шырағым, — дейді Сарыбай енді оған — сен әлі жассың. Суық төбенің шыңынан түлеп ұшқан бала бүркіттейсің. Шығысқа қарай ұшсаң күнге жетесің, батысқа қарай ұшсаң айға жетесің. Барлық бақытың әлі алда. Осы жолы асқақтық жасама, райыңнан қайт! Екей енді ғана есін жинап, ел боп басы бірігіп келе жатыр еді. Оның үстіне Қыдырма аулының адамдары даукес келеді. Ана жылы бір барымта дауынан әрең құтылып едік. Енді сен келіп екі ел арасына бүйтіп бүлік салма! Қызын аман-есенінде қайтар! Тәйти де:

— Иә, сөйт, балам, мынау Сарекеннің атақ-абыройына сөз келтірмегенің жөн, ағанның сөзін жерге тастама, — деп, жатыр.

Осы сөзбен Жамбыл Бұрымды амалсыздан еліне қайтарады. Өзі айлар бойы махаббат мұңына батып, үйінен ұзап шықпай ойға шомып көңілсіз жүреді. Бұрыңғыдай ел аралап өлен, жыр айтуды, арқа-жарқа жүруді қояды. Ағайын-туыс, жора-жолдастары оның бұлай сүйіспеншілік қасыретіне душар болғанын сезіп, көңілін көтерсін деп, той-думандарға да ертіп барады. Сонда да Жамбылдың Бұрымға деген өксігі тарқамайды, қабағы

ашылмайды. Қөбінесе өзімен өзі болып, ішінен күбірлеп өлең торлай береді.

Бір күні өзінің Гүлшат деген қадірлі жеңгесі қозысын сойып оны сыйлап күтеді. Өткеннен әңгіме қозғап өзінің қалай қелін боп түскенін айтады.

— Мырзаға-ау, менде бір байдың ерке қызы едім, — дейді ол — жалайырдың Ерден деген өзі сұлу, сері жігіті маған өлердей ғашық болды. Мен де оны ұнаттым. Екеуіміз сөз байласып жүріп, бір күні қашып бердік. Ел құлағы елу деген, ұрлық жата ма, ақыры ағаларым артымнан іздеп келіп, Ерденді сойылға жығып, мені ертіп кетті. «Бұйырған кетпейді, жүгірген жетпейді» деген ғой, келесі жылдың күзінде бұйрық болып сенің ағаңа кеп қосылдым. Шүкір содан бері тұз-дәміміз жарасып, татутәтті, біреуден ілгері, біреуден кейін тұрып жатырмыз. Ұлды болдық, қызды болдық. Бүгінде мен үшін сенің ағаңнан көрікті, сұлу кісі жоқ. Ол да мен десе ішкен асын жерге қояды, бір сәт көрмесе тұра алмайды. Барған сайын екеуіміз бір-бірімізге ғашық боп барамыз. Ақын қайным-ау, енді Бұрымды ойлай беріп қайтесің. Ол да балалы-шағалы, бөтен жұрттық боп кетті емес пе, сені алдақашан ұмытқан көрінеді, аузына да алмайды деп есітеміз. Мен саған Бұрымнан да көркем, ақылды қыз әзірлеп жүрмін. Қой, уайымды, ер менің соңыма, ертіп барып құда түсіп қайтайық.

— Мен білмейтін ол қайдағы қыз?

— Менің сіңлім, Түргендегі інімнің қолында тұрады. Өзі хатқа жүйрік, ақындығы да бар.

— Ой, жеңеше-ай, издесек ондай қыздар әр ауылдан табылады ғой. Бірақ бәрі Бұрымға жетпейді. Шіркін, Бұрымның жөні бөлек еді ғой. Осылай дейді де, жастыққа шынтақтап жатқан Жамбыл бір күрсініп басын көтеріп алады да, домбырасын тағы да шерте жөнелді:

Айрылдым ай жарықта Бұрымымнан,
Азаптың кім құтылған құрығынан.
Жастықтың желігімен жүргенімде
Көлмейтін сырдың суы жұлығымнан

Айрылдым арманменен қайран Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ нұрын.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым.
Білмедім, жан ашымас аға сырын

Есімнен еш кетпейді қайран Бұрым
Мүшелі байланбаған ол бір құлын

Қайтесің өткен істі еске салып
Гүшаш-ау белгілі ғой менің сырым.

Бұрымға арналған Жамбылдың бұл өлеңі біраз шу-мақ болса керек. Гүлшат жадында қалып елге таралғаны осы ғана.

САРЫМЕН САЙЫС

Үлкенсаз жайлауы. Ақ боз үйлер қаз-қатар тігілген. Шет-шетінде қараша үйлер де қарауытады. Әлі жайлаудың жайқалған көк майса шалғыны онша жапырыла қоймапты. Шамасы, Сарыбай ауылының бұл жайлауға кеп қонғанына көп болмаған тәрізді. Түс мезгілі ауа бергенде бір топ аттылы Сарыбай үйіне кеп түсті. Орталарында Сары үйсіннің Сары ақыны бар, бәрі сегіз қанат ақ үйге еніп, сәлемдесіп төрге жайғасады. Кең дастархан жайылып, сары қымыз сапырылады. Сары ақын домбырасын күйге келтіріп алады да, әуелі өзі-өзі көтермелеп «Сары үйсіннің Сарысымын, елімнің кәрісімін, халқымның дәрісімін» дейді де, Сарыбайға тиісе бастайды. Екеуі де той-жиында талай бірге болған замандас, құрдас екен. Сары ақын осыны айтып «Еліме талай барып ең, Екей барма деп сұрау салып ең, қасыма ертіп жүріп бытырап жүрген Екейді жинасып едім, Енді мен келгенде қырындап қарамайсың, Сары үйсінді ел екен деп санамайсың. Ағаң емес пе едік, жоғары барсаң жағаң емес пе едік. Төмен келсең — сағаң емес пе едік?— деп термелейді.

«Үйіңе келгенге үйдей дауынды айтпа»—дегендей, Сарыбай би әдеп сақтаған болып, Сары ақынға қайыра жауап қатпай именшектей береді. Сары одан сайын өлеңді төгіп, оны бастырмалатады.

Жолы болар жігіттің
Оңға басар әр ісі.
Түбі жаман дерттің,
Ем болмайды дәрісі.
Уа, Сарыбай айтып бер,
Осы сөзің не болмақ,
Ойлағанға мәнісі?

деп, оған сауал қоя килігіпті ол.

Сонда намысқа тырықсан 22 жасар ақын Жамбыл:

... Ақындарды жеңгенде,
Ісіңіз оңға жүгірген,

Сүйекемді көргенде,
Жүрегіңіз түңілген...
Жеңілгенді намыс қып.
Аш беліңіз бүгілген.
Сүйекем жоқ бұл жерде,
Дәрі берер тілінен,

деп сұрағына жауап бере келіп, оның ілгеріде Сүйінбаймен айтысып, жеңіліп қалғанын бетіне басыпты.

— Мыналарың кім еді?— деп, Сары оған адырая қарайды. Сонда Сарыбай:

— Бұл Сүйінбайдың төл шәкірті, Жамбыл деген жас жыршымыз.

— Әлгі, Жапада бір тентек бала домбыра ұстапты деген осы ма? Сарының бұл сөзіне Жамбыл шамдана түсті:

— Абайлап сөйле, ақсақал! Тентек деген немеме, мен кімнің басын жарып, көзін шығарыппын!

— Ағанның қалжыңы ғой, балам, көңіліңе алма,— деп, Сарыбай жуып-шайып жатады.

Арыны басылмаған бала қыраннан беті қайтқан кәрі бүркіттей-ақ Сары ақын сабасына түсіп, жыр айтудан тоқталып қалады.

«Сөйлеңіз жырау!», «батырлардан қозғаңыз?»— деген жұрттың көтерме сөзіне де ол селт етпей, жадағай ақ шапанын иығына іліп, сыртқа шығып кетеді.

АЙКҮМІСПЕН АЙТЫС

Бұрым қыздан амалсыз айрылған албырт ақын келесі жылдың жаз айында Есқожа ауылының Ақтасты жайлауында өтіп жатқан тойға барады. Осы жиында ол Айкүміс деген ақын қызбен айтысады. Жөн сұрасып, таныса келіп екеуі махаббат күйін шертіседі.

Айкүміс, асықпауға шамам бар ма,
Жасшылық ұрындырды талай жарға
Сен үшін жатсам, тұрсам арманым көп.
Жем болып кете ме деп жамандарға —

дейді Жамбыл:

Айкүміс:

Біле ме пенде шіркін өз кемісін,
Ел кезіп, есер мінез сен де жүрсің.

Жаралған жат жұрттыққа ұрғашымыз,
Жарқыным, өкінбеші сен мен үшін.

Жамбыл:

Барарсың бір жаманға өзің қор боп,
Отырсың қарқарадай әзір зор боп,
Көзіне көк шыбынды үймелетер,
Көргеннің өле-өлгенше ылғи сор боп.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, күшінесің неге сонша?
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.
Қолдағы қаршығаңнан неге айрылдың.
Тұтқасы дүниенің сенде болса?

Жамбыл:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт:
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп.
Арыны басылмаған арсыз көңіл,
Тағы да етіп отыр сізден үміт.

Осылайша Жамбыл махаббат сырын шертсе, Айкүміс басының бос еместігін айтады.

«Орынсыз мақтанасың, ғашық болған Бұрым қыздан неге айрылдың?»— деп, оған кінә қояды.

— Қайтейін, — дейді Жамбыл — ел арасы бүлінетін болды. Ағайындар араға түсіп, ақыры солай тынды.

— Айкүміс ұзатылып кеткенде Жамбыл артынан тағы да іздеп барған ғой. Бір таныстарынан сұрастырып Айкүмістің жағдайын біледі. Мұны біреулер Айкүміске жеткізіп қояды. Той үстінде екеуі кездесе берген де, Айкүміс былай деп айтысты бастап кетеді:

Айкүміс:

Жамбыл-ау, амандығың сенің қайда?
Аптыққан мінезің бар осындайда.
Тағы да жын қуғандай келдің қайдан,
Не сыйлық алып келдің біздің тойға.

Жамбыл:

Желіккен елді кезген мен бір сері,
Қыз десе тасымай ма, жырдың селі.
Сағынышы басылмаған асау ақын,
Тағы көргім келеді, аңсап сені.

Айкүміс:

Мырзабектің қызы едім еркелеген,
Талай сылқым сыртымнан ентелеген.
Келін болсам да бұл елдің еркесімін,
Тоты құстай тұғырда мен түлеген.

Жамбыл:

Тауға біткен саялы мен бір шынар,
Өлеңіме талай қыз болған құмар
Жақсы болса жігіттің сүйген жары
Айтқызбай-ақ біледі сырымды ұғар.

Айкүміс:

Өлең десе ақынсың өрге шабар
Өзің сылқым, өзің сал, сен кімге зар.
Торға түскен құсымын мен біреудің
Жабысқандай Жамбыл-ау менде нең бар?

Жамбыл:

Ат емес, түйе емес тілегенім,
Зерең болса Айкүміс білер едің.
Кетеріңде жылы сөз айтып кетші,
Барып, келіп аулыңа жүрер едім.

Айкүміс:

Қыз байғұсқа Жамбыл-ау, кінә қойма,
Тар кезеңде кез болдық мына тойда
Ұялаған жаныма жақсы сөзің
Жүрегімді жылытып жүрсін ойда.

Өрен жүйрік өлеңге сен бір сері
Кемсітейін Жамбыл-ау қайтіп сені.
Тоқтатайын тар жерде сырымды ашпай
Еске ала жүр, ұмытпа, сенде мені.

Жамбыл:

Амалым жоқ, Айкүміс, қош ендеше,
Құштар едік екеуміз өлең десе.
Түсер менің есіме ақ дидарың
Жарық жұлдыз аспаннан елендесе.

Бұл сөзіңнен кетті ғой бойым балқып,
Көмейімнен төгілді өлең шалқып.
Қайда жүрсем ойымнан еш кетпейсің,
Төбемде шағаладай тұрған қалқып.

Бұрын жарияланбаған Жамбыл мен Айкүмістің бұл шағын айтысын 1964 жылы Үмбетәлі Қәрібайұлынан жазып алған автор.

СӘНДІ КӨШ

Жалайыр елінен ертелей шыққан Жамбыл Қарашоқыны бөктерлеп аулына бет алды. Мінгені көк шолақ, жетегінде торы шолақ. Бұл Алтынемелдегі айтыста жеңіп шыққан екейдің ақын жігітіне мінгізген аты болатын. Мейлі, жоқтан бар, ауылға барған соң күтімге алып аяқ ылау етермін дегенді.

Күн арқан бойы көтерілгенде ол төменгі Шеңгелді жақтан Қарашоқыға қарай бет алып бара жатқан ұзақ көшті көрді. Не де болса сол көшке жетейін деп, астындағы көкшолақты тебініп қалады. Жақындап келсе, анау-мынау көш емес, бай ауылдың сәнді көші боп шығады. Көш соңында жылқы айдап бара жатқан қара шобырлы жылқышыға жетіп жөн сұрайды ол:

- Бұл қай ауылдың көші?
- Бөлек батырдың.
- Әлгі балғалы Бөлек батыр ма?
- Дәл өзі.

Жамбыл көкшолақпен тепендеп, торышолағын жетектеп енді көшті жанай жүреді. Көш шынында сәнді екен. Өңкей қызыл маяға артқан қалы кілем, шайы көрпе, тұс киіз, сырмақ, шашақтары төгілген үзік, басқұр, әшекейлеп зерлеген кебеже, сандық, не керек бар асыл зат әр түйеге теңделген. Жібек бұйдасынан бір-біріне тіркелген өңкей қызыл мая, нар түйелер ырғала басып барады. Көшті жанамалап әңгіме-дүкен құрып бара жатқан осы ауылдың игі жақсы ақсақалдары мен бәйбішелері. Көштің бір қабатында анадай жерде құнан тайға мінген қыз, бозбала өзара жарысып, тартысып күліп-ойнап барады. Көш алдында шаңырақ түйе. Оның үстінде ақ жаулығы желпілдеген осы ауылдың сөз тыңдар бәйбішесі болса керек. Оның алдында құла қасқа атқа мінген, үстіне кигені дүрия-торғын, аяғында жалтылдаған әміркен етік, ер тоқымында да күмістеп тастапты. Құла қасқа бөгелек қағып, аяғын сәндеп басады. Үстіндегі сәукелелі кербез сұлу қыз толқып отыр. Жамбыл көк шолағын тебініп, қызға қарай емініп жанай түсті:

Жолаушылап келемін өзім жүдеп,
Киім тозған, сәнім жоқ, жолға түнеп.
Жылы көріп жүзінді жақындап ем,
Қомсынып сен сөйледің үдеп-үдеп.

деп, өз жағдайын айтады. Қыз оған:

Жолаушы адам білемін жүдеп келер,
Еру елден бірдеңе тілеп келер
Көш басынан қалмайсың қосанжарлап,
Аулақ жүрсең, жарқыным кім өкпелер, —

деп, жауап берді.

Жамбыл:

Оның рас, жолаушы жүдеп келер,
Жүдесем де мен емес қыз өткерер.
Көк шолақпен көшінде бір жүрмесем,
Балғалыда Бөлектің қызы өкпелер, —

деп, сөз аяғын әзіл, қалжыңға айналдырды. Екеуі біраз қағысты. Бір уақытта қыздың шешесі:

— Қызым, қоя қой, бұл жігіт ақын екен, — деп, орамал алым беріп, айтысты тоқтатып қояды.

ШӨЖЕ

Әйгілі Шөже Қаржаубайұлы Жетісу өңіріне 1870-72 жылдары келген. Жамбыл бірнеше ай қасында жүріп, Жетісу елін, Ұзынағаш, Қарғалы, Жаманты ауылдарын аралатады. Верныйдағы ел жиналған той-думан, базар жәрмеңкеге ертіп барады. Кейін қырғыз ауылдарын аралатып, ондағы манасшы-ыршылармен таныстырады. Қырғыз ағайындар «бауырымыз табылды» деп құшақ жая қарсы алады. Онысы: Шөженің арғы бір атасы қырғыз жұртынан деген ел ішінде сөз бар. Ертеде Келдібек, Тыныбек деген манасшылардың «Манас» эпосын алты ай бойы айтып тауыса алмағанын естігенде Шөже: «Бұл не деген ғажап қазына!» — деп таңқалған. Сол сапарында екеуі талай өлең, жыр айтып тыңдаушысын дән риза еткен.

Қордайдың қоңыр салқын желі есіп тұрған көктемнің бір күнінде Жамбыл Шөжені ертіп Сұлутөрдегі Ноғайбай шешеннің үйіне түсіпті. Ноғайбай ақын-жыршыларды онша жақтырмайды деген сөзді бұрыннан естіп жүрген Жамбыл болыстың сегіз қанат ақ ордасына еніп жайғаса бергенде:

Арқадан құдай айдап Шөже келді,
Еті жоқ үйсін, дулат көже берді.
Арқада көк тарлау жеп үйренген ат
Қара түбір жусанды қалай жейді?...

деп сөз бастап, отырған көпшілікке Шөже ақынды таныстырады. Жамбыл сөзінен кейін Шөже: «Қаржаубайдың баласы атым Шөже»— деп басталатын әйгілі әуеніңе басады. «Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ» деп тағы бірде өзінің көптеген ақындармен айтысып, оларды жеңгенін ескертіп өтеді. Расында, Шөже өз тұсында Кемпірбай, Тезекбай, Қалдыбай, Шортанбай, Шөмішбай, Орынбай сияқты ірі ақындармен сөз сайысына түскен нағыз айтыскер ақын еді. Оның Құнанбай, Алшынбай, Жолшора, тағы сондай бай, сұлтан, би, болыстарға қарсы тайсалмай айтқан батыл да әділ, уытты сын сөздері өңірге тарап кеткен екен.

— Әне бір жылы, — деді ол, Жамбылға қарап. — Қаракесек Шаншардың асында Құнанбай мен Жолшора менен өш алмақ болып, Балтаны айдап салды. Сонда Балта:

— Біздің елдің аға сұлтан, болыстарын парақор, қаныпезер деп кінәлапсың, қаңғып жүрген кедей неме, алдымен өз мініңді білсейші!— деді. Мен оның ұрлық қылатын әдетін айтып, болыстардың жалдамалы ақының, ел қамын, еңбекші халін жырламайсың — деп, аузын аштырмай тастадым... Шөженің бұл сөзі Жамбылға қатты әсер етеді. «Менің Сүйінбай ұстазым сияқты тұрашыл, адуынды ақын екен-ау»— деп, оның әңгімесін бар ықыласымен тыңдай береді.

Сол жолы Құнанбайға мінездеме берген Шөже оның баласы Абайды ауызға алмады дейсіз бе? Әрине, ол жөнінде талай әңгіме айтылуы мүмкін ғой. Құнанбайдың Қарқаралыға мешіт салдырып, оның төңірегіне елді топтастырғаны, Семейде оқып жүрген баласы Абайды алдырып, қасына ертіп, ел билеуге баули бастағаны, осы тұста Шөженің жас Абаймен алғаш кездесуі — бәрі-бәрі Шөже мен Жамбыл арасында сөз болмай қалмаса керек-ті. Бұл кез Жамбылдың Сүйінбай ұстазынан бата алып, «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп жыр аспанына еркін самғай бастаған шағы.

«КӨРОҒЛЫ»

Жамбыл тіптен ертеде, 25 жастар шамасында «Көроғлы» дастанын жырласа керек. Оңтүстік ақындары Майлықожа, Құлыншақпен кездескен жылдары, үзінді етіп үзік-үзік жыр түрінде, кейін бір бүтін дастан

еткен сияқты. Жамбылға сол кездері кездескен ақын Серғазы Келімбетов естелігінде былай делінген.

— Тамыз айының тамылжыған қоңыр салқын бір кезі болатын. Сарыбұлақтағы бозшаның үйінде бір жыршы жыр айтып отыр дегенге барсам, шапыраштының ақыны Жамбыл екен. Ол Алатауды бөктерлей қоныстанған Дулат елін аралап, Қаратау жаққа бет алып шығыпты. Қасында өзіміздің Сауытбек және Бармақ деген ақын бар. Сауытбек мені тани кетті де, Жамбылға:

— Серғазы деген ақын жігіт. Жалаң аяқ кедей, әркімнің жылқысын бағады, өлең-жырды тәп-тәуір айтады, өзінің бағы ашылмай жүр, — деп таныстырды.

— Е, е ақын болсаң бермен жақын отыр, — деп, ол мені икемдей түсті. Менде үн жоқ. Сауытбектің жанына отырдым да, оның жырын тыңдай бердім. Жамбыл түскі тамақтан кейін әуелі өзінің қалау термесін айтып шықты:

— Саурықты айтайын ба, Сұраншыны ма, Өтегенді ме, Көроғлыны ма?..

Тары бозаға қызара бөртіп алған көпшілік алдымен «Көроғлыны» қалады. Жамбыл домбырасын бір әуенге келтіріп, сабалап алды да, қиссаны бастап кетті:

...Ерте, ерте, ертеде, түрікпеннің төрінде, Текежәуміт елінде Бозайхан деген өтіпті. Ол бүкіл әлемді өзіме қаратсам деп ойлайтын қатал да, қазымыр, жауыз хан болыпты. Оның бұл мінезі еліне жайсыз тиіпті. Өзінің қызметкер құлдарын «сарайдың сәнін бұзасың» деп жазалап, зынданға тастатыпты. Бір күні бес-алты құлдарын дарға асып жатқан кезде айы-күніне жетіп отырған кіші әйелі Күлжазира келіп: «Бұл бейшараларға тиме», — деп наразылық білдірген. Хан қаһарын төгіп:

— А, найсап, тегіңе тартайын дедің бе? — деп оны да жазалап, тау арасындағы құлдар зиратына апарып тастатқан.

Күлжазира кедей диқанның қызы еді, он үш жасқа толғанда жетпістегі Бозайхан оны еріксіз тоқалдыққа алып кеткен. Оның әкесі шал бейбақ қызынан айрылып, жылап-жылап қала берген.

Осы жерге келгенде Жамбыл «элқисса» деп, бір тыныстап алды да, тағы да ілгері жосылды.

... Көрде жатқан ана батпандай ұл тапты. «Қыдыр Ілияс, Қырық шілтен» жәрдемші болып, өлген ананың қос емшегінен сүт шығып, бала өсе береді. Бір жастан асқан соң көрдің тесігінен далаға шығып, ойнап жүрді.

Күндердің бірінде боз биесін жоғалтып, іздеп жүрген баланың нағашысы Бабалы жылқышы көрдің айналасынан баланың ізін көреді. Тағы бірде тыр жалаңаш бала зыр жүгіріп қашып, зиратқа кіріп кетеді. Бабалы андумен болды. Бала шапқан атқа жеткізбей қашып құтыла берді. Енді нағашысы өрік, мейіз, алма әкеліп біртіндеп төгіп, өзі тау арасында аңдыды. Не керек, ол баланы ұстап алып, аулына әкелді. Бір кейуана ақ ешкінің сүгін беріп асырады. Көрден туған балаға «Көроғлы» деп ат қойылды. Бабалы оған еменнен садақ иіп беріп, мергендікке, батырлыққа баулиды. Ол өсе келе насат батыр болды.

Көроғлы бір күні аң аулап жүріп «Күйген» тауынан қырық жігітке кездесті. Ол әр ұлттан бас құраған сарбаздар еді. Көроғлы күш сынасып, бәрін де жеңді. Олар өзара дос болып, жауына бірге аттанды. Көроғлы кейін Иран шахында кеткен әкесінің кегін қайтарды. Талай ерліктер жасап, елін шапқыншы жаудан қорғап қалды...

— Сондағы Жамбыл қиссасынан ұққан осы бір хикаяны осы күнге дейін ұмытар емеспін. Бұл менің «Көроғлыны» алғаш рет есіткен кезім...

ТІЛЕМІС

Тілеміс Есболұлы (1846-1933) — Өтеген батырдың ұрпағы. Ол Өтегенге төрт атадан (Өтеген — Қосдәулет — Есенқұл, Есбол) барып қосылады. Тілеміс Аққайнар деген ауылда туған. Тоғыз жасынан ескіше оқып сауатын ашқан. «Шаһнама», «Жүсіп-Зіліха», «Зархум», «Шора батыр», «Қыз Жібек», «Мың бір түн» т. б. қиссадастандарды оқып жаттаған. Жігіт кезінде Жаңбыршы, Байбөбек, Жанбөбек, Әбдіраман деген күлдіргі-сықақшыларды ертіп серілік құрған. Қазақтың күлдіргі сықақ өлең, жыр, аңыз, әңгімелерін әсіресе Алдаркөсе, Қожанасыр, Жиренше шешеннің тапқыр күлдіргі сөздерін көп айтып, ауыл-аймақты күлкі-сықаққа бөлеп жүрген. Жетісу өлкесінде «Тілеміс айтыпты» деген көңілді әңгімелер көп таралған.

Тілеміс Жамбылмен жасты. Екі құрдас кездесе қалған жерде әзіл-қалжыңды көп айтқан. Тапқыр сөзге келгенде ол Қасқараудың атақты шешендері Кебекбай мен Ноғайбайды да талай отырғызып кеткен. Тілемістің осы

өнерін Жамбыл ұнатып қадір тұтқан. Сол Жамбыл Ноғайбай үйінде кездескенде былай депті.

Ай, Тілеміс, Тілеміс
Гілің мірдің оғындай
Тиіп кетсе күйдірген
Сексеулдің шоғындай.
Қарсы келген жау болса
Құтылмайды соғылмай.
Құр сүлдесі қалғанша,
Қара терге шомылмай,
Кебекбай мен Ноғайбай,
Тіліңнен-ақ именіп,
Жүр ғой сені соға алмай...

Тілемістің айла-тәсілін, қуақы сөздерін Жамбыл әрдайым айтып жүреді. Бір жолы ол Қасқарау елін аралап өлең айтып жүргенде (онда Кенен ақынның жастау кезі) Тілемістің мынадай тапқырлығын айтады:

Сәт болыс Жетісуда кедейлер ішінен шыққан өзі жомарт, дастарқанға мырза кісі болады. Ол Тілеміспен құрбы-құрдас, қатты қалжыңдасады екен. Бір жерде Сәт:

— Мен кішіпейілмін, адамды алаламаймын, маған жұрттың бәрі бірдей — депті. Тілеміс бір жолы — «жіңішкенің үзіліп, жуанның созылатынын» көктемнің жем-шөпке тапшы, мал төлдеп жатқан қарлы-боранды күні Сәт аулына келеді. Ондағысы: Сәттің жомарттығын осындай қысылшаң кезде сынау еді. Ол жолдағы ауылға қонбай апақ-сапақта екі жолдасымен иттерді абалатып ат тұмсығын үйге тірейді.

— Кім бар-ау, қонақпыз! — депті. Сәттің үйі толған қонақтар екен. Сыртта топырлаған байлаулы аттар.

— Ол кім екен, шықшы, — депті Сәт бір жігітіне. Жігіт шығып:

— Сәттің үйі толған ботбайлардың би-болыстары. Өзіңіз кімсіз? — деп сұрапты.

— Төменгі елден келеміз. Жолдағы ауылға бұрылмай, Сәт мырзаның үйіне қонайық деп келіп едік, — дейді. Бұл сөзді жігіт Сәтке барып айтады. Сәт:

— Анау асханаға түсір. Тамақ сол жерден берілісін, — дей салады.

Жігіт кісілерді аттан түсіріп, асханаға кіргізеді. Жылы үйде қазанда бордақының білектей қос қазысы бұлқынып қайнап жатады. Тілеміс:

— Мені Сәттің әйелдері танымасын, айтпандар, —

деп, өзі теріс қарап, ішігін бүркеніп, өтірік ұйықтаған боп жатады. Қазан басына Сәттің әйелі келмейді, басқа әйелдер келіп-кетіп жүреді. Бір уақытта әлгі әйелдер басқа үйіне кеткенде Тілеміс қазының біреуін қазаннан алып, қаптың арасына тығып қояды. Тілемістің жолдас-тары:

— «Ажалды қарға бүркітпен ойнайды»— деген. Сәтпен ойнамаңыз. Сезіп жүрмесін,— деседі. Тілеміс оларға: «Үндемеңдер» деп, тағы бір үйткен майлы қабырғасын алып жасырады. Бір кезде екі әйел келіп тегешке етті түсіріп алып кетеді. Тілеміс қазы мен қабырғаны аттың қанжығасындағы қоржынға салғызып қояды. Бір уақытта қазыны жоқтап Сәттің әйелі бетін шымшып, байбалам салады. Қарта ойнап отырған өңкей би-болыстар елендеп қарайды. Сәт бәйбішесіне:

— Екі қазы салмаған шығарсың!

— Құрып қалсын бұл би-болыстарға екі қазы салмағанда кімге бермекпін, — дейді әйелі. Сәт далаға шығып бұл келгендердің Тілеміс екенін аттарынан танып, ас үйге келсе, Тілеміс әлі бүк түсіп теріс қарап жатады. Ұялған Сәт:

— Айналайын Тілеміс, байқамаппын. Өлсем ұмытпайын дос-жаранға айта көрме, «төменгі елден» деген соң қарта ойнап отыра беріппін.

Сонда Тілеміс:

— Е, е, сен ел-жұртты ала-құла көрмеймін демейтін бе едің?

— Ат, шапан айыбым тартулы, кәне, үйге жүр, — өңкей болыстардың үстіне ертіп барыпты. Ботбайлардың қасқа мен жайсаңдары:

— Тілеміс, сені сағындық қой, кел, төрлет әңгімені қыздыр — деп, орталарынан орын беріпті. Сәттің бәйбішесі жалғыз қазыны орта табақ қылып бәрінің алдына қойыпты. Бұған Сәт қысылып-қымтырылып отырады. Сонда Тілеміс сыр білдірместен қасына еріп келген жігітіне:

— Қоржындағыны алып келші, жолда жерсіндер деп әлгі қатын салып жатыр еді. Мына кедей болыс, қос қазы асуға қайдан жарасын — депті. Сырттағы боран қатырып тастаған білектей қазы мен майлы қабырғаны табаққа турап:

— Жануар ала-құла биемнің қазысы мына қасқаларға бұйырған екен — дейді.

«Ала-құла» деген сайын Сәт ұялып Тілеміске жалтақ-

тап қарай береді. Айтып қоймаса екен деп отырғаны ғой баяғы. Сөйтіп, Сәтті бір сынаған екен.

ҚУАНДЫҚ

Қуандық ақын 1831 жылы Алматы облысы Топар аулында туған. Жамбылдан бір мүшелдей үлкен. Жас кезінде екеуі талай бірге жүріп, ақындық, серілік құрған. Қуандық жөнінде Балтағұл Бигелдиев (1891—1971) бізге мынаны айтқан-ды:

— Қуандық ақын бізге жақын туыс болады. Жас кезімде біздің үйдегі ақсақалға келіп, екеуінің жиын-мәслихаттарға бірге барып жүргенін талай көрдім. Өзі өткір тілді, сөзді тауып айтатын қуақы, көңілді көсе кісі болатын. Сол тілімен біреуді күлдіріп, біреуді жылатып жүретін. Біреуден зорлық-зомбылық көргендер, немесе бай, манаптарда ақысы кеткендер Қуандыққа баратын. Ол уытты тапқыр өлеңімен сол зәбір көргендердің есесін қайтарып бергізетін. Біздің елде Тұрлыбай деген озбыр, дөрекі бай болды. Ол да көсе болатын. Біреу оның көселігін айтса, оны жатып тұрып сабайтын. Сөйтіп тойдың берекесін кетіретін. Бір тойда жігіттер бір-бірімен өлең айтысып отырғанда біреуі «Тұрлыбайдай көсең бар онда кеткен есем бар» депті. Осыны есіткен Тұрлыбай ертеңіне іздеп келіп әлгі ақын жігітті көк ала қойдай сабап өлесі қылыпты, жігіт Қуандыққа барып шағыныпты. Қасына екі мықты жігіт ертіп алып, Қуандық оның үйіне барады:

Көсе келді Ыстыдан,
Көрейін деп көсені.
Өтірік пе, рас па,
Елдің айтқан өсегі.
Көсе десе бір адам.
Сабайды бас сап деседі
Қуандық ақын белгілі
Көпті көрген көшелі
Көсеге тәуіп мен едім.
Жазамын болса, кеселің.
Кесірлі болсаң, кел мұнда
Өлеңім — қылыш — кеседі...

Қуандық осылайша ашы тілімен термелей бергенде, Тұрлыбайдың, оған қамшы көтеруге батылы бармайды. Қайдан батылы барсын, егер жанжал шығарайын десе, әлгі мықты жігіттер оны бүктеп тастамақ. Оның үстіне

ақынның мынау өлеңі елге таралып, оның масқарасын шығармақ. Тауы қайтқан Тұрлыбай:

— Айналайын Қуандық, сенің айтқаның болсын. Мен көндім. Бұдан былай бұл мінезімді тастайын. Енді бұл сөзіңді айта көрме?— деп, жалынып, оның аяғына бас ұрыпты...

Сол Қуандық қасқарау ақыны Сарыбаспен (Шын аты Тілеулі Майкөтұлы) кезек-кезек айтысып, бірін-бірі жеңісе алмай жүреді.

Бір жиында Қуандық ояз, болыстарды: «Түйедегі нарымсың, маңдайдағы барымсың, арыстаным, арланым, жылқыдағы тарланым»— деп мақтай жөнеледі. Тойда отырған Сарыбас ақын шыдай алмастан оған былай деп килігіпті:

— Ау, Қуандық, Қуандық, болыстар мен оязды «түйедегі нарым»— деп, мұрнын тесіп үстіне, жүк артқалы жүрсің-ау, «арыстаным» деп, оларды соғып алмақсың-ау, «тарланым» деп, мініп алмақсың-ау»...

Ояз қасындағы тілмаштан:

— Бұл екі ақын не деп жатыр?— дегенде, тілмаш: «анау ақын былай деді, мынау ақын солай деді» деп түсіндіреді. Ояз бір офицеріне Қуандықты сабатып, үйден қуып шығыпты да, Сарыбастың арқасынан қағып «жарайсың» депті. Жамбыл осы екі ақынның әлгі айтысын қызықтап, оны соңғы кезге дейін айтып жүрген.

ОРАҚБАЙ

Орақбай ақын Жамбылдан бес жастай үлкен. Ол қазіргі Жамбыл облысының Свердлов ауданында туып, 1917 жылы қайтыс болған. Жастайынан әке-шешеден жетім қалып, жоқшылықты көп көрген, жалшылықта жүрген. Бай, болыс, бектерге қарсы уытты өлеңдер шығарған. Еңбекші, малшы, жалшылардың мұңын мұндап, жырын жырлаған. Жиынбаймен айтысында:

Бай да өтер, батыр да өтер, кедей де өтер,
Жиынбай елермегін босқа, бекер.
Байлық деген ойласаң қолдың кірі,
Одан да көпшіліктің туын көтер,—

деген. Мұндай өткір өлеңдер онда аз емес-ті. Орақбай сыншыл, турашыл, өз ойын тіке, қесіп айтатын от ауызды, орақ тілді ақын болыпты. Естелік, деректерге қара-

ғанда Жамбыл Орақбаймен талай кездескен. Ғалым М. Жолдасбеков өз кітабында:

«Ел Байғара, Хан тауларындағы қыстауына көшіп келгенде, жиі араласқан. Жамбыл Әулиеатаға кәрі Майкөтті іздеп келгенде, жанында Орақбай ба болған.» (185-б.) — деп жазған. Осындай пікірлерді сол өңірдің біз кездескен ақындары да айтқан-ды. Соның бірі Қазыбай Бижанов. Ол былай деген-ді.

— Отыз төртінші жылы «Арқабай ауырып жатыр» деген соң, көңілін сұрауға бардық. Біз барған соң ақын басын көтерді. Науқасының беті бері қараған екен. Өзінде, өзгелерді де көңілдендірмек болып мынадай бір әңгіме айтты:

— Ілгеріде менің жастау кезімде біздің әкейге Жамбыл мен Орақбай келді. Сонда әкем көңілі көтерілсін, күлкі болсын деп екеуіне бөгде өлең айтқызды. Жамбыл өз мұрнын өзі қолымен қысып тұрып, пұшықтарша:

Шығып ем бүгін мініп көк байталға,
Кез болдым екеуіне көк қайқанда.
Көк байтал өзі семіз, өзі буаз
Жануар шаба алмаса, өкпе айтам ба?

Білемін, бірің — Манас, бірің — Сырым.
Пұшықты тонағаның жаман ырым
Атыңды біреуіңнің бірің атап
Көріп пе ең адам тонап бұдан бұрын.—

деп шықты. Бәріміз күлісіп алдық. Әкей Орақбайға қарап:

— Қәне, енді сен айтшы?— деді.
Орақбай сонда:

Жетімнің ашық болар «насыбайы»
Ашық жүрсе насыбай сасымайды.
Бұтына шалбар кисе биттер еді,
Қышынып, ешбір жерін қасымайды».

Күлкі одан сайын үдеді. Солар айтпақшы мен де сендерге бір көңілді өлең айтып берейін, — деп Арқабай он екі тілді гармонын аңыратты...».

Бұл естелікті 1974 жылдың 16 шілдесі күні Қордайдың қоңыр жотасында өткен Кенен Әзірбаевтың 90 жасқа толған дүбірлі тойында құлындыдан келген жоғарыда аталған ақын Қазыбай ақсақалдың айтуынан жазып алған едік.

САУЫТБЕК

Сауытбек Ұсаұлы да Жамбылды жанай жүрген, армандас, сырлас ақынның бірі. Ол 1870 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы, «Қосқұдық» мекенінде туып, 1932 жылы қайтыс болған. «Ашаның алты салдарының» (Жидебай, Жиенбай, Сауытбек, Балқыбек, Әтібек, Қайрақбай) қатарында атағы жайылған әнші ақын. Ол өнерпаз ұядан өрбіген.

Сауытбек жиырма жастар шамасында Суан байдың тойында Балтаның Майса деген ақын қызымен айтысып, оны жеңеді. Өзінің інісі Сыбанбекпен айтысы да ел арасына таралып кеткен:

Жамбыл мен Сауытбек алғаш рет Сарыбайдың асында кездеседі. Бұл кезде Жамбыл Сарыбайдың баласы Қисыбайдың қасында сол асқа жаршы болып той бастап қызмет етіп жүреді. Сонда ол көпшілікке қарап:

— Ендігі сөзді Шудан келген, «Ашаның алты салының» бірі Сауытбек айтады — деген. Сауытбек сан құбылтып ән шырқаған. Сода үлкен-кіші ағайындар «Япырай, мынау бір болайын деп тұрған өнерлі бала екен» деп, оған ризалық білдіреді. Астан кейін Жамбыл қасында бірер күн бірге жүріп, екеуі сырласады, жыр тыңдасады. Аулына қайтар кезде Сауытбек Жамбыл ағасын елге шақыра кетеді.

Арада біраз жыл өткен соң, Жамбыл Оңтүстік өлкесіне барар сапарында Сауытбекке соғады. Бұл кезде Сауытбек өзінің нақ сүйері Ақбөпеге қолы жетпей, «Ақбөпе — Сауытбек» деген дастан жырлап, онысын арнаулы әнмен тербеп жүрген кезі екен. Жастайынан көңіл қосып, сырласып жүрген Ақбөпе сұлу мен Сауытбек енді-енді қосыламыз деп жүргенде, Бірбай деген бай көлденеңнен килігіп, Ақбөпені қатын үстіне айттырып алып кетеді. Екі арада айтыс-тартыс болып өтеді. Берер малы жоқ Сауытбек кедей жоқшылықтан жолы қиылып, отырып қалады. Қайғырып, махаббат мұңына батқан ол егіліп жүріп «Ақбөпе» әнін шырқайды. Артынша «Ақбөпе — Сауытбек» деген оқиғалы ұзақ дастанын толғайды.

Арал төбе түбінде бес үй отыр,
Ақбөпеден айрылып несіне отыр.
Әлдеқашан бір ойран етпес пе едім,
Кедейшілік қолымды кесіп отыр.

Қалғаным ба, қаңғырып қолым жетпей,
Ашадағы жақсыға сөзім өтпей.
Малым да жоқ, ақшам жоқ беретұғын,
Жалғыз жүрек тулайды жанған өрттей,—

деп, басталатын дастанды Жамбыл сол жолы тыңдап, оны соңғы кезге дейін айтып келген.

Қазақтың ауыз әдебиетін молынан жинап, зерттеуші Балтабай Адамбаев өзінің «Ел аузынан» (1989) деген жинағында Сауытбек ақын жөнінде көп мағлұмат келтіреді. Ол Сауытбектің «Ақбөпе» әнін кезінде Затаевич жазып алып, «Қазақтың мың әні» жинағына қосқанын, ол әнді Кенен Әзірбаев, Жамал Омарова, Фарифолла Құрманғалиевтың радиода орындап келгенін жазады. Әсіресе, бұл әнді Құрманбек Жандарбеков шебер шырқаған. Ол «Ақбөпе» әнін Шу бойын аралап жүргенде Сауытбектің өз аузынан есітіп үйренген. Төкпе ақын Иса Байзақов та Сауытбек пен Ақбөпе арасындағы махаббат сырын дастан етіп жырлаған.

Сауытбектің басынан кешкен осы оқиғасын және ол шырқаған «Ақбөпе» әні жөнінде Жамбыл өмірінің соңғы кезіне дейін «Қайран Саукеңнің «Ақбөпесі» деп ыңылдап үнемі айтып жүрген.

ҚЫЛЫШБАЙ

Жамбылдың ендігі бір сыйлайтын, қалаулы ақыны Қылышбай екен. Қылышбай Ержанұлы 1851 жылы қазіргі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының жанындағы Сарықобы деген ауылда туған. Жеті жасында әкеден жетім қалып, Оңғарбай деген ағайынының қолында жүреді, ескіше сауатын ашады. Кейін Бұқарада оқып, еліне оралады. Арапша кітап-қиссаларды көп оқиды. Оны жаттап айтады. Өзі де соған еліктеп толғау, терме, дастан шығарады. Бір жағынан ауыл балаларын оқытып молда атанады. Балаларға ескі түсініксіз сөздерден гөрі, халықтың өлең-жырларын, жағымсыздарды мінейтін өз өлеңдерін жаттатады. Мұны сезген болыс, старшындар оған әрқилы айла істеп бағады. Қылышбайдың бір қаралық салықты өтей алмай айлап, жылдап түрмеде жатқан кездері болған. Оның қоралас Байқұлы болысқа

жазған бір хатында өзінің аянышты халін былай бейнелейді:

Үйге келсем түзім жоқ,
Түзге шықсам, үйім жоқ.
Топ болған жерден қашамын,
Үстімде бүтін киім жоқ.
Ұялғаным — өлгенім,
Өлмегеннен — көргенім.
Өлмей тұрып есіне ал,
Өлгеннен соң не керек:
«Әттеген-ай» дегенің?!

Ақын одан әрі не үшін түрмеде жатқанын айта келіп, ел болып салығынан құтқарып алуын өтінеді:

Баз біреуде сұйық жал,
Кімге келмес керімсал-
Он төрт сом түскен салығым,
Жеті старшын елім бар,
Екі сомнан бөліп ал!..

— Қылышбай Ержан баласы — бойы аласа, денесі шаршы, бетінің шешектен қалған дағы бар, қой көзді сары кісі еді. Астына жабулап ақбоз ат мініп, үстіне ақ шапан киіп жүретін, — дейді аталас ағайыны Алтыбай қария. Қылышбай 1926 жылы қазан айында қайтыс болды, сүйегі Байсүгір деген жерге қойылды.

Қылышбай өткір тілді, әрі шешен кісі болыпты. Сондықтан да оның бай, бек, саудагерлерді әшкерелейтін өлеңдері ел жадында сақталған.

Жамбыл ертеде Әулие ата маңындағы бір думанды жиында Қылышбаймен танысады. Екеуі Талас, Шу бойындағы ауылдарды бірге аралап, жыр-қисса жырлайды. Жамбыл Сүйінбай ұстазынан үйренген Сұраншы батырын термелейді. Қылышбай: «Адам бір көшкен керуен, құрамыз аз күн серуен» — деп басталатын нақлиятын толғайды.

Бір жолы екеуі Бекмырза деген байдың табалдырығын «Ассалаумағалейкүм» деп аттай берсе, бір қуақылау жігіті: «Әлейкүмуссалам, Шудың елі, маса мен сонасы көп қудың елі» деп, оларды сөзден сүріндірмек болады. Сонда Қылышбай шешен іркілместен:

Ассалаумағалейкүм Керінің елі,
Жын-шайтан жиналған перінің елі.
Өрде жатқан Бекбайсың,
Қыс-қыстауың, жаз — жайлауың —

Шуды неге даттайсын?
Арағың мен бозанды қосып ішіп
Аузыңа келгенінді оттайсын! —

деп, төрге шыға беріпті. Бекмырза:

— Бала, байқамай айтып қалыпты, Қылыш-еке, кешір! Құрметті қонағым болыңыздар, сырттай данқын есіткеніміз болмаса мынау қасыңыздағы Жамбыл ақынды да енді көріп отырмыз — деп, жік-жапар болыпты. Сол жолы екі ақын кезек-кезек таң бозарып атқанша жырласа керек.

Сонда Жамбылға әсіресе Қылышбайдың шешендік тапқыр сөздері, бай манап, молда, саудагерлерге найзадай қадалған уытты өлең, термелері, кедей-кембағал, еңбекші шаруалар қамын ойлап жырлаған толғау, дастандары ұнайды. Жамбыл кейінірек өзінің «Өсиет» дейтін өлеңінде:

Қылышбайдан таралып,
Сөз нұсқасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға
Қайырлы бол делінген,—

деп, оның ақығындығын жоғары бағалаған.

АЛТЫНЕМЕЛДЕ

Петербургте география қоғамының мүшесі Шоқан Уәлиханов Қашқария сапарынан қайтып келе жатып Алтынемелдегі Тезек төре аулына аялдайды. Осы кезде шапыраштылар даулы бір іспен Тезек төре алдына барады. Ішінде Сүйінбай, Жабай, Қанадан тағы бірқатары болады. Сол жолы Жамбыл да оларға ілесе барған. Даулары шешім тапқан соң Сүйінбай ақын жиналған көпті, әсіресе, алыстан келген қонақ — Шоқанды көңілдендірмек болады.

— Ана бір жылы, — дейді Сүйінбай қасында отырған Шоқанға қарап, — өзіңіз аралап қайтқан қырғыз еліне бардық. Орманханның Үмбетәлі, Шарғын деген балалары өлген әкесін еске түсіріп жылын өткізіп жатыр екен. Ыстық көл жағасына қырғыз, қазақ үй тігіп мол жиналыпты. Сонда Үмбетәлі манап көңіл айта барған бізге

қырын қарап тіл тигізді. Мен шыдай алмадым, Үмбетәліге қарсы бардым да:

Қалың қазақ ел едім,
Сүйінбай деген мен едім.
«Орман өлді» дегенге
Көңіл айта кеп едім.
Мұның қалай, хан Үмбет,
«Атаңа нәлет» дегенің?!

«Әкеңді өлтірген біз емес, қаңғырған бір ұры еді ғой, сол ұрыны ұстап жазалаудың орнына, бүткіл Бұғы елін шаптың, малын таладың», — дей келіп:

Қанқұмарлық ісіңмен,
Кетірдің өзін құныңды.
Көргенімді айтамын.
Кесе алмайсың тілімді.
Шын жақсыда тарлық жоқ
Әділ сөзде зорлық жоқ! —

деп аяқтадым. Манап уәж айта алмады. Отырған көпшілік «жөн сөз, жөн сөз» десті. Сонда Шоқан да бұл сөзден біраз жайды аңғарғандай болып еді...

Сүйінбай домбырасын шеткерірек отырған өзінің шәкірті Жамбылға ұсынады:

— Қәне, шапыраштының бозторғайы, сайрашы! — деді. Сонда ол алдымен «Е-е-ей», деп даусын шарықта-тып алып, жасы үлкен игі-жақсыларға өлеңмен сәлем беріп шығады. Үлкендерге ізет көрсеткеніне әкесі де риза болып қалады. Әуенін түзеп алған Жамбыл терме-толғауды бірінен соң бірін ағытады.

— Өзі жас болғанымен сөзі жатық та, өткір екен, — депті сонда Шоқан.

Сүйінбай да Шоқан сөзін қоштайды:

— Бұл баладан айтулы ақын шыққалы тұр.

Жамбылды бұрын білмейтін жалайырдың бір қариясы:

— Енді өзі туралы айтсын! — деген. Сонда Жамбыл:

Аксүйекпен қырқысып,
Жыр айтқанда батыл бол,
Ыстыбайдың нәсілі ең —
Саған айтар нақыл сол.

деп, бастаған келесі жырын. Бұл терме Сүйінбай ұстазының шәкіртіне айтқан батасы болатын.

ОҢТҮСТІК ӨЛКЕСІНДЕ

Жамбыл Оңтүстік Қазақстанның Қаратау атырабында, Сыр бойында әлденеше рет айлап, жылдап өлен, жыр айтып жүрген. Осы өлкенің Майлықожа, Құлыншак, Молда Мұса, Мәделі, Нұралы, Базар жырау, Бұдабай, Тұрмағамбет, Зұлпықар, Алдаберген, Серғазы, Орынбай сияқты атақты ақын жырауларымен талай кездесіп, тойдуманды бірге өткізген. Жасы үлкендеріне — шәкірт, кішілеріне — ұстаз болған.

Солардың ішінде әсіресе, Майлықожа Сұлтанқожаұлымен жиі қатысып, байланыс жасап тұрған. **Жамбыл** Майлы ақынмен ең алғаш жиырма жастар шамасында кездеседі. Бұл — Қокан шапқыншыларының Оңтүстік Қазақстан, Әулиеата, Жетісу еліне зорлық-зомбылықтың небір сұмдықтарын жүргізген, елді аласапыранға салып, улыған-шулыған еткен жылдар болатын. Осындай қиыншылық-қуғыншылық, аш-жалаңаш, жоқшылық кезде Екей елінің бірқатары Қаратау жағына, Сыр бойына көшіп, паналайды. Осы босқыншылықты **Жамбылдың** өзі былай әңгімелеген:

«Ел шапқыншылықтан қорқып сынаптай сырғып көше беретін, көше беретін. Жынның ойнағы көше алмаған жоқ-жұқананың үстінде болатын. Осыны көрген **Жамбылдың** жүрегі ол заманға тас болып қатқан. Босып көшкен елдің өрісінің бір шеті — Қарғалы, Ұзынағаш, бір шеті — **Жамбыл** тауы, Байғара, тіпті Арыс, Сырдария болып жүрді. Әкем **Жабайдың** ат пен танаға жүгін артып, көшкен елдің артынан еріп отыратын күйі болып еді.»

Қоныс аударған елдің ағайын-туыс сағалайтын әдеті ғой. **Жабай** баласымен Арысқа барғанда, ең алдымен өздерінен бұрынырақ көшіп кеткен шапыраштыларды және Майлықожаны іздейді. Майлы есіміне **Жамбыл** өзінің алғашқы ұстаздары Сүйінбай, Бөлтірік, Майкөт айтуынан қанық еді. Майлы ақын кезінде **Жетісу** жағында болып өткен ас-тойға талай барған, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Жаныс сияқты ақындармен кездесіп айтысқан-ды.

Әсіресе, Тойшыбек батыр аулындағы қырғыз, қазақтың ортақ жайлауы Сусамырда думандатқан Дәурен салмен қырғыз қызы Қырмызы салтанатындағы Майлықожаның домбырасын көсіле сермегенін, көпшілік көңілін таба сөйлегенін ел аңыз етіп кеткен-ді. Мұны **Жамбыл**

да, оның әкесі Жабай да білетін. Арысқа келген күні олар алдымен Мәделі ақынды тапты. Қара лашығын оның үйіне тақай тікті. Мәделі отбасы да осыдан бірер жыл бұрын Қотырбұлақ басынан көшіп келген-ді. Майлықожа Сырдария жағасындағы Қожатоғай аулында тұратын.

Ертеңіне сәрсенбі базары деген күні Арысқа Майлықожа келді. Нағашысының балаларына бір арба қауын, қарбыз ала келіпті. Бәрі жамыраса табысыпты. Жабай көші-қонның жай-жапсарын, босқыншылық халін айтқан, Майлы мен Мәделіге кездескен Жамбылдың қуанышында шек жоқ.

Дастарқан жайылар алдында үй иесі Мәделі ақ домбырасын қолға алды:

Жаңа келген ағайындарға ауылдың алты ауызы іспетті өлең айтты: «Келген қадамдарың құтты болсын»— деді. Сөйтті де, домбырасын дүбірлі күйге келтірді:

Қарағашты Ташкенттен,
Мырзаби деген бек шықты —

деп басталатын бір оқиғалы жырын толғай жөнелді. Қоқан бегі «Қатын менен қызыңнан, зекет бергін деп шықты.» Қотырбұлақта отырған ел қыздарын еркекше киіндіріп қонысын тастап көше бастады. Зекетшілер көштің алдын кес-кестеп, тоқтатты. Қыз, келіншектерді ата-анасынан ажыратты. Мал-жанымен қоса бәрін ордасына қарай шұбыртып айдады. Жолай бір байдың үйіне түсіп, Мырзаби бек қымызға бөгіп, олжа бөлісіп жатқанда, артынан ер-азаматтар қуып жеткен. Бұлар кімдер еді?

Мәделі батыр сайланып,
Қожа ішінен бұл шықты
Орта жүзде қоңыраттан
Мұсабек деген ер шықты
Ұлы жүздің данасы
Ер Шонайдың баласы
Рысқұлбек келді жарқырап
Ақбұлақтың басында
Үш елдің ері бас қосып —

барады да, Мырзаби бектің басын шауып алып, өзге тонаушы зекетшілерді елден қуып шығады. Сөйтіп, қыз-келіншек, бала-шағасын, мал-жанын зекетшілер қолынан ажыратып алып қалады.

Жыр осылай аяқталғанда манадан бері баласы мен екеуі ұйып тындап отырған Жабай желпіне түсті. Оның батырлар ерлігін есіткенде еңсесі көтеріліп, қунай түсетін әдеті.

— Япыр-ау, сол Мәделі батыр сіз бе едіңіз?!— деді. Оның қасында отырған Майлы:

— Иә, сол Мәделің осы. Менің нағашым осал кісі емес. Ақын десең — ақын, батыр десең — батыр... Олар осылайша танысып, арқа-жарқа әңгіме дүкенін қыздыра берген. Жас Жамбыл кейін Мәделі басынан өткен сол оқиғаны «Қаным сұлу» деп ертекке айналдырды.

Енді сол Жамбыл айтып жүрген ертегі-аңызға келейік: Ташкент атырабын билеген Мырзаби деген Қоқан бегі өзінің қырық жігітімен ауыл-ауылды аралап, зекет жинап, қыздардың сұлуын еріксіз тартып әкете берген. Бұл қорлық, зорлыққа ешкім қарсы тұра алмаған. Қаруланған қырық қарақшы Мырзабиге ешкімді жолатпай, қорғап жүрген. Шаң бораған, мал шулаған, ит ұлыған. Халық бас сауғалап көше берген, ал Мырзаби қырық жендетімен олардың соңынан қалмаған. Қырға барса қырдан, ойға барса ойдан алдынан шыға берген. Сөйтінше ол қыз біткенге қырғидай тиген. Ел-жұрт бұл апатқа не қыларын білмей дал болған. Біреулер айтқан:

— Ханға барып шағынайық.

— Енді бірі:

— Аяғына бас ұрып табынайық.

— Тағы біреулер:

— Әке-көке деп жалынайық.

Сөйтін бәрі не қыларын білмей аңтарылып тұрғанда, бір қыз:

— Ағатайлар-ау, ол ойларыңыздан түк шықпайды, одандағы бекті алдап соғу керек, — деген.

— Қалайша?

— Бек пен зұлым қарақшылар алдыртушы ма еді?— деген қариялар. Қыз тағы да:

— Оларды алдап түсіру қиын емес, — деген:

Бұл сол ауылдағы батагөй ақсақалдың он жеті жастағы Қаным деген сұлу, әрі ақылды қызы бопты. Бота көзіне қарап жеңгелері оны «бота көз», мөлдіреген қара шашына қарап «Қарашаш» дейді екен. Ауылдағы кәрі, жас бәрі жиналып Қаным сұлуға барыпты.

— Қәне, қалқам айтшы ақылыңды?— Қыз сонда:

— Барлық қыздар еркекше киініп атқа мінсін. Қолдарына қамшы ұстасын. Ал, жігіттер сойыл, шоқпары-

мен дайын тұрсын. Мырзаби келіп «Қыздар қайда?» деп сұраса, «білмейміз» деңдер. «Қыздарыңды жасырып тұрсындар» деп, сендерге тиісе бастаса, бәріміз осы кезде Мырзабиді де, оның жендеттерін де талапай қылып, жазасын береміз.

— Бұл ақыл, мақұл екен,— деп, бәрі Қаным сұлудың айтқанына келісіпті:

Бір күні Мырзаби жігіттерімен сау етіп ауылға жетіп келіпті. Қараса бірде қыз көзіне түспейді.

— Бұл ауылдың қыздары қырылып қалған ба?

Бір қария:

— Бәрі тойға кеткен, — дейді.

Мырзаби:

— Алдап тұрсың қақпас!— деп, оған өкіректеп қамшы үйіреді.

— Кәне, мынау тұрған жігіттер біртіндеп, біздің алдымыздан шешініп өтсін!

Жастар оған тырп етпейді. Мырзаби ат үстінде тұрып, әр «жігіттің» бетіне бір үңіліп, қарап жүріп, Қаным сұлудың алдына барғанда кідіріп қалады:

— Мынау көзі жәудіреген жігіт емес, қыз ғой, — деп басындағы бөркін жұлып алады. Осы кезде қып-қызыл майдан, басталып, екі жақ қамшы, шоқпар, қолына не түссе, сонымен сабаласып кетеді. Қаным сұлудың ағасы Мұсабек батыр Мырзабиді ат үстінен аударып алып, сүйреп көкпар қылып өлтіреді. Жендеттердің біразы соққыға жығылып, қалғандары бас сауғалап қашады. Бұл оқиға Қоқан хандығына жетеді. Хан қаһарына мінеді:

— «Менің ең аяулы бегімді өлтіріп, қырық уәзірімді құртқан Мұсабекті, оның қарындасы Қаным сұлуды әкешесімен алдыма байлап әкеліңдер! Ұрысқа қатысқан сол ауылдың жігіттері ұсталып, абақтыға жабылсын. Ол ауыл айып төлесін!»— деп, бұйырады. Бұл хабарды есіткен ауыл адамдары қашып-пысып тау-тасты паналайды. Мұсабек батыр ауылдастарына:

— Үрейленбендер, ханға өзім барып, жауабын беремін, — дейді де, қасына өзінің батыр досы Мәделі ақынды, қарындасы Қаным сұлуды ертіп алады. Олар Ташкент шаһарындағы хан ордасына барады. Қалың қара ағаш, терек сыбдыр қаққан, арықтан салқын суы бұлқынып аққан, бау-бақша ішіне бөденесің сайратып, кілем төселген сарайын жайнатып, өңкей сұлу қыздарды ойңатып хан нөкерімен мәз-майрам боп тамаша құрып, шал-

қып отыр дейді. Есік алдындағы күтушілер ханға барады:

— Тақсыр сізге екі жігіт, бір қыз келіп тұр, жолығамын, — дейді. Хан:

— Келсін!

Бастарын таңған, қамшысын бүктеп алған Мұсабек батыр мен Мәделі ақын және Қаным сұлу кіріп барады: Мәделі:

— Дат, Хан ием!

— Айт, датың болса!— дейді хан.

Сонда Мәделі ақын былай деп термелепті:

Бектеріңнің қорлаған
Зорлығына шыдамай
Көшті елім жапа-тармағай.

Адамға тән ар-ұят
Бегіңізде қалмады-ай!
Атадан қалған жол ма еді
Қу нәпсіге құл болып
Хайуандай тоят алмақ-ай!
Біз білмейтін болмаса
Шарифатта бар ма еді
Қыздан зекет алмақ-ай!
Айт десең айтып берейін,
Ақ шындықты сөйлеуден,
Тілмен жағым талмағай.
Жазықсыз елді жазғырма
«Айыптың» тұр алдында...

Аңыздағы ақын жігіт — Мәделінің өзі, ал Қаным сұлу — Айым сұлу деген Сапақтың қызы, Мұсабек батырдың қарындасы. Мұсабек Қалдарбекұлы — Қоқанға қарсы күресті бастаушы қоңырат елінің, ал Рысқұлбек Шонайұлы — Ыстыдан шыққан ер жігіттер еді. Екеуі де Мәделі ақынның батыр серіктері болған.

Әке мен бала сол жолы Арыста біраз күн болады. Ағайын, жегжаттарды аралап, елмен танысады. Барған үйлері әрине өлең, жырсыз болмайды. Бір құлшығаш үйінде Майлықожа «Көроғлыны» таң атқанша жырлаған. Қисса аяқталмаған. «Тағы да айта түссе екен» деп өтінген Жамбылға ол:

— Бұл қисса бірер күнде бітпейді, қалғанын тағы бірде тыңдарсыңдар — деген.

Ертеңіне Мәделі Ташкентке баратын шаруасы болып, сонда кеткен. Жабай Қошқаратадағы (Шымкент) ағайындарға бармақ болған. Майлы ақын Жамбылды ертіп Қожатоғайға тартқан.

Сырдарияның күншығыс жағалауындағы дөңгелек қолтықша кең тоғайға орналасқан ауыл шағын ғана екен. Көбісі кесектен там салып алыпты. Арасында бірлі-жарым киіз үйлер де көрінеді.

Кіші бесін кезінде Майлықожа мен Жамбыл ауыл шетіндегі жатағандау үйге жетіп, аттан түсті. Бұл Майлы ақынның үйі. Екеуі сырт киімдерін шешініп, төр үйге төселген түсті текемет үстіне жайғасты. Жалаң аяқ екі жас бала Майлының мойнынан құшақтап жатыр. «Алдымен кісіге сәлем бер» деумен олар Жамбылдың келіп қолын алды. Бұлар Майлының Жолбарыс, Қаблан дейтін балалары. Ақын бәйбішесіне қарап:

— Тағы бір ақын ертіп келдім, — деп қасындағы жас жігітті таныстырды. — Сонау Алатаудан келіпті. Өзінің төкпе ақын болатын түрі бар. Әлі талай тыңдап тамашалайтын боламыз. Ал, ас-сусыныңды әзірле!

Майлы жұбайы Еркеайымға осыны айтты да, Жамбылды тысқа ертіп шықты. Екеуі дария жағасына барып, ау салып жүргендерге жолықты. Сырдария ылайланып, буырқанып жатыр. Майлы:

— Ертеректе, — деді — біздің ата-бабаларымыз осы тоғайға келіп, орын теуіпті. Содан бері арық қаздық, тоспа жасадық, егін ектік, не керек, осы жерден өсіп-өндік.

Олар үйге келсе, Еркеайым кең дастарқанын жайып, сары самауырынды ысылдатып, әзір отыр екен. Дәм үстінде өткен-кеткендер айтылып жатты. Майлы ақын үйленбей тұрған жас шағында Жетісу елін талай аралап, өлең айтқанын, не бір жүйрік ақындармен кездесіп, олармен дос-жолдас болып кеткенін айтты. Тойшыбек аулындағы тойда үлкен абыройға ие болып, сый-құрметпен оралғанын еске алды. Байсейіт батыр мен қарақалпақ аруы Апақайдың неке тойында ол Майкөт, Дәурен сал, Қалмырза сияқты қазақ, қырғыздың ақын, жыршылары және Ноғайбай, Кебекбай, Бердібек шешендермен дидарласқан. Жетісу халқы аңыз ете беретін осы оқиға дәйекті деректерге негізделген әдеби естеліктерде былай баян етіліпті:

«Тойхананы Майлықожа бастады. Ауыл ақсақалдары жиналып қалың қазаққа қадірі бар, жолы үлкен Майлықожаны айрықша құрметтеп, төрт қабат көрпе үстіне төселген жолбарыс терісіне отырғызып, сөз берген. Алқа топқа түскенде айдыны асып, шабыты шалқып кететін жүйрік ақынның бұл жолы да өлең-жыры селдей, ағытылып, арнасынан тасыған тау суындай бұрқырай түсті.

Тереңнен тербеп, дариядай толқып, сөз маржандарын түйдек-түйдегімен ағыта берді. Майлықожа өз жырында жалпақ елдің атақты да айбарлы батырларын, аңызға айналған тарихын жырлай келіп, енді бір кезде кешегі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, жүрек жұтқан Жоламан, мүйізді батыр Өтегендермен қарулас, майдандас болған жаужүрек Жауғашар батырдың жауынгерлік өмірін термелеп кетті.» «Айтқыш-ақ екен», — «Терме әуені қандай жағымды?», «Талабыңа нұр жаусын!» десіп жатты.

Жамбылдың төкпелі жырына, әсем әуеніне сүйсінген Майлы ақын да:

— Сендер ананы айт, мынаны айт деп, менің қонағымды шаршатасындар түге?— Жамбыл шырағым, домбыраны бері әкел. енді мен сөйлей тұрайын, сен демал,— деп әзіл-қалжың араластырды. Сөйтті де, ол «Тотының тоқсан тарауын» толғады. Ертеде дария жағасын мекен еткен тоты құстың, бақа мен екі үйректің, аңқау мен кудың, үш жігіттің және Сұр мерген хикаяларын бірінен соң бірін тізбектеп мысалдан шықты.

Майлының бұл әңгімелері ауылдастарына үйреншікті болып естілгенімен Жамбылға өзінше бір жаңа сарын болып көрінді. Ол Жетісуда мұндай мысал-тұспал жырды көп кездестірмеген-ді.

Кейін Жетісуға оралғанда, ол кейбіреулердің жағымсыз мінез-қылықтарын мысалдап өлеңдеткен. «Өмірдің тууы» деген әңгімесінде өзі былай деген:

«Бір күні мен болостнойдың аулына келдім. Ауылдың болостной ісіп-кеуіп карта ойнына қора-қора қой салып, ерегісіп ойнап, өз аулындағы бір көрші бидің үйінде отыр екен. Ол сол кезде жұртқа қарап:

— Менің қонақасым бәріңе де жетеді. Қойылған тағамды жендер, сапырулы тұрған қымызды ішіндер, киіз төсеулі, көрпе салынулы, отырындар! Менің ақ көңілді ниетпен істеген құрметіме риза болып шаттанындар!— деді қоразданып.

... Қолыма домбыраны алдым да, өлеңді дүрілдете бастадым. Сондағы ауылдың болостной правителінің құлағына жеткізе жырлаған жырымның мәнісі былай еді: бай, яғни, тоқ торғай қонаққа барлық жыртқыш құстар мен аңдарды шақырған екен. Мұның ішінде қойдан басқаның бәрі бар екен. Қойдың өзі қонақтарға сойылған екен. Тоқ торғай қонақтарды етпен сыйлап отырып, менің аюды да бір асап, қылғытып жұтып қоюға күді-

ретім жетеді деп мақтанады...» (Жамбылдың бұл мысал өлеңінің тексті сақталмаған).

...«Сүткент» аулына барып қайтқан күні кешке Майлықожа «біздерде мынадай бар, мынадай бар» дегендей жас досына «Мың бір түн», «Шаһнамадан» үзінді жыр айтып берген.

Сарттан өткен Науаи
Тілдің гауһар гүлі еді.
Парсыда өткен Фердоуси,
Заманында дүр еді,—

деп бір доғарды бұл әңгімесін. Науаи, Фердоуси есімдерін Жамбыл тұңғыш рет естіп отыр. Майлы көрсеткен көн терімен қапталған қалың-қалың кітаптарды көріп таң қалса, екіншіден өзінің оқи алмайтынына қынжылғандай.

Ұстаз бен шәкірт көп сырласты, көп мұндасты.

— Хатың болмағанмен, — деді Майлы, — ұғымпаз, зейінді екенсің. Мен айтудан ерінбейін сен жаттаудан жалықпа!

Осы келісіммен олар ондаған күндер отырып, жыр тиегін ағытқан. «Мың бір түннен», «Шаһнамадан», «Тотының тоқсан тарауынан», басқа да ертек, аңыздардан хикая шертілген. Бұл деректерді Жамбылдың көзін көріп, талай сұхбаттасқан, ақынның 100 жасқа толу мерекесіне арналған толық жинағын баспадан шығаруды басқарып, оған алғысөз жазған атақты жазушы Сәбит Мұқанов былай дейді:

«Жәкең Бақтыбайға кездескен 29 жасында қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған 4 облысты түгел аралап, барлық атақты ақындардан да үлгі алғаны көрінеді. Жәкең қазақтың ауыз әдебиетін аса көп білген. Соларды қазақтың атақты ақындарынан үйрендім дейтін. Осы сапарында Жәкең Өзбекстан мен Қырғызстанның көп жерін аралайды. Ақындармен кездеседі, әдебиетшілермен танысады. Қырғыздың эпосы «Манасты», «Шаһнаманы», «Тотының тоқсан тарауының» көп хикаяларын жырлайтын Жәкең «бұл әңгімелерді сол сапарымда есетіп едім» деп отыратын».

Күздің қарасуықты күнінде екі ақын Арысқа қайтып оралды. Жамбыл біраз күн үй тірлігімен айналысты. Қыс қамы, отын-су, азық-түлік дегендей, әке-шешесіне қолқабыс тигізді. Жыр құмар қауым екеуін кезекпе-кезек қонақ етті, өлең-жырын тындады. Бір бай қоңы-

раттың үйіндегі жиында Майлықожа «Алпамысты» тербеді. Жамбыл оның аяғын жалғастырып, «Алатай, Жапарқұлдан» әңгіме қозғады. Дастанды бастамас бұрын ол мынандай әлхисса айтып алды:

— Майлиекең екеуіміз Ташкентті аралап, қаңлы, жағалбайлы, өзбек ағайындардың той-думанына қатысып, қисса, жыр айтып жүргенде, жиделібайсын жағынан келген бір қария Алпамыс батырдың немерелері Алатай, Жапарқұлдың ерліктерін әңгіме етті. Мен бар ықыласыммен тындадым да, оны ойыма торлай жүрдім. Қазір сіздерге сол жырды айтып берейін.

Жиделібайсын жерін мекендеген, қоңырат деген ел екен, етек-жеңі кең екен, төрт түлікке бай екен, қазынаға сай екен, Байшұбарын ойнатқан Алпамыстай батырдың ұрпағы Жәдігер деген болыпты. Сол Жәдігер батырдан Алатай және Жапарқұл деген батырлар тарапты. Балаға атадан мирас боп оларға жиделібайсын, қоңырат елі түгел қарайды. Осы ел шетіне батыстан қызыл бастар қаптап, басып-көктеп кіреді. Алпамыс бабасының аруағына сиынып, Алатай мен Жапарқұл ту көтеріп жігіттерін жинайды. Алатай мінген боз арғымақ, Жапарқұл мінген күрең ат ор қояндай ойнайды. Екі батыр жауларын жеңбей қоймайды. Сырдың бойын жағалап, сырғи келген жауды Сырдарияға тоғытты. Әму бойын сағалап, қамыс, жыңғыл паналап келген тағы бір тобын Әмударияға тоғытты. Сол жақтан келгенін Қызылқұмнан асыра қуды, оңнан қаптап келгенін Қаракұмнан асырды.

Осылайша «Алатай, Жапарқұл» қиссасын төгілте, егіле жырлаған Жамбылға қоңырат аулы риза болып, шапан жапты, ат мінгізді.

Нағашыларының шақыруымен Майлықожа Жамбылды ертіп Бадамға барды. Бадам көпірінен өте бергенде Жамбыл:

Дегенде Бадам кедей, Бадам кедей
Барасың бұл Қожанды адам демей
Саратан мен заузаның күні туса
Жатар ең қимылдауға шамаң келмей —

деп, ұстазына қарады. Майлы ақын:

— Мұны қайдан білесің?

— Елден есіткенмін, — деді Жамбыл, — ана жолы осы жаққа бет алып келе жатқанымызда Ақбұлақ басына аялдағанбыз. Сонда бізге жол сілтеген бір кісі:

«Бадам өзенінен өтесін, ар жағы Арыс тиіп тұр» деп сіздің осы өлеңіңізді айтқан.

Бадамда олар көп болған жоқ. Ташкент жақта Мәделіге жала жабылып, қолға түсіп қалыпты. Оны жергілікті төре, бек, болыстар ұйымдастырыпты. Енді соны барып арашалап алу керек. Сол төңіректегі қожалар жиналып, ортасынан Майлықожаны бас етіп, бес-алты кісіні жібермек...

— Жағдайды көріп тұрсың ғой, — деді Майлы қасындағы жас досына қарап. — Түркістанға дейін ертіп барамын ғой деп едім, болмады. Енді өзің бара бер. Онда Молда Мұсаға жолығып қаларсың. Мына шаруаны бітірсем, мен де кідірмей жетермін. Осы уәдемен Майлықожа Ташкентке, Жамбыл Түркістанға жүріп кетті.

Бұл әңгімені Жамбылдың жақын туысы Сәрсенбек Қопабаев айтқан еді. 1984 жылы 17 наурызда Ұзынағаштағы Жамбылдың музей-үйінде болып, ақынның баласы Тезекбайдың үйінде жолыққанымызда ол кісі: «Биыл 84 жастамын. Әкем Қопабай тәтемнен (туысқандары Жамбылды тәте деген) бес жас кіші болатын. Арысқа бірге көшіп барған. Жабай атамыз бір жылдай тұрып, елге қайтып келген. Ал, біздің үй үш жылдай қыстап, сол жақта тұрып қалыпты. Әкем көбінесе Жамбылдың қасында жүріп, Ташкентке, Алай базарға, Қошқаратаға, Сайрамға бірге барыпты. Соның көлігіне қарап тапқан-таянғанына иелік етіп жүрген...»

Солы жолы Тезекбайдың үйіде отырғанымызда қасымызда кезінде Жамбылдың жүргізушісі болған Нағашыбек Байсабаев, жақын туыстары Сарқытбай Көбейұлы, Үмбетәлі Өмірзақұлы бар, Сәрсенбек ақсақалдан мынаны сұрадық.

— Көзі тірісінде Жәкеннің өзі айтыпты. «Түркістан оязына дейін бардым» деп, бұдан не білесіз?

— Әкем жырдай қылып айтып отыратын, — деді. Сәрсенбек ақсақал, — екеуі Түркістанға бірге барып, әуелі Нұртазаның үйіне түскен. Нұртаза ілгеріде Жетісудан көшіп кеткен ағайындарымыз болатын. Өзінің аздап молдалығы бар. Ертеңіне жұманамаз күні екеуін Әзірет сұлтан мешітіне (Қожа Ахмет Яссауи ескерткішін жергілікті тұрғындар солай атайды) ертіп барып Жамбыл екеуі жұманамазға тұрған. Намаз оқып болған соң Жамбыл құдайы садақасын тастап, дұға қылған. Содан кейін тәтем мен көкем мешіттің мұнара, күмбездерін көріп, ақ сарайларын аралаған. Асханасындағы нән тай

қазанды көргенде екеуі таң қалысқан. «Япырам-ай, мына қазаннан қанша адам тамақ ішті екен?» дескен. Оларды ертіп жүрген Нұртаза «Алпыс шелек су кетеді. 3 батпан күріш, екі батпан ет сияды. Сонда оның қанша кісіге жетенінін есептей беріңдер»— деген.

Ертеңіне олар бір жетімдердің үйінде шілдехана — той болып, соған шақырылған. Осы тойда Жамбыл Сыр бойынан келген Базар жыраумен кездесіп, айтысқа түскен. Сәрсенбек ақсақалдың бұл сөзі кезінде Жамбылға хатшылық көмек көрсеткен белгілі ақын Әбділда Тәжібаевтың жазған естелігімен де үндеседі. Ол өзінің 1936 жылғы 1 мамырдағы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында былай деп жазды:

«...Әңгіме қыза түседі, шай ішіп шалдар терлеген сайын, термен бірге қызықты әңгімелерді де шығара түседі. Жамбыл Балқымен айтысқанын баяндайды.» Міне, бұл Ә. Тәжібаев үйінде бір топ ақын қонақ болып отырғанда Жамбылдың өзі айтқан әңгіме. Ол айтыстың тексті сақталмаған. Кім білсін, екі дүлдүл ақын өзара танысып, шабыт шақырғаннан кейін бір жүйелі сөзге көшкен болар.

Базар Ондасұлы Өтемісов Жамбылдан үш жас үлкен, тұстас қатар-құрбы болған. Ол Қызылорда облысының Қармақшы ауданында туып, Өзбекстанның Науаи қаласы маңында Жалпақтау деген ауылда дүниесалған. Бұхар жырау, Махамбеттен соңғы ірі толғау ақыны деп саналады. Сыр бойының Қеншімбаи, Жиенбай, Оңғар, Кете Жүсіп т. б. ақын-жыраулары ұстаз тұтқан Базардың «Өзімдей-ақ ұл туар», «Тілек», «Сөйле десең сөйлейін», «Әр нәрсенің паркы бар», «Өлеңнің аққан көзі едім», «Айдан ару нәрсе жоқ», «Жиырма бес» тағы сондай жыр толғауларын Жамбыл қасында бірге жүріп, талай тыңдаған. Осындай шығармашылық байланыстың әсер, ықпалы болу керек, Жамбылдың өлең, толғауларында Базар жыраудың әуен, сазы, сөз саптау мәнері айқын сезіледі. Тіптен кейбір шумақ-тармақтары да бір анадан туғандай, біріне-бірі ұқсап тұрады. Екі ақынның мына бір терме шумағына зер салып көрейік:

Базар жырау «Айдан ару нәрсе жоқ» деп басталатын толғауында:

Айдан ару нәрсе жоқ
Түнде барда, күндіз жоқ
Күннен ару нәрсе жоқ

Күндіз бар да түнде жоқ.
Мұсылмандық кімде жоқ
Тілде бар да діл де жоқ
Көшпелі бейнет көп дәулет
Біреуде бар да, бірде жоқ

деп, термелейді.

Ал, Жамбыл 1936 жылы 28-сәуірде өткен республикалық халық өнерпаздарының екінші слетінде толғаған «Тоқсанға келген жасым бар» деп басталатын әйгілі толғауында:

Туған айдай дер едім,
Түнде барда күндіз жоқ
Жанған күндей дер едім
Күндіз барда түнде жоқ.
Темірқазық дер едім
Тек тұрғаны болмаса
Онда тіл де үн де жоқ —

деп жырлаған. Міне бұдан артық қандай үндестік болсын? Бұл жерде екі ақынның толғау-жырын жолма-жол салыстырып жату артық.

Жамбыл Базар жыраудан басқа Сыр бойының біраз ақын, шайырларын, олардың терме, толғауларын-білген. Оны сол жолы Базар Өтемісовтан есітті ме, әлде өзі Сыр елін аралады ма, ол жағы әзірге анық емес. Әсіресе, оның Тұрмағамбет толғауларына қанық екені ақиқат.

1936 жылы Алматыда Мұқаметжан Қаратаевтың үйінде Жамбыл, Естай, Тұрмағамбет үшеуі қонақта болады. Ақындар өзара таныса отырады. Тұрмағамбетке келгенде Жамбыл «сізді кейбіреу ақын, шайыр дейді, енді біреулер молда дейді, соның қайсысыз?» деп, қалжындайды. Тұрмағамбет: «Егер сіз кітап оқып, хат жаза алсаңыз, халық сізді де «молда» деген болар еді» деп жауап береді. Жамбыл Тұрмағамбетті, оның жыр, толғауларын бұрыннан білетінін есіне алады.

«Ертеде, жырлап жүргенімде, қалың қазақты шарлап аралай-аралай Жетісумен жапсарлас - Сырдария облысын, Алатаумен астарлас Қаратау төңірегін аралап, бауырмал Сыр елін, қонақжай Түркістан оязына тақау бардым. Атақты Майлықожа, Құлыншақ, Майкөт ақындарға кездесіп, өнерінен үлгі алып, өздерін пір тұттым. Сол сапарымда ақындардың ішінде халқының аузынан түспейтінін көп естіген есімім, алмастай өткір тілі бар, ағыл-тегіл жыры бар, шығарған сөзі шырайлы, көп тың-

дағаным Шәді төре мен Тұрмағамбет болған. Сонда көңіл тасып, таңданып қайтқанмын.»

«Жамбыл осыны айтып сәл бөгелді. «Ер қадірін ер білер, зер қадірін зергер білер» деп ол Тұрмағамбеттің кейбір өлеңін жатқа білетінін жасырған жоқ.

Сөйлеген сезім ыңғайлы
Құмартып халқым тындайды.
Шайырдан шатақ сөз шықса
Күлістік естіп көбісі.
Бір-біріне ымдайды,
Сөз өлшеуін білмеген
Шағалаша шулайды,
Тал жібектей таза сөз
Еш жерінді жырмайды...».

Жамбыл осылайша оның өз өлеңін өзіне айтып береді...

Осыдан төрт жыл бұрын Құлыншақ ақынның жиені, 85 жастағы Әбділда Бағдәулетұлына кездестік. Енді сол кісіні тыңдап көрейік:

— Ол жылдары,— дейді Бағдәулетұлы,— біз Түркістанда тұратынбыз. Ескі Ихан көшесінің кіре берісінде үлкен ауламыз, бастырмалата соққан төрт бөлмелі кесектен қаланған үйіміз, оның арт жағында қора-жайымыз болатын. Әкем Бағдәулет, ағамыз Есжан Түркістан базарының делдалы болып істейтін. Қаратаудың теріскейінен, әсіресе, Бабата, Үштөбе, Жартытөбе жағынан базарға мал айдап келетін сұлгетай, маңғытайлар біздің үйге түсетін. Әкем мен ағам олардың малдарын сатысып дүкеннен қант-шай, киім-кешек, мата әперісіп жүретін.

Сүмбіленің аяқ кезі ғой деймін, біздің үйге Құлыншақ ақын келіп түсті. Қасында екі жолдасы бар. Әлі есімде біреуін — Молда Мұса, қара мұртты ұзын бойлысын — Бұдабай десті. Құлыншақ бізге нағашы. Ол — көтенші, біз — сұлгетай боламыз. Түркістанға келсе біздің үйге соқпай кетпейтін. Біраз күн жатып, Әзіреті сұлтан мешітіне барып зиярат қылып, намаз оқып келетін. Кешке қарай өлең-жыр айтатын. Түнімен қисса тындайтынбыз. Бұл жолы да тап солай болды. Ақындар кезектесіп жырласты, кейде өзара қағысып, айтып та отырды. Бірінен бірі өтеді.

Ертеңіне елге қайтамыз деп, түстік жеп бола бергенде, үш аттылы сау етіп түсе қалды. Егделеу кісіні Майлықожа десті, қасындағы жұпыны киімді екі жігітті

танымарым. Аттарын байлап, «жүріңіздер» деп, үйге жіре бергенде, төрде отырған нағашым «Майлымбысың?» деп тани кетті де:

Майлы, майлы дегенге май болмадың
Ат пен түйе алсаң да бай болмадың.

дей бергенде Майлықожа оның қолын ала беріп:

Сен Құлыншақ болғалы талай заман
Иә, құлын, иә жабағы, тай болмадың.

дегені. Бәріміз күлкіге қарық боп қалдық. Ақындар бірін-бірі бұрыннан білетін сияқты. Бәрі жайрандасып, сәлемдесіп жатыр. Бір уақытта Майлы ақын, нағашымның жанына жайғаса беріп:

— Бұл Жамбыл деген ақын, — деп қасындағы бейтаныс жігітті таныстыра бастады. — Жетісу елінен, ана бір жылы сол жаққа барғанымда қасымнан қалмай еріп жүрген. Атақты Сүйібайдың жақын шәкірт — інісі. Сонда біздің елге келерсің деп шақырып едім, келіпті. Менен «Көроғлыны», «Қыз Жібекті», Тотының әңгімесін үйреніп жүр...»

Сол отырыста Майлықожа ертеректе Жетісу және қырғыз еліндегі жиында болғанын еске алған. Жаныс ақынмен айтысатын жолы Сүйінбайдың ақындығына әбден ғашық болған екен.

Майлы ақын өмірінің соңғы кездерінде де Жетісу елінде болған. Оған ХІХ ғасырдың сексенінші жылдары Аспара, Меркеде өткен Сыпатай батыр асында Сүйінбаймен кездесіп, айтысқаны дәлел. Бұл жөнінде зерттеушілер былай жазып жүр:

«Сыпатай батырдың асында Ноғай мырза Сыр бойынан келіп қатысқан қоңырат елі адамдарын елеі қоймаған себепті өкпелері ретінде айтылып, 1883 жылы Я. Лүтш бастырған «Қиргизская хрестоматия» жинағында «Ноғай мырзаға» деген атпен дербес жарияланған бұл шығармада «Сүйінбай мен Майлықожа айтысы» деп осы жырдың үзік-жұлықтарын жинап, бастырған.» (Ә. Оспанұлы «Қаратау атырабының ақындары.» 1983, 100-бет).

Бағдәулетұлы әңгімесін жалғастыра түсіп:

— Сонда, — дейді, — Құлыншақ нағашым қасындағы Майлықожаға қарап: «Майлеке, Жетісуда көп болғаныңды білдіргің келіп отыр ғой оны ана бір жылы кез-

дескенде айтқансың. Енді мына жас жігіттің лебізін тыңдасақ қайтеді?» Осыны күтіп отырған Молда Мұса да, Бұдабайда: «Иә, Жамбыл сөйлесін» десті. Бұдан соң Жамбыл жеңін түрініп қалақша домбыраны қолға алды:

Ай, мен Жамбылмын, Жамбылмын.
Қара жолдай даңғылмын.
Жастайымнан жын буып
Өлең қудым, қаңғырдым.
Шапқан жерді шаң қылдым.
Айтысқанда таң қылдым
Тындаушымды қандырдым...

деп, ол өзін таныстырып өтті. Онан соң өзі айтатын қисса, жырларды жұрт қалауына салды. «Саурық батыр» деген дастанын ет пісірім уақыт жырлап шықты.

Осыған келгенде иығында сүлгісі бар жас жігіт «ауқат дайын болды, қол жуыңыздар!» деп келген. Ол сары шылапшын мен үйрек мойын мыс құманды жағалатып кісі қолына су құйып шыққан. Буы бұрқыраған сарыала қазы, білем-білем құйрық тола табақ үш жерден тартылды. Құлыншақтың алдына бас қойылған.

Тамақтан соңғы сөзді бәрінен жасы үлкен Құлыншақ алды. Ол әуелі өлеңдетіп, шұбыртпалы бата беріп, үй иесіне алғыс айтты. Домбырасын қаттырақ бұрап, бір хикаяны бастай берді: Бұл «Шора батыр» тұғын. Түн ортасы ауды, хисса әлі аяқталар емес, қызыл күрен бауырсақ, науат, өрік-мейіз аралас төгілген кестелі дастарқан қайта жайылды. Бір уақытта:

— Аға, шай ішіп, дем ала тұрыңыз!— деді Молда Мұса. Ол өзінің бірер мысал өлеңін айтып, жұртты бір сергітіп тастады. Онан соң Бұдабай да: «Біз едік Бұдабайы орта жүздің» деп басталатын жырын толғады. Бағаналы бері ішінен өлең торлап отырған Жамбыл:

— Құлыншақ аға, жаңағы жырыңызды қайта айтып берсем, қайтеді?— дегені. Бұл сөзге өзге ақындар елең ете қалысты.

— «Шора батырды ма?»

— Иә, Шораны.

— Егер түгел айта алмасаң ше?

— Айтады, мүдірсе, мен кепілгер, — деді Майлы.

— Айтсын, айтсын!—десті бәрі.

Жамбыл домбырасын безектетіп «Шораны» термеледі: Нәрікбай бір балаға зар болады. Күндердің күнінде әйелі Құлқаныс ұл тауып атын Шора қояды. Ол насат

батыр болып өседі. Жауларынан кек алады. Қалмақтың Садыр дейтін батырымен жекпе-жекке шығып, оны жеңген жеріне келгенде, тыңдап отырғандар, «ой, пәлі-ай», «ойһой!»— деп көтермеледі. Құлыншақ сүйсініп:

— Нағыз құйма құлақ екен. Сөзім түп-түгел шықты ғой. Молда Мұса да:

— Жаттағыш-ақ екен — деп жатыр.

Майлы желпіне түсті:

— Мен, анау-мынау жыршыны жаныма ертпеймін ғой. Көрмейсіңдер ме. Құлыншақтың термелеген жерін термеледі, әндеткен жерін — әндетті...

Не керек, ақындар сол түні таң атқанша думандатқан.

Олар үшінші күн дегенде тарасқан. Құлыншақ бастаған ақындар таздар еліндегі шақырылған тойға жүріп кеткен. Молда Мұса мен Бұдабай Бабайқорғанға бармақ болып олардан бөлініп қалған.

* * *

Түркістаннан шыққан төрт аттылы бірде желе-жортып, бірде жорғалата отырып Ихан суынан өтті. Ноғай қорғандағы шашақ тақиялы молданың үйіне жетіп ат шалдырды.

Дегенде Ноғай қорған, Ноғай қорған.
Ары өткен, бері өткен талай қонған...

деп, олар үлкен бесінде ілгері жүріп кеткен.

Ақындар Нұра жотасын бөктерлеп Мыңбұлақ басына жетті.

Бұл кәдімгі:

Біз ауылдан шықтық та Көлбай қондық,
Көлбай үйде жоқ десе де, болмай қондық.
Қонаққа қотыр ешкі сойып беріп,
Ірген тақыр жерге қойдай болдық.—

деп, осы Майлы ақын айта беретін Көлбай аулы. Жолаушылар Ишан талының жел жағымен Қаратауға қарай бет алды.

Күн қызыл жиіктеніп батар алдында олар Қарабас өзенінің бойындағы кең сазда отырған Досбай әжінің үйіне кеп түсті.

— Қелгендеріңіз мұндай жақсы болар ма? — деді,

оларды қарсы алған жігіт күлімдеп. — Болыс-екене әл-гінде айтып отыр едім, бүгін келмесе, Түркістанға өзім барып ертіп келемін деп...

Бұл алып-ұшып қуанып жүрген осы ауылдың Зұлпықар Балғабаев деген жас ақыны. Үнемі Досбай болыстың қасында болып, сөзін сөйлейтін жақын інісі.

Досбайдың екі бірдей сәйгүлігі ат бәйгесінен озып келіп, той үстіне той ұласқан. Оның алдында баласы Пірназар ер азамат болып атқа қонған. Осы қуаныштың құрметіне ол тойды жалғастырған. Ақ боз үйін сегізқанат етіп қайта тіккізген. Қонақтар сол үйге жайғасты. Сары қымыз сапырылды, тағы да тай сойылды. Құлыншақ ақын он екі тілді сырнайын сызылтып, — қуанышыңыз құтты болсын! — деп бір құттықтау жырды төгіп салды.

Майлықожаға кезек келгенде ол:

— Мен, — деді, — бұл ауылға келген сайын сөйлеп жүрмін ғой. Енді мынау қонақ бала сөйлесін.

Жамбыл әуелі той иесіне арнау айтты. Досбай, Жаманбай ұрпақтары бізге алыс емес, түбіміз бір, туысқан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Алатаудың Өтегені мен Қаратаудың Құттыбай батырлары тізе қосып, жауын бірге қуысқан. Осылайша жыр тізбектеліп жалғаса берді. Жұрт жас жыршының аяқ алысына сүйсінді.

Кешкілік ас-судан кейінгі сөзді Құлыншақ алды. Ол бұл кеште «Қыз Жібек» хикаясын шертті. Қособаның басында Бекежан қолынан мерт болған Төлегеннің аспандағы алты қазбен қоштасқан зарын егілте әуендеткенде отырған қария-кейуаналар көзіне жас алды. Бұл қиссаны да Жамбыл зор ынта қоя тыңдады. Құлыншақтың «Қыз Жібекті» домбыра, сырнаймен кезек-кезек сүйемелдеп, әр түрлі әуенге салып орындауына қызықты. Мұндай жыршыны бұрынды-соңды көрмепті.

Ертеңіне Жамбыл Зұлпықарға:

— Тағы бір үлкен олжа таптым, — деген. — Түркістанда Құлекеңнен «Шораны», бұл ауылда «Қыз Жібекті» алдым.

Ақындар көпшілік көрсеткен сый-құрметке алғыс айтып аттанысты. Құлыншақ, Майлықожа елдеріне қайтты. Ал, Зұлпықар Жамбылды ертіп Шаянға бет алды. Олар Арыстанды өзенінен өтіп шаңқай түсте Шаянға жетті. Сәрсенбі базары қызып жатыр екен.

Екеуі базар шетіндегі керме ағашқа аттарын байлады да, қауын сатып отырған кішкентай шалға барды.

Зұлпықар оны танитын еді. Бұл кәдімгі «Шалдар» аулының үнемі «иә» деп сөйлеуді әдетке айналдырып кеткен момақан қауыншы шалы.

— Әлімбетпісің?

— Иә.

— Үй-ішің аман ба?

— Иә.

— Қауын өзіндікі ме?

— Иә.

— Неше пұлдан?

— Иә, сендерге сатпай-ақ берейін. Иә, қауын жеңдер.

Шөкімдей қызыл шырайлы, таңқы танау, бітік көз шал үюлі жатқан сары әңгелегі аралас көк ала, сарғайған қауындардың бірін салмақтап иіскеп алды да:

— Мынаны жарайын ба?

— Мейлің.

Шал сопақша келген ақұрық торлама қауынның сабақ басын кездігімен ойып ала бергенде, әлгі қауын тарс етіп, өзінен-өзі жарылып кетті. Жамбыл мұндай шыртылдақ тәтті қауынды бұрын көрмеген-ді. Ішінен тамсана сүйсініп тұр.

Әлімбет қауыншы екеуінің алдына қауынды кеселеп қойып:

— Иә, жеңдер, шөлдеп келген шығарсыңдар, — деп жатыр. Сусындап алған соң, Зұлпықар Жамбылды ертіп Шаян құжырасын аралады.

— Бұл құжыра — деді Зұлпықар, — тіптен ертеде салынса керек. Шығысы — Таразы, батысы — Түркістан, төменгі жағы — Ташкент, Қаратау жағы — Құмкент шаһарларынан шыққан керуен жолы осы Шаянға келіп түйіседі, — дейді ел. Мұнда жиырма бес құжыра, төрт дәрісхана, бір бас күмбезді үй бар, бірі балалар дәріс алатын, енді бірі — намаз оқитын бөлмелер. Аппақ ишан, Сабыр Мағзұм, Шаншар Қожа дегендер осында ескіше дәріс оқыған. Жас кезімізде бұл медреседен — Нұралы, Молда Мұса, Шәді төре бәріміз дәріс алғанбыз. Шәді дегенде Жамбылдың құлағы елең ете қалды. Түркістанда болғанда Шәді төре есімін әркімнен есіткен еді. Оның «Төрт дәруіш», — «Мұңлық-Зарлық», «Қыз Жібек» қиссаларын айтатынын, кейде жазып кітап етіп бастырып жүргенін білген. Жолыққалы сұрастырса, ауылда жоқ болып шыққан.

Құжырадан шыққан олар аттарына барып мінді де, Нұралы ақын түсе беретін Қара батырдың үйіне барды.

Нұралының оқтын-оқтын Құжыра кітапханасына келіп арабша, парсыша көн терімен қапталған кітаптарды ақтарып, қызықтысын қиссаға айналдыратын әдеті еді. Бір жұмадан бері осы үйде қисса жазып отыр екен. Бәрі өзара танысып жай сұрасады. Зұлпықар Досбай аулына Түркістаннан Құлыншақтың келгенін, Жамбылды ертіп осында шыққанын айтты. Дастарқан жайылды.

Әуелгі сөзді Нұралы бастады. Ол өзінің ана бір жылы Ташкентте өзбек шайырымен кездесіп айтысқанын айтып берді. Әзіл-оспақ, қалжың-назға құрылған бұл айтыс тыңдаушыны көңілді күлкіге қарық қылды.

Осылайша өлең, жыр жалғаса берді. Сол жолғы Нұралы мен Зұлпықардың өзара сөз қағысының аяғы әжептәуір айтысқа айналған. Осы айтысты және Зұлпықардың Жамбылға арнаған өлеңін оған Жамбылдың:

«Ал, енді қош болып тұр, Зұлпықарым,
Сұрай келе боп шықтық бөле-қарын
Заузада аралаттың Бөген, Шаян.
Құрметті аямадың салдың барын»

деп басталатын өлеңін күні кешеге дейін Зұлпықар ақынның туысы Мыңбай аузынан тастамай айтып жүрді. Мыңбай Сұлтанбеков (1895—1986) Алғабас ауданының «Алғабас» совхозында туып-өскен. Кешегі майдан жылдары аудандық мәдени-үгіт бригадасында қызмет істеген. Өзінің замндастары Айнабек Нысанов, Көпбай Әлімбетов, Желеу Жақынов сияқты ақындармен айтысқа түскен ауыл ақыны. Ол айтыстар кезінде аудандық газетте жарияланып тұрған.

Жамбылдың бұл жыр сапарлары жемісті болған. Ол Қаратау, Сыр бойының халық әдебиетіне мол қаныққан. Әсіресе, Шығыстың классикалық әдебиетін назиралап, таратушы «кітаби ақындар» мұрасымен танысын, оның көпшілігін үйреніп қайтқан. Бұл ретте оған, әсіресе, Майлықожа, Құлыншақ әсері күшті болғаны белгілі. Сондықтан да:

Қаздай қалқып ерінбей
Өлең тердім жасымнан
Майкөт ақын, Құлмамбет
Орын берді қасынан
Майлықожа, Құлыншақ
Пірім еді бас ұрған,

деп бекер айтпаса керек.

ҮЙЛЕНУ

Оңтүстіктен оралған Жамбылды әке, шешесі үйлендірмек болады.

— Балам, ел кезіп, қаңғыруды қой, сен де жұрт қатарлы тұрмыс құрып, үйлі-жайлы бол, — дейді Жабай. Шешесі Ұлдан да:

— Бір қызға құда түсіп жүрміз. Сен сол ауылға барып, ірге басып, қалыңдығыңды көріп кел!

Жамбыл:

— Ол қай ауыл, қай қыз?

— Үлкен атам аулындағы Орынбектің қызы. Аты — Момын. Қөктемде төркініме барғанда көріп қайтқамын. Өзі үй шаруасына жайлы, қақаң-сұқаңы жоқ. Момын десе, момын.

— Мен ондай қой аузынан шөп алмайтын, ынжық қызды алмаймын.

— Енді қандай қыз керек саған.

— Бұл жағына араласпандар, өзім білемін!

— Қалың малын төлеп қойдық қой.

— Мен сендерге сыртымнан тон пішіп, біреуге құда түсіндер дегенім жоқ.

Әке ашуға булықты. Не дерін білмей жерге қарап отырып қалды. Ұлдан болса күйгелектеп, екеуі жүз шайысып қалмаса екен деп, жуып-шая бастады:

— Отағасы, ашуыңды бас, сабырға кел? Бастықпаған бала ғой, кейін түсіне жатар, қайда қашар дейсің?

Жамбыл бөркін киіп, шекпенін жамылды да үйден шықты. Қисыбайдікіне барды. Оның қақпаң бел күрең жорғасын сұрап мінді де, шығысқа бет алып, кете барды. Осыдан бірер күн бұрын Қарқара жайлауында жәрмеңке боп жатыр дегенді есіткен еді. Енді соған бармақ. Жыр айтып, думан құрмақ. Барын салып, бағын сынамақ. Өзіне лайықты жар қарастыра жүрмек.

Қастектен шыққан ол күрең жорғамен сырғытып отырып, Есік қыстағына жетті. Есіктен шыға бергенде оған арқаланған түйіншегі бар ерлі-зайыпты мұжық кездесті. Бет-аузын түк басып кеткен әлгі мұжық Жамбылдан жөн сұрайды. Өзі қуақы көрінеді:

— Жолымыз бір екен, аттылы-жаяу әңгімелесе жүрейік, — дейді. Жамбыл жарайды деп, екеуінің арқаланған түйіншектерін артына бөктеріп алады. Мұжықтың аты — Николай, әйелінің аты — Мария екен.

— Шелекке дейін қанша километр?

— Метр-сетіріңді білмеймін, бір ет пісірімде жетеміз ғой. Николай Жамбылдың «ет пісіріміне» түсініксіз емей, темекісін сора түседі.

— Түсінбей келесің бе, — дейді Жамбыл — ертеде осы жолмен келе жатқан сен сияқты бір орыс, бір қазаққа жолығыпты. Екеуіде қартандау екен. Әлгі орыс шалы:

— Әй, тамыр, «От ведро — до дверей сколько километр?» — депті. Сонда қазақ шалы:

— Ой, қызыңды ұрайын, есік пен шелектің арасы қанша болушы еді, көп болса, бірақ қадам шығар! — деген екен. Сен де соған ұқсадың ғой.

— Как, как, повторите? — деп, Николай әйелімен екеуі, қарқылдап күлісіп алды.

Осындай-осындай күлкілі әңгімемен олар Шелек қыстағына жетті. Николай сонда қалып, Жамбыл Қарқараға қарай тау асып кетеді. Кегеннен өтіп жәрмеңкеге жетеді.

Қарқара жайлауы. Айнала төңірек көгілдір тау, жоталар. Кең саз. Арқырап ағып жатқан Қарқара өзені. Осы өзенді бойлай қонған ақ боз үйлерде есеп жоқ. «Қазақ ауылы», «Қырғыз ауылы», «Өзбек ауылы», «Монғол ауылы», «Алтай ауылы», «Ұйғыр ауылы» дей ме, әйтеуір әр тартаптан жәрмеңкеге қора-қора қойларын, жылқы, сиыр, түйелерін сатуға әкелгендер, дүкен, лавкелерін мата-тауарға, киім-кешекке, қант-шайға толтырған жаймашылар, не дейсің бұл жәрмеңкеде құстың сүтінен басқаның бәрі табылатын көрінеді.

Жамбыл құжынаған базарға онша қызыққан жоқ. Ол өзенді жоғары өрлеп, ат шаптырымдай көк төбенің баурайындағы күзем алып жатқан Албан ауылдарына барған. Бұл Жамбылдың екінші рет келуі. Кешке таман сол ауыл қыз-бозбалаларының ойын, сауығына қатысқан. «Ақ сүйек» ойналған. Алтыбақан тебілген, сонда әсем киінген, басында үкілі тақиясы бар, бір көрікті қыз домбырамен «ауылдың алты ауызын» айтып шыққан. Жамбыл оған «қонақ кәдемен» жауап берген. Екеуі әуелі осылайша танысқан. Жамбыл Жетісудың Сүйінбайдай дүлдүлінен бата алған жас талап шәкірті екенін, ел аралап, өзіне нақ сүйер жар іздеп жүргенін де жасырмаған. Әлгі ашық жарқын, танадай көзі жарқ-жүрқ еткен, өзі мүдірмей шешен сөйлейтін домбырашы қыз — Нұрбек байдың Сара дейтін ақын қызы екен.

Осыдан барып Жамбыл Сараны жанындай сүйіп,

оған ғашық болған. Екеуі уәделесіп сөз байласқан. Содан Жамбыл ай сайын, араға ат ізін салып Сарамен жолығып тұрады. Екі жастың бұл сырын сезіп қалған Нұрбек қызына тыйым салады да, өртерек өзінің «бесік кертпе» қайын жұртына ұзатып жібереді.

Кейін Жамбыл Сараның артынан іздеп барады. Еріксіз ұзатылған Сара оған бар мұңын шағады. Күйеуінің қаныпезер дәрекілігін, өлең айтуға тиым салатынын, ұрып-сабайтынын айтады. Енді Жамбыл оңашасын тауып алып қашпақ болады. Мұны сезген ауыл жігіттері оны бір қапылыста атын тартып алып жаяу қалдырады. Ол сол жолы атынан айрылып жаяу-жалпылап ел жағалап аулына әрең жетеді.

— Шіркін, Сара десе, дегендей еді-ау!— дер екен Жәкең сол күндерін еске алып, — ондай сұлу, әрі ақылды, ашық жарқын жайдары мінезді, өзі ақын, домбырашы қызды кездестірген емеспін. Оның «Әй-угай-ау, әй-угай!» деп салатын әні әлі есімнен кетпейді...

Сара:

Нұрбек байдың қызы едім атым Сара,
Жеке келген бәйгеден мен бір дара.
Әй-угай-ау, Әй-угай!
Өзің білмей кісіден жөн сұрайсың,
Қайда кеткен ақылың байғұс бала?
Әй-угай-ау, әй-угай!

Жамбыл:

Нұрбек байдың қызы едің атың Сара
Жеке келген бәйгеден сен бір дара
Әй-угай-ау, әй-угай!,
Жанамалап қасыңа келіп қалдым
Бұл баланы жүргейсің есіңе ала?
Әй-угай-ау, әй-угай!

Сара:

Әбсер барсаң, Әбсер бар, Қызылжар бар.
Өзім сылқым, өзім сал, мен кімге зар?
Әй-угай-ау, әй-угай!
Шыңға біткен біреудің шынарым,н,
Қөленкемнен аулақ жүр менде нең бар?
Әй-угай-ау, әй-угай!

Жамбыл:

Әбсер барсаң, Әбсер бар, Қызылжар бар.
Іздеп келдім өзіңе болып құмар,

Әй-угай-ау, Әй-угай!
Сенде шынар, Саражан, мен де шынар,
Екі шынар қосылса, көңіл тынар.
Әй-угай-ау, әй-угай!

Жамбыл мен Сара қыздың осы айтысын «Әй-угай»— әніне салып, бізге орындап берген Кәдір ақсақал, домбырасын жанына сүйеді де, маңдай терін сүртіп, дастарқанға қол созды. Шайды бір ұрттады да, қасында отырған кемпіріне қарады.

— Шайың суып қалыпты ғой, кемпірім!— деп, жымыды. — Қайтадан қайнатып әкеле қойыңдар. Әңгіменің қызығы алда, мына астанадан келген бала түгел жазып алсын.

— Иә, шырағым, — деді ол әңгімесін жалғап, — осындай ән шығарып, Жамбылдай ақынмен айтысуына қарағанда Сара қыз да осал ақын болмаса керек.

Мен Сараның жайын сұрадым. Ол қай ауылдан, кімнің қызы? Біреулер оны кәдімгі Біржан салмен айтысатын Сара Тастанбек қызымен шатастырып жүр, қайсысы дұрыс?— деп сұрақ қойдым.

— Мен білетін Бекетбай жыршының айтуы бойынша, — деді Кәдір. — Жамбылмен кездескен жылы Сара Нұрбек қызы он сегіздер шамасында болса керек. Ал, Сара Тастанбек қызының 1878 жылы туғаны тарихтан белгілі. Сонда екі Сараның арасында 22 жыл бар. Нұрбек қызы Сара — Албан елінің қызы. Олар Қарқара, Нарынқол жағын жайлаған. Ал, Тастанбек қызы Сара Ақсу өзені бойын мекендеген Матай — Кенже, оның ішінде Тастемір аулының қызы. Бұл ауылды халық «әнші, күйші, ақын, жыршы дарыған сауықшыл ел» деп атайды. Тастемір елінен кәдімгі Ілияс ағайдың (Жансүгіровты айтады) «Күй» поэмасында айтылатын Молықбай күйші, Бекетбай, Толғанбай деген жүйрік ақындар шыққан. Мен бұл ақындарды жас кезімде талай көріп, жырын тыңдағанмын...

Кәдір ақсақалдың дәлелді дәйектер айтқанына дән риза болып отырмын. Өйтпегенде ше, мұндай қариялар тірі тарих қой. Ертедегі жазу-сызуы болмаған, болса да тарих, шежіре жазып дағдыланбаған елде осындай шежіре қарттардың болуы қандай ғанибет! Тек, соларды дер кезінде сөйлетіп, жазып ала берсе ғой, шіркін!

Кәдір Ибрагимов 1908 жылы Талдықорған облысы Қапал ауданы, «Арасан» колхозында туған. Жастайы-

нан Бекетбай жыршының жырын, тыңдап, жолына түсіп, «ақын бала» атанған. Ұзақ жылдар бойы мектепте ұстаздық етіп келген. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1963 жылдан аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып істеген. Жыршылығымен қатар, әуесқой композиторлық қабілеті де бар. «Жастар әні», «Ақсуым», «Арасан», тағы басқа әндері осы кезге дейін шырқалып келеді.

* * *

Қарқара жайлауынан солай оралған баласын Жабай енді мықтап ұстауға бекінеді. Қисыбайдың қолды болған атына өзі көк бестісін беріп құтылады.

Енді ол баласын қайда барса да қасынан тастамай ертіп жүретін болады. Күздің бір күнінде екей аулының бір топ кісісі Шу өзенінің төменгі сағасындағы Қунту-Көкірек аулындағы асқа барады. Жабай баласын ерте жүреді. Сол жиында Жамбыл Керім байдың Кемшат деген қызына кездеседі. Ауыл жастары бәрі Кемшат кербездің төңірегінде үйіріліп жүреді. Басында құндыз бөрік, үстінде кестелі қамзол, судыраған ақ шайы көйлекті қыз Жамбылды менсінбейді, кедейсініп сөйлеспейді. Осыған зығырданы қайнаған Жамбыл:

«Кермиық Қәмшат қыздың көрдік көркін.
Қондырған шекесіне құндыз бөркін.
Секілді алтай түлкі сылаң қағып,
Шеніне келтірмейді-ау емін-еркін» —

деп басталатын өлеңін айтады. Ол елдің жастары: «Мынау кім еді?» деп оған едірейе қарайды. Ертеңіне ауылға қайтатын уақыт таянады. Жамбыл Кемшатқа барып:

— Біз жүргелі жатырмыз, сұлу қыз, кездескенше қош болып тұр — дейді де, былайша термелейді:

Сыртың сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр мінезің бар екен.
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа камзол киініп,
Қас-қабағың керілген.
Қарапайым адамнан
Қомысынып жерінген.
Жұбайыңды есіттім,

Таңдап тапқан еліңнен.
Өзі қарау, тарыншақ
Қас Қарынбай делінген.
Салғаныңды көрермін
Соған барып серуен.
Сөйлесермін оралып
Сонда Қемшат сенімен!

Бұрын мұндай сөз есітпеген, ерке қыз бетін басып үйіне тұра қашады. Жамбыл тортөбелін тебініп жүріп кетеді.

Жабай аулына келген соң Қазыбай ағасын үйіне шақырады. Ондағысы баласын үйлендіру жайын ақылдасу еді.

— Мынау бала қаңғыбас боп барады. Енді жас емес, жиырма сегізден асты. Мұның аяғына тұсау салып, үйлендірейік те. Осылай қоя береміз бе?

— Айттырып қойғандарың барма еді?— деп сұрайды Қазыбай одан.

— Бар — дейді Жабай — Үстірттегі Орынбектің қызына құда түсіп қойғанбыз.

— Ендеше, бала қайда, мұнда шақыр? Ортаға алып көрейік ол тайпақ қараны. Ұлдан жүгіріп барып, көрші үйде домбыраны сабалап отырған баласын шақырып келеді. Жамбыл өзгеге ырық бермеседе бұл екейде Сарыбай мен Қазыбайдан аяғын тартатын. Ол келе сала ағасына жігі-жапар болып сәлем береді. Содан бәрі тұстұстан зарлап отырып Жамбылды үйлендіруге көндіреді. Қазыбай өзі бас болып Жамбылды ертіп барып, Момын келінін алып қайтады. Тойын өткізеді. Бөлек отау тігіп, алдына азын-аулақ мал салып, енші береді. Жамбыл содан былай қарай үй шаруасына қарайтын болады.

Сол Момыннан: Қожақ, Әйімхан, Қожаш, Қожамберді, Күлтай деген перзенттер көреді. Бүгінде Қожаштан Мәулен (Жамбыл музейінің директоры), Қожамбердіден Атакелді, одан Қуандық (милиция қызметкері) бар. Жамбылдың ағасы Қоман қайтыс болған соң ағайындары оның әйелі Талғайратты Жамбылға қосады. Шын аты Талжібек, қайраттылығына қарап жұрт «Талғайрат» деп кеткен. Онан Аққұлы, Ақбала туады. Аққұлыдан қазір Жұмахан бар. Ақынның алғашқы әйелі Момын қайтыс боп кетеді. Бірер жылдан кейін жасы қырыққа таяп қалған Жамбыл Самсыдағы Тілеукабыл қызы Қанымжанды айттырып алады. Жеңгедей алған Талжібекке енші беріп бөлсек отырғызады.

Қанымжан Жамбылдан көп кіші, өзі ренді, әрі ақыл-

ды, сабырлы екен. Кейін сол ауылдың сөз тыңдатар анасындай болып кеткен. Оны сол төңірек қадірлеп, сыйлаған. Одан Алғадай (1900—1943), Ізтілеу (1906—1944) Шыныбай (1909—1933), Тезекбай (1913—1986) деген төрт ұл туады. Алғадай мен Ізтілеу Отан соғысы майданында мерт болып кетті. Шыныбай болса ертеде өлген. Алғадайдан Таубай, Қуаныш деген екі бала, Ізтілеуден Жеңісхан деген бір бала бар. Шыныбайдан із қалмады. Кіші баласы Тезекбай 1986 жылы 74 жасында қайтты. Одан Бибажар, Оразхан, Бейбітхан, Салтанат деген перзенттер қалды. Ал, кішкентайынан бауырына басып өсірген үлкен ағасы Тәйтіден туған Сатыштан бүгінде Тілепалды, Тілеміс, Ерғали, Сейітхан, Жамал, Нұргүл, Нұрсұлу деген перзенттер өрбіген. Оның ішінде Тілепалды ата дәстүрін жалғастырып жүрген екі-үш жыр жинақтың авторы.

Жамбыл Алғадайды өзге балаларынан ерекше көрген. «Өзге балам — бір төбе, Алғадайым бір төбе, түбінде осыман Сұраншы, Саурық батырлардың нышаны сезіледі» дер екен. Сол Алғадай кешегі ұлы майдан жылы өз еркімен соғысқа аттанды. Қызыл тулы Жетінші гвардиялық дивизия құрамында жүріп, Сталинград майданындағы қырғын шайқасқа қатысты. Талай ерліктер көрсетті. Гвардия жауынгері атанды. Дивизия штабының хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметімен жаудың 80-ге жуық жеңдеттерін қырып салған. Осы ерлігін, әзірше аман-есендігін айтып әкесіне хат жазған. Оған қуанған әке баласына:

— Хатыңды ботам, оқыдым,
Халіңді білдім сапардан.
Қуанып саған отырмын,
Гвардияшы атанған.
Сұраншы, Саурық секілді —
Болыпсың, балам қаһарман. ...
Бәйгеге барын тігемін,
Сендерге арнап осы жол!
Достарыңа осыны айт
Жауларыңды жеңіп қайт!
Айтарым, арнап саған сол!

деп, жауап берген.

1943 жылдың жазында майдандағы Алғадайдың қайғылы қазасы жайлы қара қағаз келді. Ол өзінің майдандас жолдастарымен Украинаның Днепропетров облысындағы Синельниково қаласы үшін болған қырғын

шайқаста ерлікпен мерт болыпты. Осы суық хабарды Жамбылға естірту үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы арнайы комиссия құрды. Олар жасы жүзге тақап қалған қарт жырауға қалай естіртудің ретін ойластырды. Жамбылдың сырын көбірек білетін Сәбит Мұқанов былай деп кеңес берді:

— Жәкең бір тындаса Кененді тындап, басын көтерер, соны алдырайық, — дейді. Сонымен Сәбит сонау Қордайдан Кененді алып, Жамбылға барады. Қарт жыраудың шәкірті Кенен ақын сонда мына жұбатуды айтты:

Ау, Жәке, көпті көрген батырымсың,
Қайғырып Алғадайға жатырмысың.
Пендеге бұл жалғанда өлім рас,
Тағдырдың сөгесіз бе, қылған ісің.
Кім күшті бұ дүниеде адам күшті,
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.
Миуалы бақ ішінде дарағы едің,
Бір жемісің жел соғып жерге түсті,—

деп майда қоңыр даусымен өксіп көңіл айтқанда Жамбыл:

— Кененім келген екен ғой, — деп, басын көтеріпті. Бұл қимас достықтың, сыйластықтың белгісі болса керек.

— Осы жолы қасында бір айдай болдым, — дейді Кенен. — Мені Жәкең жібермеді, өлең айтамын, ән саламын, сөйтіп көңілін көтеремін. Бір күні Үмбетәлі келді: Жәкең оны қасына таман отырғызып:

— Ал, қара жорға, салшы, кәне, жорғаңа, — Үмбетәлі домбыраны ала салып, селдір мұртын бір сипап алды да, жырды төге бастады. Ол енді бірде «Сұраншыдан» соқты. Қыза-қыза, ентелеп құйрығымен жылжи жөнелгенде Жәкең оған риза болып, күлімдей қарады.

Ертеңіне Жақсыбай ақын келді. Ол да көңіл айтуға барған ғой. Жәкең Жақсыбайға қарап:

А, Жақсыбай, маңдайың қасқа екен ғой,
Мен көрген шымырлардан басқа екен ғой.
Кесек-кесек шығарған өлеңдерін,
Мына тұрған жалтырап баста екен ғой,—

деп отырғандарды бір күлдіріп тастады. Осылайша көңіл айтып, оны жұбатушылар көпке дейін үзілмеді.

БАҚТЫБАЙ

Бақтыбай Жолбарысулы Жамбылдан жиырма жастай үлкен. Сонда ол 1825—26 жылдары туып, 1916 жылы қайтқан. Туған жері — қазіргі Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы жалайырдың Өтенай деген ауылы. Бақтыбай заманында өткір тілді, ділмар ақын болыпты. Оның Тезек төре, Мәйке қызбен айтысы ел арасына жатқа таралып кеткен. «Едіге — Нұран» деген дастанды жырлаған. Жамбыл жас кезінде, Бақтыбайға кездеспей тұрғанда оның:

Екі жылқы алдырдым,
Өтенайдың шиінен.
Бірі баран, бірі боз,
Көріп, біліп айтқаның
Осы тұрған жұрттан оз.
Көріп тұрып айтпасаң
Қырғи қуған шілдей тоз» —

деген, жар салу өлеңін және Тезек төремен айтысының жеке шумақтарын жатқа айтып жүреді.

Жамбыл 28—29 жастағы кезінде Алтынемел, Қаратал, Текелі жағын аралап ақындық, серілік құрып жүріп Қожахан мен Молдағұлдың үйінде қисса-жыр айтып отырады. Жыр құмар жұрт мол жиналып оны күні-түні тындайды. Жамбылдың осылайша думандатып аулын аралап жүргенін Бақтыбай есітеді де, түс кезінде Қожаханның үйіне барады. Сәлемдесіп танысып болған соң Бақтыбай сөз бастайды:

Біздің ауыл Қаратал,
Шаңырақтың бойында
Мен үйімнен шыққанда,
Сен бар едің ойымда.
Өзің қандай, мен қандай,
Жалыным аз бойымда.
Көне тартқан шағым бар
Көзіңді сал, пайымда...
Ол күнімде іздеуші ем,
Тоятымды алыстан,
Он бір ақын найманда,
Бірінің аты Арыстан,
Арыстанмен мен едім,
Күні-түні алысқан...
Бір сөйлейін деп келдім
Есітіп сені дабыстан.
Қожаханның үйінде,

Ақын Жамбыл өзіңмен
Кезім осы табысқан.

Сонда Жамбыл:

Әуелі сәлем берейін,
Жасыңыз үлкен аға деп.
Өлең сөзге желейін,
Тұрғанында шама кеп...
Майекеммен айтысып,
Мәлім болған өзіңсің.
Абак, тарақ арасын
Аралаған серімсің.
Альс, жақын бәрінде
Саралаған ерімсің.
Алдыңызда сөйлейін
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса
Оң батаныз берілсін!
Ұнамаса өлеңім,
Онда менен жерірсін...

деп, әуелі ағасынан бата сұрайды. Соңынан өз жайын өлеңдетіп әңгіме етеді. Шапыраштының екейіненмін, Сүйінбайдың шәкіртімін, жасымнан қырғыз елін, Қаратау жағын араладым. Майкөт, Құлмамбет, Майлықожа, Құлыншақ ақындарды тыңдадым. Олардың қасында айлап, жылдап ере жүріп жырларын ұқтым — дейді.

* * *

Жамбылмен Бақтыбайдың бұл айтысында ешқандай ұзақ-сонар сөз жарыстыру жоқ. Аға ақын мен жас ақынның өзара дидарласып, танысуы баян етілген.

Байқауымызша Жамбылдың Бақтыбаймен айтысында жылнама жағынан сәйкессіздік бар сияқты. 1946 жылғы толық жинағында: «27—28-дер шамасында Жамбыл Жалайыр елін аралаған, Бақтыбай ақынмен кездесіп, өлеңмен танысқан»— деп жазылған. Сонда бұл 1873—74 жылдар шамасы боп шығады. Ал, 1982 жылы шыққан екі томдығының 1-томындағы түсінікте: «Бақтыбай мен Жамбыл шамамен 1872 жылдары Балғалының балалары Молдағұл мен Қожаханның аулында кездескен» деп көрсетілген. Осы түсінікте Бақтыбай Жолбарысұлы 1835 жылы туып, 1916 жылы қайтыс болды деп жазылыпты. Сонда Жамбылдың 26, Бақтыбайдың 37 жаста болғаны. Екеуінің арасы 11 жас қана. Ал екі

ақынның айтысын оқып отырсақ, бұл жастар сәйкес келмейді. Бақтыбайдың өзі:

Өзің қандай мен қандай,
Жалыным аз бойымда.
Көне тарқан шағым бар...
Қырсау тартқан кісімін.
Мен өлеңнің саяғы,
Күй мен сөзді ағытқан.
Қайратым жоқ баяғы,
Көн сияқты кәріміз
Енді аяғы шалысқан...

деп қартайған шағын білдіреді. Сонда Бақтыбайдың 37 жасар жігіт кезі емес, қартайып қалған шағы емес пе? Осыған қосымша тағы бір дәлел: Бақтыбай Мәйке қызбен қырық жасында айтысады. Бұл 1875 жылдардың тұсы. 1872—73 жылдары онымен кездескен Жамбыл Мәйкеден бұрын айтысқан болып кеткен. Ал, Жамбылдың: «Мәйкеменен айтысып, мәлім болған өзінсің» деуіне қарағанда ол Мәйкеден бірнеше жыл кейін кездескен ғой. Сол төңіректің ақыны Артық Жексенбаевтың айтуына қарағанда Бақтыбай 1835 жыл емес, одан бір мүшел бұрынырақ туылған көрінеді. Бұл әлі де болса анықтай түсетін жай.

ҚҰЛМАМБЕТПЕН АЙТЫС

Жамбылдың айтыскерлік даңқын шығарған Құлмамбетпен айтысы. Бұл айтыс 1897 жылы албан елінің жайлауында өткен. Құлмамбет те осал ақын болмаған. Ол кезінде Жанак, Түбек, Бақтыбай, Сүйінбай, Майкөт тәрізді ірі ақындармен айтысқан, дүлдүл ақын. Жамбыл да: «Майкөт ақын, Құлмамбет орын берді қасынан» деп оларды ұстаз тұтқан.

Құлмамбет ақын 1826 жылы қазіргі Алматы облысы, Кеген ауданында туып, 1903 жылы қайтыс болған. М. Әуезов оны 1815 жылы туып, 1898 жылы өлген деп көрсетеді. Ал айтыс жинағының 1965 жылғы 1-томында 1830 жылы туып, 1900 жылы өлген деп жазылған, біз Қазақ совет энциклопедиясында жазылған алғашқы деректі дұрыс деп, соны алдық. Ел арасында оны «Құлланаян Құлмамбет» дейді. Онысы албандағы қызыл-бөрік руының Құлланаян атасынан шыққандығын білдіреді. Тоғыз ақынды бірдей жеңіп отырған Құлмамбет:

— Енді менімен айтысатын кімің бар?— деп желпінеді.

— Жамбыл бар, — дейді біреу. — Оның тәрізі бөлек, өлеңі өткір, тілі мірдің оғындай. Сонда Құлмамбет тағы да желпіне түсіп, үй иесі Құдайбергенге қарап былай дейді:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайда отыр ол немесі,
Көрелік, оны неге ардақтайды?
Қүдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
... Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төңіректей.
Тоғыз тұрмақ ақынның он бір болса,
Немене бәрінді де басып өтпей...

Сонда шапырашты, ысты ауылдарынан келгендер намысқа тырысып өздерінің «от ауызды, орақ тілді» Жамбылын алдырады. Кезінде талай ақындармен айтысып, жүлдегер болған қарт жырау алғашқыда Жамбылды менсінбейді. «Болғанда мен ақ сұңқар, сен бір тауық», — деп серпіле сөйлеп, өз руының бай мен бектерін дәріптей береді. Жамбыл: «Елді сорған, арам тамақ, сасық байларыңды мақтағаннан не пайда, одан да ел қорғаған батырларың бар ма, соны айт», — деп оның бетін қайырып тастайды да, өз елінің Сұраншы, Саурық, Өтегендей батырларын, олардың жорықтарын толғайды. Жамбыл осылайша батырлықты, адалдықты, адамдықты айтқанда Құлмамбет мүдіріп қала береді. Құлмамбетке ол бізден аулақ жүр, кесір-кесапатың жұғады, дейді.

А, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумеп кет!
Сумен кетсең ел ішер!
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызарып батқан күнмен кет!
Күнде қайтып шығады.
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады.
Қараңғы тұман түнмен кет! —

дейтін өлең жолдары тыңдаушы көкейіне ұялайды.

Айтыстың қай кезде, қай жерде өткені, қайсысының не дегені, Құлмамбетті қалай жеңгені жөнінде Жамбылдың өзі кезінде былай деген:

— Ойбой, оны мен жеңгенім жоқ, атамыз Қарасай мен ақиық ақын Сүйінбайдың аруағы ғой жеңдірген. Әйтпесе, Құлмамбет дегендерің ол кезде аузымен құс тістеп, шүйлігіп тұрған. Болмаса сол тойда тоғыз ақынды жеңіп, домбырасын керегеге байлап қоя ма?

Сол жолы үлкен жиында албан, дулат, суан, шапырашты, арысы — үйсіннің барлық мықтылары жиналды. Аржағынан найман мен садыр, матай да келді. Тумысымда мұндай ұлан-асыр үлкен жиын, үлкен топты көргенім жоқ. Ауылда өлең айтып жүргенімде екі адам келіп шақырады. Олардың «Құлмамбет тоғыз ақынды жеңіпті» деген сөзінен сескенсем де, тәуекел деп бардым. Бәрі 12 қанат киіз үйде отыр екен. Төрде шүйдесі шоқпардай болып, құттық, сейіттің Құдайбергені маған одырая қарады. Ояздан сәл төмен күшігендей көзін сүзіп Құлмамбет шүйлігіп отыр. Мен босағаны аттағаннан-ақ жер-жебіріме жетіп, өлеңнің дауылын боратты. Сонда Құлмамбет былай деген еді:

Жамбылды ер дейміз бе, бел дейміз бе?
Көтеремді көктемде жемдейміз бе?
Жалаңаяқ жарлыны ерттеп мініп,
Қой соңына салып бір желмейміз бе?
Қызықты, уа халайық көрмейміз бе?
Жыртық тонды Жамбылдан жеңілген соң,
Тамам албан ұяттан өлмейміз бе?
Ақын деп бір тулақты алып кепті,
Албан, суан ортаға ап көрмейміз бе?

деп боратқаны-ақ. Мен алғашында не айтарымды білмей қатты састым. Бұрын-соңды ағайын арасында мұндай айтыс болып көрген жоқ. Сүйінбай болса қырғыз Қатағанмен айтысты. Осыны ойлап аузыма сөз түспеген еді. Сонда төрде отырған құттық, сейіттің Құдайбергені жанында отырғандарға сыбырлап «Жамбылға айтыңдар, албан екен деп аянбасын Құлмамбеттің түбі — уақ. Албанға сіңбе» деді. Соны естіген соң мен де бір бүйірден кірістім:

Құлмамбет заманыңда болдың құлан,
Аузыңда алла,— көпірдің, қолда — құран.
Арқадан кісі өлтіріп қаңғып келіп,
Албанға дінін сатқан сен бір жылан.
Шаласың акиланып бір қиядан,
Мерт боларыңды білмейсің қапиядан.
Түбің жоқ арғын да емес, албан да емес,
Құдайым сақтай көрсін сұрқиядан.

Оңа ма, елін сатқан, жерін сатқан,
Саудагер сарт емес пе ең, әуел бастан.
Аруаққа тіл тигізбе жүзі қара,
Арғы атам ер Қарасай жауға шапқан.—

деп мен оның арғы түбінің шикі екенін бетіне баса айттым. Сол жолы Құлмамбеттің жеңілгені анық еді. Дегенмен де, Құлмамбет өте азулы, алды қатты акын болатын. Оның айтысатын, алысатын ақындары Сүйінбай, Түбек сықылды өрен жүйрік, ақпа ақындар. Сол жолы ұлықтарға арқа сүйеген Құлмамбет менің жер-жебіріме тағы да жете түсті.

Мен де Құлмамбеттің түп атасының кім екенін отырған қауым алдында әшкерелей бердім. Осы айтысқа екі елдің билеушілері мен ұлықтары 500 сом бәйге тіккен екен. Ол кездегі жылқының құны 10-15 сомнан артпайтын. Құлмамбетті жеңуімен мен жеңдім, ақшаны жуандар жеңді».

Жамбылдың бұл әңгімесін 1923 жылы Белқожа Қыпшақбаев деген шежіре қария оның өз аузынан есіткен. Кейінірек одан жазып алған Жамбыл мұражайының байырғы қызметкері Базарбек Атшабаров. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Дерек мұражай архивынан алынды.

Бұл әлеуметтік тақырыпта жырланған аса құнды, әрі мәнді айтыс. Онда халықтың ертедегі елдік, ерлік, бейбітшілік, бақытты тұрмысты аңсайтын арман-мұраты баяндалған. Сондықтан да Жамбыл сөзі үстем болып шыға берген.

«Не дейсін, Жамбыл Құлмамбеттей жүйрік акынды жеңіп кетіпті», «Құлмамбет олай депті, Жамбыл былай депті» деген сөз Алатау атырабына қанат жайып тарала береді.

ӘРІП АҚЫН

Құлмамбетпен айтысатын жылдың күзінде Ұзынағашта тағы бір үлкен той болады. Бұл тойға да жан-жақтан ел мол жиналады. Алматы, Пішпек, Тоқпақ қалаларында қызмет естейтіндер де барады. Солардың арасында Әріп ақын да жүреді.

Семей облысының Жарма ауданында туған Әріп Тәңірбергенов те (1856—1924) Абай шәкірттерінің бірі. Оның Көкбай, Шәкәрім, Кәкітай, Мағауниямен бірге

Абай төңірегінде жиі болып, Абайға өлең, дастандарын оқып беріп, сынатып жүргені аян. Абай «Сөз айттым Әзіретәлі айдаһарсыз» дегенде Әріптің — «Зияда-Шамурат» дастанын сынаған.

Әріп ақынды академик, жазушы Мұхтар Әуезов Абай туралы эпопеясында былай сипаттайды: «Жұрт көңілін көтерер «жаңа пері» — Сыбанның жас ақыны — Әріп те бар. Алтындай сар сақалды, кең қызыл жүзді, келбетті жігіт Әріп, бүгін түстен бергі отырыста арғы-бергіден көп өлеңді жосыта айтқан...» («Абай жолы», 2-кітап, 1961 ж. 56-б) Әріп Тәңірбергенов 1880—1889 жылдары Жетісу өлкесіне келіп, Сарқантта, Верныйда (Алматы), Пішпекте (Бішкек) заң және байланыс мекемелерінде қызмет істейді. Міне, осы жылдары ол ақындық даңқы жайыла бастаған Жамбылмен танысып, талай сұхбат құрған. Осындай кездесудің бірін Жамбылдың өзі былай әңгімелеген:

«... Онда той-жиыннан қаламыз ба, шақырсын, шақырмасын, әйтеуір барамыз да тұрамыз ғой. Сонда менің отыз бес шамасындағы кезім шығар деймін.

Осы Ұзынағашта үлкен той болады дегенге, менде бардым. Барғанда сөзге араласпағанмен, жақсы-жаманды көру ғой біздікі әйтеуір. Жөні келсе сөз баққан кісілер болса бірдеңе үйреніп қалғымыз да келеді. Көп адам жиылған шаршы топ екен. Құлағымды түре түсіп жүрмін.

— Алматыдан да жігіттер келіпті. Мына үйде екен, дегенге солар жатқан үйге бардым. Беделді-беделді жігіттер екен. Жастары да өзім құралпы болар деймін. Өздері танысып, аты-жөнімізді сұрасты. Немене жігіт адамға танысқанша ғой, дереу әзілдестік те кеттік.

— Жамбыл ақын деген құрбыларыңыз осы болады, біраз сөзін тыңдаңыздар, — деп Сарыбай самбырлап қоя берді. Жұрт қолқалаған соң азырақ өлең айттым. Осындайда жұрттың дуылдап сөзге парық бермей күле беретіні қандай?

Сол отырғандардың ішінде бір қызыл шырайлы сары жігіт менің сөзімді ден қоя тындап отырған тәрізденді.

Аң-даң басылған соң, жігіттер өлеңді аңыз қылысты, біреулері Біржан мен Сараның айтысын сөз қылды. Бірер аузын жатқа да айтысты.

— Осы өлеңді шығарған Әріп ақын мынау болады — деп таныстырды, Сейіт деген жігіт маған. Сонда әлгі қызыл шырайлы сары жігіт Әріп екен. Алматыда қыз-

мет істейді екен өзі. Сөз әлпетіне қарағанда «бұл да бір кесек ақын-ау» деген ойға келдім.

Таныса жүрейік деген соң сол тойда, өзім мініп жүрген жақсы ерімді бердім оған. Бұдан кейін де әлде неше жолығып жүрдік. Өзі көбінесе өлеңді жазып айтатын ақын екен. «Біржан — Сара» айтысының кейбір жерлерін де жатқа айтып берді. Өзі тұтқиылдан сөзге тапқыр жігіт екен. Бірақ бертінде жүрісіміз шалғайланыңқырап кетті. Әйтпесе, сөз төркіні терең ақын еді өзінің...»

Жамбылдың бұл сөзі 1915 жылы Томск қаласында шығып тұрған «Сибирский студент» журналының № 4 санында жарияланған. Қайым Мұхамедханов былай жазады: «Осы журналдың («Сибирский студент») 4-бөлімінде Жамбылдың «Әріп туралы естелігінен» деген Жәкеңнің Әріп туралы әңгімесін оқыған адам «Біржан — Сараны» кім шығарғанын айқын көреді...» Естеліктің жаңағы қазақша нұсқасын 1941 жылы Ғ. Орманов Жамбылдың өз айтуынан жазып алған. Бұл нұсқа Қазақ КСР Ғылым Академиясының Орталық Ғылыми кітапханасындағы № 402 папкада Ә. Тәңірбергенов шығармалары арасында сақтаулы.

МАЙКӨТ

«Майкөт Сандыбайұлы — 1824 жылы Қаратаудың Теріскей бетінде, Шабакты өзенінің бойында дүниеге келген. Бұл ауыл бүгінде Жамбыл облысына қарайды. Жеті-сегіз жасынан ауыл молдаларынан ескіше хат таниды. Онан соң қазіргі Шымкент облысы Алғабас ауданының орталығындағы Шаян медресесіне түсіп оқиды. Шәкірт бала кезінен ол той-жиындарда қыздарға, өзінің құрбы-құрдастарына арнап өлең айта бастайды. Ел аузында сақталған өлеңдерінің бірі мынадай:

Өсіпсің, құдашалар бірдей болып,
Аршыған сабағынан гүлдей болып.
Болды ма сағынғаннан, сарғайғаннан,
Көзіме көрінесің үрдей болып.

Көйлегің үстіндегі жанар гүр-гүл,
Шыбықтай тоғайдағы шашын сүмбіл,
Біз келдік қонақтауға бұтағыңа,
Сайраған биіктегі сен бір бұлбұл.

Шаян медресесінде оқып жүргенде ол шығыстың классикалық поэзиясынан сусындайды. Әсіресе, Фердоусидің «Шаһнама», Рабгузидің «Қиссасул-әнбие», Қожа Ахмет

Яссауидің «Хикмет» және «Мың бір түн» сияқты аңыз-хикаяларымен танысады. Және өз халқының «Алпамыс», «Көроғлы», «Қазығұрт», «Қыз Жібек» қисса-хикаяларын ел арасында мәнерлеп жырлап жүреді.

Осылай жаза отырып, халық ақынының шығармашылығына зейін қоя зерттеп жүрген ғалым Мырзатай Жолдасбеков өзінің «Асыл арналар» (1986) атты кітабында:

«Майкөт отыздар шамасында Әулие-атаның іргесіндегі Кішібуырылға, ел жақсылары Сеңкібай — Бүркітбай аулына келіп қоныс тебеді. Оңтүстік, Жетісу өңірлерін, Арқаны тегіс аралап, ақындықтың салтанатын құрған Мәйекең 1902 жылы сол жерде дүние салады» (165-бет) деп жазады. Сонда Майкөт ақын (кейбір деректердегідей емес) 78 жыл өмір сүріп, оның 70 жылын ақындықпен өткізген айтулы ақын болып шығады.

Майкөт негізінен айтыс ақыны. Алғаш рет ошақты аулының Ақханым деген ақын қызымен айтысып көзге түскен. Кейін Майлықожа, Құлыншақ, Арыстанбек, Мәделікожа, Сүйінбай, Құлмамбет, Түбек, Бөлтірік, Бақтыбай, Қазанғап, Зұлпықар және қырғыз ыршысы Есенаман сияқты ірі ақындармен айтысқан. Жамбылмен кездескенде сөз жарыстырып танысқан. Жамбыл оны да ұстаз тұтқан. Майкөт айтыстарының хатқа түскені Қазақ КСР Ғылым Академиясының орталық ғылыми кітапханасында (Ф. 316, 430, 700) сақтаулы. Құлмамбет, Бөлтірікпен айтысы («Айтыс». 1965, 1-т.) жарияланды.

Майкөт Сандыбайұлы Әулие-ата, Жетісудағы ақындардың ағасы іспетті саналған. Ә. Диваев оны «Қаратаудың күллі маржанын алқа етіп тағып алған ақын», деп бағалаған. Ол Майкөтті Ташкентке шақырып, шығармаларын және халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жазып алып, оны «Қазақ хрестоматиясына» (1833), «Сырдария облысының қазақ, қырғыздары» (1889) деген жинақта жариялаған.

1890 жылдың жазында бүткіл екей әулеті өздерінің ел басы болған Сарыбай Айдосұлына ас береді. Оған сауын айтқан Алатау, Қаратау атырабынан, Қырғыз елінен адамдар жиналды. Осы аста Сарыбайдың баласы Қисыбайдың қасында жаршылық қызмет атқарып жүрген Жамбыл сөзді былай бастайды:

Үлкен Саздың басында
Кіші Саздың қасында,
Сарыкемнің асында
Қамбардың қасқа атындай,

Мен саламын желіске.
Құйрығымды түйген соң,
Қанатымды сүзген соң,
Жел аударған қаңбақтай,
Келді сөйлер кезіме.
Үлкен аға, кіші іні,
Сөйлеп бір енді берейін.
Қас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын үдеген,
Қас сұңқарды айтамын
Алыстан тоят тілеген...

Осылайша ас қамымен жүрген Жамбыл асқа келе жатқан Майкөт ағасының алдынан шыға қоймайды. Сонда Майтөбенің жотасына ел шетіне келген Майкөт былай депті:

Сапар тартып келіп ем,
Сарыбайдың асына.
Отыз кісі елімнен
Еріп еді қасыма.
Шырқайын деп шығып ем,
Майтөбенің басына.
Жаңғырықсын дауысым,
Алатаудың тасына.
Естуші едім дабысын,
Жамбыл бар деп осында.
Ақын болса келмейді
Неге менің қасыма?
Неге сәлем бермейді
Мендей кәрі досына?

деп, ең алдымен Жамбылдай дарынды шәкіртін іздеген. Майкөттің көпшілік ойын таба жырлаған ұзақ толғауы тыңдаушыларға қатты ұнайды. Оны тойға келген ақын, жыршылар жаттап алады. Ел риза болып Майкөт ақынға ақ боз үй тіккізіп, күтіп сыйлаған. Сол жолы Жамбыл:

Ассалаумағалейкүм, Майкөт аға.
Есітіп дауысыңды келдім жана.
Алдынан үлкендердің өтпейін деп,
Аялдап әдеп еттім біраз ғана.
Сізбе еді ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.
Санқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.
Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед,
Сүйрендеп алдыңызда сөз сөйлемей,
Етейін деп ойладым әдеп-ізет.

деп аға ақынға сәлем бере танысқан. Сонда риза болған Майкөт:

Бәрекелде, Жамбылым,
Сөз жүйесін келтірдің,
Аңғарынды таныдым.
Көтеріліп, желпіндім,
Аталы сөз мәні мол.
Жылағымды келтірдің,
Тал бойында бар екен.
Алыс шабар серпінің,
Тауып айтқан сөзіңе
Селт еттім де, серпілдім.
Мейрім түсті өзіңе
Бата берсем деп тұрмын...

деп, ақын інісіне бата берген.

ҚИСЫБАЙҒА

Ақынның жақын ағайындары Сарыбайұлы Қисыбай жасынан Ұл билеу ісіне араласқан, айла-тәсілі көп адам болса керек. Жасы Жамбылдан кішілеу екен. Оның ағайын арасын бөліп араздастырып жүретін, жікшілдік, қулық-сұмдық әрекеттерін Жамбыл кездескен жерде бетіне айтып тастайды. Бір жолы Сүйінбай аулында үлкен той болар алдында Қисыбай өзіне арнап жаңа киім тіктіреді. Жаңа шапан, бешпет, етікті киіп тұрып ол:

— Қалай, мына киімдер маған жараса ма? — деп, Жамбылға қарайды. Бір жағынан ол «сенің үстіндегі киімің ескі» дегендей сыңай білдіреді. Мұны сезген **Жамбыл:**

— Маған да осындай жаңа киімдер тіктіресің. Егер тіктірмесен, не киіміңнен айрыласың, не сенің сөзіңді сөйлемей қоямын, есінде болсын:

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,
Пәтуа-бірлігінді бұзып кетер.
Ебін тауып ұстамай, өшіктірсен,
Байлап-матап қойсаң да үзіп кетер.—

деп жүре береді. Мына сөзден сескенген Қисыбай:

— Ойбай, Жәке, айтқаның болсын, — деп, оған да жаңа киім әзірлетіпті дейді.

Қисыбай болыс болып, оған шыбылдың орысша оқыған Иса деген жігіті писарьлық қызмет етеді. Ол пара алғыш қу екен. Бір күні екейдің бір кедейі арыз айтпақ

болып болысқа барса, әлгі писары: «Ісінді мен-ақ тындырып берейін»,— деп кедейдің азын-аулақ ақшасын қағып алыпты. Арада екі-үш ай өтіпті. Дау шешімін таппапты. Кедей Жамбылға жолығып қалып, болған жайды айтады. Сонда Жамбыл: «Кәне, жүр, сол писарьға!»— деп оны болыстың үйіне ертіп барады. Үй-іші толған бай, манаптардың көзінше:

Болысқа жолдас болды пестір деген,
Жігітке жарамайды кесір деген.
Екейді қаңғып келіп шыбыл жеді,
Алланың әмірі шығар жесін деген,—

депті. Бұл сөздің сыңайын түсіне қойған Қисыбай Исаға қарап: «Не алсаң, соны қазір қайтар!»— деп, бұйырыпты.

Сосын Жамбылға: «Ашуыңды бас, төрге шық, домбыранды шерт», — деп өтініпті.

1886 жылы Жамбыл Ұзынағаштағы шаршы базардың ортасында Қисыбай болыс бастаған бір топ офицер, төре, тілмаштарға кездесіп қалады. Сонда Сарыбайұлы Қисыбай қасындағыларға:

— Бұл қазақтың Жамбыл дейтін ақыны, — деп таныстырады. Сонда ұлық жанында тұрған тілмаш ат үстінде шіреніп тұрып, қылышымен Жамбылды нұсқап:

— Ағаш ұстағанның бәрі ақын бола бермейді. Кәне, шын ақын болсаң, бізді мақтап өлең айтшы, тындап көрейік!— деген. Оған ыза болған Жамбыл:

Қолына қылыш ұстаған,
Ақыл-ойы қысқадан
Қазақты қорлап жақтырмай,
Қылышымен нұсқаған

деп оның бетінен ала түседі. Офицер, ұлықтар «Мынау не дейді? — деп өзара дабырласып қалады. Әлгі тілмаш: «Кәне қайталап айтшы!»— деп оған атын омыраулатып төне түседі. Қайсар ақын:

— Байдың бабын таппаған,
Ұлыққа сөзім жақпаған.
Жалған ақын мен емес,
«Жазықсыз төре» сен емес.
Жарлы кедей халықты,
Жамбыл осы жақтаған.—

деп өзін таныстырады. Ортада тұрған кекселеу жандарал қолын көтеріп:

— Не тілегі бар екен, соны айтсын?— дейді.
Осы кезде Жамбыл:

Ұлықтан сол тілегім:
Анық шындық жүрегім.
Нашарға салық салмасын!
Сарнасын, ақын сарнасын,
Төреге сөзін арнасын.
Тыңдамаса ол төре,
Халық тыңдар жалғасын.
Жарлыға қорлық көрсетіп,
Әуреке бай салмасын!

деп жеке басының емес, бүткіл халық мүддесін білдіреді.

Бұл сөз құлағына жақпаған ұлық-төрелер жиналған халыққа «тараңдар!» депті де, өздері ығысып, шаршы базардан шығып жүре беріпті. Көпшілік олардың сөзін тыңдамайды, қайта ақынды ортаға алып, «айта бер?»— деп бұрынғыдан да жинала түсіпті.

ШЫБЫЛ ШАЛҒА АЙТҚАНЫ

1890 жылдың жазында Жамбыл албан еліне бара жатып, жолда Түрген тауының баурайындағы Төре жайлауында отырған Жүнісбай деген көңілдес досының үйіне түседі. Сөйтсе, ол үйде бір болыс, байлар бар екен. Орталарында жасы сексеннен асып қалған, кішкентай ғана шикіл сары шал өлең айтып отырады. Асыл аулының Шәутен деген болысы:

— О, Жамбыл, жол болсын?

— Әлей болсын, албан еліне бара жатыр едім.

Шепшек болыс та сөзге араласты:

— Мына Жүнісбай досы болмаса, бізге не қылсын бұрылып. Оның мұнысы: ана бір жылы Жамбылдың Алтынемелге бара жатып, жолда Орымбет, Құрман аулына соқпай өтіп кеткенін еске салу екен.

— Оным рас, Шепшек, — дейді Жамбыл, асығыс едім. Текеліге тез жетуім керек болды...

— Жамбылды тыңдайық?

— Жамбыл жырласын?—

деп жұрт оған қолқа салғанда, шыбыл шал енді өзінің елеусіз қалып, көпшілік ықыласының Жамбылға ауа бастағанын сезіп, оны бір мұқатпақ болады:

Екейде елу бақсы, сексен ақан,
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын.

Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жың қаққандай кешке жақын.
Сенбе едің, Жамбыл ақын соның бірі
Домбыра қолындағы дию-пері.
Жоқ екен үкісі мен сылдырмағы
Көрейін қандай өзі, берші бері? —

деп, өзі жұдырықтай сары шал осылайша шақ ете қалады. Тілі де удай. «Екейде елу баксы, сексен ақын» деген сөзді Жамбыл бұрыннан ел арасынан есітіп жүретін. Сөз төркіні осыдан шыққан екен ғой, деп Жамбыл әлгі шүйкедей шақылдаған шалға дүрсе қоя береді:

Ей, не дейсің шыбылым?
Құмға біткен селеудей
Селдір екен шығуың.
Әр рудың жүрмісің
Төлегелі шығының.
Шілдей тозып кетіпсің,
Шашылып жүр сынығың.
Бір басыңа жетерлік
Былығың мен шылығың.
Жүнісбайға жүгінем,
Сөзді салсын сарапқа.
Шыбыл-шыбыл болғалы
Бір кәдеге жараппа?

Төрт асылдың баласы?
Төрт құлақты кемедей.
Ортасында шыбыл жүр
Өрт өшірген немедей.
Қайтейін деп осыны
Кетер едім елемей.
Елемесек болмады
Жабыскан сон кенедей!..—

Екі ақынның ә дегеннен-ақ бір-біріне от ала жүгірген бұл сөзінің арты насырға шауып кетер деген қауіппен үй иесі Жүнісбай :

— Екеуіңдікі де жөн сөз, енді ар жағын созбай-ақ қойыңдар?— деп, тоқтамға шақырады.

КҮЙГЕ ДЕН ҚОЙҒАН ЖЫЛДАР

Жамбыл Байсерке күйшімен де дос, жолдас болған. Байсерке одан бес жастай үлкен екен. Екеуі талай бірге жүріп думан құрған. Жамбыл жыр-кисса айтқан, Байсерке күй тартқан. Әкесі Құлық Байсеркені жастайынан күйші, салдыққа, саяткерлік, ат бапкерлікке үйрет-

кен. Ол көкпаршы, додапаз да, жауырыны жерге тимеген балуан да болған. Осындай әр қырлы өнерпаздығына қызығып, оны Қотырбай деген бай қолына алады. Жылқысын бақтырады. Той-думанда додаға салып, күреске қосады. Бір күні Қотырбай оны Қырғыз аулына ертіп барып, күй жарысқа салады. Он саусағынан күй саулаған Байсерке қырғыздың жеті күйшісін жеңіп, үлкен олжаға ие болып қайтады.

Сөйтіп, Байсерке күйші күндіз жылқы бағып, кешке қарай ауылдастарын тәтті күйге бөлеп жүре береді. Оған Қотырбайдың Қалипа, Қалша деген екі қызы қатарынан ғашық болады. Апалы-сіңлілер арасында қызғаныш туа бастайды. Бірінен-бірі жасырынып өрісте, өзен жағасында, тау баурайында Байсеркеге кездесіп, сырласады. Мұны сезген бай қыздарына тиым салады, Байсеркені ауылдан қуады. Қуып қана қоймайды-ау, оның соңына Құтпан деген төрені салып қояды. Үлкен қызы Қалипаны соған атастырады. Құтпан байға уәде береді де, Байсеркені қапылыста өлтірмек болады. Мұны сезген байдың кіші қызы Қалша Байсеркеге жеткізеді.

— Ертең кешке төре ірге басуға келіп, әкемнің ақ отауына қонады. Сонда үстінен түс, — дейді Қалша.

Ақсауыт киген, қолына сегіз өрме бұзау тіс қамшысын бүктеп алған Байсерке ел жата бере төре жатқан ақ отауға кіріп барады.

Сенің ауылым Жыңғылдың өзенінде,
Менің ауылым Қордайдың кезеңінде.
Төремін деп сен кімді басынасын,
Әркім-ақ мықты болар өз елінде.
Жекпе-жек кездеспей-ақ жүр екенсің,
Байсеркедей батырдың көзеліне.
Сен басқан, сарқан болсаң,
Мен ескен қыл арқанмын.
Аяқ-қолыңды тас қып матаймын.
Сен мейманасы тасқан болсаң,
Мен сендейдің көнілін басқанмын.
Кәне, шық былай, ер болсаң!

деп оны қамшының астына алып, көк ала қойдай қылып сабапты да, сол түні өзінің сүйген қызы Қалшаны алып қашып, Қордай жотасынан асып кетеді. Байсерке өз басынан кешкен осы оқиғаны «Қалипа — Қалша» деп күйге айналдырып тартып жүрген.

Кенен ақын жадында сақталып келген, Жамбыл айта беретін бір хикая осы еді. Жамбыл кезінде өзінің

жан досы Байсеркеден «Қалипа — Қалша» күйінен басқа «Ұран», «Қасабек», «Күйшілбай», «Басшылбай», «Есім — Саржан», «Өзбек» тағы бірқатар күйлерін үйренген.

Енді сексен жастағы Шаштай ақсақалды тындап көрелік. Оның әкесі Күшікбай Жәкеңмен қатарлас бір-біріне үйірсек екен. Қолхоз алғаш ұйымдасқаннан Күшікбай баласы Шаштай екеуі жылқы баққан. Жайлауға шыққанда Жамбыл мініп жүретін аты мен сауын биесін жылқыға қосып, өзі көбінесе Күшікбай үйінде жүрген.

— Жәкең мені майшелпек келдің бе, жақын отыр дейтін. Бетім жылтырап тұрған соң айтатын болар. Өзі күй тартып маған үйреніп ал дейтін. Мен домбыра босаған кезде тыңқылдатып жүріп, ол кісінің «Көк серке» «Қара жорға», «Сылдырама», «Өтеді-ау дүние», «Сәтинамен күй айтысын» үйреніп алдым. — Бұл күйлердің тарихын Жәкең былай әңгімелейтін, — деп Шаштай аңызға көшті:

— Сәтина деген әжіке аулының қызы болыпты. Өзі кедей шалдың жалғызы болса керек. Жамбыл жастау кезінде сол қыздың тұсына барып: «Сәтина сенде кедей, мен де кедей. Екеуміз қосылайық бар, жоқ демей» десе, қыз: «Жамбыл-ау оның рас екі кедей, қалайша бас қосамыз әу, — шай демей», — депті. Жамбыл: «Егер сені алсам, дүниенің тұтқасы менің қолымда болар еді» — десе, Сәтина: «Жамбыл-ау дүниенің тұтқасы сенде болса, қолыңдағы тұйғыныңнан неге айрылдың?» дейді. Мұнысы: Бұрым қызды алып қаштың, артыңнан қуғыншы келіп, айрылдың... Мықты болсаң қайда қалдың, — дегені екен. Сөйтіп, екеуі күй тілімен сөйлесіп, бірін-бірі ұғысады. Сәтина, «Әйел жолы жіңішке, өзімде ерік жоқ, осы төңіректегі байлар тоқалдыққа аламыз деп, сөз салып жүр» дейді. Оған Жамбыл «Мен арашашы боламын, қамықпа» деп, «Өтеді-ау дүние» деген күйім тартып Сәтинаны жұбатады.

— Ал, мына күйінің оқиғасы оданда қызық, — деп, Шаштай ақсақал әңгімесін жалғай түседі. — Ертеде екі аңшы айдалада отырып, бір-біріне құда түсіпті. Айтқанындай, бірінің әйелі қыз, екіншісінің әйелі ұл туыпты. Өсе келе қыз сұлу-сымбатты, бала көріксіз таз болыпты. Ол қыз үйінің қойын жайып жүреді. Қыз менсінбейді. Бала қой бағып жүріп қамығып күй тартады. Қой ішін-

де қызға ен салып бәсіре қылып берген Көксерке мен Ақ қошқар бар екен. Қойшы бала қайтсем қыздың көңілін табамын — деген оймен «Көксерке», «Аққошқар» деген күй шығарып, оны өрісте тартып жүреді. «Шөре-шөре» деп күй тартса Көксерке келіп оны иіскелейді, «Қошақаным» десе, Ақ қошқар келіп аймалайды. Таз баланың бұл әрекетін көрген қыз қойшыға өзі келіп «Көксеркені», «Аққошқарды» тартшы дейтін болыпты. Таз бала күй тарта бастаса әлгі Көксерке мен Аққошқар қасына жетіп келеді. Сөйтіп қыз бен қойшы балаға әбден үйірсек дәнекер болып, қайда барса, екеуінің соңынан қалмай еріп жүреді. Қойшы бала қызға «Алты ай бақтым қойыңды, білдірмедің ойыңды, көрсетпедің бойыңды», деп назын айтады. Қыз оның шынымен беріле сүйгенін сезіп, қосылмақ болады. Қыздың әке-шешесі таз балаға қызымды бермеймін деп байбалам салады. Екеуі бір түнде байдың Қара жорғасына мінгесіп қашады. Серкеге ұқсап бақылдаған, сүзіскен мүйізі сақылдаған күй, қошқарға ұқсап маңыраған сарын, енді жорға жүрісіне ауысады. Домбырашы ойнақы, сазды әуенді бүлкілдетіп, кәдімгі шайқалма жорғаға салып күйді төгілтеді. Бай екеуінің соңынан қоңырау таққан Құла атына мініп қуады. Осы жерде «Қара жорға» күйі «Сылдырамаға» ауысады. Күй сылдыр-сылдыр қоңыраулатып барып, аяғы той-думан салтанатына ұласады. Демек, бұл саздан байдың қыз бен жігітті қуып жетіп, өзара түсініскені, екеуін той жасап, некелеп қосқаны аңғарылады.

Шаштай ақсақал Жамбыл тартатын бұл күй циклін де шерте отырып, оның мән-мазмұнын осылайша баян еткен-ді.

Жамбыл әсіресе, қырғыз күйшісі Мұратәлі Күреңкеевпен дос болған. Екеуі жастайынан талай бірге жүріп, күй тартысқан. Бірде ауыл қариялары жиналып отырып:

— Жәке, сіздің өлең-сөзден жеңілген күнііңіз болды ма?— деп сұрапты.

— Көптеген ақындармен, ақын қыздармен айтыстым, бәрін де жеңдім. Бірақ қырғыздың Мұратәлі күйшісінен домбыра тартудан жеңіліп қалдым. Ол былай болған еді: Менің орта жастағы кезім. Қырғыздардың Қокайрақ деген жайлауында қыз ұзату тойы болды. Соған алыстан ат арытып біз де бардық. Бізді сыйлы қонақ деп, ортадағы сегіз қанат ақ үйге орналастырды. Қа-

зақ, қырғыз бас қосқан жерде қарап отыра ма, өлең айтып, домбырашылар күй тартты. Ал мен сол салтанатты жиында баяғы замандардағы қазақ пен қырғыз батырлары бірлесіп, шапқыншы қара қалмақтарға қарсы соғысқанынан қысқаша толғау айттым. Содан соң бидайық құстай біреу домбырамен «Қамбархан» деген тамаша күй тартты.

— Бұл кім?— деп қасымдағы біреуден сұрап едім.

— Қырғыздың атақты күйшісі Мұратәлі,— деді. Мұратәліні бірінші рет көргенім сол еді.— Біз де қарап отырғанымыз жоқ, қыза-қыза өлеңді тастай беріп, Мұратәлімен күй жарыстыруға шықтым. Шарт біреу-ақ, кім күйді көп тартса, сол жеңеді. Мен қатарынан он үш күй тарттым. Ал Мұратәлі он бес күй тартты. Сөйтіп Мұратәлі менен екі күй артық тартқандықтан:

— Мұратәлі, жол сенікі болды. Бұдан былай екеуіміз дос болайық, — деп орнымыздан тұрып, төс түйістіріп таныстық»,— дейді Жамбыл.

Бұл дерек Сұлтанғали Садырбаевтың «Қазақ әдебиеті газетінде (14 февраль, 1986 ж.) жарияланған «Жамбыл мен Мұратәлі күйші» деп аталған мақаласында бар:

«Жамбыл күйлерін Қыдырқожа тартады» деген сөзге орай, 1988 жылдың жаз айында оған да бардық. Қыдырқожа Шортанбайұлы 1900 жылы осы Қара Қыстақта туылыпты. Екейдің ботақара тармағынан екен. Ол кісі науқастанып жатқанына қарамастан біз барған соң басын көтерді. Жамбылдың немерелері Атакелді, Әлімқұл, Таубай, Тілепалдыны көріп, сәлем қабылдап, жөн сұрасты. «Мына бала кім?» деп бізге қарады. Тілепалды: «Академиядан, Жәкең жөнінде естелік жинастырып жүр. Сізге жолыққалы келді» деп таныстырды.

— Е-е. Жәкең жайында болса несі бар, — деп ол жүресінен отырды. Кемпірі артына қос жастықты сүйеп қойды да, керегенің басында ілулі домбырасын алып берді, Қыдырқожа домбыраның құлағын келтіріп алды да, әуелі былай деді:

— Біздің қария Жамбылдың құрдасы. Жас кезінде бірі күй тартып, бірі жыр айтып, көбінесе бірге жүретін. «Қарқарадағы жәрменкеге бардық», «Аякөз жағын аралап қайттық», «Қырғыз астық», «Байлардың базарға қосқан қойын айдап сонау Ташкент, Наманғанға дейін бардық»— деп отырушы еді жарықтық.

Ілгеріде Жәкең, Шортекең, Қопабай үшеуі Наманған

базарына қой айдап бара жатып Әулиеатадан әрегірек Шақпақ жотасына аялдапты.

Сыйқымның бір байы оларды қонаққа шақырыпты. Жәкең жыр айтыпты, Шортекең күй тартыпты, байдың бөйжеткен қызы да күйші екен. Біздің әкеймен күй тартысыпты. Шортанбайдың күйі басым шыға беріпті. Екеуі бір-біріне ұнап қалса керек, қыз: «барлық күйіңді үйреніп алғанша жібермеймін» деп оның соңынан қалмапты. Бір күн қойды жайып тынықтырып айдаймыз деген олар сонымен бір жұмадай кідіріп қалыпты. Сонда Жәкең:

Шақпақ тауын жайлаған,
Екі мың қой айдаған.
Алдына жан салмаған,
Шортекеңді қалаған,
Сыйқымның бір сұлуы,
Қайтсем соған тием деп,
Күні-түні ойлаған.
Наманганга жібермей,
Аяғын бөгеп байлаған.

деп, досын келемеж етсе керек. Сөздің қысқасы, біздің әкейдің «Шортанбай күйі» осы оқиғадан шығып кетіпті. Жамбыл бұл күйді тартқанда ара-арасында өлең қосып отыратын.

Осылайша Қыдырқожа Шортанбай мен Жамбыл тартатын «Тезек төренің шертпесі», «Ақсақал күйі», «Сейітқазының күйі», «Ілмекеш» тағы сондай оншақты күйді бірінен соң бірін шертіп отырып, әңгімелеп шықты.

САРЫБАСПЕН САЙЫС

Сарыбас пен Жамбыл айтысы былай туыпты. 1895 жылдың көктемінде Верный қаласының тұрғыны Қожамбердінің үйінде үлкен жиын болып, сонда Жетісу өңірінің би, болыс, байлары бас қосады. Осы жиында Сарыбас ақын өлең, жыр айтып отырады. Сарыбастың шын аты — Тілеулі. Жеңгелері түсіне қарап Сарыбас атап кеткен. Әкесі — Майкөт, арғы аталары саты, боты руынан таралады. Ол 1849 жылы осы күнгі Жамбыл облысы Красногор ауданында туған. Шешесі атақты Қабан ақынның қарындасы екен. Қабан ақынды Сүйінбай ұстаз тұтқан ғой. Сарыбас сол нағашысына тартып жастайынан өлең, жыр айта бастайды. Домбырасын

сабалап, өз құлағын өзі бұрап-бұрап жібергенде өзі шикіл сары — қып-қызыл нарттай боп кететін көрінеді. Жұрт оған дуылдап күледі екен. Сол ауылдың шешен биі болған Кебекбай ағасы:

— Ау, ағайын неге күлесіндер — десе, біреулер:

— Бұл ақын емес, бақсы, — дейді. Енді бірі:

— Арқасы бар, жынды болған, тәуіпке қарату керек, — деп, оны мазақ етеді. Кебекбай арашаға түсіп:

— Сендер оны келеке ете бермендер, түбі осыдан жүйрік ақын шығады. Нағашысы Қабан да әу деп жыр бастар кезде, домбырасын сабалап, құлағын бұрап-бұрап, өзін-өзі қамшылап алатын — деп, оны өз қамқорлығына алады. Сөйтіп, Сарыбас ер жете береді. Сол төңіректегі біраз ақындармен айтысқа түседі. Оның жоғарыда айтылған Қуандық ақынмен айтысын ел жатқа айтып кетеді. Кебекбай, Ноғайбай шешендердің аулына барып жыр-думанын құрған талай ақындармен кездеседі.

Сарыбас 1914 жылы Мәтібұлақ басында қайтыс болады. Оның өлең, жырларын өзінің жақын туыс шәкірті Кенен Әзірбаев жинастырып, ел арасында айтып келген.

Сонымен әңгімеге қайта оралайық. Қожамбердінің үйінде қымызға бөгіп, қызара-бөртіп отырған сол кездің өңкей игі жақсылары Сарыбасты біраз тындап болған соң одан:

— Айтыста жеңіліп көрдіңіз бе? — деп, сұрапты. Сарыбас:

— Әзірге ешкімнен бетім қайтып көрген емеспін, — дейді.

Екейдің бір жігіті:

— Жамбылмен айтысып көрдіңіз бе?

— Жоқ.

— Айтысасыз ба?

— Тәуекел, шақырындар.

Сонымен көпшілік қалауы бойынша Ұзынағаштағы Жамбылға ат шаптырады.

Меймандар кешкі асқа бас қоя бергенде үстінде көне шапаны, басында айыр қалпағы бар, домбыра ұстаған жүдеу ақын үйге кіріп көпшілікке сәлем береді. Бұл Жамбыл еді. Үйдегілер оған адырая қарасады. Төрде төбедей болып отырған Ноғайбай мырза:

— Қолына таяқ ұстаған бұл кім өзі? — деп оны таны-

са да, танымаған сыңай білдіреді. Шапыраштының бір биі:

— Сүйекемнің шәкірті Жамбыл ғой, — деп оны жақтай сөйлейді. Ноғайбай оны кекетеді:

— Жамбыл деген неменіз, екейдегі осы ма? Кәне, сөйлеші! Қожамберді сені жақсы ақын деп мақтайды. Ақын екенінді көрейік. Домалақ анадан сөз қозғашы?— деп тосын сұрақ қояды. Сол-сол-ақ екен, екі ақын айтысы басталып кетеді. Кезекті Сарыбас алады. Ол әуел бастан-ақ Жамбыл аулын төмендете сөйлейді. «Ұзынағаштағы егінші, бұл араға келгенде несімен мақтанады. Қалың Дулат ішінде, бай десең де менде көп, бек десең де менде көп, жер қайысқан мал да көп, ақыл айтар шал да көп» деп өз елінің байлығын мақтан етеді.

Сонда ақындық арқасы қозып кеткен Жамбыл Домалақ ана туралы аңызды толғайды. Домалақ ана — кәдімгі «Қобланды батыр» эпосындағы Тайбурыл тұлпарды баптайтын Құртқа бейнесімен сабақтас тұлға. Ол Бәйдібектің Сарыбауыр тұлпарын құлынынан баптаған. Қырғыздың Аққошқар батыры байдың жылқысын барымталап айдап кеткенде Домалақ ана Сарыбауыр айғырды ұстап қалады. Бәйдібектің сегіз баласы одан:

— Жылқы қайда, айғырды неге ұстап қалдың?— деп сұрағанда, Домалақ ана:

Балалар, оған бармандар,
Түп қазығы бізде,— деп.
Таңға жуық болғанда,
Жылқың қалар мұнда кеп,
Арттан қуып барсандар,
Мерт боларсың балалар,—

деп олардың шылбырына оралады. Жігіттер оны тыңдамайды. Ақыры бәрі сойылдасып мерт болады. Одан әрмен ақын Бәйдібектің қуып барып, балаларының опат болғанын көріп, өліктерін алып қайтқанын жырлайды.

Түн ортасы болғанда,
Құрайт салды Домалақ.
Сарыайғырдың даусына,
Тас жаңғырды домалап.
Таң сарғайып келгенде,
Қалың жылқы шұрқырап
Келеді шаңы бұрқырап...

Осылайша Домалақ ананың қасиетімен барлық жылқысын жинап, еліне қайтады.

Мұнан соңғы эпизодтарда Жамбыл сол Домалақ анадан Жарықшақ деген ұл туғанын, оның өсіп-өнгенін, ол ұрпақтан Сыпатай, Сұраншы, Саурық, Өтеген, Андас, Қырбас, Атамқұл сияқты батырлардың тарайтынын баян етеді. Олардың бәрі де кезінде елін сыртқы жаудап қорғап, ел тиыштығын сақтап қалған халық қамқоры болады. Ақын бұл батырлардың бәрін де әсірелей суреттеп, олардың қаһармандық күрес, жорықтарын дәріптейді.

Бұл айтыс хақында бірқатар фольклор зерттеушілері кезінде бағалы пікірлер айтқан. Олар айтыстың бұқарашылдық, халықтық мазмұнын ашты. Көркемдік, композициялық ерекшеліктеріне тоқталды.

Жамбылдың бұл айтысы өзге ақын айтыстарынан мүлдем бөлек сөре айтыс. Дастан-хикая сияқты.

«СҰРАНШЫ БАТЫР»

Бұл дастанын Жамбыл ең алғаш рет Садырмек деген беделді кісінің асы күндері толғапты. Ол жиын Жиренайғыр өзенінің бойында өтеді. Ертеде Сұраншы батыр қоқандықтармен осы өзен бойында соғысып, оларды Әулиеатаға қарай ығыстырады. Жиренайғыр өзенінің бойын жайлаған елдің адамдары ақыннан Сұраншыны жырлауды өтінеді. Жамбыл сол айтылған ел талабы бойынша Сұраншы дастанын жырлап береді.

Сұраншы Ақынбекұлы 1815 жылы туып, 1864 жылы қайтыс болған. Шапыраштының Есқожа атасынан тарайды. Ол жастайынан өзінің Қарасай, Қашке батырлардың дәстүрін ұстап, ел қорғау ісіне араласқан. 1848 жылы орыс әскерлерінің құрамында болып, Тойшыбек бекінісінде қоқандықтардың үш мыңдай әскерін талқандауда ерлік көрсеткен. 1851 жылы қырғыздың Сарыбағыш руының манабы Орман ханның екі мыңдай әскерінің қарсылығына тойтарыс берген. 1852 жылы Саурық батырмен бірігіп Қоқандар қолын жеңген. Келесі жылы Аңрақай соғысында Саурық, Андас, Егор, Дәуқара, Шымырбай бастаған жасақтармен бірігіп, Қоқан шапқыншыларының бетін қайтарған. Осы жолы оған прапорщик атағы берілді. 1860 жылы Колпаковскиймен

бірге Ұзынағаш соғысында Қоқан әскерлерін жеңіп, оларды Сайрамға дейін ығыстырады. Сайрам шаһарындағы ұрыста қайтыс болған. Әулиеата сапарында Шокан Уәлиханов Сұраншыны Гутковскийге: «Қазақтарды қоқандықтардың езгісінен құтқарушы» деп таныстырған.

Көркемдік сапасы, идеялық мазмұны жағынан ақынның бұл дастаны көп дастандардан ілгері. «Өтеген батыр» дастаны негізінен мифологиялық аңызға құрылса, «Сұраншы батыр» тарихи деректерге негізделген. Оқиғаға қатысқан кейіпкер батырлары бәр-бәрі өмірде болған адамдар. Жер-су аттары да қаз-қалпында.

БАРМАҚ

Бармақ Мұхамбайұлы 1872 жылы Хантауының етегінде туып, өскен. Жамбылмен ауылдас болған. Жастайынан жалшылықта, қой соңында жүріп қойшы-қолаңдар арасында өлең, жыр, ертеқ-аңыздар айта бастайды. Жанат деген қызбен айтысып «ақын бала» атанады. Әкесінің айтуымен бір күні нағашысының аулына бара жатып жолда бір бай ауылға жетеді. Біреу алдынан шығып:

— Бейуақытта, иттерді абалатып, малды үркітіп жүрген кімсің?— дейді. Сонда Бармақ: Баласы Мұхамбайдың Бармақ едім, Дариядан жайын ілген қармақ едім. Әкемнің жұмсауымен Ынтықбайдың аулына бармақ едім» деп өлендете жауап береді: Сөйтсе, әлгі жолыққан кісі өзінің Ынтықбай деген нағашысы боп шығады:

— Ақын жиенім келді, — деп, оны күтіп сыйлап, ат мінгізіп жібереді. Сонымен аяқ ылау тапқан Бармақ ел кезіп өлең айтып кетеді. Ол Жамбыл, Кенен, Сауытбек, Арқабай, Кенжеқожа, Оспантай, Үмбетәлі сияқты ақындарға кездесіп, жыр жарыстырып жүреді.

Ілгеріде Қасқарау аулында өткен тойда бір топ ақын бас қосқанда ішінде Жамбыл да болады. Сонда Жамбыл:

Қолында қыл қобызы Бармақ отыр,
Бір сөзді айтайын деп арнап отыр,
От-жалын ақындардың төресі бұл,
Әрбір сөзін салмақтап парлап отыр.

деп, Бармақ інісін елге таныстырып, оған кезек береді:
Бармақ қыл қобызын сарнатып күйге келтіреді де:

Ойласаңыз, жақсылар,
Нәмәрт қандай, мәрт қандай?
Затсыз қандай, зат қандай?
Білімсізге айтқан сөз,
Айдалаға кетеді.
Құлағынан аққандай.
Мақтағаның жаманды
Жабу жауып сиырға
Мойнына қоңырау таққандай.
Жақсының сөзі сап алтын,
Жүрегіне май жаққандай.
Наданның сөзі адамға,
Тиеді шаян шаққандай.
Жақсыменен сөйлессен,
Жаның дауа тапқандай.
Ісің түссе ондайға,
Орындатар мақтанбай.
Көңілің өсер раушан боп,
Ағарып таң атқандай.
Жақсы менен жаманның
Арасы жермен аспандай...

Жетісудің бір топ ақыны Нұриламен айтысқанда, олардың ішінде Бармақ ақын да бар екен. Сөз кезегі келгенде сол Бармақ, қыл қобызын сарната келіп, бір шумақ жырдың басын қайырып тастап, Жамбыл ағасына қарап былай депті:

Не дейді бір-біріне екі дулат,
Жай ғана шапырашты тұрсын тындап.
Бетіне ұстап келетін Жамбылы бар,
Сүйінбайдан кейінгі кәрі шумақ.
Айтыспаймыз әрине Жамбылменен,
Басқасының байқасам нарқы төмен.
Екі дулат демесең осы арада,
Айтысуға лайық әнші Кенен —

деп, Кенен ақынды айтысқа шақырады. Екеуі біраз жерге дейін сілкілеседі. Сөйтіп, ол Бармақ пен Үмбетәліні қайрап айтыстырады.

ДОСПАМБЕТПЕН АЙТЫС

Даланы қырбық қар басқан. Қаңтар айы. Аздап ызғырық жел соғады. Аулынан таң ала кеуімде шыққан Жамбыл кер шолақ атпен тепең қағып желе жортып Іле

жағасына жетті. Көз ұшында Арқарлы жотасы мұнартады. Бұл жотаның биік шоқысын жергілікті ел тау деп атайды. Былайша қарағанда анау айтқан тау да емес. Бас-аяғы атшаптырымдай жартас, өркеш-өркеш обалы қыраттар. Бір қасиеті одан қысы, жазы арқар үзілмейді. Сондықтан ертедегі аңшылар оны Арқарлы тау деп атап кеткен.

Жамбыл бұл тауда ана бір жылы болып қайтқан. Нағашы, жегжаттары оны бір айдай жібермей жыр айтқызыған. Енді сол ауылға тағы бір соғып кеткелі келеді. Арқарлының етегінде қыстау. Онда отыз шақты үй бар. Кесектен соққан жатаған тамдар мен, қора-қопсылардың ара-арасында киіз үйлерде көрінеді. Бір ақ отаудің тұсынан өте бергенде Жамбыл күмбірлеген домбыра сазын, асқақтата шырқаған ақын даусын есітеді. Мұндайда шыдап тұрған Жамбыл бар ма? Ол дереу ат басын сол үйге бұрып:

— Кім бар-ау!— дейді. Үйден екі жас жігіт жүгіріп шығады. Жамбыл:

— Бұл кімнің үйі?

— Көбісбай көкемнің үйі.

— Е, е, ысты Көбісбай ма, өзі үйде ме?

— Үйде, Досмағамбетке жыр айтқызып отыр ек.

— Досмағамбетің кім?

— Жалайыр Досмағамбет ақын ше, ол бізге жиен болады.

— Олай болса Жамбыл келді деп айтыңдар, — деп ол атынан түсе береді. Бір жігіт үйге жүгіріп кетіп, екіншісі оның атын қазыққа байлайды. Жамбыл үйге кіре бергенде, бәрі орындарынан түрегеліп, оған жапырласа сәлемдеседі. Көбісбай:

— Жәке, қош кепсіз, бұл ауылға ат ізін салмағалы көп болып еді. Құдай айдап кез келтірді. Зәуіменен мынау Досмағамбет жиен де келіп қалған екен. Енді өзіңіз бастап, жиен қостап мына тамашаны қыздырыңыз?

Жамбыл әуелі ұстазы Сүйінбайдың қырғыз ақыны Жантаймен айтысын алма-кезек айтып шығады. Сүйінбайдың сөзін Сүйінбайша өз әуенімен, Жантай сөзін қырғызшалап жырлағанда отырған үлкен, кіші оған дән риза болысады. Онан соң Қабан ақынның уытты термесін, Бұхар мен Кемпірбайдың кең тынысты толғауларын толғайды. Түн ортасына таяна бергенде Дос-

мағамбетке кезек тиеді. Ол да өзінің біраз терме жырын төгілтеді.

Таң атады. Азанғы шай үстінде Жамбыл қасында отырған Досмағамбеттің аяқ алысын тағы бір байқамақ болып оған жыр айтқызады. Досмағамбет сөзінің бір кезегінде жастайынан ескіше оқып хат танығанын, бүгінде ауылда молдалық құрып, бала оқытып жүргенін, өлеңді жазып та, ауызша да айта беретінін білдіреді. Енді Жамбылға ой келеді: «Осы жігіт айтысқа қалай екен? Өзін бір қағытып өтейінші» деп, айтысты бастап кетеді: Ертеде аруақты Асан, Бұхар, Қарасай, бабаларым, одан берегірек Шөже, Сүйінбай ұстаздарым өткен. Ақындық солардан келіп маған жеткен, — дей келіп сөз соңын:

Баласы ұлы жүздің абақ, тарақ,
Көтерген ақылгөйге мені балап.
Аш бөрідей қаңғырған ақын келсе,
Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап.
Кұйындай көкке шапқан мен бір пырақ,
Арамыз екеуміздің алыс-жырақ.
Төменде шықылдаған сен торғайсың,
Айтыспа меніменен ақын шырақ,—

деп өзін-өзі шарықтата көтермелеп, Досмағамбетке үрей туғызбақ болады. Досмағамбетте:

— Ау, Жамбыл-ау, Жамбыл-ау,
Сөз сөйлейін мен саған,
Таудан аққан бұлақтай,
Жас өспірім баламын.
Жапырағы жайқалған,
Көлге біткен құрақтай.
...Қартайғанша қақылдап,
Жел сөзге бір тоймайсың.
Жеңемін деп ойлайсың...
Өзінді өзін көтеріп,
Өрге неге бойлайсың?..
Жасыңнан қылған кәсібің,
Тентіреуді қоймайсың? —

деп, оның ел кезбе жыршылығын, жарымаған кедейлігін бетке салық етеді. Жамбыл оған:

Солай ма, бала, солай ма!
Зығырына Жамбылдың
Тисең саған оңай ма?
Қуырамын енді мен,
Ақындықтың апшысын.

Көргенім жоқ өмірде,
Жел сөздің мен тапшысын.
Өлеңім асау теңіздей
Өрге қарай шапшысын —

деп, өзінің асқақ әуенді жыршы екенін ескертеді.

Бір күн, бір түн шайқасып
Өнерін әбден байқасып,
Құлмамбетте жеңген жоқ,
Қара керей Түбек те,
Жалайыр да Қарқабат,
Бұ да айтысып көрген жоқ.
Жамбыл, Жамбыл болғалы
Жамбыл атқа қонғалы
Жеңіліп намыс берген жоқ.—

дегенде, Көбісбай төңірегінде отырғандар «ой, пәлі, жүйткі тұлпарым, жүйткі!» деп, оны көтермелей жөнейді:

— Рас-ау, Құланаяқ Құлмамбетті жеңген пері, Қарқабат, Сарыбас, Түбектей мықтылардың аузына құм құйған бұл Жамбыл, бала-шағадан жеңілуші ме еді?! Сок, Жәке! Айта беріңіз, айта беріңіз, құлағымыз сізде...

Табаны қызған Жамбыл алдындағы қызыл күрең шайдан бір-екі ұрттап алды да, сөзін әрмен жалғады:

Шариғат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты,
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе үйіне,
Күңіреніп бармаған.
Аттан шауып бай өлсе,
Қирағаттап құранды
Күні-түні сарнаған.
Жақсы көрсе молданы,
Көз бояушы зұлым деп,
Көпшілік неге қарғаған?

Осылайша ол енді Досмағамбеттің молдалықпен айналысатынын сынға алады. Досмағамбет бұған ыза болып долданады. Долданғанмен не істейді? Ақырында ауыл ақсақалдары:

— Шырағым, ашуды қой, бұл өңірде Жамбылға дес беретін ақын жоқ. Жасың кіші, әлі талай ақынмен айтысасың. Сонда «мен Жамбылмен де айтысқанмын» деп мақтанарсың. Ағаңның қолын ал, жолын бер — деседі. Содан былай қарай ол Жамбылды ұстаз тұтып кетеді.

Досмағамбет (әкесінің аты беймәлім) — 1883 жылы қазіргі Талдықорған облысы, Қаратал ауданында туып, 1910 жылы 27 жасында қайтыс болған. Жамбылмен айтысқанда 24 жаста екен. Өлеңді жазып та, ауызша да мүдірмей шығара беретін білімді, талантты ақын еді — дейді Қалқа Жапсарбаев. Жамбыл мен Досмағамбеттің бұл айтысын Қалқа 1939 жылы зерттеуші Есмағамбет Ысмайыловтың үйінде отырып хатқа түсірткен.

ШАШУБАЙМЕН ШАЙҚАС

1909 жылы Алматы қаласында Байбұлан үйінде үлкен жиын болып, оған қатысқан сол кездің ел басшы, би-шонжарлары Жамбыл мен Шашубайды айтыстырмақ оймен аулынан Жамбылды алдырады. Жамбыл келгенше Шашубай ақын ондағы болыс, билермен дидарласып, өлеңмен сәлемдесіп отырады. «Мен Арқадан келген Шашубаймын, малға кедей болсам да, әнге баймын, менімен айтысатын ақындарың бар ма, осында Жамбыл деген бар дейді, алдырындар. Оның менімен айтысуға жарар ма екен?» — деп өзін-өзі көтермелеп қояды.

Түс мезгілінде Жамбыл үйге кіріп келеді. Шашубай: «Сырлы ағашын қолына ұстап келген бұл кім?» — дейді. Жиында отырғандардың бірі:

— Өзіңіз шақыртқан Жамбыл осы, — дейді.

Шашубай:

Жүрмісің аман-есен, ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайыңнан болдың даңғыл.
Үндемейсің ұнжырған түскендей-ақ,
Күн туды не басыңа тәңір алғыр,—

деп Шашубай амандаса келіп, Жамбыл елінің Сәлім, Байбатша, Мөңке сияқты болыс, билерін мінеп, оның намысына тие сөйлейді. Сонда Мөңке би:

— Жамбыл-ау, мынауың бізді тірідей жеп барады ғой, енді қашан сөйлейсің? — дейді.

— Айта түссін, алдымен ақындық әуселесін байқап алайық, — деп Жамбыл уәжден ұстар жерді күтіп отырады.

Сөйлесіп мен сықылды кеменгерге,
Аса алмас күлаш ұрдың асқар белге.

Шұбырып ақтабан боп келген арғын,
Желіктің өз-өзінен неменеге? —

деп Жамбыл оны бір қағытып өтеді. Алдында би-болыстармен танысып, қыза серпіліп отырған Шашубайға бұл сөз оқтай тиеді. Намысқа тырысқан Шашубай:— Барлыбек, Тұрлыбек, Бақиядай тілмаштарым бар. Бұлар тұрғанда «жандарал да бұзбайды жарлығымды», деп соларды арқа тұтады. «Қайырымды Байбұландай адамым бар»,— деп оның байлығын мақтан етеді. Жамбыл оған мынандай ұтымды уәж табады:

Байбұлан мініп келген қарала атты,
Келді де біздің жердің дәмін татты.
Алматы Тастағына қара лашық,
Тікті де, көң-қоқырда үш жыл жатты.
... Тері-терсек жымқырып, ұрлап сатты.
Сөйтіп жүріп Байбұлан малға батты.

Мұндай дәл айтылған мірдің оғындай сөзге Шашубай лаж жоқ, тосылып қалады. Осы кезде Бақия: «Төрелерге тіл тигізді»,— деп Жамбылдың домбырасын сындырмақ болып, оған жармаса түседі. «Менің үйімде жанжал шығардың»,— деп Байбұлан да көтеріледі. «Ақынымызды сабатып қоямыз ба?»— деп екінші жақтан Мөңкенің жанындағы Жетісу адамдары да өре түрегеледі. Ақыры ұрыс-керіс, айқай-жанжал басылады. Сөз мәнісіне түсінетін екі ақын құшақ жайып, дос болып тарқасады.

Кейін Жамбыл Шашубай әріптесін аулына шақырып, сыйлы қонағы етіп күтеді. Екеуі Жетісу елін бірге аралап, ел-жұртты ән-күйге бөлейді. Осы ақындық серуенге Жамбыл шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, тағы бірқатары қатысып, сауық-сайран құрады. Шашубай оларды өз өлең, әндерінен басқа Арқаның атақты әнші-ақындары Ақан сері, Біржан сал әндерімен таныстырады.

ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕ

Алатаудың ар жағы, бергі жағы,
Сайраған бақшасында бұлбұлдағы.
Екі елдің болып едім төл ақыны
Барады Ыстық көлге Жамбыл тағы.

«Өлең-жырдың қара жорғасы» деп, Жамбылдың өзі атап кеткен шәкірті Үмбетәлі Кәрібаевтың үйінде отырғанмызға үшінші күн. Біраз жыр қағаз бетіне

түсті. Өмір тарихы да жазылды. Бұлайша тәптіштей сұрап жүргенімнің мәнісі — осы ақын жөнінде жазу. Ол алдағы жылдары шығатын қазақ әдебиеті тарихына қосылмақ. Бұл М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының тапсырмасы еді.

Үмбетәлінің келесі күнгі айшықты әңгімесі өзінің ұстазы Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы төңірегінде болды.

— Бұл айтысты, — деді ол домбырасын бәсеңдете түсіп, — менен гөрі Саяділ түгел білуші еді. Жадымда қалғанын мен де айтып көрейін. Ақын айдау қасқа жолға түскен, кәдімгі ауыздығымен алысқан теңселме жорғадай басын шұлғи түсіп Жамбыл мен Құлмамбеттің кезек сөзін термелеп төгіп-төгіп алады да. ара-арасында әлқисса жасап, «сонда Құлмамбет былай депті, оған Жамбыл былай деп жауап қатыпты» деп аз-кем тыныстайды. Түс қайта бере ақын:

Жамбылдың жеңіп, бәйге алған жері,
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері...

деп, айтысты аяқтады. Бәріміз сыртқа шықтық. Біраз ауа жұтып, серіген соң:

— Кейін екеуінің арасы қалай бопты, кездесіп жүріп пе? — деп сұрадым.

— Кездескенде қандай, екеуі ағалы-інілі дос болып, талай жыл бірге жүрген ғой. Жамбылдың Құлмамбетті қырғыз Шабденге ертіп барғанын ел қызықтап, әлі күнге дейін айтады.

— Соны айтыңызшы.

— Ендеше тыңда, — Үмбетәлі әңгімесін бастады...

Жаздың бір күндерінде Майтөбеге Құлмамбет келеді. Жамбылдың үйіне түссе, ол жайлауға кеткен екен.

— Қашан келеді?

— Білмейміз.

Құлмамбет Жамбылдың бір баласына өз атын нұсқады.

— Мына атқа міндағы шақырып кел?

— Кім шақырады деп айтайын?

— Құлмамбет келді дегейсің.

Бала шауып кетеді. Құлмамбет құс жастықты шын-тақтап, домбырасын шертіп жата беріпті. Жамбыл келіп, екеуі төс түйістіріп, сәлемдеседі.

— Інім-ау қайда жүрсің? — дейді Құлмамбет. — Шілде шыға барамын деп едім ғой, уәдені ұмыттың ба?

— Ұмытқаным жоқ, аға, — дейді ол. — Сізді бүгін-ертең келе қоймас деп жайлауға кетіп едім...

— Бұл екі ақынның, — деді Үмбетәлі — Албан елінде өткен үлкен айтыстан соңғы кездесулері екен. «Жамбылдың үйіне Құлмамбет келіпті, екеуі тағы да айтысатын көрінеді» деп жобалаған ауыл адамдары Жәкеннің үйіне жиналып қалады. Күн-түн қисса, жыр айтылады. Құлмамбет қырғыздарға арнап айтқалы шыққан «Мың бүр түн» хикаяларынан үзінді жырлайды. Шапыраштылар қызыға тындайды. Ертеңіне екеуі атқа қонады. Жолда келе жатып, Құлмамбет:

— Шабден ханды жыр құмар, өзі мырза дей беруші едің, алдымен сол мырзадан бастайық. Жамбыл:

— Өзімнің ойым да солай.

Екеуі жолда Қордай бекетіндегі Еркебайдың үйіне түсіп тыныс алады. Тағы да жырды ағытады олар. Құлмамбеттің қор-қор тартатын әдеті бар екен. Жатарда сонысын тартып, азанда шекесі тырысып, ауырып тұрады. «Жолшыбай терлеген соң жадырап кетермін» деп аттанып кетеді.

Шабден ханның ақ ордасына жақындағанда Құлмамбет:

— Менің басым жазылғанша, сен сөйлей тұр. Мен сөзді келесі күні бастайын, — депті. Екеуі осылай келіседі.

Хан даяшылары екі ақынды, арнаулы үйге түсіреді. Шабден бір жігіттен:

— Келгендер кім екен?— деп сұрайды.

— Қазағымның Жамбыл ыршысы, қасындағысын танымадық.

— Жамбыл болса, мұнда келсін!— деген, Шабден.

Жамбыл Құлмамбетті ертіп манаптың ақ ордасына кіреді.

Сәлемдесіп, жайғасқан соң.

— Мынау шалың кім?— деді, манап.

Жамбыл елеусіз ғана:

— Атқосшы серігім еді, — дей салыпты.

Манап:

— Біраз болды өзінді тындамағалы. Кәне, бір көңілдендірші?

— Бұл Жамбылда жыр көп. Қайсысын айтайын?

— «Көроғлыны» айтсын.

— Ой, оны ана бір жылы тыңдадық қой.

— Айшөрек аруды айтсын.

— Оны өзіміздің манасшылардан ұғып жүрміз ғой. «Айшөрек ару» дегенде Жамбылдың есіне «Қыз Жібек» түсіп кетті білем, ол соны бастап кетті.

... Базарбайдың Төлеген, талай көштен өтеді, тағы бір көшке жетеді. Салтанаты бұл көштің басқа көштен ерекше. Көкорай шалғын етекте, жетпіс түйе жетекте, қызыл мая бір бөлек, айыр атан бір бөлек, шудалары шұбалған буыршын, іңген аралас, бота-тайлақ соңында, бұйдалары жібектен, мұрындығын жездеген. Кілем, жиһаз артылған, арқан, басқұр тартылған. Сәнді көшті жанамалай, өлең айтып, ән салған, қыз-бозбала жарысқан, олар да кетіп барады.

Осы жерге келгенде Шабден манап:

— О, о, шіркін, Қазекемнің көшін-ай! Міне, тамаша деп осыны айт!— деп, жырауды көтермелеп қойды. Жамбыл жырын қайта жалғады:

— Көш алдына қараса, шаңырақ түйе жараса, үстінде аққұбаша, кестелі жаулық басында бір бәйбіше барады. Заты әйел демесе, сұлу екен өзгеше. Төлеген мен Қаршыға, жөн сұрады одан жанаса. Шешесі сонда бүй деді:— Бұл көш біздің үй»— деді. — Бетіме тозаң жұғады — деп, Жібекжан озып кеткен-ді, ендігі Жайыққа жеткен-ді. Базарбайдың Төлеген, ерте туып көбеген, көк жорғаға қамшы басады, тағы бір белден асады. Көз ұшында қараса, топ аттылы алдында бір күйме кетіп барады. Мұны көрген Төлеген, алға қарай шабады, әнеміне дегенше, оған да жетіп барады, «осы ма?»— деп Қыз Жібек, жеңгесінен сұрады. Қасындағы Қаршыға «осы екен» деп Қыз Жібек домбырасын қолға алады.

— Ау, Жібекжан, Жібекжан! Келіп тұрған алыстан, Төлегендей мырзамыз. Бір көрсетсең жүзіңді әзір соған ризамыз... Бұған Жібек жауап бермеді, келіп тұрған екеуін кісі құрлы көрмеді. Қаршыға тағы қақсады, Төлегенді мақтады:

— Ертіп келдім бір жігіт, дәл өзіңе лайық, нұры жауған жүзі бар, шекер-балдай сөзі бар, өзі балуан білекті, өзі батыр жүректі, жазы, қысы сарғайып бір өзінді тілепті, жүзіңді бір көрсетші, көкеңнің бетін қайтармай?!

Күйме ішінен Жібек айтыпты:

— Көке болмай құрып кет! Қашан саған айтып ем, бай тауып кел маған деп!

Қаршыға терге малынды, Жібекке тағы жалынды:

— Құрбан етем басымды, бұл сөзіме сен кәне! Төлегендей мырзаңыз, қарсы алдында тұр әне!

Осы жерге келді де, Жамбыл әлқисса айтып алды:

Қыз Жібек Қаршыға ағасының бұл сөзіне иланды, күймеден жүзін бір жарқ еткізіп сәлемдесті де, қайта жауып қойды.

Жырау сөзін әрмен жалғады: Қыз Жібектің келбеті Төлегенге туған айдай көрінді: өзі он бес жасында, үкілі бөрік басында, үш нөкер қыз қасында:

Ажарының ақтығы — жаздың атқан таңындай.

Екі беттің қызылы — ақ тауықтың қанындай.

Сүмбіл шашы өрілген, тісі меруерт тізілген,

Қиғаш қасы керілген, оймақ ауыз, бота көз, қос алмасы білінген...

Жамбыл осылайша Қыз Жібектің сұлулығын суреттеп термелегенде Шабден шыдамы жетпей:

— Па, шіркін, сұлу деп міне, осыны айт!— деп, тағы бір көтеріліп қалды.

Осы кезде отырғандар алдына тай-тай табақ ет тартылды. Түстіктен кейін манап:

— Жәкене, ат, шапан әзірлеңдер, — деп жігіттеріне әмір берді. — Мен жол жүргелі отырмын қалған жырдды, келген соң тыңдармыз, — деп Шабден сыртқа шықты. Осы кезде Жамбыл Құлмамбетті түртіп қалып:

— Құлеке, кәне, хан жол жүргелі жатыр, айтарың болса айтып қал, — дейді. Шабден табалдырықтан қайта аттай бергенде, Құлмамбет жын қаққандай домбырасын сабалап, манапты мақтай жөнеледі.

Шабден сәл тосылып артына бұрылды:

— Жамбыл-ау, ат қосшы дегенің чоң ыршы екен ғой, мұның аты кім еді?

Жамбыл:

— Құланаян Құлмамбет деген ақын осы.

Шабден сонда:

— Келгелі бері неге жөндеп таныстырмадың?— депті де, жігіттеріне былай бұйырыпты:

— Әй, жігіттер, атты ағытып, пәуескені доғарыңдар, тай сойып, келген қонақты қайтадан күтіндер, мен Құлмамбетті тыңдамай, жолға шықпаймын. Бұл сөзге риза болған Құлмамбет, әуелі манапқа алғыс айтады.

Сонан соң «Мың бір түн» хикаясынан әңгіме қозғайды:

— Парсы деген елі бар, көл-көсір жатқан жері бар, ми қайнаған шөлі бар, сор татыған көлі бар, бір патшалықтан сөз екен бұл: Патша өзі жас екен, жас болса да бас екен. Өзі жалғыз дара екен, бірақ үсті-басы жара екен. Қаншама қаратса да ем қонбапты. Ол төңіректе дәруіш қалмапты, бәрі барыпты. Жарасын жаза алмапты. Енді патша бар атырапқа жар салыпты:

— Кімде-кім менің жарамды жазса, соған көтергенше алтын беремін. Өзін уәзір етемін — депті. Осыны есіткен емші, тәуіптер ойдан да келіпті, қырдан да келіпті, бәрі емдеп көріпті. Дәрі істеп беріпті, бірақ ем қонбапты. Қайта жарасы қоздапты. Патша олардан жеріпті. Ең соңында күздің бір таңында, үндіден келген бір ғалым, атағы өз еліне мәлім, «Мен жазамын», — депті. Оған патша сенбепті. Ғалым айтыпты: «Сеніңіз, маған ерік беріңіз, не десем, соған көңіізіз!?» Патша сұрапты:

— Кәне, әуелі айтшы, қалай жазасын?

Ғалым:

— Оп-оңай жазамын, көрмейсіз ешбір азабын. Бір қолыңызға тоқпақ, екінші қолыңызға дағара алыңыз да, әбден қарасуға түсіп терлегенше ұра беріңіз, ұра беріңіз. Тер болған киіміңізді сыпырып тастап моншаға түсіңіз, зәм-зәм суын ішіңіз. Ағып терлейсіз, ешбір зиян көрмейсіз. Ыстық етген өтіп, сүйекке жетеді. Ет пен тері арасындағы кесел термен ағып кетеді. Жарадағы құрт әбден күйіп піседі. Сөйтіп сылынып түседі. Екі-үш күн дегенде, сен көр, мен көр, құлан таза жазылып кетесіз.

Патша ғалымның айтқанын істепті. Бірер күнде жазылып шығыпты. Патша оны сыйлады. Еліне жіберуге қимады. Өзіне уәзір етіп алды. Сөйтіп ғалым патша сарайында қалды. Мұны бұрынғы бас уәзірі қызғанды. Қызғанғаны сол патшаға барып бұлданды:

— Мен сізге сенімді бас уәзірмін, ол сенімсіз, қас уәзір, — дейді.

— Оның маған қас екенін қайдан білдің? — деді патша. Сонда бас уәзір айтты дейді:

— Сізді оңай жаза білген, оңай өлтіре де біледі.

Патша ойланып қалады:

— Сонда не істеу керек? — деп уәзіріне қарады.

— Өлтіру керек, — деген ол. Патша осы шешімге келген. Ғалымды шақырып алып:

— Сен маған қас екенсің, өлтіремін! — деген.

— Жазығым не?

— Сен сиқыршы екенсің.

— Оны кім айтты?

— Бас уәзір айтты.

Ғалым оған нала болып, былай дейді:

— Мен саған өмір бердім, сен маған өлім бердің, мен жалғыз тақ едім, көңілім ақ еді. Амал қанша, жарлығыңызға көндім... Дар алдына барғанда ғалым тағы да:

— Тақсыр, ақырғы тілегім бар, — депті. — Мені жатқан үйіме жіберіп алыңыз, онда қасиетті кітап бар еді. Сол далада қалып кетпесін, көзімнің тірісінде сізге сыйлап кетейін.

— Ол қандай қасиетті кітап еді?

— Оның бетін парақтап ашып жартысына жеткенде кітап сөйлеп кетеді. Сөйтіп, дүниедегі бар тілегіңіз орындалып, бақытқа жетесіз.

Патша оның қолын шештіреді. Қасына бір адамын қосып жібереді. Ғалым жатын үйіне барады. Қасындағы кісі есік алдында қалады. Ғалым көн қапталған бір ескі кітапты алып шығады. Сөйтіп патшаға келіп, кітапты береді.

— Енді мені дарға аса беріңіз.

Бас уәзір:

— Тоқтай тұрыңыз, өз тірі тұрғанда кітапты ашып көрейік. Бізді алдап тұрған шығар, егер кітап сөйлемей қалса, өзінен сұрап, түсініп алайық.

Патша:

— Бұл да мақұл екен, — деп, кітапты ашайын десе, беттері бір-біріне жабысып, ашыла қоймады. Саусақтарын тілімен жалап долдана түсіп, аша бастайды. Он шақты бетін ашқан соң ол ғалымға қарап:

— Сөйлемейді ғой, — дейді. Ғалым:

— Ортасына таман, аша түсіңіз. — Патша тағы біраз парақтап әбігер болған соң қасындағы бас уәзіріне:

— Мә, сен ашшы? — деп, кітапты оған береді. Уәзір де біраз бетін аша бергенде, патша аузынан көбік ағып, сылқ етіп құлап түседі. Артынша бас уәзір де құлап, екеуі де жан тәсілім қылады. Сөйтсе, ғалым кітап парақтарына у жағып келген екен дейді. Міне жақсылыққа жамандық етпек болған патша мен уәзір осылайша өз түбіне өздері жетіпті. Адал, ақ ниетті ғалым жөніне жүре беріпті.

Құлмамбет осылайша «Мың бір түннің» бірінен соң бірін тізбектеп; аңшының әңгімесі, балықшының әңгімесі, тігіншінің әңгімесі, диханның әңгімесі, киік жетектеген кісінің әңгімесі, қолы кесілген жігіттің әңгімесі деп шұбырта берген, шұбырта берген.

Шыдамы таусылған Шабден:

— Бұл жырыңның аяғы бола ма?— депті.

Құлмамбет:

— Тақсыр, он бес түнгі әңгімесін қысқартып айттым. Аяғы әлі көп қой, — депті.

— Қанша күн айтасыз?

— Отыз бір күн айтамын. «Мың бір түннің» үштен біріне сонда жетемін.

— Түу, біздің «Манасқа» жете қабыл екен ғой,— деді, Қалмырза таңданып.

— Иә, Қалмырза, — деді Жамбыл, — біздің Құлмамбет сіздің манасшыларыңнан кем түспейтін, кең тынысты ақын емес пе? Бұл бір жатқан жыр дариясы ғой...

Үмбетәлінің бұл әңгімесіне қарағанда, Жамбыл мен Құлмамбет сол жолы Ыстықкөл төңірегіндегі қырғыз ауылдарын бір айдай аралап, олардың сыйлы қонағы болған, талай өлең, жырлар айтып, елге оралған.

БАЛУАН ШОЛАҚ

Арқаның атақты сал-серісі Нұрмағамбет Баймырзалы (Балуан Шолақ) 1912 жылдың жаз айларында әуелі Мойынқұм, Сартауқұм жайлауларын, сонан соң Алатау атырабын аралап, өнер көрсеткен. Сол жолы ол талай ақын, жыршылармен кездесіп, тұздас-дәмдес болған. Тіптен Кенен Әзірбаев, Сауытбек Ұсаұлы, Бармақ Мұхамбаев сияқты ол кездегі жас ақын-әншілерді өз тобына қосып алған. Жамбыл Балуан Шолақпен былай кездескен:

Жаз шығып, мал төлдеп болған кезде Жамбыл ауылына Манақ ақын келеді. Ол Шу бойындағы үйсін жұртынан шыққан өткір тілді, ділмәр сөзді тақпақшыл ақын болатын. Жамбылдан жасы сәл кішілеу. Екеуі бір-бірін туыс тартып, жиі кездесіп тұратын. Жамбыл Шу жағына барса, алдымен Манақты тауып алып, қасына ертіп жүретін. Сол Манақ азын-аулақ өлең айтып отырып:

— Сері үйсін аулына сонау Көкшетау жағынан бір ақын келді — деп хабарлайды — бұл ақынның тәрізі бөлек. Өзі сал-сері, өзі батыр, балуан көрінеді. Даусы да зор, «әу» деп ән шырқағанда тау мен даланы, жаңғыртып жібереді.

Жамбыл таңдана түседі.

— Аты, жөні кім екен?

— Балуан Шолақ, — деп жатты жұрт. — Топардағы Қали дәудің үйіне түсті. Қасында төрт-бес жігіті бар. Бәрі шетінен домбырашы, әнші-ақын.

— Япыр-ай, ә! — деді Жамбыл. — Арқаның баяғы Біржан сал сияқты сері-салдары солай топтанып, сән-салтанатымен жүреді деуші еді. Бұл да сондай бір сері екен-ау.

— Жәке-ау, — деді Манақ — сері болғанда да, бұл бір ерекше адам! Тәрде дөңбектей болып жатқан Қалидың қасына барып отырды да, онымен күш сынасты. Қалидың да оңай адам емес екенін өзіңіз білесіз ғой. Бір ішкенде бір саба қымыз ішетін, бір қойдың етін қалай болса солай жеп кете беретін, арбаға жегілген ат тарта алмайтын, өзі оқыған, тоқығанымен, бұл өңірдегі би, болыстардан, балуан, сайыскерлерден жеңілмеген Қалиды әлгі сері балаша ойнатты емес пе!

— Сонда қалай? — деп Жамбыл таңырқады. — Соған Қали дәу көніп отыра берді ме?

— Көнбеске амалы қанша? — деді Манақ — Күш сынасуды әуелі Қалидың өзі бастады ғой. Балуан Шолаққа ол:

— Менің әдетім бар еді, қасымдағы отырған кісіні оң жағыма бір, сол жағыма бір көтеріп отырғызатын, кәне, сені де сөйтіп көрейінші, — деді.

Балуан Шолақ:

— Мақұл, солай-ақ болсын, — деді. Қали қонжыңдап, оны ары-бері қозғап көтермек болып еді. Анау қаққан қазықтай орнынан тырп етпеді.

— Кезек сенікі, — деді Қали. Сонда әлгі балуан Қалидың екі қолтығынан «әуп» деп көтерді де, оң жағына бір, сол жағына бір балаша отырғызды. Көпшілік: «мынау біздің Қалидан да күшті, балуан болып шықты ғой» десіп, таң қалысты.

Енді Жамбыл осы айтылған Балуан Шолақты көруге асықты. Ол қасына балуан інісі Машықты және Сәдібек ақынды ертіп, Топар бойындағы елге тартты. Кештетіп Қалидың сегіз қанат ақ ордасының тұсына

жеткенде асқақтата шырқалған зор дауысты есітті. Атан түсіп үйге енді. Жапырласа сәлемдесіп, танысты. Солардың ішінде Қали ішінен: «ащы тілді бұл пәле қайдан келіп қалды?» — деп, Жамбылдың келгенін қаламады. Сөйтсе де ол «тағы бірдеңе деп жүре ме?» — деп, сыр бермеген болды.

— Бұл Жетісудің Жамбыл деген жаяу ақыны, — деп оны күлкіге айналдыра таныстырды. Балуан Шолақ та іле-шала:

— Кім біледі, жаяуың жүйрік шығып, бәрімізден оза шауып жүрмесін? — деп қойды.

Сол жолы көп өлең, жыр айтылды. Балуан Шолақ та, Жамбыл да, қалғандары да ақтарыла сөйледі. Екі-үш күндей думандатқан олар сол тобымен Анрақай, Долаңқара адырларынан асып, Қордайдағы Еркебай үйіне түседі. Үйінен қонақ үзілмейтін, дастарханы жиылмайтын, үнемі ақын, жыршы, әнші, күйші, сері, саяткерлерді жақтай жүретін Еркебай оларды қуана қарсы алды. Қасқарау елі тағы да бір қызық, тамашаға кенелді.

Түстік тамақ алдында Еркебай қой соңында жүрген Қененді шақыртып алдырып, Балуан Шолаққа таныстырды. Содан кейін Қененге қарап:

— Кәні, мына ақын ағаларыңның алдында «Бозторғайынды» шырқап жіберші, деді. «Бозторғай» аспанға қалықтап қанат қағып кетті. Бәрі міз қақпай тыңдады. Ән мұңды, бала қалы аянышты. Шеткері отырған Сәдібек:

— Бәрімізді егілтіп жібердің ғой, «Көкшолағынды» шырқап, көңілімізді сергітші? — деді.

— Иә, — деп, Жамбыл Балуан Шолаққа бұрылды. Мұның «Көкшолақ» дегені бар, енді соны тыңдайық.

Кенен көңілденіп желпініп алды.

«Мінгенім, астымдағы Көкшолақты» — деп шырқап алды да, қайырмасын былайша термелеп, құбылтты:

Жылдам жүрші Көкшолақ!
Шапшаң жүрші Көкшолақ!
Олай жүрші Көкшолақ!
Былай жүрші Көкшолақ!
Жамандатқыр Көкшолақ!
Мені құртқан Көкшолақ!
Арам қатқыр Көкшолақ!

отырғандардың қабағы жадырап, жүздеріне күлкі ойнайды. Балуан Шолақ:

— Бұл жігітте өнер бар екен. Мен тобыма қосып алайын, жарай ма, балақай?— деген. Кенен басын изеді. Балуан Шолақ шырқаған «Балқадиша», «Қосалқа», «Қосбарабан», «Дікілдек», «Ыңғайтөк», «Кенже қоңыр», «Көкшетау» тәрізді көптеген әндерді Сауытбек, Сәдібек, Бармақ, Кенен сияқты ол кездегі жас ақын, әншілер сол күндердің өзінде үйреніп айтып жүрді..

Мақышқа кезек келгенде, ол өзін былай таныстыра келіп:

Сұрасаң менің атым Мақыш балуан,
Балуаннан сөз шығады алуан-алуан.
Күркіреп найзағайдай жалындасам,
Кеудемнен сел-сел болып өлең жауған

Райымбек баласы Мақыш атым,
Балуандықпен шыққан еді менің данқым.
Он жасымда белдесіп өнер құдым,
Көтереді патшадай туған халқым.
Өленді айту деген бізден қалған,
Дүние өте шығар шіркін жалған.
Әнімен Сарыарқаны егілттірген,
Балуан аға сізде де бар ма арман? —

дегенде, Нұрмағамбет балуан:

— Ей, бауырым, арман кімде жоқ дейсің?!— деп, қасында отырған Жамбылға бұрылады:

— Жамбыл аға, — деді ол. — Кеше Топар аулында, Құлмамбет, Сарыбас ақындармен айтысыңызды тыңдадым. Асылы, сіз айтыстың өрен жүйрігі сияқтысыз. Арқада не көп, әнші көп, мына сіздей айтыс ақыны сирек ұшырайды. Мен өз басым айтысқа жоқпын. Әншілік, серіліктің сайранымен қыз қуалап кеткенбіз ғой...

Осы жерде оның есіне бір махаббат хикаясы түсіп кетсе керек, орнынан ырғалып алды да, бір әнді асқақтата бастады.

«Ғалиясын» шырқап егілген Балуан «Ойпырымай, жан сәулем Ғалия, аппақ қардай бетіңнен, бір күн ауру, бір күн сау, жазылмадым, ой, ой, ой, дертімнен!»— деп, өксіді. Бұл әнді тындап отырғандарда, егіліп махаббат мұңына еліткендей еді. Көпшіліктің осы бір көңіл күйін сезген ол енді бәрін сергілтіп, сергітпек болды.

Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Қамалын бұзар кезім тау мен тастың
Кешегі сентябрьдің базарында,

Көтердім елу бір пұт гирдің тасын.
Жиылып орыс, қазақ таң қалысты,
Болды деп қаһарманнан мынау басым.
Залог сап жетпіс бес сом күрескенде,
Сындырдым Қарон палуан қабырғасын...

Енді жұрт жадырап, қыран күлкіге басты.

— Бұл күрес қалай болды, айтыңызшы?— деді, Жамбыл жанында отырған Мақыш.

— Көксеңгірде жүргенімде, — деп бастады Балуан әңгімесін, — біреулер, Көкшетау қаласында сентябрьдің бірінде жәрмеңке ашылады екен, онда ат жарыс болып, балуандар күреседі. Соған барып күшіңізді көрсетпейсіз бе?— десті. Ондай думаннан қалатын мен бе, тәуекел деп Көкшетауға жүріп кеттім. Қасыма бесалты жігіт ерді. Ат бәйгеден соң балуандар күреске шықты. Өңкей бір нар бурадай біреулер. Солардың бәрін қара маска киген нән балуан жығып шықты. Де-лебем қозып кетті. Оған жетіп бардым.

— Күрескелі келдің бе?— деді, ол мені менсінбей.

— Күресемін.

— Уақыт бітті, ертең — деді цирк бастығы.

Жұрт шулап кетті:

— Күрессін, күрессін.

Қара маска мені олқысынғаны ма, әйтеуір:

— Залогпен күресемін,— деді.

— Жарайды, неше сом?— дедім мен де тайсалмай.

— Жетпіс бес сом.

Менің жігіттерім 75 сомды шығарды. Сонымен күресіп кеттім. Қара масканың әдісі — кісінің мойнын қысып, әлсіретіп жығу екен. Оны алдағы балуандармен күрескенде байқағанмын. Мен мойнымды ұстатпауға тырыстым. Ол әбден әлекке түсті. Бір ніні келгенде оны арқалап алдым да, айналдырып-айналдырып барып, шалқасынан жерге атып ұрып, кеудесінен бастым да тұрып кеттім. Қарон қабырғасын ұстап, жығылған орнынан әрең тұрды.

— Қапыда жықты, болмайды, — деп шу ете қалды цирктегілер.

Менің жігіттерім:

— Нағыз жығыс осы!

— Жетеді.

— Біздің балуан жеңді!

— Күшті болса, қырық пұт гир көтеріп көрсін,— деді цирктегілер.

— Қырық түгілі, елу болса, да, көтеремін,— дедім мен ерегісіп.

Олар 51 пұт гирді мойныма артты. «Иә, пірім!»— деп, көтеріп орнымнан тұрдым да, гирлерін лақтырып тастап жүре бердім.

Еркебай үйінде отырғандар бұл әңгімеге таң-тамаша болып, ұйып қалыпты. Әрқайсысы тұс-тұстан «Па, шіркін, балуан деп, міне осыны айт! «Ту-у, не деген орасан күш!» «Өзінің балуандығы мен әні де сай келген екен». «Мұндай ересен алып бола бермес» — десіп оған тәнті болысты.

Осылайша таңертеңнен бері жиналған ауыл адамдары өлең-жырға қарық болды. Нұрмағамбеттің елу бір пұт гирді көтеріп, Қарон балуан қабырғасын күйреткеніне таң-тамаша қалысса, енді бірде Кененнің «Көкшолағына» «ой, пәлі-ай!» десті. Бәрі көңілді, жүздері жадыраңқы. Әсіресе, алыстан келген құрметті қонақтың серпіле сөйлегеніне әсіресе, үй иесі Еркебай дән риза. Осы шат-шадыманды отырыстың артын суытпауға тырысқан ол енді Жамбылға былай деп сөз қатты:

— Жәке, ана бір жылы Сұлутөрде әлгі Бадамша сақаудың Алпамысқа айтқанын жырлап елді мез-мейрам еткеніңіз әлі есімде, соны тағы бір айтып жібересіз бе? Бұған Жамбыл:

— Е, е, ол жастау кезде айтылған бір кеп қой. Бала кезімде Майкөт ақынның қасында жүріп ұққан Алпамыс қой. Қалауың сол болса, айтып көрейін:

— Баяғы өткен заманда, Жиделібайсын жерінде, қоңырат деген елінде Байбөрі деген болыпты. Қанша бай болса да, бір балаға зар екен. Күндердің бірінде бәйбішесі айы-күніне жетіп алпамсадай бір ұл туыпты. Оның атын Алпамыс қойыпты. Бала ержете келе ересен батыр болып шығыпты. Еліне шапқан қалмақтың Қараман деген ханын жеңіпті. Сөйтіп, келе жатса, алдынан мыстан кемпір шығып, соның айла-алдауымен зынданда жеті жыл жатыпты. Ханның Қаракөзайым деген қызы Алпамысқа ғашық болып, оны зынданнан шығарып алыпты. Алпамыс еліне бет алып келе жатса, зарлаған бір дауысты есітеді. Барса, өзінің анасы екен дейді. Баласын аймалап сүйгенде тас емшегі иіп кетіпті. Анасы айтыпты:

— Мына қырдың астында ханның түйесін бағып әкең жүр, оны куант, оның ар жағында інің Жәдігер

қозы бағып жүр — депті. Оларға барып қойдай жамырасады. Әке мен інісінен Алпамыс елде той болып жатқанын, Гүлбаршынды отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, хан некелеп алғалы жатқанын есітеді. Енді ол диуана кейпіне түсіп тойға келеді. Алдынан Бадамша деген сақау шығып, айтыса кетеді.

Жамбыл енді диуана мен Бадамша сақаудың айтысын күйқылжыта, құбылта жырлай жөнелді.

— Ау, Бадамша, Бадамша, сөз сөйлеші адамша? Былдырайсың қу неме, тілі шыққан баламша, түсінбедім сөзіне, сенбей тұрмын өзіңе, кешегі құл Ұлтанды, хан болды дейсің қалайша? Гүлбаршындай аруды алмақ екен қалайша? Жөндеп айтшы Бадамша, түсіндірші адамша? Бадамша бұған сақаулана жауап қайтарып жатады. Күлкіге, күлкі ұласты. Жұрттың бәрі «бәрекелде Жәке, тағы бір жадырап қалдық қой» деседі.

Сол сапарда Жамбыл Балуан Шолақты тобымен ертіп ауылына келген. Қара Қастек, Майтөбе, Құлансаз жайлауын аралап, Балуан Шолақ өнерімен ел-жұртты таныстырған.

Бір жолы ол Балуанды Алматы базарына ертіп барған. Балуан Шолақ дүкенде темір соғып отырған бір ұйғыр ұстасына келіп:

— Тауға шығатын едім, атыма таға соғып бер — деген. Олар бір айналып барса, әлгі ұста тағаны соғып, суарып қойыпты. Балуан:

— Әуелі ұстап көрейінші, — деп, тағаларды қысып жібергенде, қабысып кеткен. Оған бәрі таң-тамаша қалысқан.

Бұл Жамбылдың Сәбитке айтқан әңгімесі.

ТОҚТАҒҰЛ

Қырғыз елінің ақын, жыршы, манасшыларымен талай кездесіп, сұхбаттасып жүрген Жамбыл өмірінің соңғы күндеріне дейін Мұратәлі күйшімен жиі кездесіп жүрген. Осы екі өнерпаздың достығы жөнінде қырғыз зерттеушісі Б. Алағүшевтің кітапшасында Мұратәлінің Ыстықкөл жағасында Жамбылмен талай кездесіп, күй шертісіп, жыр айтысқаны жайлы жазылыпты: Сонда: «Мұратәлі қазақтың атақты ақыны Жамбылмен дос болған. Одан қазақ елінің талай өлеңдері мен күйлерін үйреніп, екі

шекті домбыраны шебер шерте білген. Бір туған қазақ ауылдарына досы Жамбылмен бірге барып, қырғыздың күйлерін шертіп берген. Қазақ елінің әдет-ғұрып, салтымен танысқан, елінің тілін үйреніп, өлендерін, күйлерін домбырада сандуғашша сайратқан». Бір бұл емес Жамбыл ертеректе Тыныбектен «Манасты» тындаған. Әсіресе, қырғыз халқының демократ ақыны Тоқтағұлмен сырлас, мұндас болып өткен. Кеңес тұсында Тоголок, Қалық, Әлімқұм, Оспанқұл сияқты ыршы, комузшылармен жиі кездескен.

Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазбалар қорындағы сақталған материалдарда Тоқтағұлдың 1910 жылы Сібір тұтқынынан қашып шығып, қазақ еліне қалай жеткені, Жетісуда Жамбыл аулына келіп, онымен танысып, айлап бірге жүргені жазылған.

«Қазақ жеріне келгенде өз еліме өз үйіме келгендей болдым» депті Тоқтағұл. Ол қазақ жерінде бір күні сырқаттанып, жүре алмай қалады. Сонда оны қазақ достары арқалап жүргенін елге келгенде өзі жыр ғып айтқан екен. Қазақ достарының жәрдемімен Тоқтағұлдың өз еліне жеткеніне көптеген дерек бар. Түрмеден қашып келе жатқанда ол былай деп жырлапты:

Қанатым — қазақ туысқан,
Хабар ал жаннан ұғысқан.
Бәрің бірдей жақынсың,
Бәрің келіп тұрасың,
Жасырмастан айтайын,
Болған істің расын,—

деп, қазақ халқына өз басынан кешкен жайларды ақтарыла жыр етеді». Осындай деректерді кезінде Жамбылдың жанында жүрген шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Есдәулет, Әбдіғали да айтқан болатын.

1964 жылдың күзінде Кенен Әзірбаевтың өлең, жырларын жинастырып, баспаға әзірлеу үшін арнайы тапсырмамен Қордайға бардық. Кенекен біздің алдымызда ғана Фрунзе (Бішкек) қаласынан келіп отыр екен. Тоқтағұл Сатылғановтың туғанына 100 жыл толу тойына қатысыпты.

— Қырғыз ағайындар, — деп бастады ақын әңгімесін, — Тоқтағұлға зор құрмет көрсетті. Өлең, жырларын оқыды. Әндерін шырқап, күйлерін шертті. Солардың ішінде, әсіресе, бір ғалымы айтқан сөз бен Оспанқұл ыршының Тоқтағұлдың «Қазақ жерінде» деген өлеңін жырлап

бергені, біздің Жәкеңмен қалай кездесіп, бірге жүргені маған қатты әсер етті.

Біз білмейді екенбіз, Тоқтағұл Сібір түрмесінен қашып, орманды аралап жүре беріпті. Сөйтіп, қазақ жерінің шетіне ілігіпті. Ауыл аралап, өлең айтыпты, жарасы жазылып, есін жинапты. Семейді жағалап, Аягөз асып, Жетісуға жетіпті. Қаракастекте Жамбылмен кездесіпті. Жәкең, жарықтық, Тоқтағұлдың тау суындай тасқындап төгілген жырына, бай, манаптарға бетің бар, жүзің бар демей батыл айтқан сөзіне тәнті болып, оны өзі ертіп жүріпті. Қастек, Қаскелең, Майтөбе, Суықтөбені аралатыпты. Екеуі Құлансаздағы тойда болыпты. Содан Қордай асыпты. Кебекбай, Ноғайбай ауылдарын ән мен жырға бөлепті. Берегіректе, Жәкеңнің қасында көбірек жүрдік қой. Қырғыз еліне де талай бірге бардық. Сонда Жәкең, әсіресе, Мұратәлі мен Тоқтағұлды аузынан тастамайтын. Қырғыз достарына Тоқтағұлдың жырларын айтқызып, Мұратәлінің күйлерін шерткізетін. Жаздың тамылжып тұрған бір күнінде Ыстықкөл жағасындағы бір қырғыздың үйінде аялдап отырғанымызда ол Тоқтағұл туралы біраз әңгіме айтып еді. Сондағы Жәкеңнің:

Айдауды көрген Тоқтағұл,
Байлауды көрген Тоқтағұл.
Зынданды көрген Тоқтағұл,
Мұң, зарды көрген Тоқтағұл,
Қол аяғы кісенмен,
Қинауды көрген Тоқтағұл,
Қайда екен сол Тоқтағұл? —

деген терме сөзі әлі есімде...»

Тоқтағұл мен Жамбылдың тағы бір кездесуін Жамбыл шәкірттерінің бірі, төкпе жырдың шебері Үмбетәлі Кәрібаев кезінде былай әңгімелеген-ді:

— Ұмытпасам, 1912 жылдың жаз айы болатын. Қырғыз Алатауының «Үлкен кемин» дейтін кең жайлауында Ресей патшалығынан полковник атағын алған қырғыздың манабы Шабденге ас берілді. Кең сазға үш жүздей үй тігіліп, әр тараптан халық ағылып келіп жатты. Жетісудан да көптеген адамдар барды. Жамбыл, Кенен бәріміз сол тойға қатыстық. Маған жыр кезегі үшінші күні, ат бәйгесі болардың алдында ғана тиді. Оның алдында Жамбыл, Кенен және қырғыздың ірі ақындары жырлап өтті. Ақындар айтысы да аяқталды. Әр елдің өңкей дөкей бек, манаптары үлкен ақ үйде қымыз ішіп, ет алып

отыр еді, қырғыздың аға ақыны Қалмырза:

— Кәне, Үмбет ыршы жорғаға салып, тамашанды көрсет! — деді.

Мен ақпалы термемді төге жөнелдім. Екі елдің достығын, ақындарын, батырларын мадақтадым. Бір кезде Тоқтағұлды атай беріп едім, төр жақта отырған бір бегі болу керек: «Тоқтат!» деп, ақырып қалды. Сол кезде манадан бері үй сыртындағы топ адамның ішінде жүрген Тоқтағұл үйге кіріп келді. Әлгі бек Тоқтағұлға қарап:

— Шық үйден, айыпкер қашқын! — деп зеки бастады. Осы кезде кең үйдің бір жағында Мұратәлі, Оразәлі, жырышы, күйшілер ортасында отырған Жамбыл: «Тоқтай тұрындар» деп Тоқтағұлға:

Келдің бе, ақ иығым, алыс жерден
Өтіпсің самғап ұшып асқар белден.
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,
Хан, төре айналмай ма сендей ерден.
Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп,
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан
Жетіпсің енді, міне, елге келіп»,—

деді де, орнынан тұрып барып, оны айқара құшақтап, қасынан орын берді. Тоқтағұлға «үйден шық» деп жатқан сол елдің Бәйтiк деген манабы екен. Ол өршелене түсіп:

— Ай, қазақтың жалғыз атты ыршысы, билік айта-тындай бұл сенің айылыңның тойы емес, біздің қасиетті жарты патшамыздың асы, қаңғыбас қашқынды жақтамай жайыңа отыр! — демесі бар емес пе? Бәріміз сол арада дау шығып кетпесе екен деп, еліре қалыппыз. Тоқтау айтып жатқандар да бар. Мұндайда даудан да, жаудан да беті қайтпайтын Жәкеңнің екілене түсетін әдеті бар ғой:

Тұлпарды тұлпар таниды,
Ертеден шапса талмайтын.
Сұңқарды сұңқар таниды,
Ілерде жемін самғайтын.
Батырды батыр таниды,
Ұрандап жауға шапқанда,
Жауған оқтан қайтпайтын.
Жақсыны жақсы таниды,
Сыртынан ғайбат айтпайтын.
Ел бұлбұлы Тоқтағұл,
Жырымен жауын жасқайтын,
Пенде емес пе Тоқтағұл,
Ордаға аяқ баспайтын.

Қарғаны қарға таниды,
Қаркылдап қағып қанатын.
Құзғынды құзғын таниды,
Өлексеге ауыз салатын.
Болысты болыс таниды,
Параны жалмап алатын.
Манапты манап таниды,
Нашарға құрық салатын.
Ақынды ақын таниды,
Сөз қадірін андайтын.
Тоқтағұл мен Жамбылдың
Жырлары сел боп ағатын.
Қиядан ұшса қос қыран.
Бірін-бірі табатын.

Осылайша термелеп төгіп-төгіп жібергенде, отырған көпшілік сүттей ұйыды. Батыл да, байламды сөз Жамбылдың сұсы басты білем, маналы бері өз буына өздері пісіп, асып-тасып, серпіле-лепіре сөйлеп отырған бай, манаптар да бірауық үнсіз тына қалды. Осы бір сәтте Тоқтағұл комузын безектете шертіп-шертіп жіберді де жырлап жөнелді:

Қазақта Жамбыл сен едің,
Шалқып жатқан көл едің,
Өлеңі оттай лаулаған,
Тасып бір өткен сел едің.
Қырғызда бір бауырың,
Тоқтағұлың мен едім,
Қай қырғыздан кем едім.
Қарсы болып манаппен,
«Ит жеккенді» көргенмін.
Жаласынан бектердің,
Сібірде де өлмедім,
Қорлық көріп жүргенде,
Өлең болды ермегім.
Сағынып елге келгенде,
Намысты қолдан бермедім.
— Ей, манаптар, манаптар!
Шабденнің бұл асында
Қырғыз бенен қазақтар,
Бас қосады деген соң.
Жиналыпты санаттар.
Болыс пенен билерің,
Қазан аңдып бұл күнде,
Бұралқы иттей жалақтар,—

деген кезде, көп ішінен біреу «тоқтат!» деп айқай салды. Қарасақ, қырғыздың бұғы-марал руынан шыққан Ешкібай манап екен. Ол орнынан тұрды да:

— Тағы да «ит жеккенді» көрейін демесең, жап

аузынды!— деді. Осындай қасиетті жарты патшамыздың асында «бұралқы иттей жалақтар» деп кімді айтып тұрсын, жалаң-аяқ қашқын неме?» — деп Тоқтағұлға тұра ұмтылды. Осы кезде Жамбыл тағы да: «Сабыр, сабыр! Ақын елдің еркесі, оған қол жұмсауға болмайды, ащы айтса, соныкі жөн!» деп әлгіні тоқтатып тастады.

Сол айтылған Қырғыз академиясының қолжазба қорында Шабден асының қалай аяқталғаны да жазылыпты. Оның Жамбыл мен Тоқтағұлға қатысты беттерінің қысқаша мазмұны мынадай: Әр елден асқа келгендер тарап жатады. Жамбыл жырын мол тыңдап, оған риза болған Шабденнің үрім-бұтақтары оған ат мінгізіп, шапан жабады. Сонда Жамбыл: «Бұл құрметтеріне ризамын, мен осы сыйлықты Тоқтағұлға тартамын. Ол болса, сонау «ит жеккеннен» талай қиыншылық көріп келді ғой»,— деп шапанды Тоқтағұлдың алдына қояды.

Архив материалдарының келесі беттерінде екі ақынның тағы бір кездескені айтылыпты. Бұл 1922 жылдың күз айы екен. Тоқпақ шаһарының ірі байларының бірі Бұланнның үйінде Тоқтағұл мен Жамбыл екі-үш күндей жатып өлең, жырдың тиегін ағытыпты. Сауық-сайран құрып отырғандар Тоқтағұлға «Ой, бұлбұл», «Шоң кербез», «Кедейхан», «Бес қабан», «Қазақ жерінде» тағы бірқатар жыр толғауларын айтқызыпты. Жамбылға «Мұңлық-Зарлықты», «Қыз Жібекті» жырлатыпты. Қымызға қызып алғандар екі ақынды айтыстырмақ болады.

— Біз екеуміз айтыспаймыз, — дейді Жамбыл. — Көңілі жақын, сыйлас ақындар өзара айтыспаған. Егер айтса қыза-қыза бір-біріне тілі тиіп, арасы суысып кетеді. Одандағы біздің қисса, күйлерімізді тындай беріндер.

Осылайша екі дүлдүл кезекпе-кезек күн-түн жыр төгіп, күй шертеді. Ертеңіне ақындар жүрер алдында Бұлан мырза өзі арнайы шақырған Тоқтағұлға 500 сом сыйлап. Жамбылдың иығына сенсең тон жабады. Сонда Тоқтағұл:

— Жамбыл аға, — дейді, — ана бір жылы сонау Сібірден жалаң аяқ арып-ашып, ауылыңызға жеткенімде екі айдай қасыңызға ертіп жүріп, есімді жинаттыңыз. Астыма ат беріп. Сусамыр жайлауына дейін шығарып салдыңыз. Онан соң, Шабден манаптың асында жалақор манаптар итше арсылдап, етегімнен тартқанда арашаға түсіп, менің сөзімді сөйледіңіз. Өзіңізге берген жібек шапан мен тортөбел жорғаны маған сыйладыңыз. Қазақ, қырғыз жиналған сол жиында мәртебемді бір көтеріп

тастадыңыз. Сіз бұл ауылға меймансыз ғой, мынау мінгізген атым болсын, қабыл алыңыз деп, Бұлан бай берген 500 сомды Жамбылдың алдына қойыпты.

Сонда Жамбыл:

— Тоқтағұл бауырым, мақұл ғой. Бірақ, сен көп азап көрдің. Бала-шағаң бар, солардың қажетіне жұмса, тұрмысыңды түзе. Ал біз болсақ ел ішінде жүрдік қой, — деп 100 сомын алып, қалғанын өзіне қайырып беріпті. «Келесі жазда Майтөбеге кел, елді тағы бір аралатайын» дейді Жамбыл. Бұл шақыру бойынша Тоқтағұл Жамбыл ауылына барды ма, бармады ма, ол жағы беймәлім.

Тоқтағұлға өшіккен қырғыз манап, болыстары 1913 жылы нақақтан жала жауып, тағы да ұстатып, Наманган түрмесіне қаматады. Бұл суық хабарды Жамбыл сол жылы Ұзынағашқа келген қырғыз жыршылары Қалық Акиев, Әлімқұл Үсенбаевтан есітеді. Бұлар Ресей патшасы Романовтар тұқымының патшалық құрғанына үш жүз жыл толуына байланысты Ұзынағашта ашылған көрмежиынға шақырылған болатын. Әлімқұл мен Қалық «Тоқтағұлды босатып алу үшін қаржы жинап жүрміз» дейді. Сонда Жамбыл: «Мұндай «жылудан» тыс қалуға бола ма? Тоқтағұлдан аярым жоқ. Екеуің қайтарыңда біздің ауылға соғып, менің қосар үлесімді ала кетіңдер», депті. Сонымен, олар біраз қаржы жинап, еліне оралыпты.

Жамбыл 1933 жылы Тоқтағұлдың қайтыс болған хабарын естіген. Сол кезде немересі Тоқтағұлдың кітабын оқып жатыр екен. Жырға құлағын түріп отырған ақын қырғыз досының сөзін бірден таниды. Сол арада ол:

Немерем бір кітапты оқып жатты,
Кітап сөзі әркімнің ойын тартты.
Байқаймын, тыңдағанның көңілі шат,
Алғандай әр сөзінен бір ләзатты...
— Апырай, деді әркімдер, — кімнің жыры?
Берейін тағы да айтып деймін мұны, —

деп басталатын жырында ол Тоқтағұлдың батыл сөзді, өр мінезді, бұқарашыл ақын екенін көпшілікке сипаттап береді.

Тындасақ кеше оның зарлы күйін,
Тындаймыз бүгін; міне, нәрлі жырын.
Ел сүйген ізгі нәрсе ізсіз қалмас,
Жалғаны бар ма, айтшы, менің мұным,
Ақынның құламайтын күмбезіне —
Осы жыр ескерткішке қойған гүлім! —

деп түйіндеген екен. Міне, бауырлас екі елдің дүлдүл жыршыларының жарасымды достығы осылай өткен.

* * *

1972 жылдың маусым айында Алматыда Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толу мерекесі өткізілді. Осы тойға келген қырғыздың белгілі жазушысы Темірқұл Үмбетәлиев мына бір әңгімені айтқан еді:

— Сонау бір жылы, — деді ол, — мен Шота Рұставелидің «Жолбарыс тонды жиһангез» поэмасының 750 жылдығын Тбилисиде мерекелеу күндерінде Жамбылды тағы да көрдім. Ол қырғыздың таңдаулы ақындарының ырларын, «Манас» халық эпосын жақсы білетіндігімен мені тағы бір таңдандырды. Жамбыл сол жолы қырғыз ақындарының өлеңдерін менің өз тілімде айтып берді.

Біздің атақты Тоқтоғұлымыз Сібір тұтқынынан қашып, елге жеткенде, Тоголок молдаға кездесіп былай деген ғой:

Тоголок молдо, булбулум,
Боарыдан чыккан туйгунум,
Бала-чаган аманбы?
Басынып жүрген кургурум,
Насылың саяк,тууганым
Туғандан чыккан бууданым.
Башынан өзүң билесін,
Манаптар суруп куганын.
Пейли бузук манаптар
Иркутке айдап қыйнадың...

Сонда Тоголок молда:

Айналып кеткен шыбырға,
Ақын Током, аманбы?
Жалпы жарды-жалтыға,
Жақын Током, аманбы?
Манаптар менен баштасқан.
Батыр Током, аманбы?
Қызыл тілин сайратқан
Бұлбұл Током аманбы?
Алыстан алыс чуркаган,
Дүлдүл Током аманбы?
Қумуш чалгын күүлеге,
Қумуш чалгын күүлеге,
Түйгун Током, аманбы?..

Осы екі ыршының сәлемдесіп кездескенін Жамбыл осылайша қырғызша ырлап бергенде, бәріміз таң-тамаша қалдық.

Айылға қайтар кезде Тбилисидің «Ориентал» қонақ үйінде жатқан Жамбылға тағы бардым. Оны тындай бергім келеді. Қасында Кенен, Тайыр екеуі жас баладай жүтіріп қызмет істеп жүрді. Кенен шай құяды. Ал, Тайыр болса, оның аузынан шыққанын қағып алып жазып отырады. Мен сәлемдесіп отырып:

—Сіз «Манастың» қай тарауын білесіз? — деп сұрадым. Менің бетіме сәл қарап тұрды да:

— Тарау-сарауынды білмеймін, — деді де, «Манасты» бастап кетті.

Талай күндер өтіпті,
Күн мезгілі жетіпті.
Талай айлар өтіпті,
Ай мезгілі жетіпті.
Алатаудың өрінде,
Ақ Таластың жерінде,
Ақ Қалмақтың елінде,
Батпандап боп бір бала
Дүниеге келіпті.
Шүйіншілеп қырғыздар,
Үлкен-кіші, ұл-қыздар,
Шілдеhana өткізіп,
«Манас» деп ат беріпті.
Осылайша Манастың,
Жетіге жасы жетіпті.
Балалармен ойнайды,
Ойынға еш бір тоймайды.
Сегізге жасы толғанда,
Ұзарып өсіп бойлайды.
Күреске шыққан баланы.
Шетінен жықпай қоймайды.
Қолын қысса бірінің,
Салады екен ойбайды.
Алысса көп баламен,
Барлығында жайғайды.
Таяқ жеген балалар
«Бұл жынды» деп ойлайды.
«Қара дәу» деп, «Жынды» деп,
Мазактауын қоймайды.
Ойраттан келген көп бала,
Омақаса құлапты.
Монғолдан келген топ бала,
Ойбойын салып жылапты.
Мәжүннен келген қырық бала,
Қырқы бірдей сұлапты.
Шүршіттен келген сексені,
Сескеніп бата алмапты.
Он жасқа келген Манасты,
Айыл-аймақ жиналып,

Ел басқар деп таласты.
— «Асыл тастан шығады»
Ақыл жастан шығады,
Қамқор бол мынау еліңе,
Ие бол мынау жеріңе
Өзге елге бізді теліме,—
Деп шуласып бар қырғыз
Соңынан оның ереді.
Қолына тізгін береді... —

деп басталатын бала шағынан бастап, шоң батыр болып Қайнекей аруға үйленгеніне дейін айта берді. Арасында Манастың Қабан батырды, Дүрді дәуді жеңгені, біздің Қосай батырға келгені, Әлеуке ханның қорқып қашқаны, Көкетайға ас берілгені, Алмамбет, Ер Қөкше батырларға келіп қосылуы бар емес пе? Үметей, Семетей тағы бар. Бәрінен де Айшөрек сұлуды айтсайшы!

Жамбыл бір кезде:

Ақ сарайда жатқанда,
Ағарып таң атқанда.
Кер маралдай керіліп,
Айшөрек ару тұрыпты,
Беті, қолын жуыпты.
Тотыдайын таранып,
Аққудайын сыланып.
Шарайнаға қарапты.
Қара шашын тарапты,
Ақ маңдайы жарқырап,
Тана көзі жалтылдап,
Көрген түсін айтуға,
Қоя тұрып өнгесін,
Шакырыпты жеңгесін:
— Ау, женеше, женеше!
Бір түс көрдім өзгеше... —

дейтін жерін термелей жөнелді. Содан кейін ол:

— Жас кезімнен Тыныбек, Найманбайлардан, кейінірек Тоқтағұлдан тындап естіп, жаттап алған едім, — деді.

Тындап отыра беруге уақыт қайда? Бәріміз жол қамына кірісіп кеттік. Сонымен, Жамбыл қырғызша да ырлай беретін шоң шабытты ақын еді...

«ӨСТЕПКЕДЕ»

Ресей патшалығы Романовтар әулетінің патшалық құрғанына 300 жыл толып (1913 жылы), оған жер-жерде той-мереке, көрме ұйымдастырады. Верныйдағы жиын-көрме бұрынғы Бас арықтан (осы күнгі Абай даңғылы) жоғары, тау бөктерінде өтеді. Оған жүздеген киіз үй тігіледі. Алатау атырабынан халық мол жиналады.

Ақындық сөздің әсер-ықпалын ертеден білген байлар, губернатор, шенеуніктер ауыл-ауылдан ақын, жыршы, әнші-күйшілерді, палуан, аңшы сайыпқырандарды түгел шақыртады. Осы көрме-тойға Жамбыл, Үмбетәлі, Мақыш, Қарабек, Сүлеймен, Арғынбай, Кенен, Мұхаметжан, Арқабай, Мамырайым, Сәдібек, Шөкітай, Жанақбай, Өмірзақ, Әбдіқадыр, Манак, Шарғын, Жалымбет, Избасар, Сары, Байбурыл, Қожантай, Қайрақбай, Беғалы, Бектұрсын, Құрама, Рысқұл, Бармақ, Қуандық, Әмір — барлығы отыздан астам ақын, жыршы қатысады. Сол кезде түсірілген олардың фото-суреті де бар, ол бүгінде Жамбыл музейінде сақтаулы.

Тойды басқарып жүрген ояз, шенеунік, тілмаштар ақындарға келіп: «300 жыл патшалық құрған Романовтар тұқымын мақтап, сипаттап өлең-жыр айтыңдар, осы той-мерекені ұйымдастырып отырған ояз, губернатор, жандаралдарды, болыс, билерді дәріптеңдер!» — деп тапсырады.

Өлең-жырдың бұйрықпен тумайтыны белгілі. Ақындар бір-біріне қарасады, не айтарын, неден бастарын білмей біраз аңырып отырысады. Ояз, урядник, жасауылдар: «Кәне, бастандар!» — деп дігірлейді. Сонда қашанда тайсалмай, батыл сөйлейтін Жамбыл былай деген екен:

Петроград, Алматы,
Бір жылдық жол арасы-ай.
Патшаның қуын қарашы-ай!
Өзі келмей істеткен,
Айдаалаға тамаша-ай!
Қазақ пенен қырғыздың
Табак-табак етімен,
Тойғызып жатыр сабасы-ай.
Өңшен ұлық өгіздей,
Біз — бұзау мен танасы-ай,
Үйсін, найман саңлағы
Өстепкеге жиылдың.
...Келтірдіңдер намысты,
Тек қорланып күйіндім.

Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйынның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым...

Патша мен өздерін мақтауды күтіп отырған ұлықтар мұндай сөзді күткен жоқ еді. Жандармдар жан-жақтан шу ете қалды:

- Патшаны мақта дегенім қайда?!
- Біздің қасиетті ақ патшаға тіл тигіздің?
- Сендерді шетінен қамату керек!

Оның алдында бәрінен жасы үлкен Жамбылды ақындарға бас ие етіп, ешқайда тарап кетпесін деп тапсырған екен. Ақын, жыршыларға кең жайлау үй керек, алдында шайы, қымызы сапырулы тұру қажет. Ал, әлгі губернатордың зіркілдеген шабармандары оларды төсеніші жоқ бір сарайға отырғыза салғанда, есігіне күзетші қойған. Уақтылы ас-ауқат ішпеген, жағдайы болмаған ақындар жан-жаққа тарап кетеді. Қасында тілмаш, шабармандары бар Дыханов деген ояз бастығы Жамбылға:

— Ақындар қайда? — депті.
— Тамақтанып келгелі таныс-үйлеріне кетті — депті, Жамбыл.

— Неге оларды таратып жібердің?!

Әпербақан Дыханов Жамбылдың басына қамшымен тартып-тартып жібереді. Шарғын ақын арашаға түсе беріп еді, Дыханов оны да таяққа жықты. Ашу-ызаға булыққан Жамбыл:

Әділетсіз ояздар,
Ақ таяқты оқталып,
Есігінде тұрады.
Жазығы жоқ Жамбылды,
Төбеден кеп ұрады.
Ертерек үйге қайтайық,
Жұртқа керек өленді,
Ауылға барып айтайық! —

деді де, үйден шығып жүре берді.

Ақындар оның артынан сыртқа қарай лап қойды. Есік алдындағы күзетші мен Дыханов оларды жібермеуге жанталасты. Қамшысын үйіріп сабалап жүр. Қапелімде мылтығынан айрылып қалған күзетші де дәрменсіз боп қалды. Көптің аты — көп. Айналдырған екеуі не қылады? Дыханов көмек сұрап кері шапты. Ақындар көліктеріне мініп, ауылдарына тарап кетті.

КӘДІРБАЙҒА

Дамылсыз ел аралап, жыр айтып жүрген Жамбыл бір жолы арып-шаршап, аты болдырып, ауылына бет алып келе жатса, алдынан бір кедей жігіт шығыпты. Жөн сұрасып болған соң әлгі жігіт:

— Кәдірбайдың аулынан келемін, — дейді. — Қорадан мал бермейтін сақ төбеті өліп, соған бай қайғырып жатыр. Жан-жақтан жұртты жинатып, «кімде-кім төбетімді мақтап өлең айтса, соған зерлі шапан, елу қой, екі бірдей жорға ат сый беремін» деп жар салыпты. Ақындардың бәрі сонда. Ақын болсаң соған бар, бар дағы сол сыйлықты жеңіп ал, — депті.

Жамбыл барса, ауылда үлкен думан, бір үйде тола ақын, жыршылар, төрде Кәдірбайдың өзі отыр. Ақындар бірінен бірі асамын деп лепіріп, байды, оның итін мақтайды: Даусы шінгірлеген, қысық көз, жағы қушиған, бір ақын: «Бұл маңайда сенен асқан бай жоқ, жер қайысқан үш мың жылқың бар, сар даланы қаптап жатқан бес мың қойың бар, айыр өркеш, қызыл нар түйелерің тағы бар» деп өтті. Ұзынтұра, қатқан қара жыршы қарлыққан даусын барылдатып: «Қадіреке, әкемсің, жұрттан асқан еркемсің, қой бастайтын серкемсің, губернатор, жандарал сенен келіп ат мінген, қымызыңды ішіп, тайыңды жеп, сенен келіп күн көрген, бәрі сені сыйлайды, айтқаныңды тыңдайды» деп шықты. Бұған ызасы келген Жамбыл домбырасын қағып-қағып жіберді де:

Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айта ма, осылай?
Сөздеріңнің дәмі жоқ,
Күйлеріңнің сәні жоқ.
Пайдасыз жұртқа құр айқай, —

деп жағымпаз, жалтақ жыршылардың бетін бір қайтарып тастап, байға қарап айтқаны мынау екен:

Ал, Кәдірбай, құлақ сал,
Жамбыл сөзін тыңдап қал!
Итіңді жаман демеймін,
Күзетіп жүрген малыңды.
... Айтсам сөзім нанымды,
Өлеңім оттай жалынды.
Ауылды торып аңдыған,
Қасқырды талай қан қылған.
Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан ауылды...

Мұны есіткен байлар, шонжарлар жағы елере түсті: «Ұстандар ананы, жазаландар екей жыршысын, біздің қадірлі Қәдірбайға тіл тигізді!» деп айқай-жанжал шығарды. Бірақ, жан-жақтан анталаған халық өз жыршысын арашалап қалды. Бәрі Жамбылды орталарына алып, елді-еліне тарасты.

ДҮРБЕЛЕН

1916 жыл. Жаз айы. Құлансаз жайлауына жан-жақтан ағылып кеп жатқан халық. Аттылы, жаяу, өгіз, түйеге мінгендер. Бәрінің қолдарында бақан, сойыл, айыр, шоқпар. Кейбірі мылтық асынған. Әркім тапқанын қару еткен. Белдерін бекем буынып, білектерін сыбанып алған өңкей өрімдей жігіттер. Бұлар Жайылмыс болысынан, Қарғалы шұға фабрикасынан, Қарабастау, Майтөбе, Қарақия, Үшқоңыр, Үлкен саз, Кіші саз жайлауларынан жиналған егінші, малшы шаруалар мен жұмысшылар еді.

Бас-аяғы жиналып бола берген соң, олар түс ауа болыстың алты қанат ақ үйінің алдына кеп шоғырланды. Көпшілігі ат үстінде, жаяулары да қаптап жүр. Сол жиналған топтың алдыңғы қатарында тұрған Бекболат батырды, оның ағасы Байбосынды, қырғыз досы Қалиқұлды Жамбыл айтпай таныды.

Бекболат алға шықты:

— Кешегі Верныйға барып хабар берген болыс қайда? Тізімін алып шықсын бері!

Болыстың шабарманы болу керек бір жігіт:

— Болысекем қалаға кеткен, — деп, жауап берді.

Бекболат жиналған көпшілікке қарап:

— Уа, халайық, тыңдаңыздар!— деді. Сіздер ақ патшаның он тоғыз бен қырықтың арасындағы қазақтың ер-азаматтары қара жұмысқа алынсын деген жарлығын естіген шығарсыздар. Байлар мен болыстар тізім жасап шабуылдап жүр. Кеше Жайылмыстағы Бейсембай болысты байлар мен саудагерлер қоштапты:

«Патша жарлығына қарсы шығу күпірлік! Ақ патшаға қызмет етуге борыштымыз, солдат беруге міндеттіміз!»— депті. Сөйтіп, олар тізімін Верныйдағы губернаторға тапсырып қайтыпты. Шаруалардың, кедейлердің өтінішін қабылдамапты, көз жасына қарамапты. Біз енді оларға жалынып күн көре алмаймыз. Қарсы күреске шығамыз! Ағайын, ту астына жиналындар! Ат-көліктерің-

ді, қару-жарақтарыңды сайлаңдар! Көлік таба алмағандарың байлардың жылқысынан ат ұстап мініңдер. Біз қару-жарақ соқтырамыз, бекініс жасаймыз!

Жігіттер бір ауыздан:

— Біз дайынбыз!

— Баста, батыр!

— Соңына ереміз!

— Солдатқа бармаймыз! — деп, даланы жаңғырта ұран көтерді.

Ақсақалдар:

— Иә, аруақ!

— Ақсарыбас құдайы, жолды оңғара гөр?— деп бата берісті.

Көпшілік арасынан Жамбыл алға шықты. Басында қырғызша ақ қалпағы, үстінде жадағай шекпені, қолында қалақша домбырасы. Ол Бекболатқа жақын барды:

— Сапар оң болсын, батырым! Естіп жатырмын, елді жинап, қол бастағаныңды. Батыр бабаларың Қарасай, Өтеген, Сұраншы аруағы қолдасын! Мен де сендермен біргемін!

Бекболат атынан қарғып түсіп, Жамбылды айқара құшақтап, сақалынан сүйді.

— Міне, жігіттер, көрдіңдер ме, Жәкен бізбен бірге! Кәне, Жәкене ат әкеліндер!— Бекболат осылай дей берді, бір жігіт мініп тұрған ақ жал жорғасын Жамбылдың алдына көлденең тартты. Ақын атқа қонды. Домбырасын шертті. Төңірекке қарап алды да, былай деп жырлай жөнелді:

Қызығынды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз,
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз!
Көкарайға жайылған,
Секілді едік үйрек, қаз.
Ештеңе жоқ уайымнан
Жүруші едік көңіл мәз.
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма лаж?
Ішке толған зарымды
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып береміз?..

Самсаған қол енді ылдифа қарай бет алды. Сол бағытта олар Қарасаз, Майтөбе, одан Суықтөбе мен Шиенде болды. Ел-жұртқа хал-ахуалды түсіндірді. Өздерінің сап құрап, патша әскеріне қарсы күш біріктіріп жатқанын

жариялады. Қатарларын толықтырды. Сол жасақпен бірге Жамбыл Үшқоңырға, Ошақты ойына, Аршалыға барды. Ондағы қару-жарақ соғып жатқан ұста дүкендерін аралады. Бөлекбай, Арызбай, Байсейіт, Қырықбай, Садық сияқты ұсталардың көрік жасап, күндіз-түні отпен арпалысып, ауыл адамдарының жан-жақтан жинап әкелген темір-терсек, кетпен, күректерін отқа балқытып, мылтық, найза, қылыш, алдаспан соғып жатқан қызу еңбектерін көрді. Ол осы ауылда түні бойы сарбаздар арасында Өтеген, Сұраншы батырлардың қайтпас, қайсар ерліктерін жырлап шыққан.

Онан соң Жамбыл Майтөбе, Қарғалыда ұйымдасып жатқан ереуілшілердің басы-қасында жүреді. Елдің бұл толқуына оның ақын әрі балуан інісі Мақыш Райымбековтың басшылық еткені белгілі. Ел жадында сақталған мынадай әңгіме бар. Бір күні арықтан атын суғарып тұрған Жамбылға бір топ жігіттер кездесіп, сәлемдеседі. Қарасудағы Бәйімбет балалары екен. Біреулерінің басы жарақаттанған, онысын таңып алыпты, енді біреуінің қолы шығып кеткен болу керек, жіппен мойнына асыпты. Балаңдау төрт-бесеуінің үстіндегі киімдері дал-дал болып кеткен. Бұлардың сиқын көрген Жамбыл:

— Е-е, неғып жүрген балаларсыңдар?— деп сұрайды. Орта жасқа кеп қалған мұртты біреуі:

— Жәке, сізге көрген қорлығымызды айтуға келе жатыр едік, — деп сөз бастайды. — Ауылымыздың болысы шабармандарына сабатты, ит қосып талатты.

— Е-е, оларға не жазыпсыңдар?— деді Жамбыл.

Басын таңып алған жастау бірі:

— Біздің жасымызды 25-те деп өтірік тізім жасап, ұлыққа тапсырыпты. Шынында мынау төртеуіміздің жасымыз биыл 16-да, бәріміз құрдаспыз. Ал, анау 45-тегі менің ағамды 30-да деп жасын кемітіп жазыпты. Болысқа неге бүйтесіздер?— деп барғандағы көргеніміз осы болды. Ата, не істейміз?— деді.

Жамбыл басын шайқап:

— Мынау адам төзбес қиянат қой, не істесек, екен, ә, (ол сәл ойланып) мен болысқа барғанмен түк шықпайды. Олар менің де соңыма түсіп жүр. Сендер тура осы беттеріңмен Мақышқа барыңдар, олар Майтөбеге жиналып жатыр, — деді.

Сөйтіп, Жамбыл оларға жөн сілтеген.

Мақыш өзі балуан әрі ақын болған. 1912 жылы қыр-

ғыз манабы Шабденнің асында қырғыз балуаны Сабырмен, екінші кезекте орыс-қазақ балуаны Подмоговпен күресіп, жығып, бас бәйгеге 30 сом ақша, төрт жылқы сыйға алған. Бұл дерек Петербург география қоғамының зерттеушісі С. Е. Дмитревтің «Байга у кара киргизов по случаю смерти манапа Шабдана в Пишпекском уезде, 1912 г» деген кітапшасында жазылған. Сол Мақыш балуан дүрбелең кезінде ауыл-ауылдан жігіттерді жинаған. Оны іздеп барғандарды өз тобына қосып ала берген. Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Қараш батырдың немересі Сатай Көбегенұлымен байланыс жасап, олардан жөн-жоба алып тұрған. Ереуілші жігіттерді Майтөбеге жинап біріктірген. Оның ішінде өзінің ағалары, Жамбылдың Өмірәлі, Тоққұлы деген жақын інілері мен Қожақ, Қожаш, Алғадай деген балалары да болған.

— Патша жарлығына қарсы күресеміз! Бірде-бір жігітті қара жұмысқа жібермейміз! Не де болса елді, тұған жерді қорғап өлеміз! Жігітке екі өлім жоқ! Бірігіңдер ағайын! Ат-көліктерің, қару-жарақтарың сай болсын!

Мақыш осылайша ұран тастап, елді ұйымдастырған. Жүздеген жігіттерді жабдықтап Сатай батыр бастаған қолға барып қосылған. Талай айқас-шайқастарда жігіттерді ерлікке бастап, жауымен аянбай күрескен. Сатайдың жан серігі болған. Бір ұрыста Сатай оққа ұшып, ат бауырында, сүйретіліп бара жатқанда, ол қуып жетіп, шала-жансар Сатайды көтеріп алдына мінгізіп алған, бір үйге апарып, жарасын таңған. Бірнеше жерінен оқ тиіп, ауыр жараланған Сатай батыр сол жерде жан тәсілім қылған. Мақыш жолдастарымен оны арулап қойысқан. Пулемет, зеңбірекпен қаруланған жазалаушы отрядқа төтеп бере алмаған қарусыз халық жеңіліп, бас сауғалап жан-жаққа бытырай қашқан. Тау-тасты, жыра-сайларды пана еткен. Ал, Мақыш болса, бір топ жігіттерімен қырғыз еліне өтіп кеткен. Ауыл-ауылды аралап, «Сатай батыр» деген дастанын жырлап жүрген. Бұл деректер журналист Нағашыбек Қапалбековтың Мақыш жөніндегі зерттеу очеркінде бар.

Жамбыл Шиендегі көтерілісшілердің арасында да болған. Саттар батыр бастаған малшы, жалшылар қолдарына айыр, бақан, найза, шоқпарларын ұстап әр үйдің алдында топ-топ болып жиналып жатады.

— «Верныйдан үш жүздей әскер шығыпты» — деген

хабар алдық. Олардың бәрі пулемет, зеңбірекпен қаруланған көрінеді. Ал, жігіттер, тәуекелге бел байлап, сай-сала, тау-тасты паналап жүріп соғысуға тура келеді. Мергендер Шиен шетіндегі бекіністеріңе барындар, найзагер, сойылгерлер осында қалындар! Бәрің сай тұрындар! Берекесіздік жасап беталды дүрліге бермендер!— дейді Саттар.

Айтқандай-ақ, көп кешікпей Ұзынағаш жақтан мұздай қаруланған, жетегінде оншақты арба-тачанкасы бар, атты әскер сау ете қалады. Олар Шиеннің қараты көріне бастағаннан-ақ, атойлап шабуылға шығады. Қара жолдың бойында бекініп жатқан Саттар мергендері әскердің алдыңғы қатарын жайпап салады. Олар пулеметтен оқты боратып, бетқаратпайды. Мергендердің біразы сол атыста қаза болады. Шабуылға шыққан Саттар жігіттері жауымен қоян-қолтық айқасып, атысып, шабысып кетеді. Саттар батыр бір топ солдаттарымен жекпе-жек қылыштасып жүріп мерт болады. Не пайда, қарусыз халық тауға қарай тым-тырақай қашады.

Қараңғы түн. Ел ығы-жығы. Жылаған бала, аңыраған ана! Ер-азаматынан айрылып, зарлаған әйелдер. Мөңіреген сиыр, ұлыған ит! Біреулер бес-он тұяғын қуалап, жылға жағалап барады, енді бірі өгіз, сиырын, арық шобырын жетектеп қараңғыда қарбаласып жүр. Бәрі жапатармағай тауға қарай тырмысып өрмелеп барады. Жандармдар: «Бәрің ойға түсіңдер! Егер өздерің келіп қолға түспесеңдер, зеңбірекпен атамыз!» деп, айқай салады. Үрейленген жұрт, кірерге жер таппай одан сайын сасады. Не керек, сол түні таң ата бере, жазалаушы отряд қолға түскен тұтқындарды алдына салып, Верныйға кетеді. Жамбылдың:

Шиенде де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді.
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар,
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.
Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңынан кім біледі?
Тауға шығып өрмелеп, тасқа бұғып
Елдің бәрі жанынан түнілді енді,—

дегендегісінің мәнісі осы еді.

Біrer күннен кейін ереуілшілер Қарғалы өзенінің бойына жиналған. Күн ыстық. Аспан айналып, жерге түсердей. Кемпір, шалдар өзенге бас қойып ауыз ашар жасап, енді біреулері мал сойып, садақа беріп жатады. Ана-

дай жерде беткейде өңкей бозбалалар топ-топ болып ертұрмандарын жөндеп, ат, көліктерін суғарып, шалдырып жүр. Бір тобы шоғырланып қызу әңгімеге кірісіпті. Кім білсін, олар Алпамысты айтып жатты ма, әлде Қобыланды тайбурылының шабысын аңыздап тұрды ма, немесе Сұраншы, Саурық бабаларының қоқандықтарға көрсеткен батырлығын әңгімеледі ме, ол жағын біліп болмасты. Әлден уақытта біреулердің:

— Губернатор, жандаралдар келе жатыр, — деген айкайы естіледі. Верный — Пішпек (Бішкек) арасындағы қара жолдың шаңын бұрқыратқан әскерлер әне-міне дегенше оларға жетіп барады. Бәрінің мінгені ауыздықпен алысқан әскери аттар. Асынған мылтық, қылыштары жарқ-жүрқ етеді. Солқылдақ күймелі арбадан ақ камзолды, чин-түймелері жалтылдаған екі-үш генерал түсті. Губернатор болу керек, ұзын бойлы біреуі мыс көзілдірігін бір алып, бір киіп, жан-жағына, өзен жағалай қаптаған халыққа үрейлене қарайды.

— Бұл не тобыр? — Ол қасындағы тілмашқа бұрылды. — Басшылары кім екен, шақыр! — деді. Қозы қарны шертиген мыртық тілмаш:

— Жоғары мәртебелі генерал-губернатор сендердің бастықтарыңды сұрайды, бері келсін — дейді. Бастарын шарт таңып алған қолдарында мылтығы бар оншақты жігіт алға шықты. Губернатор оларға айбат шегіп тепсінді:

— Бұл не деген жабайылық, бұл тобырды жинап жүрген кім? Бекболат қайсың?

Бекбосын оған былай деді:

— Біз жабайы емеспіз, тақсыр! Бізбен адамша сөйлесіңіз! Ол тілмашқа қарап:

— Мынау арсылдаған шынжырлы төбетке осылай түсіндір, бала! Тілмаш аналарға түсіндіре бергенде, тағы бір жандаралы:

— Қарай гөр адамдарының түрін! — деді.

— Кеше жайлауда ту көтеріп ұрандаған қайсың?

— Бекболат қайда?

— Әлгі үгіт өлең айтып жүрген ақындарың қайсы? Бері шықсын!

Осы кезде, жандармдардың арт жағында тұрған бір бай, атын тебініп алға шықты:

— Тақсыр, мынау тұрған Бекболаттың ағасы Бекбосын деген сұмпайы, ал мынау Қаликүл деген қырғыз. Бұл топтың ішінде Бекболат жоқ. Оны кеше Ұшқоңыр

жайлауына кетті деп естігенбіз. Ал, Жамбыл шал осы топтың ішінде жүрген болса керек, оны табамыз.

Жігіттер топтала берді. Бірі мынаны айтты:

— Бізді әскерге алмас бұрын үйретсін, қолымызға мылтық, қару беріңдер! Қалай соғысуды білейік, сонан соң өз еркімізбен барамыз.

Екінші бірі былай деді:

— Бізді қорқытып ала алмайсындар, мәмлеге келейік. Елді, бала-шағаны шулатпаңдар! Қалиқұл дұрыс айтады: жігіттерді бес-алты ай әскер ойынына үйретсін. Сонда біз бас тартпаймыз.

Бұл ұсыныстарды тілмаш арқылы түсінген губернатор:

— Бұл ақылды сендерге кім үйретті? Тоқаш Бокин бе? Бекболат па?— деді. — Ә, қаруланып алып, өз мылтығымызбен өзімізді атпақсындар ғой, түсінікті!

Оның қасындағы жандарм:

— Бұлармен саудаласып тұрамыз ба?! Ұстандар мынау басшыларын, айдандар Верныйға!— деп бұйрық берді.

Сонымен қақтығыс басталып кеткен. Қарусыз жігіттерді солдаттар қоршап алып, басты-бастыларын тұтқынға алған. Солардың ішінде Бекбосын мен Қалиқұл да кеткен. Күңіренген ел жылап-еңіреп, Қарғалы жағасында қала берген. Міне, осы қақтығыстың ішінде Жамбыл да жүрген. Оның сол кездегі жырлаған «Зілді бұйрық» атты толғауында осы оқиға баян етілген.

Бұл жырда Самсыда болған халық көтерілісі де көрініс тапқан. Онда Ботпай елінің жігіттері бас қосып, патша жарлығына қарсы тұрғаны жырланған. Тізім жасап дікендеген болыстарды үйінен сүйреп шығып, жазасын береді. Тізімін жыртып, шашады. Болысқа көмектесіп жүрген байлар мен саудагерлерді де қолға түсіреді. Сөйтіп, олар Самсы қыстағындағы Жәнібек қажының мешіті маңында Верныйдан келген солдаттармен күні бойы беріспей соғысады. Жігіттер өздерінің батыр басшысы Нұқа Сатыбековтың бұйырығы бойынша Верный-Пішпек-Ташкент аралығындағы телеграф байланыстарын қиратады. Почта-бекеттерді басып алады. Сөйтіп, Жетісу губерниясы мен Түркістан аралығындағы байланысты үзіп тастайды. Мешіт үйіне бекінген көтерілісшілер солдаттарды маңайлатпай қояды. Екі арада шығын аз болмайды. Ақыры Жәнібектің араға түсуімен пристав әскерле-

рін алып, Ұзынағашқа тайып тұрады. Пристав ол жолы бекер шегінбеген. Верныйдан күш-қолын молықтырып, қайта шабуылға шығады. Қарусыз ел не қылсын? Жеңіліске ұшырайды. Нұқа соңына ерген бір тобы Үшқоңырға бет алады. Қалғаны елді-еліне тарайды.

Үшқоңыр жайлауы. Мұнда Бекболат Әшекеев бастаған көтерілісшілер бекінген. Шоғыр-шоғыр тігілген үйлер, шатырлар. Әр үйдің кермесінде қаңтарылған аттар. Жігіттердің бір тобы аттарын, ер тоқымын сайлап жүр. Енді бір тобы анадай жерге нысана көздеп, мергеншілікке жаттығып жатыр. Бірқатары сабан тығылған қапты піспелеп, найзагерлікті үйренуде. Үшқоңырдың сай-жылғасындағы Аршалы ауылында дүкен, ұсталары орналасқан. Онда көрік басып отпен алысып, қару соғып жатқан ұсталар да күні-түні дамыл жоқ. Көтерілісшілер Үшқоңыр жотасының төменгі етегінен ұшар басына дейінгі созылған «Ошақтының ойы», «Шымбұлақ», «Үлкен нар», «Кіші нар» белдерінен орағытып жүретін асу, жолдарға тосқауыл, қарауыл қойған.

Шілденің 7—8 күндері осы төңіректің он шақты болысынан ел жиналып бас қосқан. Онда көтеріліс басшылары Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев сөз сөйлеп көтерілістің мақсат-жайын елге түсіндірген. «Қара жұмысқа бірде-бір жігіт бермейміз. Болыстардың қолындағы қара тізім жойылсын! Жазалаушы отряд келетін жолдарға тосқауыл қойылсын! Верный-Ташкент-Пішпек аралығындағы телеграф байланысы үзілсін! Почта, бекеттер өртелсін!.. Бірде-бір адам қырдан ойға түспесін! Ұрысқа жаттығу жүргізілсін. Жақында Верный қаласына шабуыл жасамақпыз. Ол үшін Пішпек, Тоқпақ, Ыстықкөл маңында жасақталып жатқан қырғыз ереуілшілерімен байланыс жасауымыз керек. Олар да бізбен бірге шабуылға шығатын болсын!» Бекболат сарбаздарына осылай жауынгерлік міндеттер қойған. Барлығы оны қоштап, баталасқан. Мұндай ереуіл, жиын шілденің 10 күні Ошақты, Үлкенсаз, Кішісаз жайлауларында да өткен. Оған бес мыңдай адам қатысқан.

Тамыз айының бас кезінде Ұзынағашта өткен тағы бір үлкен жиынға Ұзынағаш, Шығыс Қастек, Батыс Қастек, Ботпай, Ырғайты, Тайторы, Самсы болыстарынан адамдар мол жиналған. Көтерілісшілердің бұл жиналысына Тоқаш Бокин басшылық еткен. Сөз сөйлеген: Патшаға солдат бермейміз. Оның жарлығына қарсы кү-

реске шығындар! Тоқаштың бұл сөзі барлық кедейлердің санасына ұялаған. Көпшілік оны ұрандап қолдаған. Жамбыл да сол жиынға қатысып, өлеңмен сөз сөйлеген. Ол сол жолы Тоқаш жанында болып, оның ақыл, кеңесін ынта қойып тыңдаған. Тоқаш Верныйға қайтар кезде оған арнау айтқан.

Бүкіл Жетісу халқы көтерілген сол дүрбелеңге Жамбылды белсене қатысқан үгітшілік күрескерлігін сезген жандарал, пристав, болыстар оның да соңына тыншы қойып ұстатпақ болады. Бірақ халық өзінің сүйікті жыршысын ұстап бермеген, үнемі жасырып, оны қорғаштап отырған. «Жамбыл Құлансаз жайлауында жүр», «Жамбылды Самсыдан, Жайылмыстан көрдік», «Ұзынағаштағы жиында болды», «Шиендегі ұрысқа қатысыпты...» Осындай хабарлар тізбектеліп Верныйға жетіп жатады. Бір күні Майтөбеге барған жандаралдар елді жинап, қамшысын үйіріп:

— Жамбыл қайсың?— деп, тықсырған.

Бір ақсақал алға шығып:

— Жамбыл менмін, — деді.

Басындағы қара жолақ шапкасы қоқырайған, қылыш ұстаған урядник қасындағы тілмашқа:

— Жамбыл осы ма?— деген.

Ол әлгі ақсақалдың бетіне қарап:

— Жоқ, Жамбыл бұл емес, — деп шегінген.

— Жамбыл мен, — деп көпшілік арасынан тағы бір шал алға ұмтылған.

Әлгі тілмаш:

— Ол да емес, — деп басын шайқаған. Айыр қалпақ киген Қаскелең жағының бір қариясы:

— Жамбыл менмін, — деді.

Тілмаш жасауылға қарап:

— Бұл да емес.

— Таксыр, бұлардың бәрі сізді алдап тұр, — деген, қамшысын екі бүктеген қара мұртты болыс. — Оны мен тауып беремін.

Сөйтіп, жиылған көпшіліктің қайсысы Жамбыл екенін ажырата алмаған жасауылдар келесі ауылға қарай шапқан. Ол ауылға барса да, «біздің арамызда Жамбыл жоқ» деп, оларды басқа жаққа сілтеген. Аңдыған жау қойсын ба, ақыры іздеп жүріп бір топ ереуілшілдерді ұстаған. Сол тұтқындалғандардың ішінде Жамбыл да кете барған. Оларды Верный түрмесіне әкеп қамаған, сұрауға

алған. Мұны естіген халық «ақынымызды босат», «Жамбыл жазықты емес» деп абақты алдынан кетпеді. Губерния басшылығы көпшіліктің бұл талабынан сескеніп, Жамбылды және оның қасындағы біразын тұтқыннан босатқан.

КЕЗДЕСУ

1918 жылдың көктемінде Үшқоңыр жайлауында кедей шаруалардың жиыны өтеді. Бұл мерекені Жетісу өлкелік атқару комитеті басқарды. Онда жаңа міндеттер айтылды. Осы наурыз тойын Жамбыл өлеңмен ашты. Ол кедей, жалшыларды «Күнде туды сен үшін, айда туды сен үшін» деп жаңа заманмен құттықтай отырып:

— Жетіл, Жамбыл, Жетіл деп,
Ет жүрегім елпілдеп,
Көмекейім бүлкілдеп.
Енді қартың сөйлесін.
Ескен желдей екпіндеп,
Қырғыз, қазақ жеріне
Түгел барып, төркіндеп,
Кен Ресей жеріне
Кете берем біртіндеп...

деп толғады.

Сол жолы ол Ораз Жандосов, Жұбаныш Бәрібаев, Дмитрий Фурманов, тағы бірқатар басшы қызметкерлермен кездесіп сұхбаттасады.

Жаздың жадыраған бір күні. Ақын Майтөбе басына шығып, жан-жаққа көз тастап тұрады. Айнала төңірек жайқалған шалғын, көк балауса. Кілемнің түр-түсіндей гүлдеп, шешек атқан дала, қарасаң көз тояр емес. Тоғай, беткейде қаптап жатқан мал. Сонау етекте сап-сары егістік, бидай, арпа. Ұшы-қиырына көз жетіп болмас. Жамбыл осының бәріне мейірлене қарап тамашалап тұрғанда етектегі ауылдан біреулер оған қарай өрмелей береді. Қараса өзінің баласы Сатыш бастаған бес-алты ауыл жігіттері екен. Бәрінің нығында бір-бір шалғы орақ. Шөп оруға шықса керек.

- Тәте, ауылға кісілер келеді деп жатыр.
- Қай жақтан?
- Алматыдан.
- Кімдер екен?
- Фурманов келеді, қасында Ораз ағам бар дейді.

— Онда тезірек ауылға жет десейші — деп, ылдидан төмен түседі.

— Мен айтып жүрген Жамбыл ақын осы — деді Ораз.

— Саламатсызба, Жамбыл жолдас! — деп амандасты Фурманов.

— Иә, комиссар, менде өзінді сыртыңнан білемін. Тұрақ-жайы Алматыда деп есітемін. Бір барып жолығуға құштар едім, енді өзің келіп жақсы болды. Бір жөн сұрамақ едім.

— Иә, ақсақал, сұраңыз.

— Жамбыл, Жамбыл болғалы, осынша жасқа толғалы, жағаласып байлармен, шындықтың жолын қуғалы, талай өмірім өксіп өтті. Әділдік жолы қайда шырағым, осыны айтып берші маған?

Комиссар алдында тұрған жұтаң киімді, жүдеу ауыл ақынынан мұндай салмақты сұрақ күтпеген-ді. «Тұрмысымы мынау, үй жағдайыма қарас, жәрдем бер» деп өтініш айтатын шығар деп ойлаған-ды. Жоқ, олай емес, ол өзінің жеке басынан гөрі, өзгенің, қалың бұқара халықтың қамын, замана жайын сұрап тұрғанын ұқты.

— Шындық — өмірдің өзінде — деді, комиссар — сол өмірді жасаушы халық. Шындық, әділдік жолы тегіннен тегін келмейді. Ол кұреспен, жеңіспен келеді.

Жамбыл қарт шындық жолын енді ұғынғандай басын изеді.

Жиырмамыншы жылы жаңаша сайлау жүргізіледі. Сайлау комиссиясының өкілдері бұрынғы «Қарасу» артелінің жанындағы өзен жағасына үй тіккізіп, сайлау ережесін түсіндіреді. Оған үгітші жастармен бірге ақын, жыршылар да қатыстырылады. Жамбыл да солардың арасында жүреді.

Бір күні сайлаушылар мен өкілдер бас қосқан жиында Жамбылға сөз беріледі. Сонда қашан да сөзді бүкпесіз, тіке айтатын қарт жырау:

Тобына келсем, сыйым жоқ,
Тентегіне тиым жоқ.
Киелік десек киім жоқ,
Базарға барсақ бұйым жоқ.
Сөзді тындар сиың жоқ.—

деп сол кездегі жетіспеушілікті батыл сынға алады. Шәкірттері: «Мына шал тағы да бүлдіретін болды-ау!» — деп, өкілдерге қарап үрейленіп қалады. Сонда өкіл бас-

шысы: «Сөздің шынын айтатын нағыз ақын екен. Шіркін, ақын деген осындай болсын!» — деп қайта оған қошемет көрсеткен.

Сол жолы мұндай сайлау Қаскелең, Қастек, Қордай тағы басқа ауыл, қыстақтарда да жүргізілген. Солардың бәрінде Жамбыл бастаған ақындар үгітшілік қызмет атқарған.

Ақын жыршылардың қызметі тек қана ауыл, қыстақтардағы шаруа, диқандар арасында ғана емес, қалалардағы алғашқы құрыла бастаған өндіріс орындарының жұмысшылары және жанадан жасақталып жатқан Қызыл армияның полк, роталары арасында да жүргізілген. Қазақ КСР тарихында 1920 жылдың жаз айларында Д. Фурмановтың ұсынуы бойынша 3-Түркістан дивизиясының саяси жағын басқаратын бөлімде қазақ көркем-өнерпаздарының жылжымалы театры ұйымдастырылған. Оған жауынгерлердің арасынан шыққан өнерпаздармен бірге ақын, жыршылар да тартылған. Олар жауынгерлер арасында және ауылдарға шығып, өнер көрсетіп отырған.

Көркем өнерпаздардың осы мәдени жұмысына Жамбыл, Кенен тағы басқа ақындар қатыстырылған. Жамбыл шәкірттері Үмбетәлі Кәрібаев Масанчи бастаған полкта, Есдәулет Қандеков Қазақстан комсомолының ардагері Құсайынбек Әміров саяси жетекшілік еткен полкта үгітші жауынгер болған.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫЛҒЫ СЛЕТТЕ

Алматыдағы Пастёр (қазіргі М. Мақатаев) көшесінің бойына орналасқан еңселі үйде думан-жиын өтіп жатқан кез. Күмбірлеген домбыра, әуелете шырқалған ән, төкпе жорғадай терме сазы. Тыңдаушылар есепсіз көп. Есік, терезесі айқара ашылған кең-кең алты бөлмеде ине шаншар жер жоқ. Кілем төселген еденде жүресінен отырғандар, дәлізде, терезе тұсында түрегеп тұрғандар, бәрінің назары домбыра, қобыз тартып екеу-екеу айтысып отырған ақындарда. Орталарында ақ сақалы омырауына түскен, басында көне тақиясы бар, ақ жейделі қарт ақын. Бұл Жетісудың аға жырауы — Жамбыл. Оның төңірегінде Кенен, Үмбетәлі, Бармақ, Саяділ, Қожантай, Өтеп, Есдәулет, Әмірзақ, Арғынбай, Шөкітай, Жартыбай тағы, тағылар. Оң жақтағы екі үлкен терезе аралығында ұзынша үстел, оның үстіне қызыл мата жабылыпты.

Төрт хатшы төрт жақтан айтысып отырған ақындардың сөзін қағып алып ақ қағазға арапша сүйкеп жатыр. Одан жоғары таман Жетісу өлкесінің басшылары Ораз Жандосов, Жұбаныш Бәрібаев, тағы бірқатары отыр.

Бұл — Жетісу ақындарының 1919 жылы мамыр айында өткен тұңғыш айтыс-слетінің көрініс-сипаты. Осы слетке қатысқан Кенен Әзірбаевпен сұхбаттасып отырмыз:

— Айтыс бір айға созылды. Айтыс арасында әр ақын өз өлеңдерін хатшыға жаздырып жүрді.

— Сонда кіммен кім айтысты?

— Үмбетәлі мен Бармақ, Саяділ мен Өтеп, Қожантай мен Есдәулет...

— Жамбыл кіммен айтысты?

— Жамбылмен айтысуға ешкім пар келмеді. Шақырылған ақынның бәрі де «ол кісімен айтыспаймыз. Құлмамбеттей, Шашубайдай өрен жүйріктерді жеңген періғой ол. Ақынның арыстандай айбаттысымен алысар бізде шама қайда?» десті. Сөйтіп, Жамбыл қарт жалғыз қара шапты. Ол айтысты өлеңдетіп ашты. Онан соң термелеп «Көроғлыны» айтайын ба, «Өтегенді» айтайын ба, Жұртшылық әуелі Құланаян Құлмамбетпен айтысын қалады. Қартың екі иығын бүлкілдетіп алып Құлмамбетті соқты-ай, кеп. Тыңдағанның бәрі «Ой, пәлі-ай», десіп оған ынтыға қарайды.

Келесі кезек Үмбетәлі мен Бармаққа берілді. Ол екеуінің шайқасы бір күн, бір түнге созылды. Үмбетәлі төгіп айтатын, қайыстай қатып қалған бәлекет қой. Ақыры жеңіп шықты.

— Өзіңіз кіммен айтыстыңыз?

— Мен Арғынбаймен айтыстым. Екеуіміз біраз жерге барыстық. Кіші бесін мезгілінде үзіліс жарияланды. Шай-пай ішіп алған соң көпшілік маған ән салғызды. Әуелі «Көкшолақты» сұрады, мен екі санымды сабалап: «Олай жүрші Көкшолақ, Былай жүрші Көкшолақ».. — дегенімде, жұрт «ай-дегенің», «пәлі, соқ Көкшолақты!» десіп дуылдап кетті. Осы әннен былай қарай Ораздың ұсынысы бойынша маған айтыстың ара-арасында ән салғызып отырды. Мен сол жолы «Әли батыр» мен жиырма шақты ән сөзін жаздырдым.

— Жамбылдан не жазып алынды?

— Хатшылар әсіресе, Жәкенді көп айналдырды. Алғашқы күндері 16-жыл туралы өлеңдері мен Бекболат

жөнінде, кейін «Көроғлы», «Өтеген», «Қыз Жібек», «Манас» жырларының тарауларын жаздырды. Жас кезіндегі қыздармен айтысы да, шағын өлеңдері де қалған жоқ.

Бір күні Жәкең ауылға қайтамын деген қиқанды шығарды.

— Мына қызынды ұрайын ноғайдың қызыл шайын іше-іше қаталап қалдым. Ертерек аққа жетпесем болмас...

Ораз «тәтелеп» жалынып жүріп тағы бір жұмаға қалдырды. Таудан қымыз алдырды. Айтыс, жазу жалғаса берді. Отыз күн дегенде жиын аяқталды. Жәкеңнен бата сұрадық. Айтысты Ораз Жандосов қорытты:

— Айтыс ойдағыдай өтті, — деді ол — көп өлең, жыр жазып алынды. Оның басын біріктіріп жинақ етеміз. Ол үгітшілерге, өздеріңіз сияқты ауыл ақындарына үгіт құралы болмақ. Енді сіздер кенес өкіметінің үгітші ақынысыздар. Бұл сіздердің қолдарыңыздан келеді. Жетісу өлкелік комитеті сіздерге үлкен сенім артады.

Кенен ақын айтқан сол тұңғыш айтыс жөніндегі Жетісу өлкелік атқару комитетінің қаулысы бүгінде Алматы облыстық архивінде сақтаулы тұр. Ал, сол слетте жазып алынған өлең, жырлардың қайда екені белгісіз.

Бүгінде сол тұңғыш айтыс өткізілген Пастер көшесіндегі № 20 үйдің қабырғасына:

«Мұнда 1919 жылғы мамырда Жетісу ақындарының Жамбыл қатынасқан тұңғыш слеті өтті» — деген жазу бар ескерткіш тақта қағылған.

Келесі жылдың маусым айында Ұзынағаш селосында Жетісу қосшылар одағының бірінші съезі өтеді. Осы съезге біраз ақын, жыршылар шақырылады. Олар мыналар: Жамбыл Жабаев, Арғынбай Көбішев, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Жартыбай Қырықбаев, Қарабек Өтепбергенов, Мақыш Райымбеков, Шөкітай Әбдікәрімов, Сәдібек Мүсірепов, Айтбай Тәйшиев, Әбішек Соқыров, Қосдәулет Досымов, Есдәулет Қандеков, Жасымбек Шыңғысов, Өмірзақ Қарғабаев, Әбдіқадыр Қойшыбаев, Абдолла Естенов, Оспан Жолбарысов. Ақындар жаңа заманға арнаған өлең, жырларын айтады, өзара айтысады. Осы съезге қатысқан мұғалім Шамғали Сарыбаев келген ақындардың өлеңдерін, өмірбаянын жазып алып, Жамбылға айрықша көңіл қояды. Ол естелігінде былай дейді:

— Мен Жамбыл ақынды 1922 жылдың 9 маусымында

Ұзынағашта болған Қосшы ұйымы мүшелерінің мерекесінде көрдім. Сол мерекеде Жамбыл көптеген жас ақындардың ұстазы сияқты көрінді. Жамбыл Жабаев сол жылы 68-де еді (жылы қоян). Көп өлеңдер айтушы еді. Жамбыл жасы ұлғайған адам болса да, жаңа тұрмыспен бірге өрлеп келе жатқан ел ақыны. Жамбылдың бұрынғы-соңғы өлеңдерін жинап алу керек. Жамбылдың ерте уақыттағы білетін өлеңдерінің бірқатарлары мыналар еді:

1. Көроғлы (15 күн ұдайымен айтады деседі).
2. Ерназар-Бекет.
3. Сүйінбай мен Қатағанның айтысқаны.
4. Садыр патша мен Жамбыл патшаның заманы.
5. Тезек пен Сүйінбай.
6. Жамбылдың (өзінің) Құлманбетпен айтысы.
7. Шалтабай дастаны.
8. Абылай ханның Бұхар жыраумен үш жүздің баласын аралағаны.
9. Шежірелер.
10. Әртүрлі термелер.

Жамбыл сынды тарландар халық фольклорын елінің өскеніне қарап өрлетіп отыратын таланттар. Олар біріншіден, жаңадан өлең қосса, қайнар бұлақтың көзін ашса, екіншіден, бұрынғы хан тұсында ықтиярсыз өзгерілген ел өлеңдерін өз қалпына түсіріп, айтып бере алатын дарындар. Бұл іске Қазақстан көркем әдебиет баспасы мұрындық болар деп сенеміз.

Ш. Сарыбаевтың бұл айтқан естелігі кейінірек «Қазақ әдебиеті», 18 маусым, 1936 жылғы санында жарияланды.

«АҚЫН БОЛДЫМ ОН ҮШТЕ»

Ол Қазан төңкерісінің бес жылдық мерекесіне қатысты. Жиналған көпшілік одан той жырын айтуды қолқалады. Сонда Жамбыл:

Өзінің 13 жасынан 76 жасқа дейінгі өмір жолдарынан елес беретін «Ақын болдым он үште» деген ұзақ жырын толғады. Онда әулелі жан-жағына жалтақтай қарап, жүрексініп жүргені, 13 жасынан бастап ақындыққа шұғыл бетбұрғаны, екей, шапырашты ауылдарын аралап, өзі тұстас біраз ақындардың аяқ алысын байқап, олармен өлең-жыр жарыстырып, сынасып келгені баян етіледі.

Жамбыл жас кезінен-ақ мақтаншақтықты, мансапқорлықты, жалғандықты қаламаған, дүние кумаған. Оған ақынның мына шумақтары айғақ:

Жалған ақын кез болса,
Жасқанып жол бермедім.
... Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің,
Жолда жатса тимедім.

Егер Жамбылдың осы жырына жүгінсек, оның көптеген өлең-жыр мен айтыстарын және «Қөроғлы», «Өтеген» сияқты дастандарын 17—18 жасынан жырлай бастағанын көреміз.

Он жеті мен он сегіз,
Тал шыбықтай бұралған.
Жас ақын Жамбыл атақты,
Он үштен бастап сыналған.
Жүйесін тапқан жел сөзді
Үйсін, найман күп алған.
Қөроғлы сұлтан, Өтеген
Шежіресін тындаса
Шығушы еді құмардан.

Оның ақындық жолы теп-тегіс тақтайдай болмапты. Талай қиындықтарға, жоқшылық-тапшылыққа, кедергі жасаушыларға, менсінбей, өнерін бағаламайтындарға кезігіпті.

Жиырмаға жасым келгенде,
Ор текедей желгенде.
Алдымнан шыққан кес-кестеп,
Жолықтым талай мергенге,—

деуі де содан. Бірақ мұндай кедергілердің бәріне Жамбыл жасымайды, қайта өршелене, күресе береді. 25—30 жастарында ол марқайып, ақындық өнері бұрынғыдан да шыңдала түседі.

Асылдан соққан ақ семсер,
Келемін менде қайыспай!
Тот баспадым, сынбадым,
Өзімді-өзім шындадым.
Қырғыз-қазақ жиылса,
Топты жарып жырладым,—

дегені бұған дәлел.

ТОЙҒА ШАҚЫРЫЛМАЙ ҚАЛҒАНДА

Қараша айының бас кезінде Ұзынағашта Қазақ төңкерісінің жеті жылдық мерекесіне арналған көрме ашылады. Осы мерекеге кімдердің келгенін, ондағы Жамбылдың тағы бір ақындық қайсарлығын Кенен былай әңгімелеп бергін-ді:

— Күздің суық кезі. Ұзынағаш жотасына тоғыз үй тігілді. Алты қанат ақ үйге ақындар жиналды. 7 қарашадағы бұл мерекеге сол кездегі Қазақстан басшыларынан Жандосов, Рысқұлов, Мыңбаев, Сапаров, қырғыздан Құдайқұлов, Оразбеков, жазушылардан Ілияс Жансүгіров, тағы бірқатары келді. Ілиясты алғаш рет сонда көрдік. Бізбен сөйлесіп, біраз өлеңдерімізді жазып алды. Ол жылдары мен Қордайға, Мақыш екей еліне болыстыққа бекігеміз. Мақыш та ақын болатын. «Ол тілі ащы, бетке тік айтып, көпшілік арасында ұялтып тастайды» деп Жамбылды қақпайлай береді екен. Осы той кезінде де Мақыш сол әдетін істеп, Жәкенді шақыртпай қойыпты. Тойдың хабарын жол-жөнекей есіткен қарт жырау жауындатып Ұзынағашқа жетті. Ақындар отырған үйге келсе, есік алдындағы күзетші оны «ақын емессің» деп үйге кіргізбепті. Сыртта дабырласып жатқанда Жандосов өзі шығып, Жәкенді үйге ертіп кіреді. Қартыңның үстібасы су-су, сақалы тарам-тарам болып шашырап кетіпті. Бәрімізге өткір көзін бір алартып алды да, тұрған күйі былай деді:

Ау, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Өлең сөзге даңғылмын.
Күңіреніп күні-түн,
Жалғыз қалып қаңғырдым.
Қатар-күрбы қадірлес,
Замандасты сағындым...
Қатаған мен Кебекбай
Замандасты сағындым.
Көкте жүзген күміс күн,
Аппақ айды сағындым.
Қалдырмайтын тойынан
Ноғайбайды сағындым.
Кедейлерді жақтамай,
Байға қашан жағындым?
Болысқа қашан бағындым?
Бой бермей жүріп оларға
Бостандықты сағындым.
Күткен күнім туғандай
Құрметім мен олжамнан

Не себепті қағылдым?
Жас ақындар қасында,
Дудар шашың басында,
Әкең сені у тас жаққан
Қаңғып жүріп сиыр баққан.
Жандосов пен Бәрібай
Торқалы тойға шақырмай
Мен сендерге не қылдым?
Жігіттерінде сәлем жоқ.
Қыздарында әдеп жоқ
Сондай ұл-қыз көргем жоқ.
Әйтеуір жас екем деп,
Көк қояндай секендеп,
Өзім айтып жүргем жоқ...
Кім үйретті сендерді
«Шал-кемпірді таста!»—
деп.

Бәріміз «қой-қойлап» жүріп, қартынды әрең дегенде тоқтаттық. Ораз Жандосов Жамбылға хабар бергізбеген Мақышты көптің көзінше ұрсып, ұялтып, Жәкеңнен кешірім сұратты.

ҮМБЕТӘЛІ

Бір күні жолы түсіп Қарғалыда өтіп жатқан тойға көрші ауылдан Жамбыл келеді. Сол жиында Жамбылмен бірге Қожантай, Бармақ ақындар да болады. Бұлар бірнеше күн жатып, Қарғалы ауылын әсем ән мен ағынды жырға, сұлу сазды күйге бөлейді. Ақын болуды арман етіп жүрген жас Үмбетәлі сол жолы Жамбыл, Бармақ, Қожантайдан бірнеше ән, терме үйреніп қалады. Әсіресе, солардың ішінде өлең сөздің даңғылы Жамбылдың Үмбетәліге әсері көбірек тиеді. Жамбылдың өз халқының арман тілегі мен елін басқыншы жаудан қорғаған қаһарман батырларды ерекше асқан шабытпен жырлайтыны, біреуді сынап-мінеуге келгенде оның бар кіна-кемшілігін, бетің бар, жүзің бар демей айтып салатыны, тілінің өткірлігі, Үмбетәліге зор ықпал жасайды. Тәуекел деп ақындыққа бел байлаған жас талапкер алғаш рет өлең жырдың дариясына құлаш ұрғанда сол Жамбылға еліктеді. Жамбылды жиі тындай жүріп, оның бірқатар өлең, толғаулары мен айтыстарын жаттап алып, ел арасына таратушы болды.

Жамбыл мен Үмбетәлі арасындағы жарасымды достық барған сайын күшейе түседі. Қарақастекте Жамбыл ақын аға саналса, Үмбетәлі оның ақын інісі болды. Осы бір шынайы достық жайы Үмбетәлінің тұңғыш өлендер жинағының алғы сөзінде былай жазылған: «Жәкең марқұм замандас ақындардың барлығынан да Үмбетәліні жақсы көріп, артық бағалаушы еді. Ол Үмбетәлісіз отыра алмайтын-ды. Ондағы Жәкеңнің жақсы көретіндігі Үмбетәлінің ақындығы, тілінің шеберлігі, халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұндап, ақиқатты, шындықты жырлайтындығы еді».

Үмбетәлінің ақындық талантын сезген Жамбыл оны өзімен бірге жиын тойға ертіп жүріп талай рет сыннан өткізді. Бұл жөнінде профессор Е. Ысмайылов «Ақындар» атты монографиясында Үмбетәлінің мына төмендегі сөзін келтіреді: «Жамбылды он төрт жасынан білемін, Жамбылдың жырын, әсіресе «Көроғылыны» айтуын естіп құмартып жүргенімде, Жамбылдай айтқыш ақын болу үлкен арман еді. Жамбылдың я басқа ақындардан естігенімді жаттап және аздап өз жанымнан шығарып өлең айта бастадым. Әуелгі кезде өлеңімді Жамбылдың сынына салып айтуға бата алмай жүрдім. 1925 жылы Жамбыл ауылындағы бір қыз ұзату тойына кеп, өлең айтып, бір үйде тынығып жатыр едім, Жамбыл келіп мені өлеңмен оятты:

Ұйқыда жатырмысың қара бала,
Сөйлесе бұл Жамбылдың сөзі дара.
Тұрмайды тұлпар дуда деген осы,
Жамбылдың тойға келген қалпын қара!
Танимын мен сөзіңді аңғарыңнан,
Жамбылдың ешкім кетпес алдарынан.
Алдыңа, атаң Жамбыл келіп отыр,
Олжа бер, қара бала алғаныңнан,—

деп Жәкең өлеңмен бастырмалатты. Мен қатты сасып қалдым. Үй иесі Тәйтәлі Жамбылмен құрбылас екен. Маған: «Именбе, соқ өлеңді» деп көтермеледі. Мен буынымды бекітіп алып:

Белгілі Жамбыл қария ісің сенің,
Бұл халыққа жария күшің сенің.
Аяғыңды байқап бас, тайып кетпе,
Шайнайтуғын мұқалған тісің сенің.
Жасыңнан Жамбыл ақын атаңның,
Кешегі Сүйінбайдан бата алғаның.

Шәкірт боп Сүйінбайдан бата алған соң.
Үйінде бір күн түнеп жата алмадың.
Алеанда алдына сап қанша дәулет,
Жамбыл-ау, сонда да бай атанбадың,—

дегенімде менің сөзіме қатты риза болып, шын ықыласымен маған батасын берді».

Осы жылдардан бастап Үмбетәлі Қәрібаев буыны бекіген, бұғанасы қатқан атақты ақындар қатарына қосылады. Оның толғаулары мен айтыстары, аңыз, ертегі өлеңдері мен майда қоңыр, жанға жайлы термелері халық арасына кеңінен тарала береді.

ЗАМАНА АҒЫМЫ

Бұл толғауын Жамбыл 1927 жылы жырлады.

— Қосшылар съезі болады — деген хабар Қаскелең, Қастекке лезде жайылып кетті.

— Ұзынағашта өтеді екен, өкілдер келіпті. Дайындық жасалып жатыр, — десті біреулер. Айтқандай-ақ жан-жақтан аттылы, жаяу ағылған жұрт Ұзынағашқа жиналды. Кедей-кембағалдар арнайы тігілген үйлерге жайғасты. Ақын-жыраулар да шақырылды. Ортадағы алты қанат ақ үйде домбыра, сырнайға қосылған жыршылар даусы анадайдан сәмпылдап жатты.

— Тиышталыңыздар, енді Жамбыл ақынға сөз беріледі, — деді. Сонда басында малақай, үстінде ескі шапаны бар, домбыра ұстаған қарт жырау төрге шықты. Ол алдында отырған қалың жұртшылыққа бір қарап алды да, домбырасының құлағын бұрады. «Ей-й», деп асқақтата әуендетіп, екі иығын бүлкілдете жөнелді.

Сексен бірге жас келген,
Не заманды бас көрген.
Солар арқау жырыма
Артта қалған сөзім бар,
Сөзімді айтар кезім бар..

— Бұл өзін таныстыру еді. Онан соң ол өткен-кеткенді еске алды.

Замана жайы — терең сыр,
Замана жыры — бітпес жыр.—

деп, бұрынғы өткен замандарға шолу жасайды.

«Көше қонып мал баққан, момын жүріп жай жатқан» қазақ халқы көптеген қиыншылықтар көріпті. Екінші жағынан қазақ даласына Жоңғар, кейінірек Қоқан, Хиуа хандығы баса-көктеп кіре бастайды. Қарусыз, бейқам, еркін жатқан халықтың ауыл, қаласын ойран-топан қылғаны тарихтан мәлім. Ақын сол кездегі жағдайды көз алдына елестетеді.

Сыртқы жағдай осылай болса, ішкі ахуал да оңып тұрған жоқ еді.

— Мынау менің қыстауым...
Мынау менің жайлауым.
Жер жақсысын кім алды?
Болыс пенен би алды.
Қарны жуан бай алды,
Мойны жуан мырза алды.

Елінен, жерінен, мекенінен айрылған кедей-кембағалдар оларға жалданыпты. Арқа еті арша, борбай еті борша болып, тапқаны тамағына жетпеді.

Езілген еңбекші қауым сөйтіп:

Күн көре алмай өмірден,
Қайғы кетпей көңілден,
Еңіреген, езілген.
Қаһар көріп хандардан,
Білек көріп бектерден,
Тепкі көріп байлардан
Қамшы көріп билерден...

жегені таяқ, көргені азап болды.

Ол келесі бір сөзінде саудагерлерді, алып-сатар пайдакүнемдерді әшкерелейді.

Ақын ағылшын жалдаптарынан да хабардар екен. Игерусіз жатқан қазақ даласының кең байлығына иелік етіп, қазақ халқының өз қазынасын өзіне билетпей келгенді атап өткен.

Алтай, Орал арасы
Сарыарқадай жер екен.
Алатау, Каспий арасы
Жер жұмағы дер екен...

Осынау қазыналы кең даладан көмір де шықты, темір де шықты дейді ақын.

ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАР

Отызыншы жылдың бас кезінен бастап ел-елді жайлаған аштық алапаты Жамбыл үйін де шайқап өтті. Онда арық байтал мен көк есектен басқа тігерге тұяқ қалмады. Дән атауы көзден бір-бір ұшты. Бұл кезде жасы 85-тен асып қалған қарт ақын енді бала шағасын бұл апаттан сақтап қалудың әрекетінде жүреді.

Бір күні ол Қожаш, Тезекбай үшеуі көк байталды жетектеп Ұзынағаш базарына барады. Балаларға дән-пән болама деген далбаса ғой. Ол кездегі базар қайбір базар дейсің. Елдің көпшілігі аш-жалаңаш, жоқшылық. Ақша — сабан, астық — тамам болған шақ. Арық көкбайтал түгілі байлардың, барлардың малдары өтпей тұрады. Базар тарқаған соң үшеуі сондағы мұғалімдікіне бұрылады. Бұл әлгі Зейнелғабі Имажановтың үйі еді. Ол аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі боп келердің алдында Жамбыл аулындағы орта мектепте директор болатын. Мұғалім ғой, үйінен жүрек жалғарлық бірдене табылар деп, барса, ол жақтырмаған сыңай білдіреді. Әйелі де «Жоғары шық» демепті. Тәрде отырған насыбай тақиялы шалда үндемепті. Сонда Жамбыл әлгі шалдың қасына жантая кетіпті де, қасындағы Қожашына көзін бір қысып, былай депті:

Жағдайды айтқызбайды білген кісі,
Сыйлайды бұл Жамбылды үлкен-кіші.

Сонда Қожаш әкесінің сөзін іліп әкетіпті:

«— Ай, Тәте, қона-жат — деп, айтар еді-ау,
Бұл сөзді құлағына ілген кісі.

Осы кезде үй иесі әйеліне:

— Неге қарап отырсың, осы сөзді есітейін деп пе ең? — деп, зекіпті. Әйелі:

— Қаптың түбінде аздаған жүгері қалып еді, одан басқа дым жоқ — дейді.

— Ендеше соны бірдене етіп, ыстық-пыстық жасап жібер. Күйеуінің осы сөзімен әйелі ас қамына кіріседі. Жамбыл Қожаш екеуі өленді жалғастыра береді.

Ж а м б ы л:

— Аштықты басқа түскен көріп жүрміз.
Бұйырған несібені теріп жүрміз.

Қ о ж а ш:

— Мынаусы кім еді деп айта көрме,
Қожаш деген баласы еріп жүрген.

Енді тақиялы қария сөзге араласты:

— Е, е, әлгі Бәйімбет байдың қызымен айтысыпты
дейтін балаң осы ма?

Ж а м б ы л:

— Осы еді Қожаш деген бір тентегім,
«Айтатын өлеңімнің бір бөлтегін:

Қ о ж а ш:

— Жастық шіркін не дегізбейді,
Айтысып ем бір қыздың тауып ебін.

Ж а м б ы л:

— Кәрілік екі көзді қызартады,
Аш белге екі батпан тұз артады.

Қ о ж а ш:

— Қамықпай Тәтежан-ау, өлеңді айт,
Деуші ең ғой,— өлең өмір ұзартады.

Ж а м б ы л:

— Айттық қой талай өлең жастық шақта,
Бозбала буына елтіп мастық шақта.

Қ о ж а ш:

— Сөйткен Тәтем, мінекей қартайғанда,
Кез болды ғой алапат аштық шаққа.

Ж а м б ы л:

— Мен көрдім: ауыл-ауыл кезіп жүрген,
Ас таппай өз үйінен безіп жүрген.

Қ о ж а ш:

— Пәлен жерге барсаңыз бақыр да жоқ,
Сөз емес, сөзді-сөз ғып езіп жүрген...

— Бұл өлең біраз айтылған еді, аяқ жағын ұмыт-
тым — депті, Қалмақан Әбдіқадыровқа айтып берген мұ-
ғалім Зейнелғаби Имажанов.

...Алдарына буы бұрқыраған дәу табақ жүгері бөкпен қойылыпты. Азаннан бері нәр татпаған олар, терлеп-тепшіп, бір тойыныпты. Жамбыл жүрер шақта үй иесі оның алдына 3-4 қадақтай бір дорба жүгері талқан қояды:

— Жәке, бізді мына мектеп асырап отыр. Азда болса алыңыз, балаларыңызға бірер күн ыстық-қаумет болсын...

Олар мұғалімнің үйінен шығып аулына қайтып келе жатса, Қайназар сайынан кәдімгі «адам жеген» аталып кеткен Шелекбай шыға келеді. Жамбыл балаларымен сасып қалады. «Жолама, аулақ кет!» деп, Тезекбайын бауырына қысып, ақ таяғын көтереді. Екі көзі қанталап, беті бұж-бұж болып ісіп кеткен Шелекбай, Жамбылға таянады:

— Әй, қақпас, жан керек болса, жайыңа тұр — дейді де, Қожашты бас салады, талқанын тартып алады да, қаша жөнеледі. Қожаш оған тұра ұмтыла бергенде, әкесі:

— Ойбай, қума, ол енді өзінді жеп қояды, — деп баласын ұстап қалады.

Осы кезде «Қарасу» жақтан келе жатқан Мақыш Шелекбайдың алдынан шыға келеді. Шелекбай қанша бау-кеспе болса да, Мақыш палуаннан аяғын тартатын. Ол дорбаны тастай салыпты да, өзі тауға қарай қашып жеткізбей кетіпті. Мақыш: «Сені ме, бәлем, саспай тұра тұр!» деп, артынан жұдырығын көрсетіпті.

Сол жылдың күзіне қарай Жамбыл Қырғыз еліне көшіп кеткен Қожаштың артынан бармақ болып жолға шығады. Баласының қалай орналасқанын білмек қой. Жолда Ақтеректегі жегжаты Самақтың үйіне түстеніп, ат шалдырады. Қожаш барған қырғыз аулын Самақ жақсы білуші еді. Жамбыл содан жөн сұрамақ. Ескіше оқып молда атанған Самақ ол елде талай болған-ды. Самақтың әйелі Әлиман екей жұртынан, Жамбылға қарындас іспетті. Жәкең «Сүйек жаңғыртайық» деп жүріп сол Самақтың қызы Берікбаланы өзінің Ізтілеу деген баласына қосқан-ды.

Сонымен Жамбыл Қордай асуынан асып, ертеңіне таң ала кеуімде Шу өзенінің жағасына жетеді. Арқырап ағып жатқан өзеннен қалай өтерін білмей арық байталымен күйбелектеп жүргенде оған осы Шу бойында тұратын астында Ақтангер айғыры бар Кебекбай дейтін кез болады. Кебекбай Қырғызстанның Шу жағалауын-

дағы алғашқы ұйымдасқан артелдің бастығы. Бұрын Жамбылмен талай табақтас болып, өлең-жырын тыңдаған кісі.

Аман-саулықтан кейін ақын оған ат үстінде тұрып мынау өленді айтыпты:

Мені көріп балам-ау сәлем бердің,
Қалқайған су бойында кімді көрдің.
Өткізе гөр мені де мына судан
Жылқы екен астындағы Ақтангерің.
Ақырған арыстандай Шу дегенің,
Жұтам деп ұмтылады су дегенің.
Келсем де сексен беске жаным тәтті
Қарашы қалтырауын қу дененің.
Мінгенім астымдағы арық байтал,
Кебекбай бір сөзім бар саған айтар.
Құр құйысқан таққаным жіп-ноқтамен
Бар болса ер-абзелің беріп қайтар.
Ер берсең, өмілдірік, тартпасын бер,
Жетпейтің тағы не бар басқасын бер,
Ала арқан жараспайды байталыма,
Құйысқан, жүгені мен ноқтасын бер.
Сөз тыңда, Кебекбайжан, құлақ салып,
Күн де шықты мінеки құлақтанып.
Байталдың төрт аяғын тағалап бер.
Жүрмейін асудан мен құлап қалып
Қазақ пен бұл қырғызды араладым.
Жақсыны жамаңменен бағаладым.
Алланың маған берген несібі ғой
Аштықта бұл қырғызды паналадым.
Ойпырмай биылғы жыл не деген жыл,
Күн көрер естіп жүріп өлмеген құл.
Кебекбай шамаң болса қыстан шығар
Жасармыз біз де тірлік ендігі жыл.

Кебекбай таяздау жер тауып, Жамбылды судан өткізеді де, үйіне түсіреді. Екі-үш күндей күтіп, сыйлап жырын тыңдайды.

Аттанар кезде;

— Жәке, — дейді ол — қазір қиыншылық кез ғой, сізге ат мінгізсем де жарасар еді, әзірше өз тілегіңізді орындадым. Көк байталыңыз тағалаулы, ер-тұрманын жаңалап ерттетіп қойдым. Қайтарыңызда соға кетерсіз?

Жамбыл:

— Рахмет шырағым, көсегең көгерсін, — деп, жүріп кетеді.

Қырғыздың Ильич колхозына орналасқан Қожаш бастаған 4—5 үй екейлердің аулына барады. Баласын көріп, мауқын басып, қырғыз ауылдарын аралап, өлең-жыр

айтқан. Тарпандау дөнен мініп кеткен Жәкең бір күні аттан құлап, бөлінен мертiгiп қайтады. Сонымен бiрер айдай Қожаштың үйiнде жатып қалады. Ендiгi ермегi күй болады. Өзiн-өзi күймен жұбатады. Көңiлiн сұрап келгендерге күй тартып бередi. Қазанға ет сала бастағанда ол:

— Ал мен күй тартайын, сендер санай берiндер, отыз күй тартқанда ет те пiседi, — дер екен. Әр күйдi тартып, оның шығу шежiресiн айта отырады. Күй құмарлар тартылған күйдi санай бередi. Жәкең күйдi тарта түссiн деп, келiндерi жуықта қазанды түсiре қоймайды. Сонда ол:

— Күй отыздан асып кеттi ғой, немене қазандарыңа тас түсiп кеткен бе? — деп, тағы да күй тарта түседi.

— Жас кездегi көрген-бiлген естен шықпайды екен — дейдi. Жамбылдың немересi ақын Әлiмқұл — отыз екiншi жылғы аштық кезде Тәтем балаларын ертiп қырғыз барды. Сонда жаяу-жалпы шұбырып бара жатқанымызда анадай жерде, жол шетiнде аштан өлiп жатқандарды көрдiк. Тәтем әлгiлердi барып көрiп «мынау пәленше, мынау түгенше ғой, бейшара иманды болсын» деп бетiн жауып, топырақ тастап өтетiн. Ол кезде «аштар баланы көрсе жеп қояды» дегендi есiтетiнбiз. Анадайдан бiреудiң қарасы көрiнсе, бала-шаға үрейленiп, үрпiсiп қалатынбыз. Тәтем бiздi қасынан бiр елi тастамай жетектеп алатын.

Сонымен итшiлеп, жолшыбай шөп-шалам терiп жеп жүрiп қырғыз Алатауынан астық. Балықшыға таяу Қызыломпол тауының етегiндегi Қырғыздың малшылар ауылына жеттiк. Ол ауылдың адамдары тәтемдi бiледi екен. «Жамбыл, келдi» десiп жағдай сұрасып, шетiнен сыйлай бастады. Әсiресе, Әшекей Боранбаев деген сол ауылдың бас иесi тәтемдi жақсы көредi екен. Iлгерiде талай кездесiп, өлең-жырын тындапты.

— Жәке, мынау балаларың мал бағысып күнiн көрсiн. Өзiң қисса, жырынды айтып, ортамызда жүре бер — деп жатыр Әшекей. Оның әйелi 12 бала тапқан, екi емшегi салбырап алдына түсiп отыратын бес биенiң сабасындай дәу ана екен. Өзi бiздiң ауылдың қызы болып шықты. Тәтем Әшекейдi «күйеу бала» деп қалжындап қояды. Шыныбай, Iзтiлеу екеуi қырғыз қойшыларымен бiрге мал бағысып кеттi. Мен қозы қайырып, соларға жәрдемдесiп жүрдiм. Қойшылар балаларға ақтаспа шөптi жинатады. Өзi шеңгел сияқты сүйектi, шөңгелi шөп болатын. Бiз

шөпті жинап үйе береміз. Қойшылар әр жұма сайын кезектесіп жергүздық пісіреді. Бұл былай: бір қойды сойып, етін тұздықтап қарынға бүреді. Кез келген қойдың еті өз қарнына сиып кетеді. Сөйтіп, жерге көмеді де, әлгі ақтаспаны көмбенің үстіне үйіп, от жағады. Әбден от табымен піскен ет өте дәмді болады екен. «Сен же, мен же» десіп бір тойып қалатынбыз. Осылайша біз сол ауылда күнелтіп жүре бердік. Күзге қарай тәтем бәрімізді ауылға алып қайтты.

Келсек, елдің көбісі аштықтан басының ауған жағына қаңғып кетіпті. Көп үйлер қаңырап босқа қалыпты. Алғайдай ағамыз әйтеуір колхоз тірлігінен қол үзбепті. Жоғары жақтан аш-жалаңаштарға келген «помощьты» ұйымдастырып, көктемгі егісті басқарып жүр екен.

Сол бір қиыншылық жылдары Жамбылдың тағы бір баласы Тоққұлының Алматыға келіп жұмысқа орналасқаны, оның артынан әкесінің келіп тұрғаны жөнінде Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының байырғы қызметкері, бүгінде құрметті демалыстағы Рахымбай Қарымбаевтың естелігі де Әлімқұлдың айтқанына сабақтас.

— Отыз екінші жылдың көктемінде — дейді ол — біз бұрыннан жайлап, қыстап келген Сарытауқұмды тастап Алматыға көшіп келдік. Аштық жайлаған елде қайбір көш дейсің? Әркім жаяу шұбырып, балаларын арқалап, кемпір, шалдарын жетектеп жүк артқан арба, көлік соңынан ілбіп жүріп Алматыға жеттік-ау, әйтеуір. Қанша айтқанмен қала ғой, завод, фабрика, құрылыстарға жұмысқа тұрып, күнелтуге болады екен. Мен осы күнгі байланыс техникумының сырт жағындағы құмданға (кірпіш заводына) орналастым. Қырық кепенің шетінен бізде бір кепе тұрғызып алып, бала-шағамызбен кірпіш тасыдық.

Бір күні Қастек жақтан Тоққұлы деген жігіт көшіп келді. Біздің үйдің жанынан ол да кепе соғып алып, заводқа кірді. Жөн сұраса келе, түбіміз бір ағайын болып шықтық. Олар — екей, біз — сары үйсін.

Көп ұзамай оның артынан әкесі келді. Баласының қалай орналасқанын білмек қой баяғы. Тоққұлы кешке таман:

— Раха, Тәтем келіп еді, жыр тындаймын десеңіз, үйге жүріңіз — деді. Мен шешемді ертіп үйіне бардым. Басында ескі бөркі бар, ақ сақалы алдына түскен, жүдеу шал төрде домбыра шертіп отырды. Қолын алып, қасына отырдым.

— Қай баласың?— деді, ол бетіме қарап.
— Қарымбай әжінің баласымың, атым Рахымбай.
— Е, е, Есім — Малайдан екенсің ғой. Ілгеріде еліңді
аралап талай өлең айтып ем. Ол домбырасын шертіп:

«Ел едің күт дарыған Есім — Малай,
Қыдырып қызығынды көрдім талай» —

деугін өлеңін айтып салды. Ол менің шешеме қарады:

— Мына кейуана нең болады?

— Шешем ғой.

— Аты кім?

— Құлпаршын.

— Қай жақтың қызы?

— Жалайыр елінен.

— Е, е, аға баласынан, қарындасым екен ғой. Тоққұ-
лының шешесі көнелеу дастарқанын жайып, қара нанмен
шай берді. Шайдан кейін Жамбыл өлең айтты. Оның
дауысын есітіп көршілер келді. Кепеге сыймағандары
есік алдында отырды. Әуелі Құлмамбетпен айтысын,
онан соң көпшілік қалаған «Көроғлысын» жырлады. Түн
ортасынан ауды. Қисса әлі таусылатын емес. Құмданшы-
лардың азанғы ауысымға шығатын уақыты боп қалды,
Біреулері тықыршып орнынан тұрды.

— Ал, ақсақал, — дедім мен, — жырдың қалғанын
ертең біздің үйде айтыңыз, шақырғаным. Мыналар жұ-
мысқа баратын еді. Ол: «мейілдерің» — деп, домбырасын
жанына сүйеді. Тоққұлы әкесіне:

— Мына Рахаң осы қырық кепенің кожасы — дом-
ком — деп жатыр. Осыны есіте салып Жамбыл:

— Ай, балам, домком болсаң, мынау менің балам, бір
тәуірлеу баспана соғып алсын, ағаш тауып берсейші?—
деді. Мен:

— Мақұл ақсақал, завод директорына айтып, ағаш,
кірпіш түсіртіп берейін — деп, уәде бердім. Келер жыл-
дың жазында Тоққұлы қоржынбас там салып алды.

ЖӘКЕҢНЕН ШАПАҒАТ

Көктемнің аласапыран қауырт күндерінде Майтөбе
ет совхозының саяси бөлім бастығы Жүсіпбек Арыстанов
Алматыдан бір бензовоз тола жанармай әкеле жатады.
Ол кезде жаңадан ұйымдасып жатқан совхозға техника
жетіспейді. Техника болса, оған жанармай тағы жетіс-

пейді. Жанармайды қаладағы өнеркәсіп орындарынан жалынып-жалпайып жүріп сұрап алған ғой. Ұзынағаш селосына кіре бергенде алдынан бір жеңіл машиналы кісі ұшырасып оған: «тоқта!»— дейді. Қараса, Қазақстан өлкелік партия комитетінің екінші секретары екен. Тани кетіп сәлемдеседі. Ол сәлемді солғын қабылдайды.

— Бұл не?

— Бензин.

— Қайдан алдың?

— Қаладан.

— Осындай қызу науқан кезінде қайда қаңғырып жүрсіндер?

— Қаңғырғаны несі, тоқтап қалған тракторларға бензин тауып әкеле жатырмын ғой.

— Совхозға барып, ешкімді таппадым, директорың тауға кетіпті, сен болсаң қалада серуендеп жүрсің? Уәкіл ашу-ызғарын осылайша борандатады да, папкасынан блокнотын алып, машинасының бөксе жағына қойып жаза бастады. Жазған бір парақ қағазын, дыр-р-р еткізіп жыртып алып, қасында тұрған Жүсіпбектің қолына ұстата салады. Шекесінде «Қазақстан өлкелік партия комитеті» деген қызыл жазудың астына: «Осы бүгін түнде 6 трактор «Ақыр төбе» совхозына жеткізілсін!» деп бұйрық жазыпты. Бұған аң-таң болған Жүсіпбек алғашында:

— Жолдас, секретарь біз егіс екпейміз бе?— десе, ол одан сайын өршеленеді:

— Сендер, өгіз соқамен жыртасындар, ал «Ақыр төбенің» болса, шаңы шығып қурап барады, түсінесің бе!» — деп ақырады. Жүсіпбек енді қатулана түседі:

— 175 шақырым жерге 6 тракторды сақырлатып жібере алмаймын. Онда бөлшектерінен түк қалмайды! Тракторды ұзақ жолға салып айдауға болмайды деген ережені бұзып тұрсыз!

— Сен, саботаж, бюрода мәселеңді қаратамын! — дегенде, әлгі өкіл Алматыға тартқан. Екі күннен кейін Қазкрайкомның пленумы өткен. Осы пленумда Майтөбе ет совхозының жұмысы қатты сынға алынған. «Совхоз саяси бөлімінің бастығы Арыстанов егіс науқанына кедергі жасады, көрші совхозға трактор жібермеді, крайкомның нұсқауын орындамады» деп, кіналаған. Бұған Жүсіпбек қарап қалсын ба, олда қарсы сын айтқан. Не керек, осы жанжалдың аяғы насырға шауып, крайком Жүсіпбекті орнынан босатпақ болады.

Жанжал жатсын ба? Ауылдағыларға жетеді. Жамбылдың да құлағына шалынады. «Япырмай, қиянат болған екен, өзі бір елгезек, іскер бала еді» деп, оған іштей жаны ашып жүреді ол.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, бір күні ауданға Мирзоян келе қалады. Райкомда жиналыс өткізіпті де, Жамбылға сәлем бере қайтамын деген. Жәкеңнің бұл кезде күннен күнге ақындық беделі асып, даңқы жайыла бастаған кезі. Мирзоян ол жөнінде Ораздан, Сәкеннен хабардар еді. Алматыда бір-екі жерде кездесіп, жырын тыңдаған да. Енді осы жолы өзінің үй-жай тұрмысымен таныса кету ойында бар-тын. Жәкең Мирзоянды үйінде күтіп алады. Өзі тұрған колхозы, егіс, мал шаруасы жайлы әңгімелескен. Өлең, жыр айтып берген. Жүрер кезде:

— Мырзажан — деген ол — Майтөбенің парторгі адал бала, өзі іскер, ертеден кешке дейін тынбай жүгіреді де жүреді. Өзін халық жақсы көреді. Ол келгелі бері совхоздың жағдайы жақсарып келеді. Бір басшы өзіне қиянат жасап қудалап жүрген көрінеді. Сол есінде болсын... Мирзоян «көрерміз» деп аттанған.

Ертеңіне Арыстанов «Мирзоян қабылдауына шақырады» деген телефонограмма алады. «Енді шаруа бітті, энеукүнгі уәкіл мені Мирзоянға әбден төндіре жамандап шағынған екен. Су түбіне кетті деген осы!» — деп, ол қорқа-қорқа Алматыға барады. Мирзоян екеуін қабылдап, беттестіреді. Болған істің анық-қанығына көзі жеткен Мирзоян өкілге былай дейді:

— Совхоздың ішкі жұмысына киліккенің дұрыс болмаған. Онан соң тракторды ұзақ жолға жіберуге болмайды ғой. Бұл жөнінде Арыстановтікі жөн. Кеше мен сол ауылда болдым. Жұрт сенің асыра сілтеуінді ұнатпай қалыпты. Тіптен Жамбыл ақсақал да сенің бұйрығыңды қиянат деп отыр. Орынсыз жанжалды қойыңдар! Барыңдар жұмыстарыңа!..

Барарда үрейленіп қорқа кірген Арыстанов, Мирзоянның алдынан жүрегі алып-ұшып қуана шығады. «Мың болғыр Жәкежан-ай, жеткізе айтқан екенсің-ау!» деп, ауылға жетеді. Ол келе сала директордың кабинетіне кіреді. Ферма бастықтары, бригадирлер отыр екен.

— Иә, неге шақыртыпты?

— Тиыштық па?

— Кәне баяндашы? — деп бәрі оған үдере қарайды. Жүсіпбек жымия түсіп:

— Қорқа барып, қуанып қайттым — дейді — менікі жөн болды. Мирзоян әділ басшы екен. Өкілдің асыра сілтеуін бетіне басты: Арыстанов қолынан іс келетін жас коммунист. Ол барғалы совхоздың шаруашылығы жақсарды. Саяси үгіт жұмысы жолға қойылды. Оның жұмысты бұдан да жақсы атқаратынына сенемін. Тіптен оны наградаға¹ ұсынайық деп те отырмыз ғой... Жүсіпбек еңтігін басып сәл тұрып қалды да, сөзін қайта жалғады.

— Ағайындар, мен бұл жақсылыққа өзіміздің Жәкеңнің арқасында жеттім. Мен оған қарыздармын.

— Е, е, е қарыздар болсаң, бір қойынды сойып, үйіне шақыр.

— Бәсе деймін-ау, мұндай жақсылыққа қой соймағанда ше!

— Несі бар, шақырамын, тіптен осы отырған бәрің де келіндер?

Бригадир, басқарма осылайша Жүсіпбекті ортаға алып қауқылдасып жатты.

— Е, е, е, жақсылар, — деді директор — бұл шал ортамызда отырған құт-береке емес пе? Оның шапағатын көрмеген адам бұл өңірде кемде-кем шығар.

Ертеңіне Жүсіпбек Жамбыл атасына барды. Шай ішіп отыр екен, сәлемдесіп қолын алды. Жамбыл:

«Жүсіпбекпісің, неғып ертелеп жүрсің?»

Дөңгелек үстел-дастарқан шетіне тізе бүккен Жүсіпбек:

— Сізді қонаққа шақыра келдім. Рахмет айтайын деп едім.

— О, ненің сыбағасы?

— Тәте, сіз мені бір жаладан арашалап қалдыңыз, сол үшін.

— Не дейді? Қайдағы жала, қайдағы араша?

Жамбылдың аң-таң болатындай жайы бар еді. Жүсіпбек көрген зомбылығын алдын ала барып Жамбылға айтып, сөз жәрдем сұраған жоқ-тын. Сондықтан ол болған істі қарияға бастан-аяқ баяндады:

— Сөйтп олар мені жұмыстан қуып, партиядан шығармақ болды емес пе? Осы озбырлығын сіз Мирзоянға айтып мені сыртымнан тапсырған екенсіз. Ол сөзінде тұрды. Кеше сол кісінің алдынан келдім. Орнымда қалдыр-

¹ «Қазақ КСР тарихы». 1977. 517-б. Ж. Арыстановтың 1934 ж. алғашқылардың бірі болып Ленин орденімен наградталғаны жазылған.

ды. Жұмысыңды бұдан да жақсы атқар — деп қайтарды.
— Е-е, әнеу күнгі Мырзажанға айтқан кеп екен ғой. Жарайды, іс оңына келсе бопты. Мен оған ақы сұрамаймын. Жамбыл қашан сөзін сатып еді. Осында әлгі Тұрап пен Өмірзақ келіп «сол парторгқа қиянат болды» деген соң сөз арасында айтқан едім. Ол сәл ойланып отырды да, күлімдеп, төңірегіне қарады:

— Сен тыңда деді, — бала кезімізде есіткен мынадай «Мың бір түн» ертегісі болушы еді, соны айтып берейін:

— Ертеде араб елінде бір жомарт, өзі мәрт адам болыпты. Ол сұраған кедей-кембағылға асын да беріпті, атын да берпті. Киімін де беріпті, үйін де беріпті. Сөйтіп, өзі бірер жылдың ішінде, тып-тыйпыл кедей болып, «Кедей жомарт» атанып кетіпті. Кейін: «ас берген досына барса, ас бермепті, ат берген досына барса, ат бермепті. Киім берген досына барса киім, үйін берген досына барса үйін бермепті. Бәрі де «ақымақ кедей, жомарт аулақ жүр» — депті. Әлгі бейшара әйелімен екеуі қаңғырып жүріп қара үңгірге барып түнепті. Әйелі азанда тұрса, үңгірдің аузында бір күлше нан жатыр дейді. Ол дереу, ерін тұрғызып:

— Мынаны қара?

— Кім әкеп тастады екен? Екеуі нанның жартысын жеп, жүрек жалғап, «қалғанын ертеңге қорек етейік» депті. Күндіз ел кезіп жүріп әлгі үңгірге тағы келіп паналайды. Азанда тұрып қараса, үңгір алдында бір дорба құрма жатыр дейді. Екеуі «Е, Құдай, пендеңді жарылқай гөр!» — деп, оны да қорек етіп жүре береді. Тағы да күн батады, тағы да таң атады.

Бір күні ел ұйқыға кеткенде, қала әкімі атына мініп қазынадан 400 ділданы дорбаға салып қара үңгірге барады. Олар әлі ұйықтамаған екен, қараса, атына ақ жалпош жауып, өзі бетін көлегейлеп алған біреу тұр дейді.

— Кімсің?

— Менің кім екенімді сұрама — дейді әлгі аттылы — бері кел-дағы мына 400 ділданы ал, керегіне жарат, тұрмысыңды түзе. Сөйтіп, ол дорбаны тастайды да кері кетеді. Кедей пақыр ертеңіне шаһарға барады. Ас-ауқат, киім-кешек алады. Ат сатып алады. Үйлі-жайлы болып есін жинады. Баяғы өзі жомарттық жасап қарайласқан ескі достары енді оған келеді:

— Асты қайдан алдың?

— Атты қайдан алдың?

- Киімді қайдан алдың?
- Бұйымды қайдан алдың?
- Сен ұрысың...

Осылай дейді де, олар кедейді қала әкіміне алып барады.

— Мына ұрыны ұстадық, жазаға тартыңыз?!

Әкім олардан сұрайды:

— Сенің малың түгел ме?

— Түгел.

— Сенің атың ұрланды ма?

— Жоқ.

— Олай болса, бұл ұры емес, сендер оған жала жауып тұрсындар, қоя беріңдер оны, тараңдар!.. — дейді.

Жамбыл осылайша бір термелеп тастады да, әңгімесін әрмен жалғады:

— Енді жаңағы сөзді айтқан қала әкімінің өзіне келейік: Оның әйелі айтыпты:

— Сіз түнделетіп қыдырып кететінді шығардыңыз. Бұрын мұндай әдетіңіз жоқ еді, бір сұлу келіншекпен уәделескенсіз ғой сірә.

— Олай емес ханым.

— Шыныңды айт?

— Мен басқа әйелге барсам, бұрын сезер едің ғой. Қайда барғанымды айтпаймын.

— Бім, м, айтпайсыз ғой. Білдім, білдім, сіздің бұл жүрісіңіз баяғы пайғамбарымыздың еш жанға көрінбей Мұғраж тауының үңгіріне барып, Алламен тілдескеніндей екен. Бірақ оны отыз сахабасы білген дейді ғой. Ал, сіздің түнделетіп бұл жүрісіңізді қалай түсінеміз!

— Шынымды айтсам, елге жайылып кетеді ғой.

— Айтпайын, оллаһи, міне нан, міне тұз!

— Ендеше айтайын:

— Әлгі кедей жомартты білесің ғой.

— Иә, білемін, ол қаңғырып, диуана боп кеткен жоқ па?

— Оны білсең, бірінші түні тандыр нан апарып бердім. Екінші түні құрма апарып бердім. Үшінші түні қазынамнан 400 ділда апарып бердім. Ол менің қала әкімі екенімді білмейді. Мен оны білемін. Гәп осы ханым. Ақылың бар еді ғой, ендігісін өзің біл? Ханымның ашуы сабасына түсіп:

— Мұның нағыз адамгершілік екен. Жарайды ешкімге айтпай-ақ қояйын.

Бір күні жоғары жақтан қазынаны түгендеуге адам-

дар келеді. Санап қараса, 400 ділда кем болып шығады. Олар әкімді зынданға салады. Бұл жазаға баяғы «ешкімге айтпаймын» деген әкімнің әйелі шыдасын ба, ол барып кедей жомартқа бар сырды ашады. «Саған 400 ділда апарып берген менің отағасым» дейді. Бұл кезде кедей жомарт бас уәзір еді. Ол дереу әкімді зынданнан шығартып алады да, құшақтап бетінен сүйеді. Өзгелері:

— Неге өйттіңіз?

Күнәкер, ұрының бетінен сүйгеніңіз қалай?— дейді.

Кедей оларға:

— Маған білдірмей жақсылық істеген осы кісі екен, — деп, оны киіндіріп, мініп жүрген атын береді. Бас әміршіге ертіп барады.

— Маған жақсылық еткен адамды таптым тақсыр. Ол мынау кісі екен — дейді.

Бас әмірші әкімге айтады:

— Саған Алланың рақымы жаусын, кәне не тілегің бар?

— Мен қазына мал сұрамаймын — дейді ол — тек әділдік болса деймін тақсыр. Кедей жомарттың құзыры бар кезде оның пайдасын көріп, кейін кедей болғанда қарамай кеткен, оған «ұрысың» деп жала жапқан опасыздардың жазасын берсеңіз болғаны. Бас әмірші солай етіп, бұл тілек орындалыпты. Бәрі тату-тәтті өмір сүріпті.

— Міне Жүсіпбек балам, білдірмей істеген жақсылық деп осыны айт. Оның қасыңда менің саған еткен сөз жәрдемім неге тұрады? — деп әнгімесін бітірді Жәкең.

Ақын даңқының, оның өлең, жырларының бұл кездегі әсер-ықпалы бұрынғыдан да күшейе түседі. «Творчество Джамбула» (1955) атты орысша жарық көрген жинақта «30 жылдық Қазақстан» колхозының мүшесі Танеке Жарықбаев Жамбыл жырының бір әсерін былай еске алады:

— 1935 жылы «Мақтаралға» мақта теруге адамдар жіберу керек болды. Жұрттың барғысы келмеді. Біз Жәкеңе бардық. Ертеңіне Жәкең колхозшылар арасына келіп өлең айтты. Мақтаның маңызын, өзара көмекті жырлады. Ел көп жиналды, сол жолы «Мақтаралға» біз 300 адам жібердік. Жәкең жыры бізге осылай көмектесті.

Ерназар күнде менен бата аласың,
Бәлеге неге барып шаталасың?
Балалар ынтымақпен істемесең,
Түбінде жаман колхоз аталасың —

деуіне қарағанда Жамбылдың өзі алғаш рет мүше болып кірген Ерназар (қазіргі Жамбыл совхозы) колхозына күн сайын жәрдемдесіп, оның өркендеп, көркеюіне ықпал жасап келген.

Ғали Ормановтың күнделігінде колхоз жайлауына қатысты мынадай сөздер бар:

18 июль 1940 жыл. Түн, ай жарық. Жайлау, таулар бәрі ұйқыда. Азанда ЦК-дан, ауданнан қонақтар келді. Ет жеп болған соң қонақтарға бір-бір ат ерттетті. Жәкенді жартасқа шығарып күрең жорға үстінде суретке түсірді. Күрең жорға, ақ қалпақ, жібек шапан, кеудесінде үш орден. Жайлауды аралап жүріп ол:

— Кәне, жарысасыңдар ма?— деді.

— Ойбай, Жәке құлап қаласыз!

— Құламаймын, ал кеттік. Жарысып келе жатып ол райком Көшековты аттан аударып ала жаздады.

Түстік кезі. Алдымызға ет келді. Жәкең сөз бастады:

— Осы жайлауымызды көрші совхоз аламыз деп, жүр. Бізге берген жер сонау Ақтаста, алыс. Осыны ойлаңдар:

Шырағым, жайлау жайын айттым саған,
Білесің алыс емес — сенде өз балам.
Жайлауын Жамбыл шалдың өзіне бер
Қылмасын жала-жанжал ешкім маған.
Совхозға жайлауымды берді десен,
Жүрмеймін көп аралап, мен бір мешел.
Шал демей қарт атаңды есіңе алсаң,
Жасарып, менің дағы көңілім өсер.

Көп кешікпей ақынның бұл талабы да орындалған.

СӘКЕНМЕН СҰХБАТ

Сәкен Жетісуда Жамбыл сынды төкпе жыраудың бар екенін жиырмамыншы жылдардың бас кезінен есіте бастаған. Оның Жетісу өңірінен шыққан Ораз Жандосов сияқты жалынды мемлекет қайраткерімен қызметтес болғаны тарихи әдебиеттерден белгілі. Сол жылдары екеуінің халық таланттары әсіресе, Жамбыл Жабаев жөнінде сұхбаттасқанын көз көргендер талай әңгіме еткен-ді.

Осындай бір кездесудің болғанын 1970 жылы халық ағарту және мәдениет саласында ұзақ жылдар бойына

еңбек сіңіргені үшін Крупская атындағы Күміс медалмен наградталған Сара Сәтбайқызы Есова былай еске түсіреді:

— Ұмытпасам, 1922 жылдың тамыз айы болар деймін. Мен онда Жетісу губерналық партия комитетінің органы «Тілші» газетінің редакторы болып істейтінмін. Бір күні Ораз Жандосов шақырып жатыр деген хабар алдым. Ораз ол кезде Қазақстан өлкелік партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі болатын. Кабинетіне кіріп барсам, оншақты кісі отыр екен. Ораздың оң жағында «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Сәкен Сейфуллин, оның жанында Бейімбет Майлин және «Лениншіл жас» редакциясынан екі-үш жастар отырды. Ораз орнынан тұрды да:

— Жиналып болдық қой деймін — деп, шақырғандағы мақсатын айтты. — Осы жылдың қазан айында Советтердің Қазақстандық III съезі, онан соң желтоқсанда Москвада Советтердің Бүкілодақтық I съезі ашылатынын, онда одақтас республикалар құрылатынын білесіздер. Енді осы зор саяси науқанға дайындық жүргізуіміз керек. Жер-жерде үгіт-насихат жұмысын жандандыру, газет бетінде осыған лайықты мақалалар, очерктер, өлең-жырлар жариялауға тиістіміз. Бұл іске үгітшілерді, комсомолдарды, ақын-жыршыларды жұмылдырып, оларға жетекшілік көмек көрсетуіміз керек...

Сара Есова әңгімесін одан әрмен сабақтай түсті.

— Ауыл ақындарының — деді ол — ел арасындағы әсер-ықпалын айта келіп. Ораз 1919 Алматыда өткен ақындардың алғашқы слетінен дәлелдер келтірді. Сәкен:

— Сонда кіммен кім айтысты? Жүйріктері қайсы екен? — деп сұрады. Ораз: айтысқан ақындарды атап шықты. Жамбылдың зор айтыс ақыны екеніне біраз тоқталды.

— Ертеде — деді ол — Құлмамбет, Сарыбас деген ірі ақындармен айтысып, жеңген. Шашубаймен айтысқан. Бұл айтыстардың көбісі осы кезге дейін ел аузында жүр.

Осындай өмір бойы тайсалмай тартысып келген ақындарды қолдап, оларды үгітші есебінде пайдалануымыз керек.

Сәкен де шығып сөйледі. Ол ел арасындағы халық ауыз әдеби мұраларын жинауды, қазақ әдебиетін жасауды, ақын, жазушыларды осыған ұйымдастыруды, оларға жаңаша тапсырма беруді атады. Жиналыс сонында қалған Сәкен Оразға:

— Жамбылды алдырып өзін бір тындасақ қайтеді, — деді.

— Мен жақында Ұзынағаш, Қастек жаққа барып қайтпақпын, уақытың болса бірге жүрейік, — мен ол қиқар шалмен таныстырып, өзінді жыр дариясына бір тоғытайын — деп күлді Ораз.

Кейін осы екі достың Жамбыл ауылына бірге барып, келіп жүргенін талай көрдім.

Онан соң Сәкен Жамбыл есімін, оның өлең-жырларының тізімін 1925 жылы Ташкент баспасынан жарық көрген «Терме» жинағынан көрді. Осы жинақты құрастырған мұғалім Шамғали Сарыбаевпен кездесті.

— Сіз құрастырған «Терме» жинағын оқып шықтым. Өте игілікті іс жасағансыз. Қолда жинағаныңыз болса, тағы да осылай жариялау керек, — деді Сәкен.

Шамғали Сәкенге 1922 жылдың маусым айында Ұзынағашта Жетісу Қосшылар одағының I съезіне қатысқанын, оған жиырма шақты ақын, жыршылар шақырылғанын, олардың әрқайсысымен жеке-жеке әңгімелесіп, өлең-жырын тыңдағанын, өмірбаянын, өлеңдерінің тізбесін жазып алғанын айтты.

— Жетісу өңірінде — деген ол Сәкенге — Жамбылдан асқан жүйрік ақын жоқ. Халық ауыз әдебиетін көп білетін шежіре. Дастандары да көп. Бір «Қөроғлы сұлтанның» өзін 15 күн айтады екен. Екі сөзінің бірінде «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп отырады. Сүйінбай Аронұлы да сол екей елінен шыққан аса шабытты кедей ақын көрінеді... Осылай деген Шамғали арабша жазылған дәптерін парақтай отырып, Сәкенге мына бір шағын жолдарды оқыған:

Апыр-ау мына жатқан Сарыбай ма,
Жан досы Сүйінбайды танымай ма?
Абакты, тарақпенен айдап жеп ең,
Басыңда шулап тұрған малың қайда?
Алпыстың алтауында Андас өлді.
Шуласып Сарыбайды жерге көмді.
Қатарлас тең-құрбымның бәрі кетті,
Байқасам, енді нәубет маған келді.

— Қайта оқыңызшы жазып алайын — деп, Сәкен дәптерін оңтайлай берген. Шамғалидың Жамбыл айтуынан жазып алған Сүйінбайдың Сарыбайға арнаған осы өлеңін Сәкен сол жолы жазып алып, «Жаңа әдебиет» журналына (№ 6, 1926) жариялатқан.

Сәкен 1927 жылы әуелі Қызылордадағы халық ағарту институтының, келесі жылы Ташкенттегі педагогикалық институттың ректоры, 1929 жылы ҚазПИ-де Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті болып, қазақ әдебиеті пәнінен лекция оқыды. Осы жылдардан бастап оның халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинастыра жүргені аян. Қазақ әдебиетінен оқулық жазуды ойластырады. Осы мақсатпен ол 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жөнінде ашық хат жариялады. Сол сол екен, содан былай қарай Сәкенге жер-жерден халық ауыз әдебиеті нұсқалары ағылып жатты. Ақын-жыршылар келіп жолықты. Кейбірін өзі іздеп барды. Сонымен Сәкен көптеген материалдар жинап алды.

1930 жылдың көктемінде Қазақстанның өз алдына отау тігіп, республика болып құрылғанына 10 жыл толуына байланысты мерекелі жиын өтті. Осы мерекеге қатысқан Кенен Әзірбаев былай әңгімелейді:

— Той өткен күннің ертеңіне Сәкен-Жамбылды үйіне шақырды.

— Кенен сенде жүр?— деді Жәкең маған. Мен «мақұл» дедім. Өзім де оның қасынан қалғым келмейді. Барсақ Сәкен күтіп отыр екен. Гүлбаһрам келін дастарқанын жайып, жүгіріп жүр. Сәлемдесіп, қалжындасып, халжай сұрасып алған соң Сәкен маған қарап:

— Кешегі той үстінде айтқаның құлағыма жағып барады. Соны тағы бір шырқашы?— деді. Мен шай алдында «Қазақстан» деген сол тойға арнап әкелген әнімді шырқадым. Ас-су ішіп болған соң Сәкен Жамбылдан жай сұрады. Ол домбырасын шерте отырып сөз бастады. Біз тыңдай қалдық:

Шіркін кәрілік келдің ғой кезіменен,
Келін жаман қарайды көзіменен.
Мінекей деп қолымен ұрмаса да,
Ұрғандай ғып кетеді сөзіменен...»

Мен бұл сөзді тани кеттім. Осыдан бірер жыл бұрын Жамбылдың өз үйінде отырып тыңдағаным бар-ды. Оған ән де шығарып, ел арасында айтып жүретінмін, ішімнен «Сүйінбай ғой» деп отырмын. Жәкең: «Жиырмада желдей болдым, отызымда белдей болдым, қырқымда селдей болдым, елуімде түбім терең құрақты көлдей болдым» деп, шұбырта жөнелді.

Ал Сәкен болса қаламын сусылдатып жазып отыр. Жәкең жырын тоқсанға тіреп тоқтады. Сәкенге бір қарап

алды да ол: «Міне, шырағым сол Сүйінбай осылай деп айтқан екен, біз де сондай болдық бүгінде». Ол демалып, салалы сақалын сипап қойды. Шай ішті. Домбырасының құлағын қайта бұрады. Бұл жолғы дауысы көтеріңкілеу шықты.

— Сол ұстазым Жабай батырды былай жырлаушы еді:

Он сан ноғай бүлгенде
Ормамбет хан өлгенде.
Қырық жылдай атысқан,
Қызыл қанға батысқан,
Найзаменен соғысқан,
Қылышпенен шабысқан,
Айбалтамен қағысқан.
...Ноғайдан шыққан Жабайды,
Бес мың кісі қамайды,
Жабай алды найзаны,
Істеді талай айланы...

Жәкең осылайша сілтей берді, сілтей берді. Сәкен де жазғыш-ақ екен, қағаздың біраз бетін аударып тастады. Менің жанымда отырған Сәкеннің інісі Мәжит те: «Өзі ересен батыр екен-ау» деп қояды.

Сонымен Жамбыл келесі күні өзінің Құлмамбетпен айтысын хикая етеді. Сәкеннің қазақ әдебиеті жөніндегі бірінші кітабына қосқан «Жабай батыр» мен оның Құлмамбетпен айтысы сол жолы жазып алынған дүниелер екен.

Екеуінің тағы бір кездесіп, жыр тиегін ағытқанын Сәкеннің жұбайы Гүлбаһрам былай еске алады.

«1934 жылғы халық таланттарының слеті кезінде Жамбыл мен Кенен Әзірбаев үшеуі маз-мәйрам болып әңгіме-дүкен құрғаны әлі есімде. Олардың сондағы бір-біріне бәйек болып, «Жәке, Кенеке, Сәкенжан» десулері үлкен өнерлі өмірдің сән-салтанаты болып елестейді де тұрады. Осы сый-құрметтің айнымаған белгісін таяу арада тағы көрдім. Тірі адам өз көңілін әртүрлі жолмен білдіреді ғой. Кенен ақсақал Алматыға келгенде біздің үйге соқты. Сексендегі Кенекемнің мөлтілдеп төгілген мөлдір жасы өткен-кеткенді еске түсіріп, жан-жүйемді елжіретіп жіберді» («Қызыл сұңқар», Естеліктер, «Жазушы» 1970, 93-бет).

Кезінде Жамбыл ақынға хатшылық қызмет көрсеткен белгілі ақын Ғали Орманов жүргізген күнделікте мынадай жолдар бар:

9 наурыз 1940 ж.

Жамбыл Ұзынағашқа барды. Бір үйге келіп, бірнеше қартпен әңгімелесті. Оның ішінде Ыбырайым, Қопабай және басқа қариялар бар еді.

— Иә. Жәке, сіздің аузыңыз ашылса бітті, алтын сауылдап төгіле жөнеледі. Енді сізде не арман бар?— деді бір шал.

— Менің өлеңімнің өрши беретіні рас, — деді Жамбыл. — Ана бір жылы Сәкен үйінде қонақ болғанда көп өлең айтқызды. Жазып алды. Сонда өлеңің өткір екен деген болатын. Ой, ол да бір алғыр ақын еді ғой шіркін... («Лениншіл жас» 20 қараша, 1986).

Кейін Жамбыл ауылының қарттарына барып жолықты. Ыбырайым, Қопабай қарияларды сұрастырды. Екеуі де осыдан екі-үш жыл бұрын қайтыс боп кетіпті. Олардың орнына Шаштай ақсақалды таптық. Күнделіктің 1940 жылғы 21,30 мамыр күндерінде Шаштай есімі аталады ғой. Сол кісі бізге қажетті дерек айтпас па екен деп ойладық. Шаштай да құралақан емес екен. Жамбыл мен Сәкен кездесуінің куәгері болып шықты. Бірақ, біз барғанда ол кісі науқастанып, емделуге жүргелі отыр екен.

— Алматыдағы госпиталға жатпақ едім, жазылған соң келерсіз, — деді. Сонымен ол кісінің сауығып оралуын тіледік. Бір ай шамасы өткенде «Социалистік Қазақстанда» істейтін баласы Жұмабай телефон соқты.

— Көкем жазылып, госпиталдан шықты, — деді Жұмабай. Қазір үйде отыр. Жолығамын десеңіз, келіңіз.

Мен Жұмабай айтқан адреспен оның үйіне бардым. Екеуміз бір кеш әңгімелестік. Сондағы ол кісінің айтқаны мынау:

— Әкем екеуміз «Ерназар» колхозының жылқысын бағатынбыз. Колхоз алғаш ұйымдасқанда төрт жылқы еді. Сол көбейіп, он екі үйір жылқы болды. Сәуір айында Майтөбе жайлауына көштік. Тәтем (Жамбылды айтады) өзінің көк биесі мен торы төбел айғырын жылқыға қосып, өзі біздің үйде қона-жатып жүретін. Ол кісі менің әкем Күшікбайдан үш жас үлкен болса да, екеуі тату құрдас, бір-бірін қатты сыйлайтын. Бірінің атын, бірі атамайтын. «Тәте», немесе «сіз, біз» деп сөйлейтін. Екеуі дастарқан үстінде өткен-кеткеннен, батыр, шешен, ақын, жыршылардан көп әңгіме айтатын. Кейде ата, ба-

балар шежіресін талдап кететін. Мен қызығып тындай беретінмін. Тәтем маған кейде: «Әй, майшелпек, тұр жылқыны көріп кел» дейтін. Жылтыраған бетіме қарап ол кісі мені осылай атайтын.

Бір күні жылқы қайырып жүріп, ойдағы ауыл жақтан, бөктерлеп өрлеп келе жатқан екі аттылыны көріп, ссларға қарай бұрылдым. Жақындап сәлемдестім. Оразды ғана таныдым. Орекең менен жөн сұрады:

— Жәкең сенің үйіңде ме?

— Иә, біздің үйде. Көкем екеуі шай ішіп отырған.

— Олай болса, жүр үйіңе!

Мен қия жолмен үйге төтелей тарттым. Ораз қасындағы кісіні таныстырып келеді:

— Бұл кісі Сәкен деген ақын, естуің бар ма еді?

Мен «ия» деп басымды изедім. Ораз енді Сәкенге қарап:

— Шаштай деген осы. Жамбылдың жақын ағайыны, колхоздың жылқышысы.

Үй жанына келіп аттан түстік. Мен жалма-жан кісілердің атын байладым. Олар:

— Ассалаумағалайкум, — деп үйге кіргенде, әуелі екі шал қолын көлегейлеп таныңқырамай қалды. Тәтем орнынан ұмтылып тұрды.

— Оразжанбысың, амансың ба?

Енді ол қасындағы қою қара мұртты, сұлуша, сұңғақ жігітке жақындай беріп:

— Ойбай-ау, мынау Сәкен ғой, аман ба, қарағым?

— Амансыз ба, Жәке!

— Сізді іздеп, колхозға келсек, ауылдағылар жайлауда деді.

— Артыңыздан қуып келеміз...

Олар осылайша амандасып, дабырласып жатты. Апам, келінімен екеуі самаурын қойып, кең дастарқанын жайды. Мал сойылды.

— Әкең жұмысшы еді. Өзің жасыннан оқып, білім алдың, кедейлердің сөзін сөйлеп, бостандық деп жар салдың. Оразжан, не дейін, мен айтып жүрген жыр өзіңе белгілі ғой деп бір тоқтады. Ораз Сәкенге қарап:

— Ал Сәке, не қалайсыз? Біздің тәтем жырдың дариясы ғой. Одан не қаласаң сол шығады.

— Дұрыс айтасын, Ореке, — деді Сәкен. — Жәкеңді осыдан бірер жыл бұрын тындағанмын. Жабай батырды, Құлмамбетпен айтысын өз айтуынан жазып алып, кітап-

қа қосқамын. Ол кітап шықты. Жәкең қырғыздың «Манасын» жырлайды дегенді есітемін. Соны бір тындасам деп жүруші едім. «Манасты» айтасыз ба, Жәке?

Жамбыл екі иығын қомдап құнжындап қойды.

— Е, е, Сәкенжан қаласа, айтпай несі бар, айтайын, — деді де «Манасты» бастап кетті.

Ертеде, тіптен ертеде, заманасы келтеде, Алтайдағы қырғыздың, Балта деген көне көз қариясы айтыпты: Қытай талап бір жақтан, Мәнжүн талап бір жақтан, қалмақ қамап бұ жақтан, тоз-тоз қылып елімді, тартып алды жерімді, Жайлауымды шаң қылды, ерлерімді қаң қылды. Енді Алтайда тұрақ жоқ, ат шалдырар құрақ жоқ, бас аман, мал түгелде, мекенің елдің табалы, қайыңнан найза шабалы, азып-тозған қырғызды бір орынға жиялы. Балта тағы сөйледі, сөйлегенде бұй деді: Біз Алтайға көшкенде, талай заман өткенде, Үрбі деген атамыз Алатауда қалып ед, қос Қеминді жайлап ед, екі қара ат байлап ед, күздігін күз, жаздығын ен далаға айдап ед, балтасын тасқа қайрап ед, қылышын жауға сайлап ед, қара үңгірді үй еткен, жалғыз жүріп күнелткен. Сөйтіп жүріп көбейген, ел құрапты кедейден, өзгелермен теңейген. Теңейгенін айтайын: Жеті өзенді жайлаған, қырында жылқы айдаған, желілеп құлын байлаған, ойында бақша жайнаған, бұлбұл құсы сайраған, қарасаң көз тоймаған. Қосай сынды батырмен дос болыпты. Қосайға енді келейін, жел маядай желейін. Сөйле деген жұртыма, шаршадым мен демейін. Үйсіннен шыққан Қосайды жырла десен ағайын, енді жырлап берейін. Қосай деген дәу екен, күші басым зәу екен. Шоқпарынан шоқ шыққан, шоқ тұтанса от шыққан, қолына зор күрзі алған, тауды Қосай бір салған, бір салғанда тас талқан қылады екен Ер Қосай. Сөйтіп өзен ағызған, жағасына қаз-қатар сәнді шаһар салғызған. Сонау Алтай алыстан, артық тұған ер Манас қырық жігітпен жол шегіп, Азғана емес мол шегіп, Алатауға келіпті. Атта тұрған Қосайға, асыла сәлем беріпті. Құшағын жая көрісті. Бірін-бірі өбісті. Сонда Манас сөйлепті, сөйлегенде бұй депті. Қосай аға, қария, кебіңіз бар жария, айла тапқыш әулие, өрге шықсам ебегім, төмен түссем көмегім, алға жүрсен ақ жолым, жауға шапсаң сан қолым. Қосай аға қолың бер, келіп тұрған алыстан, алдыңызда Манас ер, — деп екі батыр осылай танысыпты. Сонда Қосай батыр: Үй көрмеген бала едің, жылқыдан тандап берейін, Кер қабланды

мініп кет. Ағайын деп келіпсін, торқа тонды киіп кет. Алмас жүзді ақ семсер, білегіңе іліп кет. Алды-артында қалың жау, оны-дағы біліп кет! Ежелден дәстүр ер жігіт, жеріне келіп қонатың. Еліңе пана болатын. Батыр Манас, бауырым, Қосай ағаң өлмесе, дұшпанға ойран салдысар, шыбын жанын аямай, құтқарып елінді алысар...

Сол жылдың мамыр айында слетке қатысып өнер көрсеткен жүлдегерлер Мәскеуге сапар шекті. Мәскеу — Алматы жүрдек поезі толған өнерпаздар, ақын-жазушылар. Орталарында ақсақалды аталары Жамбыл жырау, оның жанында Сәкен, Кенен, Тайжан тағы-тағылары думандатып, дүрілдетін ән мен жырдың тиегін ағытып барады.

— Әңгіме айтыңыз?

— Қанша ақынмен айтыстыңыз?

Сәкеннің бұл сұрауына Жәкен қалжыңмен жауап береді. Оған отырғандар ду күліседі.

— Менің қанша ақынмен айтысқанымды, қай санақшы санапты дейсің? Айкүміс, Сарыбас, Құлмамбет, Шашубай дейсің бе, әйтеуір көп өлең айтылды ғой...

Қызыл алаң, Ленин мавзолейі, ұзыннан ұзақ сапқа тізілген жұрт. Жамбыл, Сәкен бастаған топ солардың соңынан барып тұрды. Әне-міне дегенше бұлардан соң да кезек ұзарып барады. Алды жуығырақта жылжитын емес. Бұрын мұндай кезекке тұрып көрген Жәкен бе? Шыдамады. Ол саптан шығып ілгері жүре берді. Артынан Кенен, Тайжан, Сәкен ерді. Қақпа алдындағы екі құрметті қарауыл оларды кейін ығыстырды. Бір уақытта тізілген жұрт алға қозғалды. Сең соққан балықтай шеткері ығысып қалған Жамбылды тани кеткен бір кісі «Сіз Жамбылсыз ба, бері жүріңіз?» деп оны, қолтықтай ілгері жүрді. Оның соңынан өзгелері ілесті. Ішке кірді. Табыттағы дидарға қарап тұрып ол ішінен күбірледі.

— Уа, данышпан сабазым!

Езілгенді теңедің.

Зарыққанды жебедің.

«Жер жүзіне шам-шырақ

Орнатамын» — деп едің...

Қарттың бұл тұрысын көрген өзгелер бір-бір күрсінді. Олар сыртқа шықты. Қонақ үйге барды. Шешініп жайғаса бергенде, беліне алжапқыш байлаған даяшы қыз шара толы тағам алып келді. Кенен, Тайжан ас-ауқат қамына кірісті. Жамбылдың асқа онша зауқы

болмады. Бірер кесе шай ішті де, төсегіне барып жатып қалды. Бөлмеге Қалмақан мен Қасым кірді.

— Шайға келіндер?

— Рақмет, ресторанның тамақтанып келдік.

— Келіндер тастап кетіп жүрмесін.

— Ертеңгі ас емес қой.

— Тастаса тастай берсін. Мәскеудің әдемі көз бір қызын ерте қайтармыз. Осылайша Кенен, Тайжан, Қалмақан, Қасым бәрі қалжындасып күлісіп алды.

— Ау, Жәкең жатып қалған ба?

— Иә, қария кісі шаршаған болар.

— Мавзолейде болған ақын бірдеме айтар деп келіп ек.

— Жолығайыншы өзіне.

— Барма, жаңа ғана жатты, демалсын. Қалмақан, Қасым, Тайжан үшеуі шығып кетті. Кенен жалғыз қалды. Ол ақырын басып Жамбылдың бөлмесіне ене бергенде, Жәкең оянып кетіп басын көтерді.

— Дабырласып жатқан кімдер?

— Әлгі хатшыларың ғой.

— Не дейді?

— Жыр айтар ма екен дейді.

— Көзім сәл-ақ ілінді. Ұйықтай алмадым. Бұрын басым жастыққа тисе болды ұйықтай кетуші едім.

— Ей, Жәке-ай, — деді Кенен — келгелі бері небір жақсылық құрметті көріп жатырмыз. Кеше ұлы көсем келбетін көрдік. Бүгін өкімет басшыларымен дастарқандас болмақпыз. Осындай ертегідей кереметтерді көрген кісиде ұйқы болушы ма еді?

— Иә, Кененім — деді ол. — Мұндай тамаша, сый-құрметті екеуіміз бұрын көріппе екі! Бәрі де ұлы көсем Лениннің арқасы. Ленин болмаса, мұндай бақытқа жетер ме едік? Ақын толғанып, ішінен ыңылдай бастады. Шәкірті домбырасын қолына ұстата берді де, лып етіп барып, көрші бөлмедегі Қалмақанды ертіп келе қойды. Ол қағазын жайып, Жәкене қарады. Ақын домбырасын ерсілі-қарсылы сабалап, екі иығын құнжындата жөнелді.

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың көні данышпан,
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген,
Заманның ері арыстан.

Адасқан халық зарыққан,
Азаттық алып бақытқа
Сәуленде келіп табысқан...

Жыр тиегі осылайша ағыл-тегіл ағатыла берді, ағытыла берді. Әлден уақытта барып: «Ақшыл тартқан басымды, Алдына келіп иемін!» деп сөзін тамамдады. Жыр сарқылды, ақын толғағы тарқалды, екі иығынан жүк түскендей сергіп, арқа-жарқа болып отырғанда, Сәкен кіріп келді. Кенен мен Қалмақан қабаттаса:

— Сүйінші Сәке, сүйінші! Жәкең түнімен толғатып ұл тапты!

— Жыр туды, жыр болғанда қандай? Барлық жырдың көкесі! Кешегі Ленин мавзолейінде болғандағысын төлғады.

— Жазып алдыңдар ма?

— Иә, Сәке — деді Қалмақан күлімдеп — міне, оқып берейін бе? Сәкеннің қуанышында шек жоқ.

— Кәне, оқышы?

Қалмақан кәдімгі өзінің шығыс әуен-мақамымен мәнерлеп оқи бастады. Аяғына дейін міз қақпай тындап қалған Сәкен орнынан атып тұрып:

— Данышпан қартым, бұлбұлым! — деп, Жәкеңді қапсыра құшақтап, арқасынан қақты.

Міне, Жамбылдың Ленин мавзолейіне арнаған өлеңі осылай туды. Ертеңіне мен де сол ұстазыма еліктеп көсемге жыр арнадым. Бұл Кенен Әзірбаев шерткен бір сыр еді.

«ТУҒАН ЕЛІМ»

Отызыншы жылдың екінші жартысынан бастап Жамбыл Жабаевтың ақындық даңқы бұрынғыдан да шарықтап, кемелдене түсті. Әсіресе, 1936 жылғы қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің Мәскеудегі алғашқы онкүндігі және Грузия сапары кезіндегі ақындық, импровизаторлық таланты бүкіл әлемді таңырқатты. Бұл құбылыс қазақ әдебиетіндегі оның ішінде халық поэзиясында ерекше бір айта қаларлық жетістік болды.

Жамбыл шығармашылығының сол жылдарғы бүкіл халықтық сипат алып кетуінің тағы бір кілті: ол айтқан өлең-жырлардың замана, халық талабына сай үндесуінде. Олардың тыныс тамырын дәл басып, көкейіндегісін таба сөйлеуінде. Екіншіден, сол мақсат, мұратты көр-

кем де, айшықты поэзия тілінде шебер бейнелей білуінде, халқымыздың өнер құдіретін шырқау биікке көтере жырлауында еді.

Республика өкімет басшылары мен сол жылдарғы жазушылардың алдыңғы қатардағы өкілдері Қазақстанның әр түкпірінен халық таланттарын іздестіріп, олардың шығармаларын жазып алып, жариялауға кірісті.

30-жылдардың бас кезінде С. Сейфуллин Жамбылмен кездесіп, бір топ өлең-толғау, айтыстарын жазып алды. Жоғарыда айтқандай 1932-жылғы Сәкен құрастырған оқулыққа енген Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы, «Жабай батыр» дастанынан үзінді осы кездесудің бір белгісі дерлік.

Кейін Жамбыл 1934 жылғы маусым айында өткен көркемөнерпаздардың республикалық байқауына қатысты. Ол алғаш рет байтақ республиканың түкпір-түкпірінен келген ақын-жыраулармен жүзбе-жүз танысты.

Осы жиынға шақырылған Жамбыл шәкірттерінің бірі Есдәулет Қандеков айтады: «Жиынға көп ақын келіп-піз. Бір-бірімізбен танысып жатырмыз. Арқа жақтан келген бір ақын: «Мынау шал қай ақын?» — деп сұрады. «Жамбыл ғой» — деп едім, ол жалма-жан: «Әлгі «Құланаян Құлмамбетті сүріндіретін ақын осы ма, ой, жарықтық-ай!» — деп Жәкеңнің қолын алып жатты. Бір кезде жыр кезегі біздер жаққа келді. Кенен, Үмбетәлі бәріміз орнымыздан тұрып: «Жәкең тұрғанда, бізге жол қайда, алдымен сол кісі сөйлесін» дедік. Жәкең екі нығын қомдап алға шықты. Алдымен көпшілікке қарап сәлемдесіп: — жиындарың құтты болсын — деп алды. Жинақтарына еніп жүрген «Жастар алдындағы сөз» дейтін ұзақ термесі сол слетте туған-ды.

Мұнда ақын әуелі шабыт шақырып алады да, жастарға қарап:

Сендердікі бұл заман,
Оған талас сөз болмас
Қорытсада қаншама
Өзгеріп алтын жез болмас.
Аяққа шұлғау қылсада
Асыл жібек бөз болмас». —

деп, оларға үлкен үміт артады.

1936 жылы 28 сәуір айында халық өнерпаздарының республикалық екінші слеті ашылды. Бұл жиынның басты мақсаты Мәскеу онкүндігіне баратын өнерпаз талант

иелерін анықтап, іріктеу еді. Осы слетте Жамбыл бұрынғыдан да жарқылдап көзге түсті. Ол көпшілік алдында өзінің әйгілі «Туған елім» атты толғауын жырлап шықты. «Тоқсанға келген жасым бар. Көпті көрген басым бар» деп басталатын осы толғау баспасөз беттерінде жарияланып, оның Мәскеуге баруына жол ашты.

«Туған елім» — толғауы оның ақындық атағын тағы бір шарықтатты. «Правда» газетінде жарияланған бұл толғау Жамбыл данқын тек қана Кеңес одағы емес, бүкіл әлемге таратты. Оны ел ХХ ғасырдың Гомері деп атады.

Бұл толғаудың кезінде қалай дүниеге келгендігі жөнінде Жамбылдың жанында жүрген қазақтың қазіргі белгілі ақыны Әбділда Тәжібаев былай жазған:

— Ол домбырасын бір әуен-сазға келтіреді де әуелі өзін таныстырып алады. «Мен Жамбылмын, өлең сөзге даңғылмын, «Қырымның қырық батырынан» ба, Қырғыздың «Манасынан» ба, «Қөроғлыны немесе «Сұраншы», «Саурық» батырлардан сөйлейін бе?» — деп, жыр кіріспесін бір қайырып тастады.

Денесі қызған тұлпардай қарт жырау енді өзінің жүйелі сөзіне көшеді:

Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар.
Аман жеттім бұл күнге —
Ойды-қырды аралап,
Жалғыз атты сабалап,
Серік қылдым өмірге,
Домбырамды өңгеріп,
Өзіме-өзім дем беріп...

Не деген жатық жыр! Маржандай тізілген ұйқас. Тындаған сайын көкейіңе ұялап, тұла бойынды баурайды. Сірә, мұндай әсерлі жыр бола бермес.

1936 жылдың мамыр айында Қазақ әдебиеті мен өнерінің қайраткерлері Мәскеуге аттанды дедік. Орталарында Жамбыл ақын. Олар думандатып астанаға жетеді. Мәскеуліктер тоқсандағы қарт жырауды көруге ынтығады. Әбділда Тәжібаев айтады:

«...Астана жұртшылығы шын-ақ күткен екен. Гүл көтерген көңілді халықтан перрон қайысқандай. Жазушылар, артистер, пионерлер тоқтай берген вагондарға қолдарын созады.

— Жамбыл, Жамбыл! — деген сөз хормен айтылады.

— Мені шақыра ма, мына жұрт? — Жәкен елең ете қалды.

— Иә, Жәке, сізді шақырады. Жүріңіз, бастаңыз! Жәкен сусар бөркін бір қағып алып қайта киді де, есікке беттеді.

Мен көз алдымда Жәкеннің қайта сілкінгенін, кәрі қыранға айналғанын көрдім. «Жамбыл! Жамбыл!» деген зор дауыс оған қуат қосқандай, қанат бітіргендей әсер етті. Қарт ақын есіктен көріне беріп тоқтады, ол оң қолын омырауына басып, күткен жұртқа сәл ғана бас иді. Соғылған алақан «Жамбылдаған» үнге қосылып, вокзал жаңғырықты. Енді ғана түсіне бастадық.

Сол күнгі «Правдаға» Жамбылдың «Туған елім» атты өлеңі мен дәл қазіргі вагондағы көрінісіндегідей түскен суреті басылып шығыпты. Әркімнің қолында бір-бір газет. Олар біресе «Правдадағы» портретке, біресе қарсы алдында бас иіп тұрған Жамбылға қарайды...

Біз шешеміз екеуміз қарт ақынмен бір машинаға мінгенбіз. «Жамбылдаған» дауыс көше бойы бір үзілген жоқ. Бағдаршамның қызыл жарығына сәл кідірсек болғаны, шофердің қасындағы ақынды тани қалған біреу «Әне, Жамбыл!» дейді, қолын шошайтып, қаптаған халық лезде бізді қоршап қалады.

— Здравствуй, Жамбыл!

— Здравствуй, Жамбыл!— дейді жамырай қуанған мәскеуліктер. Жамбыл да оларға:

— Іздірәсти, — деп жауап береді.

Машина үлкен көшелердің бірімен ұзағырақ, аялсыз жүре бергенде, мен Жәкене «Правданы» жайып, өлеңі мен суретін көрсеттім.

— Мына орысша аударылған Сіздің жырыңыз.

— Анадағы сен жазып алған ба?

— Дәл өзі, Жәке.

— Жарайсың, шалым, — деп ол өз суретін жай ғана шертіп-шертіп қалды.

— Бақ айқайлап келіп тез қона қалады екен-ау, — дейді апам. Жамбыл суретіне ол да таңдана қарап. Біз шамалыдан кейін «Москва» мейманханасына келіп түстік...»

Күткен күн жетіп, 17 мамырда онкүндік салтанатты түрде басталады. Қазақ көркемөнерпаздары күн бұрын әзірленген бағдарлама бойынша шетінен өз өнерлерін көрсетіп жатады. Қазақ жырының ақсақалы Жамбылға

сөз беріледі. Ол зал толған мыңдаған астаналықтар алдына шығып, өзінің «Туған елім» толғауын толғайды. Ойлы да, көркем сөздер, үйлесімді де, ұтқыр ырғақ, ұйқастар залдағы отырған әдебиет пен өнер адамдарын, кеңес өкіметінің басшыларын дән риза етеді. Олар өзі тоқсан беске келіп отырған қарт жыраудың осыншалықты құлшына, беріле жырлауына, кенеттен сөз тауып, импровизаторлықтың озық үлгісін көрсеткеніне таң-тамаша қалып қол соғысты.

Өкімет басшыларының қабылдауында болып, кешке қарай бәрі кең дастарқан басында бас қосты. Қонақтар, шешендер сөз алып бәрі қазақ халқының үздік өнерпаздарына әсіресе, жасы тоқсаннан асқан алып жырауға арнау сөздерін айтып жатты.

— Осы бір сәтте — дейді, Жамбылдың жанында болған хатшысы — қиқар шал бір мінез көрсетті. Оң жағында отырған Сәбенді (Сәбит Мұқановты айтады) түртіп қалып:

— Әй, балуан Шолақ, менің намаз оқитын уақытым боп қалды. Анау қызынды ұрайын мұрттыңнан рұқсат сұраймызба, қайтеміз!— дегені бар емес пе.

Сәбен:

— Ойбай, ітәте, сабыр ете тұр — дегеніне бір бет қайсар шал қарамады. Қасында отырған маған:

— Әй, қара бала жүр, мені оңаша бөлмеге ертіп бар, намаз оқып келейін — деді. Жаппар құлда жан бар ма, мен Жәкенді жетелеп коридорға шықтым. Бір қалтарыстау бұрышқа барып ол беліне орап жүрген ақ орамалын жайнамаз етті де, намазға бас қойды. Мен біреу-міреу көріп қоймаса екен деп, жанымды шүберекке түйіп, жанжағыма алақтап мазасызданамын. Егер Кремльдің бір адамы көріп қойса ғой, масқара болатын болдық-ау, «мына шал тезірек болса екен» деп әбігер болдым. Жәкең орнынан тұрып орамалын сілкіп-сілкіп беліне байлады. «Уһ» деп, мен оны ертіп барып орнына отырғыздым. Дәл осы кезде Молотов сөйлеп жатыр еді...»

Міне, бұдан Жамбылдың қай уақытта болмасын, тіптен қызыл Кремльдің төрінде де бес уақыт намазын үзбеген имандылығын, пәктігін көреміз.

Салтанатты жиын аяқталған күннің ертеңіне қарт ақын Мәскеуді аралап, тамашалады. Әдебиет, өнер қайраткерлерімен кездесті.

Ертеңіне бір топ өнер қайраткерлеріне награда, тоқсандағы Жамбылға Еңбек Қызыл Ту ордені тапсырылмақ. Осы хабарды есіткен ақынның қасындағылар «Жәкең Калинин ақсақалға жыр мен алғыс айтатын шығар» деседі. Ақын бұған мақұл деп, домбырасын қолға алады:

... Тойлы думан күнімде,
Колхозыма келіп ең.
Мәңгілікке мекенге
Жерімді бөліп беріп ең —

дейді де, сәл тосылып, қасында отырған хатшысын түртіп қалады;

— Әй, әлгі қызынды ұрайын теке сақалыңның аты кім еді?—депті. Жан жағында отырғандар ду күліседі. Хатшысы саскалақтап:

— Ойбай, Жәке, олай деменіз! Әлгінде Калинин деп едім ғой. Бүлдіріп аларсыз, тіптен атын атамай-ақ қойыңызшы!— деп жалыныпты. Міне, Жәкең жүрген жерінде осылайша үлкенмен де, кішімен де қалжындаса берген.

Кен Сарай төрінде ол үкімет басшылары мен астана жұртшылығына қазақ халқының сәлемін жыр өрнегімен жеткізді.

Домбырасын серік қып,
Өткізді Жамбыл ғасырды.
Өлеңді төгіп өрнектеп.
Асулардан асырды...
Тауды көрдім дегенім —
Тау емес екен, дөң екен.
Өзен, көл көрдім дегенім —
Көз жасының селі екен.
Кемдіктің кесіп бұғауын,
Енді азаттық құсы боп
Халқым, кірді берекең

Бұл керемет салыстырмалы терме қазақтың дәстүрлі жыр үлгісінің осы заманға сай жаңғыруының бір дәлелі.

Мәскеуде өткен онкүндік ойдағыдай аяқталды. Қазақстанның әдебиет және өнер қайраткерлері жүрдек поезбен елге қайтып келеді. Таң ата бере поезд қазақтың кең байтық даласына жетті. Жұрттың бәрі таңғы тәтті ұйқыда. Тек Жамбыл ақсақал ғана ерте тұрып, жұмсақ купе терезесінен далаға қарауда. Поезд зулап келеді. Рельс сарт-сарт солқылдайды. Купе шайқалып былқылдайды. Жүргіншілер ырғалып тербеледі. Жол бойында-

ғы телеграф бағаналары жылт-жылт етіп қалып жатыр. Ұшы-қиыры жоқ кең дала диірмен тасындай айналады. Осы бір сәтте көрші купеде келе жатқан Күләш оянып тұрды да, Жамбыл атасының жанына келіп, еркелей сәлемдесті. Бағаналы бері ойы шартарапты кезіп тұрған қарт жырау, енді сейіліп Күләштің ақ мандайынан сүйді.

— Айналайын бұлбұл қызым! Сен бақыттысың, иә, рас айтамын, бақыттысың, ал маған бұл бақыт тым кеш келді:

Аюдай арқыраған Зілқара едім,
Алмаған ата тілін бір бала едім.
Жиырма бес енді айналып қайтып келсе,
Төрт бұрышын дүниенің бұлғар едім,—

деген екен Зілқара ақын. Мен де сол сияқты өкініп тұрмын. Қой, енді өзің келгенде бірдене айтпасам болмас, тында қызым.

Қызым келді-ау қасыма қызғалдақтай,
Жүрер ме екен кәрінің сөзі жақпай.
Сені тапқан анаңнан айналайын,
Мүсінінде бір мін жоқ арғымақтай.
Қыз түгіл енді маған кемпір кайда,
Жанды бағып жүргеннің өзі пайда...

Күләш санқылдап күледі. Ал, Жамбыл болса, қамығып көзіне жас алады.

* * *

«Кеше маусымның 5 күні астанамыздың еңбекшілері күндегіден ерте оянды. Олар бүгін өздерінің Мәскеуге барып қайтқан талантты ұл мен қыздарын қарсы алуға әзірленуде. Қаладағы жоғары және орта дәрежелі мектептер, жұмысшылар коллективі ерте тұрып, құрметті жолаушыларын күтіп алудың қамына кірісті.

Сағат алтының шені, қалалық партия комитетінің алды қаздай тізілген машина, желбіреген қызыл ту, қуанышты халық. Машиналар бірінен соң бірі заулап Алматы станциясына қарай жүріп жатты.

...Вокзал басы иін тірескен халық. 3-4 жерде оркестр ойнап тұр. Бұл топтың ішінде 80-дегі кәрі де, 8-дегі жаста бар. Елдің екі көзі Мәскеу поезының келетін жолында. Қашан келер екен деп, тықыршып тұрған жұрт. Сағат 11-ді соққанда семофор ашылды.

— Енді 6 минуттан кейін поезд келеді деген хабар

вокзал басындағы лық толған халықты бұрынғыдан әрі асықтырды. Минуттың өзі сағатқа пара-пар болды. Бір уақытта поездың түтіні көрінді. Станция басында жиналған халық сап түзеп тізіліп тұра қалды. Музыка құй-қылжытып, неше түрлі әнге салды. Жиналған халықтың қойнына сыймаған қуанышы Мәскеу поезының екпінімен ұштасып, бүкіл еліміздің қуанышын көкке шығарғандай болды.

Міне поезда жетті. Уралаған жұрт.

— Ура-а-а-а!

— Орденділерге ура!

— Жамбылға ура!

— Күләшқа ура!

Көп ішінен Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесі председателінің орынбасары Алиев, Алматы облыстық атқару комитетінің председателі Жандосов, тағы бірқатар жауапты қызметкерлер өнерпаздарды құшақ жая қарсы алды. Күләш, Жамбыл, Құрманбек, Манарбек, Қанабек, Шара, Үрия вагоннан шыққанда перрондағылар уралап қол соқты. Халық ақыны Жамбыл шыққанда жиналған халық оны қошаметтеп көпке дейін орация жасады.

Орденділер мінбеге шықты. Митингі басталып кетті. Құттықтау сөздер жауып жатыр. Оларға ең алдымен Жамбыл мен Күләш жауап айтты, Күләш былай деді:

— Бізді Москваға аттанарда сіздер көп үміт артып, міндет жүктеп едіңіздер, сол міндеттеріңіз абыроймен орындалды. Жәкең бастаған өнерпаз ұл-қыздарымыз зор абыроймен, сый-құрметпен оралды.

Жәкеңе сөз берілгенде, ол ақ иық кәрі қыранша екі иығын қомдап-қомдап домбырасын қолға алды:

... Жиналып жұртым алдымда,
Тыңдауға мені келіп тұр,
Сөйле деп, ата барыңды
Анталап қамап төніп жүр.
Шежіре не деп айтар деп,
Балаларым сеніп тұр.
Қиялымды қозғауға,
Құлағын бұрап сөйлетіп,
Домбырамды беріп тұр.
Қайтарма жұртым меселін,
Күшінді жиып бойыңа
Біразырақ кеңес құр,

Москваға мен барып,
Өмірдің көрдім ұшағын.
Жарқыраған жырымды
Кремльге нұсқадым.

Осылайша ол жырын ағыл-тегіл төгіп-төгіп салды. Тіптен шаршайтын емес. Өзі жасарып, қуаттанып кеткендей ме қалай? Оның бұл құлшынысына біз бір жағынан таң-тамаша қалып тыңдасақ, екіншіден, қуанып, шаттанамыз. «Па, шіркін! Қалай-қалай сілтейді біздің Жәкең!» Жамбыл жасасын, ура!»

Жиын тоқтады. Жамбыл машинаны қойып, атқа қонды. Өне, ол топ аттылының ортасында, өзінің туып-өскен Алатауына қарай бет алып барады. Көңілі шалқыған шаттық, айналасы тола қошамет! Не деген бақыт десеңші!..

Саттар Ерубаев».

КАВКАЗҒА САЯХАТ

Тоқсан екі жастағы ақын Кавказға сапар шекті. Онда грузияның ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» атты дастанының жырланғанына 750 жыл толуына арналған үлкен мереке өтпек. КСРО Жазушылар одағының басшылары сол тойға келетін Қазақстан делегациясын Жамбыл бастап барсын депті. Қалай болар екен? Жасы тоқсаннан асқан қарт ақын, соншама ұзақ жолға поезбен жүруге жарар ма екен деп, күдіктенушілер де болды. Жаңа дәуір рухымен қуаттанып, шаттыққа бөленген ол: «Барамын, тек, қасыма балам Сатышты, шәкіртім Кененді ертіп аламын» деген. Сонымен, Жамбыл, Кенен, Сатыш, Мұхамеджан, Тайыр, Павел Кузнецов — бәрі жолға шығады. Жол-жөнекей бара жатып Жайық үстінен өтер кезде Чапаевты еске алып «Чапай» атты, Орынборға тоқтағанда «Орынбор туралы жыр», Доннан өтерде «Тынық Донның ұлдары», Тбилисиге келгенде «Кавказға сәлем» және Шотаға арнаған жырларын шығарды.

Сол тойға арналған салтанатты жиында Жамбылдың «Өмір жыры» атты толғауын қалай жырлағаны жөнінде Жамбылдың жанында жүрген Мұхамеджан Қаратаев былай жазды:

«Пленум мәжілісін басқарып отырған Всеволод Виш-

невский Жамбылға сөз берді: Домбырасын қабынан шығарып қолына ұстата қойдым. Ақын әуелі тамағын кенеп, қанатын қомдаған қырандай аз-кем күнжындап, екі иығын бүлкілдетіп домбырасын қағып алды. Сонан соң сөзсіз үнін созып бір қайырды да, нәсер жанбыр секілді сөз бұршағын төге жөнелді. Қарт дүлдүлдің талай шабысын көріп едім, бірақ бұл секілді шабытпен, бұл секілді құшырлана да, құлшына сілтегенін көруім бірінші рет. Түйдек-түйдек түскен теңеу мен образдар үсті-үстіне төпеген арынды өлең шумақтары басқа түгілі біздің өзімізді таң қалдырды. Бір замат алда отырған Кенен мен Тайырға көзім түсіп кетіп еді — екеуінің де көзінен жасы ағып отыр екен. Жолда айтылған әңгімелер бекер кетпепті. Көбін іліп көбін ұғып қалыпты саққұлақ жыршы».

Мерекелі жиын аяқталды. Тбилисидің «Ориentalь» қонақ үйіне Жамбылды іздеп келушілер тасқыны толас-тар емес. Ертеңіне олар Гори қаласына бармақ болды.

* * *

...Вокзал басы ығы-жығы, жүргіншілер ерсілі-қарсылы жыртылып-айырылады. Көлденең тұрған көк вагондар ұзыннан-ұзақ тізілген, бас жағы көрінер емес. Вагондардың белдемшелерінде «Тбилиси-Гори» деп жазылған. Жамбылдың вокзалға жетіп, жеңіл машинадан түсуі мұң екен, оны лезде жұрт қоршап алды. «Жамбылға сәлем!» деп бәрі оған қол бұлғап жатыр. Қайдан келгенін кім білсін, бір топ оқушылар сап түзеп Жамбылдың алдына тұра қалысты. Бұлар темір жол училищесінің оқушылары еді. Кешегі салтанатты жиында болғандар, оның өлең, жырларын тыңдап, газеттен суретін көргендер Жамбылды бірден тани кетеді. Ұзын бойлы, қою қара шашы бұйралаған мұртты жігіт оқушылар атынан құттықтау айтты. Бұл олардың мұғалімі екен. Онан соң кәдімгі тұрған солдаттарша бәрі бір үнмен: «Қазақ халқының даңқты ақыны Жамбылға сәлем!» деп, саңқ етті. Вокзал, перрон жаңғырып кетті.

Жамбыл және оның қасындағылар енді олардан сытылып, алға жүре бергенде, оншақты грузин қарттары алдарынан шыға келсін. Бәрінің бастарында алшайған кере папақтары бар, кейбірінің шекпендерінің омырауында оқшонтайы тізілген, қаба сақалды өңкей дөң мұрын шалдар. Бәрі Жамбылды танып, амандасады. Көк қара-

көл папакты, шағындау біреуі шінгірлеп сөйлейді екен, аналарының айтқанын орысшалап түсіндіріп жатыр.

— Тау басында жатыр ек, радиодан үнін ді естіп, өзін ді бір көріп қалайық деп келдік.

— Не асығыс бар, біздің ауылға жүріп, қонақ болып кетіңіз?

— Біздің Шотаны жақсы жырладыңыз.

— Жасыңыз қаншада?

— Тоқсан екіде дейсіз бе? Ой, інім екенсің ғой...

— Сенің жасың қаншада?— деп сұрады Жамбыл алдында тұрған шон мұрынды шалдан. Ол:

— 135-темін, — деді.

— Сенің жасың ше?

— 120-да.

— Ал, сенің ше?

— 93-те.

— Бір жас, ит жас, екеуміз құрдас, — деп, Жамбыл оның арқасынан қақты. Әлгі жіңішке дауысты аудармашы Жамбылдың жанында тұрған Кененді нұсқап:

— Мыналарың кім, ол да қазақ па?— деп сұрады. Мұхаметжан оның сұрағына іле жауап берді.

— Қазақ болғанда, нағыз қазақ осы. Өзі ақын, әнші. Жамбылдың шәкірті.

Тайыр да қалжың сөз қосты.

— Сендерге ұқсайды, алып қалыңдаршы өзін.

Бәрі күлісіп алды. Осы кезде Сатыш жүгіріп келді:

— Ойбай, Тәте, поезд жүріп барады, біз қалдық!

Бәрінің дегбірі қалмады. Сатыш пен Кенен Жамбылды қолтықтап ала жөнелді. Мұхаметжан ақынның домбырасын ала-мала ұмтылды. Олардың алдында Тайыр атойлап «тоқтат, тоқтат!» деп барады. Әлгі грузин шалдары да қалбалақтап қолдарын бұлғап, жүгірісті, жүріп бара жатқан поезды бәрі жанамалай жүгіріп жүр. Жамбылдың алдынан ең соңғы вагон жылжып өте берді. Абырой болғанда, әлгі соңғы вагонның табылдырығында қолына сары жалауша ұстап тұрған әйел жолсерік қас қағымда Жамбылды көре салып, дереу қолындағы қызыл жалаушасын көтере қойды. Ол «Жамбыл, Жамбыл!» деп айқайлап та жіберді. Қызыл жалаушаны көрген машинист поезды тоқтатты. Бәрі соңғы вагонға ілінді.

Міне, Жамбыл Тбилисиде жүрдек поезды осылай тоқтатыпты.

— Егер әлгі жолсерік Жамбылды танымаса ғой, бәріміз кара жаяу қалар едік.

— Бәрі де Жәкеннің өлең-жырының күші, ақындық даңқының арқасы, — дейді бізге осы әңгімені айтып берген Кенен ата мен Мұхаметжан ағай.

* * *

Сол жылы ақынның «Кавказға саяхат» деген жинағы орыс тілінде Москвадан шықты. Бұл Жамбылдың баспадан жарық көрген тұңғыш кітабы. Оны баспаға М. Қаратаев әзірледі. Бұл кітап шықпай жатып, оның өлеңдері «Правдадан» бастап барлық газет-журнал арқылы одақ көлеміне, қала берді шет елге таралып жатты.

Кавказ сапарынан оралған соң, келесі жылы өз аулында Жамбылдың ақындық творчествосына 75 жыл толған мерекесі тойланды. Оның алдында халық өнерпаздарының республикалық слеті өткізілді. Ақындар айтысты. Осы жиында Жамбыл өзінің «Тағы бітті жана күш» деген өлеңін толғап берді. Бұл мерекенің басқа той-жиындардан өзгешелігін Кеңес одағының халық артисі Р. Глиэрдің мына сөзімен түйіндесе болғандай:

«Жетпіс бес жыл дегенің қандай тамаша, даңқты мереке! Өткен ғасырларда осыған ұқсас мерекелер болды ма екен сірә, деп көп нәрселерді есіме түсірдім. Адам баласы жасағалы не Россияда, не Европа тарихында ақынның тірі күнінде творчестволық қызметінің 75 жылдығын тойлаған мереке ешқайда, ешқашанда болған емес».

Бүкіл кеңес елі тойлаған бұл мерекеге еліміздің барлық жерінен қонақтар келді. Бұған үкімет пен партия аса зор мән берді. Ақынның өлең жинақтары әр ұлт тілінде көп тиражбен шығарылды. Орталық, республикалық газет-журналдарда ақын шығармалары кеңінен насихатталды. «Правда» өзінің бас мақаласында Жамбыл туындыларын жоғары бағалады. Оның өлеңдерін халықтар достығын, патриоттық сезімді қозғайтын шын мәніндегі халықтық шығарма деп көрсетті.

1938 жылдың 19 мамырында Жамбыл Жабаев КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы бойынша Ленин орденімен наградталды. Осы награданы қабылдап тұрып ол үкімет пен халыққа шын ықыласымен алғысын айтты.

Қаскелең және Еңбекшіқазақ ауданының жұртшылығы 1938 жылдың мамыр айында өзінің қарт жырауын

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты етіп ұсынды. Ол сайлаушылар алдында өзіне зор сенім білдірген халыққа жатпай-тұрмай қызмет ете берем деп серт берді. Халық қалаған депутаттар атасы сол жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясын «О, жолдастар, жолдастар! Шешен кісі сөз бастар. Адал кісі ел бастар» деп басталатын жырымен ашты.

Бүкіл ел құрметіне бөленген ақын жаңа жігер, қарқынмен шабыттана жыр төкті. «Тоқсандағы Жамбылға толқынданып сөз келді. Көктеменің көгіндей, кәрі өмірі өзгерді. Ел еңсесін көтерген шаттық заман кез келді». Сондықтан да ол бар даусымен шаттана жырлады. Сол жылдары өтіп жатқан барлық, экономикалық, саяси науқанға қызу араласты. 1937 жылы КСРО Конституциясының жобасын бүкіл халық болып талқылап жатқанда, ол «Ұлы заң» деген өлеңімен үн қатты. Кейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы кезінде «Халықтар туыстығы», «12 декабрь», «Жеңіс пен шаттық» жырларын айтты.

Жамбылдың жоғарыда аталған «Туған елім», «Ленин мавзолейінде», «Халықтың сәлемі», «Өмір жыры» сияқты өлең-толғаулары қазақ кеңес халық поэзиясының озық үлгілері болып саналады. Мұндай жоғары идеялы, көркем шығармалардың өзге ақын, жазушыларға да әсері аз болған жоқ. Мәселен, Н. Байғанин, Н. Бегежанов, О. Тайманов, Ү. Қәрібаев, Н. Баймұратов, Д. Әлімбаев, С. Жанғабылов, С. Әлімбетов, О. Шипин, С. Керімбеков, т. б. халық ақындарының Отанға, халыққа, конституцияға арналған өлең, толғаулары бұған дәлел. Бәрі де Жамбыл жырларымен үндесіп, сабақтасып жатты. Мұндай әсер, ықпалды бауырлас халықтардың шайыр, хафиз, бахшы, ашугтарынан да аңғаруға болады.

Сонымен Жамбылдың ақындық тұлғасы оның поэзиясы бұл жылдары айта қаларлықтай ірі құбылыс болып табылды. Ол қазақ әдебиетінің даңқын бүкіл әлемге жайды. Дәстүрлі жырдың жаңа дәуірге сай қайта жаңғырып өркен жаюының куәсі болды. Халық поэзиясын идея, тақырып жағынан байытта түсті.

«ӨТЕГЕН БАТЫР»

1937 жылдың жаз айы. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен тұңғыш онкүндігінен кейін Жамбыл даңқының бүкіл әлемге тарала бастаған шағы. Қазақстан

Жавушылар одағынан М. Қаратаев бастаған ақын, жазушылар Ұзынағаштағы Жамбыл аулына барады. Ақсақал ақынға сәлем беріп, жаңа жырларын тындағысы келеді. Барған күні ақын жөнді жыр айтпапты.

— Ертең Алматыға барамын. Жырды сонда тындарсындар, — депті ол. Айтқандай-ақ Жамбыл астанаға келіп, ол кездегі өнер жөніндегі комитет председателі Ғаббас Тоғжановтың үйіне түседі. Кең бөлмедегі мебельдер былай жиналып, кілем төселді. Дастарқан кеңінен жайылды. Халқымыздың сандуғашы Күләш Байсейітова қызмет көрсетіп жүрді. Ақсақал төрде, екі жағында екі хатшысы отырды. Көпшілік назары жыршыда. Асанқайғы туралы айтар ма екен? Әлде күй атасы Қорқыттан сөз қозғар ма екен? Ол жағы әлі белгісіз. Тәкаппар жырау іштей толғана отырып, кәрі серігі домбырасын қолға алып, «әу» деп жырын бастады:

Ақ көбікке оранып,
Толқыны тоқсан бұралып.
Арықтай аққан арналы
Жамбыл бір жыр жырласын,
Жұрт хикая тыңдасын...

Жез таңдай, күміс көмей жырау осылайша әуелетіп бір шарықтап алып, табаны қызған тұлпардай жырын ағыл-тегіл төге отырып, «Өтеген батырды» жырлайды.

Өтеген жасынан Жоңғарға қарсы күреске қатысқан. Бабасы Сырымбет те ересен батыр болған. 1723 жылы Өтеген сол өңірдегі Райымбек, Тауасар, Хангелді батырлармен бірге жоңғарларға соққы берген. 1740 жылы Төле би қолына қосылып, қалмаққа қарсы соғысқан. Өтеген ерлігін ең әуелі Сүйінбайдың бабасы Күсен ақын жырлапты. Онан соң Сүйінбай, кейін Жамбыл жыр еткен. Майкөт, Тілеміс те жырлапты деген сөз бар.

Ақын Өтеген туралы дастанын ежелгі аңыз желісіне құрған. «Бұл жырды мен естігем, даланың жел мен тауынан, бұл жырды мен естігем жыршыдан, ақын қауымнан» деп термелеп алады да, Өтегеннің туған жер, өскен елінен дерек береді. Оның ата-бабасын тармақтайды. Шежіре бойынша: Дулаттан Ботбай, Шымыр, Сыйқым, Жаныс, Жаныстан Жанту, Жантас, Жарылқамыс туады. Жарылқамыстан Ораз, Бұхар, Елтүзер деген үш ұрпақ шығады. Бұхардан Баба, Сырымбет, Құлболды, Тілеуімбет тарайды. Ал Сырымбеттің Өтеғұл, Өтеп, Рысқұл, Андақұл деген төрт ұлы болады. Өтеғұлдан Өтеген батыр

туады. Өтегеннен сегіз перзент қалған. Бүгінде Өтеген ұрпақтары (Тарпақ, Бименбет, Толымбек, Жолдасбай т. б.) Красногор ауданында тұрады. Бұл өңірде Өтеген атымен аталатын жер-су аттары да бар.

Жырдағы Өтеген халық ішінен шыққан қаһарман. Ол үнемі халықпен, өзінің жауынгер серіктерімен ақылдасып отырады. Бұл тұста ақын:

Жинап алып нөкерін,
Жарқылдады ол қырандай.
Батыр барлық халықпен
Ақылдасты ұрандай,—

деп жырлайды. Өтеген батыр өз халқының қамын ойлап жер кезеді. Ел-жұртына жайлы қоныс іздейді. Шығысқа да, батысқа да барады. Қасындағы жауынгерлерімен талай азап, қиыншылық көреді. Сонда да шыдас береді. Серіктерін төзімділікке шақырады. Халық мүддесі үшін мақсат-мұратқа жететініне сендіреді. Сөйтіп оларды жеңіске үндейді:

Қара қазан, сар бала,
Камы үшін қамдана.
Қонысқа жер іздейді,
— Мен табамын, табамын.
Бұлақ аққан жерлерді,
Көгі көктеп, гүл жарып,
Құрақ атқан жерлерді.
Төрт түлікке ыңғайлы,
Көгінен нәбат, жерден нұр.
Құлап жатқан жерлерді...
Жұт болғызбай, құт қонған,
Қой үстіне бозторғай,
Жұмыртқалап, бақ қонған,
Сүйікті қазақ халқына
Ұнап жатқан жерлерді...

Өтеген батырдың осы әрекет-мақсаттары өзінен бұрынғы өткен дала философы Асан қайғының арман саздарымен ұштасып жатады. Асанқайғы да, Өтеген де халық үшін қаншама уайым жеп, жер-жаһанды кезіп, «Жерұйықты» тапсам деп армайдайды. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көксіп келе жатқан көкейкесті мүддесі еді.

Жыршы осы бір бүкіл халықтық арман-мақсатты Өтеген образы арқылы бейнелей білген. Бұдан Жамбылдың реалистік өскелеңдік, бұқарашылдық көзқарасын танимыз.

Өтеген 1699 жылы қазіргі Жамбыл облысының Шу ауданындағы Хан тауының баурайында Изенді деген ауылда туып, 1773 жылы Іле өзенінің бойында қайтыс болған.

Ақын Өтеген батырдың тұлғасын айшықты тенеулермен мүсіндейді:

Қасара біткен маңдайдан,
Жан еді қос мүйізді
...Жолбарыстай қарулы,
Қырандайын қырағы.
Арыстандай айбарлы,
Жүз кісінің ішінде.
Ол бір жүрген дүлегей,
Бір өзі батпан бірегей.

Дастанда сонымен бірге ел аузында аңыз түрінде айтылып жүрген мифтік элементтер де жоқ емес. Өтеген батыр қазақ даласының батыс жағын аралай жүріп, Ақтөбе өңіріне жеткенде, алдынан айдаһар, әбжылан, жезтырнақтар шығады. Сондай тағы дүлей күштермен арпалысып, оның бәрін де жеңіп, өзінің жігіттерін аман сақтап қалады. Мұның бәрі Өтегеннің батырлық, ақыл-айласының басым екенін бейнелеу үшін алынған суреттеме тәсілдер.

Ақын дастандарын, әсіресе «Өтеген батырды» халық әдейі іздеп жүріп тындайтын болған. Он алтыншы жылғы оқиғадан сәл кейін «Ақтерек» аулындағы Өтегеннің ұрпақтарына бас ие болып жүрген Мақсұт батыр Жамбылға арнайы ат жібереді.

— Онда мен отызға жетпеген жігіт кезім — дейді. Есдәулет ақын — Мақсұттың Ақжолтай дейтін реңді өленші қызына үйленбек болып, сөз салып, сол ауылды айналшықтап жиі-жиі барып жүруші едім. Шілдехана, тойларда Ақжолтаймен айтысып та жүретінмін. Бір күні сол Ақжолтай маған «Әкем Жамбылды шақырды, ертең кел, жыр тындайық», — деді. Мен келсем, Жамбыл Мақсұттың үйінде отыр екен. Жасы егде тартып қалған Жәкең әлі қуатты екен, салалы ақ сақалын желкілдетіп, төрде домбыра шертіп отырды. Жыр тындаймыз деп келгендерге үй толды. Түскі тамақтан кейін Жәкең Өтеген батырдың шыққан ата тегін, ересен ерліктерін, еліне жайлы қоныс іздеп шартарапты кезгенін жырлай бастады: «Сөзі қандай жатық, не деген айтқыш ақын!» деп шәкірт бала оған қызығып, тындай берген. Ертеңіне өріс-

тен мал қайтқанда барып ол «Өтеген батыр» дастанын аяқтаған. Осы бір үзілісті пайдаланып, жас ақын оған бірер ауыз өлеңмен тілегін білдірген. Жамбыл оның ел арасында не айтып жүргенін білгісі келді.

— Кәне, қандай жыр айтып жүрсін, біреуін бастап жіберші! Есдәулет «Жетіген батырын» бастай берген:

Мен көрдім ұлы жүздей елді деді.
Алатау алыбындай жерді деді.
Көз жетпес бас-аяғы шалғай алыс,
Созылған ұзын сары белді деді.
Елінде бар екен бір жалғыз батыр —
Жетіген деп атайтын ерді деді.
...Бар екен он бес ұлы бәрі батыр
Екпіні қайыстырған қара жерді деді....

Бұл — дастандағы Қырғи жаршы айтқан кеп екен. Одан әрмен Қырғи жыршы баласы қайтыс болып, шер көңілде отырған Құрмысы батырдың көңілін сергітпек болып, оны Жетіген батырға ертіп барады. Құрмысы:

— Арманың бар ма?— депті.

Жетіген:

— Бар, — депті.

— Айтшы, ол қандай арман еді?

— Хан қызы Шырын сұлу маған бұйырмады, — дейді оған Жетіген күрсініп. — Ол мені сүйді, тұтқыннан құтқарды. Екеуміз қашып келе жатып, көл жағасындағы қалың қамысқа паналадық. Мен қуғыншылардың алдын торуға кеткенімде, оны жолбарыс талап өлтірді. Мен онымен ұзақ өмір сүре алмадым. Міне, қалқам, бар арманым сол. Дүниеде армансыз адам жоқ...

Мұны тындап отырған Құрмысы 15 баласы бар, өзі батыр. Осындай адамда да арман болады екен-ау. Оның қасында менің жас басыммен қайғырып жатып алғаныма жол болсын, — деп, шерін тарқатып еліне қайтыпты.

Есдәулеттің бұл хикаясына риза болған Жамбыл сол жолы оған өлеңдетіп бата беріпті.

ДИНАМЕН ДИДАРЛАСҚАНДА

Қашанда дара дарындар, өнер адамдары бірін-бірі жанай жүрген ғой. Жамбыл мен Дина да сөйткен. Екеуі талай кездесіп, өткен-кеткенді әңгіме еткен. Жыр, күй тыңдасқан. Тоқсандағы Жамбыл мен жасы сексенге таяп қалған Дина Нұрпейісова кәдімгі жастарша қал-

жындасады екен. Әзілі жарасқан екі бұлбұл талай күндерін бірге өткізген, тіптен бірер ай бірін-бірі көрмей қалса, алаңдап іздейтін болған. Жамбыл кейде астанаға жеңіл машинасын жіберіп Динаны алдыратын, бірнеше күн қонақ етіп, күйін тыңдайтын. Мұны көргендер айтады:

1938 жылдың маужырағағы маусым айы. Заманымыздың даңқты жыршысы, ақындар атасы Жамбыл Жабаетовтың ақындық қызметіне 75 жыл толған торқалы тойы өтіп жатқан кез. Жамбыл аулына ел мол жиналған. Республиканың облыс, аудандарынан келіп жатқан адамда қисап жоқ. Оңтүстіктен Орынбай, Орталықтан Шашубай, Ақтөбеден Нұрпейіс, Қызылордадан Нартай, Семейден Нұрлыбек, тағы басқалары бар. Өзбекстаннан Фазыл, Қырғызстаннан Оспанқұл, Қалық, не керек Кеңес одағының барлық республикаларынан өкілдер, ақын-жазушылар келген-ді. Үстінде жібек шапан, басында сусар бөрік, кеудесінде қатарынан үш ордені жарқыраған Жамбыл қолдан-қолға тимейді, солардың ортасында, келгендер құшағында. Арнау жыр, құттықтау сөз қардай жауған. Той бірнеше күнге созылған.

— Сонда мен, — деген-ді Жамбыл шәкірттерінің бірі Кенен Әзірбаев, — Жәкеңнің жанында, оған қызмет істеп жүрдім.

Күләш келіп, атасын құшақтап, бетінен сүйді.

— Айналайын, бұлбұл қызым, Дина әжең қайда? Ол неге келмеді?— деді.

Онан соң жайрандап Шара сұлу келді. Ол да атасын құшақтап жатыр. Жәкең одан да «Дина қайда?» деп сұрады. Олардан соң Ахан келді (композитор Ахмет Жұбановты айтады). Жәкең одан да:

— Ау, әлгі орталарындағы жалғыз кемпірді неге ала келмедіндер?— деп жатты. Мен ішімнен бұл кісі неге Динаны іздеп алаң болып жүр» деп ойладым.

Екеуі осыдан үш-төрт ай бұрын кездесер алдында да, Жәкең тап осындай алаңдап, тынышсызданған еді. Бұл Кавказ сапарынан оралған кез болатын. Қария кісілер өздерінің замандас-сырласын іздейді-ау, шамасы. Сөйтіп жүргенде бір күні Дина келе қалды. Сондағы Жәкеңнің қуанғанын айтсаңшы! Екі ғашық сағынысып табысқандай құшақтасып, жамырасты да қалды. Арада жөн сұ-

расқан қалжың сөздер де айтылып жатты. Қонақ үйге кіргізіп, екі қарияны отырғыздық. Сонда Жәкең:

Қырандай келдім Дина, шыннан ұшып,
Кавказдың сұлу, сәнді тауын құшып.
Он бестегі баладай мен жасардым,
Кавказдай ұлы таудың суын ішіп.—

деп әңгіме бастады. Кавказ сапарын біраз айта келіп:

— Сен қасымда болғанда ғой, тіптен қызық болатын екен. Грузиндердің жүз жасаған кемпір, шалдарын көретін едің, — деді.

— Өзің ғой, ертпей тастап кеткен. Қасыңа кімді ертесің дегенде, мынау ұзынтұра Кененді қалапсың ғой, — деп Дина мені бір қағытып кетті.

Бұл жолы да Дина екі-үш күндей кешеуілдеп келді. Бір жас бала оны жетектеп алыпты. Сырттан біреулер «Дина келе жатыр» дегенде, Жәкең орнынан ұмтыла тұрып:

— Ойбай ол кемпірдің алдынан өзім шығайын, — деп есікке қарай беттеді. Бір шал, бір кемпір тағы да шұрқырасты да қалды. Бірін-бірі құшақтап, арқасынан қағады. Бірі: «Шалым-ау, орденің құтты болсын!» — десе, екіншісі «мен сені аландап көп іздедім, неге жатып алдың?» — деп, наз айтып жатыр. Айнала қоршаған жұрт кемпір мен шалдың бұлайша сәлемдескеніне, қалжың сөзіне мәз болып күлісіп алды. Дастарқан басына отыра бергенде Жәкең домбырасын шертіп:

Көп болды Дина сені көрмегелі,
Өрден ап, өрге шауып өрлегелі.
Сен дегенде көңілдің ілгіші бар,
Келдің бе, сол ілгішті жөндегелі? —

деп, бір өленді бастай берді. Осы шумағы ғана жадымда қалыпты, өзгесін көпшілік дабырлап есіртпей жіберді.

Екеуінің енді бір кездескенін хатшысы Ғали Орманов күнделігіне былайша жазыпты:

«1940 ж. Мәскеуден кинобригада мен суретшілер келді. Оларды жақсылап орналастырдық. Жәкең:

— Осы Жамбыл енді ауыра қалса, қалай болар екен деп суретке түсіргелі жүрсіндер ғой, — деп қалжыңдады. Күн ашық. Суретке, киноға түсті. Кешкісін Дина Нұрпейісова келді. Құшақтап амандасты. Қой сойды.

— Енді сені жібермеймін, — деді Динаға. — Сыңғырап тұрған мынау көк үй, ішінде ұрғашы жоқ Өзің іздеп

келдің. Енді осы үйге сен не бол». («Лениншіл жас» 21 қараша, 1986).

Латын әрпімен жазылған бұл күнделікте Жамбылдың бір жыл, 7 ай, 12 күндік ғұмыры қамтылған. Оны Ғалидың жұбайы Айтбала осы күнге шейін көзінің қарашығындай сақтауда.

— Бұл күнделіктен басқа тағы не бар? — деп сұрадым мен. Ол кісі көнелеу шкафтан бір қампайған папканы алып, алдыма қойды.

— Ретімен шашпай қарарсыз. Әлгі Жамиға (Ғалекеннің үлкен қызы) баспаға әзірлеп жүр еді.

— Айта көрменіз, мұртын бұзбаймын, — деп, асыға қарай бастадым. Бірде орысша, бірде латынша әріппен, бірде сия, бірде қарындашпен жазылған, шаң жұтып, сарғайған қағаздарды аударып, ортасынан аша бергенімде, «Дина», «Жамбыл» деген сөз көзге шалынды. Оқып қарасам, Динаның Жамбыл ауылына қалай келгені жөнінде екен.

...Жамбыл күндегісіндей бүгін да ерте тұрды. Ерте тұру оның жастайынан қанына сіңген дағдысы. «Адамға несібе күннің алғашқы шапағат нұрынан дариды. Күн шықпай тұрған адам несібесін мол алады. Сәскеге дейін жатқан несібесінен құр қалады» дейді Жәкен. Күн арқан бойы көтерілгенде-ақ шілденің аптабы бетке тебе бастады. Біз үшеуміз, Жәкен ортада күрең жорғасын ырғалтып келеді. Бүгін ерекше көңілді. Жорға жүрісіне тербеліп, қорғасындай балқып, шалқып бір сазды әуенге салып, жай ғана ішінен жыр тізбектерін термелейді. Енді бірде ол екі қабатында желе жортып келе жатқан бізге қарап:

— Жігіт деген желіктіріп, еліктіріп жүрмеуші ме еді? Сендер, немене, шалдарға ұқсап, шау тартып қалғансындар ма?» — деп қояды. «Қайназар» сайынан өте бергенде Ұзынағаштан бір жеңіл машина шыға келді. Біз тас жолдың шетіне ығыса бердік. Жәкенді таныды білем, әлгі машина тоқтай қалды да, ішінен шофердан басқа екі адам түсті. Бірі — басына мол ақ жаулық тартқан кемпір, екіншісі жас қыз. Қарасақ, Дина екен. Жәкен атын тебіне түсіп:

— Динамысың? Қайдан адасып жүрсің? — деді.

Дина жымия қарап:

— Иә, мен. Сені іздеп келемін, — деді.

— Издегенге — табылған деген. Қалағаның мен болсам, қара жолдың бойында тұрмын ғой.

— Атыңнан түспей-ақ, үйіңе тарта бер.

— Мынау кемпір не дейді? — Атының басын ауылға бұрды.

Машина зырғытып барады. Біз де оны жанамалай шауып келеміз. Шофер қақпа аузына машинасының тұмсығын тіреп, отын өшірді.

Біз де апыл-ғұпыл аттан түстік. Дина мен Жамбыл құшақтасып сәлемдесті. Екеуі қалжындасып жатыр:

— Иә, тоты құстай таранып, аққу құстай сыланып, ойың кімде?

— Ойым сенде.

— Оған жарасақ қой, шіркін! Әттең жиырма бесімде кездеспедің-ау!

— «Жиырма бес маған тағы қайтып келді, сәлемін алтын күннің айтып келді», — деп күнемеге сайрап жүрген өзің емес пе?

— Есіткен екенсің-ау, Динажан. Оның рас, сен де, мен де мынау бақытты заманда жасардық қой. Шын айтамын, жиырма бес қайта айналып келді емес пе?

— Иә, Жәке, сен сәулетті жігіт болдың, мен сәукелелі қыз болдым, бізде арман жоқ енді.

— Динажан, қалжынды қойып, домбыранды қолыңа алшы? Күйінді сағындым.

Дастарқан жайылып, шай келгенше Дина «Қайран шешемді», «Кішкентайды» төгіп-төгіп салды. Жамбыл насаттанды.

— Дина, өзің іздеп келдің, енді сені жібермеймін. Қой соямыз. Қой сойған соң той болар, той болған соң ой болар.

Дина оған:

— Әдептен менде аспайын, өзіне сенсең қашпайын, — деп жатыр.

Жұрт қариялардың бұл бүкпесіз қалжыңына тағы да күлісіп алды. Бау ішіндегі көкмайсаға кілем, көрпе төселді. Біземшек жастықтар тасталды.

— Кәне, Жәке не қолқаң бар? — деді Дина.

— Күй ғой, Динажан, тәтті күй! — деді Жәкең.

Дина ұстазы Құрманғазының «Серперін» сұңқылдатты.

— Міне, мұным қонақ кәдем болсын, енді өзің сөйле! Біраз болды сізді тыңдамағалы?

— Күйге қолым олақ, әнге даусым олақ, бір әңгіме айтып берейін. Өзінді көріп, күйінді тындаған соң еске түсті. Бұл да бір өзін сияқты күйші қыз еді... — деп қарт ақын әңгімесін айтты:

— Ілгеріде Шу бойындағы Жаным ауылында Жантелі деген жас жігіт болыпты. Ол он саусағынан өнері тамған зергер ұста екен. Жігіттерге зерлеген ер тоқым өмілдірік, жүген, қамшы қыз-келіншектерге сырға, алқа, жүзік, білезік жасап берер екен. Оның осы өнеріне қызығып байлар қызын берем десе, алмапты, бектер қызын айттырса қаламапты. Саудагер қызына да қарамапты. Сөйтіп, отыз жасқа келгенше үйленбей жүре беріпті.

Күндердің күнінде сол Жантелі тау асып келе жатып бір жылқышының үйіне кез болыпты. Есік алдында тұлым шашы желбіреген қарақат көз жас қыз жылап отыр дейді. Жантелі атынан түсіп, әлгі қызға барады.

— Неге жылап отырсың, қалқам?

Байдың балалары домбырамды сындырып кетті.

— Әкел жөндеп берейін?

Ұста қоржынынан аспаптарын алып мойнынан опырылған қалақша домбыраны ілезде желімдеп, жездеп береді. Қыз домбыраны тартып караса, бұрынғыдан да шешен болып кетеді.

— Атың кім?

— Аршын.

— Жасың нешеде?

— Тоғызда.

— Әке, шешен қайда?

— Әке, шешем өлген, жетіммін.

— Кімнің қолында жүрсің?

— Жездемнің.

— Ол қайда?

— Жылқыда жүр.

Олар сөйтіп отырғанда жылқы жақтан қыздың жездесі мен әпкесі келеді. Жөн сұрасады. Жантелі төменгі Жаным ауылынан екенін айтады. Таныса келе шапырашты жылқышы оған нағашы болып шығады. Зергер жігіт кішкентай Аршынның жайын сұрап біледі. Әпкесі айтады:

«Шыққан қыз шиден тысқары» дегендей, мен байғұс көпке дейін білмей жүріппін, — дейді әпкесі. — Әке, шешеміз өлген соң, жақын туыстарымыз Аршынға қарамапты. Әркімнің есігінде жүріп, күлін шығарып, суын тасып-

ты. Қамқоршы болмаған соң жас бала басының ауған жағына кетіп, кейде далаға түнеп жүріпті. Ескі домбыра тауып алып, иесіз далада мұнын шағып зарлап күй тартатын болыпты. Осыны айтады да әпкесі сінлісіне қарап:

— Аршынжан, мына кісіге әлгі «Жетім қыздың зары» деген күйінді тартып берші, тындап көрсін?— дейді. Қарақат көзі жәудіреген Аршын саусақтары майысып кішкентай ақ домбырасының құлағын келтіреді де, күйді еңірете жөнеледі. Мидай дала, қараңғы түн, ысқыра соққан жел, суылдай ескен құм, ұлыған бөрі, уілдеген үкі, шықылықтаған шілік, қарсақ, түлкі, көдімгі иесіз дала бейнесі. Осы даланы жалаңаяқ, жалаңбас, үстінде жыртық көйлегі, қолында қалақша домбырасы бар жетім қыз кезіп, зар еңіреп жүреді. Ол обадан өлген әке, шешесін жоқтайды, «Апашым, көкешім, қайдасың?» деп ботадай боздайды. Енді бірде өксігін басып дала тынысын тындайды. Тағы еңіреп зарлайды. Ошақ басында, от қасында күй тындап отырған әпкесі көзінің жасын жаулығының ұшымен сүртеді. Төрде отырған зергер мен жылқышы қалың ойға кетіпті. Ойын сергіткен соң Жантелі ұста:

— Бұрыннан жекжат екенбіз, — депті — сүйек жаңғыртайық. Аршын қызды мен қаладым, өзім тәрбиелеп өсірейін, зергерлеп әсем киіндірейін, екі үйдің арасында дәнекер болсын. Айнымас дос болайық. Бойжеткен соң өз қолдарыңнан некелеп қосарсыңдар. Әпкесі айтыпты:

— Аршын әлі жас бала ғой, ержетсін де.

Жылқышы әйеліне былай депті.

— Сен қоя тұр, анау өз күшіктерінді-ақ жетілдіріп ал, жиен дұрыс айтады. Аршынды өз қолына алып тәрбиелесін. Екі араға дәнекер болсын дегені жөн сөз. Аршынжан дұрыс қой, Жантәлі де бөтен емес. Өзіміздің жиен. Өзі өнерпаз зергер. Оның қолында болсаң қор болмайсың.

Аршын қыз бұған көніпті. Әпкесі тағы да:

— Жан дегенде жалғыз сінлім еді, әйтеуір, сізге сендік. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, мәпелеп өсірсіз.

Сонымен Жантелі Аршын қызды атына мінгестіріп аулына алып барыпты. Жылдар жылжып өте беріпті. Зергер дүкенін соғып, тұрмысын жақсартыпты. Аршын қыз күй тартып, өнерін өсіріпті. Арада жеті жыл өткен соң, жылқышы мен әпкесі келіп, екі елді жинап екеуін

некелеп қосып тойын өткізіпті. Бірі — зергер, екіншісі — күйші, екі өнерпаз қосылған соң ол ауылға береке дарыпты. Зергер іздеген сол ауылға барыпты. Күй тындағысы келген сол ауылдан табылыпты. Бәрі тамсанып, «ой, шіркін, зергерші болсаң Жантелідей бол, күйші болсаң Аршындай бол!» десіпті. Аршын «Жетім қыз күйін» тартса кемпір, шал жылапты. «Желкілдекті» тартса жастар күліп-ойнап билепті. Ол осындай тындаушының көңіл күйін таба білетін шебер күйші болыпты. Сондықтан да ол елдің ақындары:

Күй тартсаң Аршындай тарт ағыл-тегіл,
Шеріміз кеудедегі болсын жеңіл.
Арқадан ауыр жүкті аударғандай,
Серпіліп естігенде қалсын көңіл,—

деп жырлайды екен.

Бір тойда күй жарыс өтіпті. Аршын күйші арқадан келген арынды күйшіні жеңіпті. Атыраудан келген сарынды күйшіні де, қырғыздан келген шертпе күйшіні де жеңіп, бас бәйгеге шайы орамал, жібек көйлек киіп, бозжорға жетектеп қайтыпты. Дүйім жұрт оның күйшілік өнерін солай бағалапты.

Жамбылдың бұл әңгімесін бағаналы бері бар ықпалымен тындап отырған Дина шыдамы жетпей оның соңын білгісі келіп:

— Жәке-ау!— деп оның сөзін бөлді, — әңгіменің күйрығы әлі көрінетін түрі жоқ, сонымен аяғы не болды?

— Аяғы ма? Аяғы былай болыпты, Динажан, — Жамбыл сөзін жалғады. — Ел іші тыныш жата ма, сал-сері, жыршы күйшісімақтар арасында қызғаныштың қызыл иті үре бастапты. «Әркімнің есігінде күң боп жүрген жетім қыз келіп, төрімізге шықты. Бұрын сыйлы боп жүрген біз далада қалдық. Жұрт бізді тындамайтын болды, күй іздегендер «Аршынға барамыз, Аршынды тындаймыз» деп, тайлы-таяғымен соған қарай ағылды», — депті. Қараменде деген бай Жантелі зергердің соңына жігіттерін салып қояды. Саяқ, Жапақ деген сұмдар күніге оған «қамшы өріп берші», «ер тоқым әрлеп берші» деп баруды көбейтеді. Барғанда да бекер бармайды ғой, «Аршын өйтіп қойыпты, бүйтіп қойыпты», «түген серімен ашына екен, сенен көңілі басқа екен» деп өсек-аянды бораға беріпті. Жантелі бұған сенбепті.

Жантелі Әулиеата базарына кеткен күннің ертеңіне түнде әлгі екі сұм Аршынның үйіне ұры түсіреді. Баста-

рын бүркемелеп, таңып алған үш адам Аршынды теріс қаратып тіреуге таңып қояды да, үйіндегі бар асыл бұйым, жиһаздарын үптеп кетеді. Азанда ауылдастары Аршынды арқаннан босатып алады. Дұшпандар жауыздығын өрбіте түседі. Жапақ, Саяқ бастаған бес аттылы қарақшы базардан қайтып келе жатқан Жантелінің алдын тосады. Шу өзенінің қалың қамысын паналап жүріп, өзеннен өткелі келе жатқан Жантеліні атынан аударып алады. Қол-аяғын байлайды да, суға ағызып жібереді. Жанкешті жауыздар Жантелінің атын, базардан әкеле жатқан мата, шай, киім-кешектерін олжалап түк білмеген болып, ауылдарына қайтады, Аршын сұлу Жантелісін бір жұма күтеді, екі жұма күтеді. Екі көзі төрт болып жүреді. Жауыздық жата ма, бір күні Аршын жылқышылардан, «Жантелінің торы атын Қараменденің жылқысынан көрдік», «зерлі қамшысы Саяқтың қолында жүр», «Алтындаған ер-тоқымын Жапақ атына салып алыпты» дегенді есітеді. Бұл сұмдықты бүкіл ауыл біліп, Аршына көңіл айтады. Аршын сұлу бетін жыртып, еңіреп қалады. Ел-жұрт жиналады. Жантелінің ағайындары, малшы, жалшылар «кек аламыз» деп көтеріледі. Олар Қараменденің ауылын шабады. Бірақ, Саяқ пен Жапақ ұстатпай қашып кетеді. Сол қайғы-қасіретке арнап Аршын «Жантелі» деген күй шығарады. Онысын өзі күн-түн тартады екен де, құса болып қайғырған үстіне қайғыра беріпті. Өзі әбден қураған шөптей болып, азып кетеді. Бір күні түнде ел қалың ұйқыға батқан кезде Шу өзеніне барыпты да, «Жантелім кеткен суға мен де кетейін» деп өзін-өзі суға тастапты дейді.

— Мінекей, Динажан, бұл оқиғаның аяғы осылай болыпты. Шу елі арасында сол Аршын күйші шығарғал «Жетім қыздың зары», «Жантелі», «Желкілдек» деген күйлер әлі күнге дейін тартылады. Оны мен де тартып жүрдім — деп Жамбыл әңгімесін аяқтады.

— Түу-у, Жәке-ай, әңгімеңіз қайғылы екен. Тіптен езіліп кеттік қой, кәне мен бір көңілді күй тартып жіберейін.

Дина білегін түрініп алды да, өзінің бір күйін күмбірлетті. Үйдің ішін көтеріңкі, көңілді күй сазы жайлап кетті. Тындап отырғандардың да көңілдері жадырап сала берді. Бұл оның халық өнерпаздарының бірінші олимпиадасында алғаш рет тартқан «Тойбастар» күйі еді. Онан соң «Әсем қоңырды» жайқалта тартты. Дина дом-

бырасының қос ішегін оң қолының басбармағы, шынашағымен кезек-кезек ілгешектеп, қырғыздарша қаққанда Жамбыл тіптен риза болып кетсе керек.

— Динажан-ай, қолың не деген шебер еді!— деді.

— Сіздің мына сөзіңіз менің ұстазым Қүрекеннің (Құрманғазыны айтқаны) сөзімен төркіндес болды-ау, ол кісі бірде маған біраз күй тартқызып отырды да: «Менің оң қолымды, Динаның сол қолын бір кісіге берсе, дүниеде одан асқан домбырашы болмас еді» деген еді.

— Сабазың айтқан-ақ екен! Не деген ділмәрлық?! — деп Жәкең Құрманғазыға дән ризалық білдірді де, сөзін жалғады. — Сүйінбай болмаса менің, Құрманғазы болмаса сенің күндеріміз не болмақ еді, шіркін, олар дүниеге келе қалған біртумалар еді ғой!...

Дина Нұрпейісова сол жолы Жамбыл үйінде үш күн қонақ болды. Бір жыршы мен бір күйшіні жұрт үш күн бойы жібермей, кезек-кезек тындады.

Бір күні Дина ертелеп тұрып, есік алдына шықса, Жамбылдың келіні жүгіріп қозы көгендеп жүреді. Динаның жас келіншек кезі есіне түсіп тұрғанда, оның қасына Жамбыл барады.

— Не ойлап тұрсың?

— Анау қозы көгендеп жүрген келініңді көріп, жас кезімде тартқан бір күйім есіме түсіп тұрғаны.

— Жүр, оны үйге барып тындайық.

Екеуі күндегісінше азанғы шайға отырды. Дина домбыраның бұрауын келтіріп, сәл ойланып бір күйді шерте жөнелді. Бас жағы ойнақылау: қозы, лақ жуалап зыр жүгіріп жүрген балалар, жас төлдің маңырағаны, қой қайырып жүрген қойшылар, ауыл итінің үргені, абыр-сабыр шақ. Күйдің орта шенінен бастап: зарлы сарын, жетім баланың өксігі, қасқырдың ұлығаны, апыр-тыпыр дыбыс, қасқырдың қойға шапқаны, жетім қозының енесін жоқтап маңырағаны... Дина осылайша күйін аяқтады да, Жәкеңе бұрылды:

— «Бұл күйдің аты Көгенсаз» деп аталады. Оның тартылу себебі былай: Кербез деген абысыным болды. Кербез десе — кербез еді, шіркін! Өзі сұлу, сымбатты, тіке сөйлейтін айбатты келіншек болатын. Күйеуі біздің Нұралыдан бер жас үлкен еді (Нұралы Нұрпейісов — Динаның күйеуі). Сол абысыным жастай жесір қалды. Бір қора қойы бар-тын. Оны бір жетім бала қайырып жүретін. Әлгі бала өнебойы ыңылдап «Аққозы» деген әнді са-

латын. «Шешемнен үйренген әнім» дейтін. Еңесін қасқыр жеген, жетім қозы жөнінде екен. Бала өзін — аққозыдай, байларды — қасқырдай етіп әнге қосатын. Жағым сенбей зарлайтын. Осы әнін тыңдағанда көген керілді. Қозы көгенделген күні мен Қербезге:

— Мына балаға бір қозына ен салып берші, ырым болсын, жетімнің көзі ашылар ма екен?— дедім. Қербез сөзімді жерге тастамады. Бір қозысына ен салып, бәсіре етіп берді. Мен сол күні оларға «Көгенсаз» деген күй тартып бердім...

Дина ертеңіне сәскеде үйіне қайтқалы отырғанда, Алматыдан бір топ адам тағы да, сау ете қалды. Көпшілігі фотоаппарат, енді біреулері сурет салатын кенеп керілген рамалары мен қыл қалам, бояуларын салған қобдишаларын иықтарына асынған кісілер екен. «Қастек ауылында екі қарт бас қосып, жыр мен күйді дүрілдетіп жатыр» дегенді естіп келіпті. Әй-шайға қарайтын емес, әлгілер келе сала екеуін оңынан да, солынан да, үйде де, түзде де шыртылдатып суретке түсіріп жатты. Бау ішіндегі көкмайсаға төселген кілем, оның үстіне жайылған дастарқан басында отырған Жамбыл мен Динаны егделеу келген қасқабас біреуі күн батқанша тырп еткізбей ұстады. Ол полотносын керіп тастап, қыл қаламды қолына алды. Қалақшасына бояуларын езіп алып шимайлай берді, әлден уақытта домбыра тартып отырған Дина, оның жанында ынтыға күй тыңдап қалған Жамбыл бейнесі қаз қалпында шықты. Ауыл балалары, келген кісілер оған тамашалап үніледі. Әлгі марқасқа шебер «кейін тұрындар, кедергі болмандар!» деп мазасызданады. Дүниеге келгелі жатқан «перзентін» өзгелерден қызғанған сыңай ма, қалай? Бұл Қазақ КСР Халық суретшісі Абрам Маркович Черкасский еді...

«ШАҢНАМА» ҚАЛАЙ ЖЫРЛАНДЫ?

Жамбылдың Отанды, патриотизмді және халықтар достығын паш еткен толғау жырларының бүткіл әлемге таралып, ақындық даңқының шарықтап тұрған кезі. Бұл бір қазақ әдебиеті, оның ішінде халық поэзиясы үшін айта қаларлықтай ерекше құбылыс болды. Барлық ел Жамбылға құлақ түрді. Оның өлең, жырлары қарттардың да, жастардың да аузында жүрді. Нұрпейіс, Нартай, Үмбетәлі, Орынбай, Шашубай тағы сондай халық ақын-

дары Жамбылға еліктеп жырлай бастады. Тіпті, одан жазба ақындар да үлгі алуға талпыныс жасады. Жамбыл жыры — үлгі, нұсқа, эталонға айналды. Оның жырларын бауырлас халықтардың ыршы, хафиз, ашуг, бахшы, шайырлары да нұсқа етті. Олар енді Жамбылмен творчестволық байланыс жасап, арнау өлең, құттықтау сәлемдерін жолдап жатты.

1936 жыл. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен алғашқы онкүндігі зор табыспен аяқталды. Үздік шыққан өнерпаз, ақын, жазушыларға Отан наградасы тапсырылды. Жамбыл Жабаев сол жолы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Осы қуанышты есіткен тәжік ақыны Лахути оған құттықтау өлең жолдады.

Шарықтап арасында бакытты гүл,
Ән шырқа еркіндетіп, азат бұлбұл!
Құшақтап күміс күнді тәтті дауыс
Аймалап жердің бетін төгілсін жыр.
Есітсін әлем тегіс туған бақшаң
Құлпырып күннен күнге төккенің нұр.
Жемістің-салмағынан басын иген —
Бұлақты, қызыл гүлді сайраған тіл.
Шынарға айт: емін-еркін өссін биік,
Қызғалдақ — оған да айт — жайнатсын гүл.
Тыңдайды сен сөйлесең құлақ салып
Кей күйлер басқа бақта тұрған бұлбұл.
Ынтығып өлеңіңді сағынады.
Қазақтың бұлбұл құсы, ақын Жамбыл.
Данышпан, қайтпас жүрек ел көсемін,
Өсірген осы бақты ерді өлең қыл! ...

Бұл арнаууды парсыша білетін хатшысы Қалмақан Әбдіқадыров оған тәржімалап түсіндірді. Сонда ол Лахутиды Жамбылға былайша таныстырған:

Абдулқасым Лахути — тәжік халқының ұлы ақыны. Ол Иранда туып-өскен, оқып білім алған. Кәдімгі өзіңіз айта беретін «Шаһнаманы» жазған атакты Фердоусидің ұрпағы. 18 жасынан Ирандағы байларға, феодалдарға қарсы жұмысшы, шаруалар көтерілісіне қатысып, революциялық, демократиялық рухта өлеңдер жазған. Қуғыншылық, жоқшылықты көп көрген. Әзірбайжан, Грузия, Дағыстан, Түркия елдерін кезіп, жасырын газеттер шығарған. Жиырмаасыншы жылдары Мәскеуге келіп, Шығыс баспасында қызмет істеген. Осы жылдары «Кремль», «Революционердің өлімі» деген дастандарын жазған. 1925 жылы Тәжік автономиялы республикасы құрылған соң Душанбеге келіп орналасады. Алғашқы баспа, газет,

журнал редакция жұмыстарына басшылық етеді. Садриддин Айнимен бірге Тәжікстан Жазушылар одағын құру ісіне белсеңе ат салысқан.

1934 жылы ҚСРО Жазушыларының тұңғыш съезіне қатысады. Максим Горький және біздің Сәкен Сейфуллинмен танысады. Бұл жылдары Лахути көптеген өлең, жырлар, кітаптар жазады. Сөйтіп, ол тәжік халқының сүйікті ақынына айналады.

Бұл сөзді тыңдап отырған Жамбыл:

— Өзі біздің Сәкенжанға ұқсаған акын екен ғой, жасы нешеде?

— Сізден қырық жастай кіші болуы керек, — деді Қалмақан сәл ойланып.

— Сен оның қандай өлеңін білесің?

— Ілгеріде бірер өлеңін аударып едім, соның бірін айтып көрейін...

Қарт акынға Қалмақанның шығыс шайырларынша. ыңылдап айтқан өлең сөзі ұнап кетті білем:

— Жарайды, жарайды, — деді оған қарап. — Өзі Фирдоусидің жүрәті десе, дегендей екен, мұндай акынға жауап бермей отырғанымыз болмас. Кәне, мен домбыраны алайын, сен қаламыңды қолыңа ал!

Жәкең әуелі өзінің ескі әуеніне салып бір қайырып тастады. Артынан Лахутиға деген арнау жырын төкпелей жөнелді. Қалмақан ақ қағазға арапшалап өрнектей берді.

Бакытты ел бас қосқанын етіп өлең,
Лахути, тәжікше сен жаздың сәлем.
Елжіреп дауысына шын жүрегім,
Қазақша мен де саған жауап берем...
Ғазелі парсы елінің, қазақ жыры,
Қосылып толтырады бірін-бірі...
Кез келді ой тиегін ағытатын,
Қолыңа ал, домбыраны Ғасем акын!
Ғасырлар біздің күйді, біздің жырды
Мың халық болсын мәңгі шырақтатын.

Өлең аяқталды. Жәкең оны хатшысына үш қайтара оқытты. Екі, үш сөзін түзеткізді. «Ал енді мұны Тәжікстанға, Лахутиға жөнелт!» — деп, орнынан тұрды.

1938 жыл. Мамыр айының маужырап тұрған күні. Алматыда, Ұзынағашта Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толу тойы дүрілдеп өтіп жатқан шақ. Шәкірттері Нұрпейіс, Доскей, Иса, Орынбай, Айтбай тағы басқалар арнауларын айтты. Қырғыз ақындары Тоголок, Қалық

Жәкенді құттықтап термеледі. Өзбек шайры Фазыл Юлдашев «Алпамысты» толғады. Бір уақытта тәжік делегациясын басқарып Лахути Жамбылға келді. Қарт ақын оның сәлемін алып тұрып, қасындағы хатшысынан:

— Бұл қай бала?— деп сұрады.

— Ана жылы өлең-хат жазысатын Лахути ақын ғой.

Жамбыл:

— Ой, айналайын балам, сен бе едің? Бұрын көрмеген соң, мына қартайған шалдың танымай жатқаны ғой, кешір қалқам!

Ол Ғасемді қайтадан қапсыра құшақтады. Төрінен жай беріп, қасына отырғызды. Жағдайын сұрады.

— Атақты шығыс перісі Фірдоусидың ұрпағы екенсің, — деді ол. — Ой, ондай ақын бұ дүниеге бір-ақ рет келеді ғой! Шіркін, оның «Шаһнамасын» айтсайшы?! Қандай ересен дастан! Ана бір жылдары бір шайыр ақыннан ұққаным бар еді. Өзіңді көрген соң соны айтып берудің нәубеті келіп тұр.

Қарт жырау- толғанып, домбырасын шерткен. Кім білсін, Жамбыл сол жолы Иран мен Тұран арасындағы соғысты жырлады ма екен? Немесе, Кей-Кәбус патшалығын баян етті ме? Рүстем батырдың да қаһармандығы қазақ арасына кең таралған ғой, соны термеледі ме екен? Қазақ хиссагөйлері Рүстемнің дүниеге келуін былайша аңыздаушы еді: Зал батырдың әйелі айы, күніне жеткенде туа алмайды. Зал Самұрық құсты шақырыпты. Борандатып, дауылдатып Самұрық ұшып келіпті. Ол дәрі-дәрмектің бәрін де бойынан табады, бір қауырсынын жұлып алса, қан ағады. Оны былай құйып алады, тағы бір қауырсынын тартса, одан сүт шығады. Осы сүтті әйелдің аузына тамызса, ол балқып, ұйықтап кетеді. Әлгі Самұрық осы күнгі хирургтерше әйелдің ішін жарып, алпамсадай баланы алып шығады. Жарықты жібек жіппен тігіп, даярлап қойған өз қанымен сыласа, жазылып кетеді. Бір түтін иіскетсе, әйел түшкіріп, оянады. Болашақ алып батыр Рүстем анасынан осылай туыпты десетін. Жамбыл «Шаһнаманың» осы бөлігін жырлады ма, кім білсін?

Әлде, ол Кей-Қысыраудың сиқырлы кесесін хикая етуі мүмкін. Онда Кей-Қысырау өзінің көріпкел кесесіне қарап, осы күнгі телевизордан көргендей Аспан, Жердің арасын шарлап, жеті ықылым елді аралайды емес пе? Сөйтіп, сонау түрік елінде зынданда жатқан өзінің Блжан батырын көреді. Оны құтқарып әкелуге бір насат

батырын жұмсайды. Ол жауымен шайқасып жүріп, Би-жанды құтқарып әкелуші еді. Жамбыл осы оқиғаны жыр етті ме екен?..

Лахутидың 1981 жылы басылып шыққан жыр жинағында «Жамбылға» деген өлеңіне былай түсінік берілген: «Қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевқа (1846—1945) арнаған өлеңі. Лахути онымен 1934 жылғы кеңес жазушыларының бірінші съезінде кездескен. Сонда ол Лахутиды Фердоусидің ұрпағы екенін біліп, «Шаһнаманың үлкен бір бөлігін жырлап берген» (Лахути. Стихотворения и поэмы. Ленинград. 1981, стр. 469).

Бұл жерде әңгіме Жамбылдың ол съезге қатысу, қатыспауында емес, Лахутимен кездесіп «Шаһнаманы» жырлап беруінде болса керек. Жамбыл мен Лахути 1936 жылы Мәскеудегі онкүндік кезінде кездесті десе, оның қисыны келеді. Екеуінің де бір-біріне арнаған өлеңдері сол жылы жарияланған.

Екі ақынның 1938 жылдың жазында жүзбе-жүз кездесуі анық. Ол жөнінде жоғарыда айттық. Бұл кездесу туралы Лахути «Литературный Казахстан» журналында естелік жариялаған. Онда былай деп жазылған:

«Жамбылмен алғаш рет кездесіп сәлемдескенімде, сөзін тындап сұхбаттасқанымда, оның ширақ та, қунақ қимылына шешен де, тапқыр сөйлейтініне қайран қалдым. Сөйттім де, тындасам екен деп одан асыға жыр күттім. Мұндай әсер менде түпсіз терең, айдын шалқар мұхитты көргенде болушы еді. Сонда бұйра толқын бетінде кемелері жүзген, түбінде балығы ойнаған, маржан қазынасы мол мұхитқа қарап таң-тамаша қалушы едім. Мен Жамбыл жыршыға кездескенде тап сондай әсерде болдым. Аңлап қарасам, шынында мен қазынасы мол, көк бұйра толқынды жыр теңізінің дәл өзіне кездесіппін.

Жамбылды тындап отырып, халықтың ежелден қастерлеп сақтап келе жатқан бай қазынасына қанықтым. Біздің Фердоусидің таңғажайып эпосы мен Хафиздің лирикасын ол қазақтың өз мұрасындай жырлап берді. Не деген білгір, шежіре қарт десеңші?! Ол өткенді айтқанда тірі тарих сияқты, ал бүгінгі жаңа тұрмысымызды жырлағанда, кәдімгі қызу қанды жас жігіттей жайнап шыға келеді. Не деген ғажап! Міне, ол тағы да жырлап отыр. Шымырлап тыныш жатқан жыр мұхиттың беті тағы да дауыл соққандай астаң-кестең толқи жөнелді. Жырсырыны сарқылап бір арнаға құйылып жатқандай.

Жамбылды тыңдағанда оны тек қана теңізге теңеу аз, ол ең әуелі өз халқының құнарлы топырағынан нәр алған, революция рухынан сусындаған, жаңа заман тынысынан қуат алған нағыз осы дәуіріміздің асқақ үнді жыршысы екен. Сондықтан оның жемісі жұпар иісті нәрлі. Бір ғасырға тақау өмір сүрді. Ақындық өмірдің 75 жылын артқа тастады. Дүние жүзінің әдебиеті мұндай ұлы тұлғаны білмейді.

Жырлай бер жасарған ақсақал, ата Жамбыл! Отан, халық сенің асыл жырынды тыңдай береді! Сенің ұзақ жылдар толғаған жырларың ғасырдан-ғасырға кете береді!»

Бұл Лахутидың 1938 жылы «Литературный Казахстан» журналының төртінші санында жарияланған сөзі.

Міне, осыдан-ақ екі ақынның қалай кездескенін, бірін-бірі қалай құрметтейтінін, Жамбылдың «Шаһнаманы» жырлап бергенін аңғару қиын емес.

Жамбылдың «Шаһнаманы» жырлайтындығы жөнінде академик жазушы Сәбит Мұқанов та кезінде дәйекті пікір айтқан. Ол ақынның туғанына 100 жыл толуына арналған толық жинағына жазған алғы сөзінде Жамбылдың жас кезінде Алматы, Талдықорған, Әулие-Ата, Шымкент облыстарын аралап, көптеген ақын, жыршылармен кездескенін жазған:

«Осы сапарында Жәкең Өзбекстан мен Қазақстанның көп жерін аралайды, ақындармен кездеседі, әдебиетшілермен танысады. Қырғыздың эпосы «Манасты», «Шаһнаманы», «Тотының тоқсан тарауының» көп хикаяларын жырлайтын Жәкең, «бұл әңгімелерді сол сапарымда естіп, ұққан едім», — деп отыратын.

«Шаһнаманы», «Манасты» жырлады деген осындай деректерді, Ш. Сарыбаев, С. Бегалин, Қ. Бекхожин, С. Садырбаев т. б. зерттеушілер де айтады.

Лахути мен Жамбылдың творчестволық достығы, Жамбылды тәжік халқының қалай тыңдап, құрметтейтіндігі жөнінде тәжік елінің тағы бір ірі ақыны КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Еңбек Ері Мирзо Турсын-заде ана бір жылы Алматыға келгенде былай дегенді:

— Қазақ халқы — деді ол, — Жамбыл сияқты ұлы жыршыны дүниеге келтірді. Оның өлендерін оқыған кезде көз алдына Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, өзінің поэзиясымен ол шың-

ға жол таба білді және шынды бағындырды... Жамбыл мен Лахутидың ақындық сәлем сөздерін біз мақтаныш етеміз.

Жамбыл бауырлас халықтардың, соның ішінде қазақ пен тәжік халықтарының достығын жырлап, өз творчествосында олардың адамгершілік ой-армандарын білдірді. Оның өлеңдері бүгінгі күні Памирдың шыңдары үстіндегі жұлдыздардай жарқырайды. Біздің суретшілеріміз Жамбылға деген зор сүйіспеншілік пен құрметтің белгісі ретінде оны өз полотноларында бейнелейді.

Ақындарымыз, оның ішінде мен де бармын, Жамбыл өлең-жырларын ана тілімізге аударып тараттық, жинақтарын шығардық. Лахути Жамбылдың Максим Горькийге, папаниншыларға арнауын, Амин-заде «Ұлы заңын», Аширмат «Амангелді», «Кавказға сәлем», «Халықтар достығын», Ұлуғ-заде «Ғасем Лухтиға», Юсуфи «Пушкинге» арнаған өлеңдеріне тәржіме жасады.

Әлі есімде, — дейді Турсын-заде, — 1943 жылы Қызыл Армия неміс фашистерінің бетін қайтарып, батысқа қарай ығыстырып, қуып бара жатқанда Жамбылдың батыр ұлы Алғадайдың мерт болғанын, оған қарт ақынның қатты қайғырып жатып қалғанын біз де есіттік. Алғадайға бағыштаған жоқтауы, бір мен емес, бүкіл тәжік ата, аналарымыздың жүрегін тербетіп, көңілін босатты. Өйткені, Жамбыл сияқты ұлдарынан айрылып, қайғырып қалғандар бізде де аз емес еді. Мен солардың көңілін жұбатайын деп, Жамбылдың сол бір өлеңін тәжік тіліне аударып жариялаттым.

Мен бүгін Жамбылдың мерекесіне келгенде осы жайларды еске алып, оның ұлылығына тағы бір басымды иіп, тағзым етемін».

Бұл Турсын-заденің 1972 жылы Жамбылдың туғанына 125 жыл толған салтанатты жиында айтқан сөзі: Достық, бауырластық, осылай ұласып, жалғаса, нығая бермек.

ҮШҚОҢЫРДА

1939 жылдың шілде айы. Жазушылық атағы бұрынғыдан да дүрілдей бастаған Сәбит Мұқанов өзінің кәнігі сырласы Жамбылға барады. Дүрілдемегенде ше, «Жұмбақ жалау» романы ел-елге кеңінен таралып, қалың оқырмандар құныға оқып жатқанда. Оның алдында

«Адасқандар», «Сұлушаш» романдары оны елге танымал еткен. Сәбең сол жолы «Жұмбақ жалаудың» бір кітабын Жәкене сыйлауға қолтығына қыса шыққанды. Сәбиет келгенде қарт ақын балаша қуанды.

— Өзім де сағынып жүр едім, сөні бір келер деп, жақсы болды ғой — деп, ол балаларына ас-ауқат камын тапсырды. Тамақ желініп, әңгімеден әңгіме туып отырғанда Жамбыл оған:

— Жайлауға барып қайтайық — деді.

— Қай жайлауға?

— «Үшқоңырға».

— Е, е, онда не бар?

— Қойшы шалдар шақырып еді, соған серік болып жүрсейші?

Жамбылдың бұл ұсынысына Сәбит шошып кетеді.

— Тәте-ау, тау жолы қиын ғой, қиналып қалмайсыз ба?

— Немене, мен қорықпағанда, сен қорқасың ба? Таулай түсіп, шығып жүрген жол емес пе? 93-тегі қарт ақынның бұл қайратына Сәбит қайран қалды. Өйтпегенде ше, «Үшқоңыр», «Құлансаз» жолы оңай жол емес. Таудың бөктеріне қиялай салған бұралаң тар жол ылғи тау-тауды айналып өрлейді де отырады. Жоғары қарасаң қалпағың түседі, ылдиына қарасаң көзің бұлдырап, басың айналады. Мұндай қия жолмен тоқсандағы шал түгілі, жас жігіттер аттың жалына жабысып әрең жүреді. Жайлаудың бұл жолымен ана бір жылдары өзі де жүріп көрген-тін. Осыны ойлаған Сәбит: «Жоқ Тәте, болмайды, құздан құлап өлер жайымыз жоқ» — деп, көнбей қояды.

Жамбыл:

— Ендеше, өзім-ақ кете беремін. Тезекбай, кәне, күренді ертте, — дейді. Сәбит лажсыз көніп жүрмек болды.

Түс ауа бере Жамбыл, Сәбит, Сатыш, Тезекбай төртеуі бір-бір атқа мініп жайлауға жүріп кетеді. Былай шыға бере Жамбыл өзінің күрең жорғасын мақтайды:

— Ат иесіне тартады деген рас, — деді ол — күреңім менің жайымды біледі, мен оның жайып білемін. Сүрінбейді, қабынбайды, бүлкілдеп жайлы жорғасына салады да отырады. Тізгінін тежемеймін, басын өз еркіне қоя беремін. Түсіп, мінгенімде де өзі маған ыңғайланып тұрады. Бір жолы былай болды: «Қызыл әскерден» ауылға келе жатып аттан түстім. «Қарасуға» қолымды шайып, су ұрттадым. Күрең қалың шалғында жайылып тұрған.

Барып тартпасын қайта тартып, ауыздығын салдым. Енді мінейін десем, міне алмаймын. Қалың шалғын оралып, аяғым үзеңгіге жетпейді. Ердiң басынан ұстап әрi ұмтыламын, берi ұмтыламын бөксеме шойын байлағандай көтеріле алмаймын. Менiң осы халiмдi сездi-ау деймiң, күреңiм алдыңғы аяғын бүге қойғаны. Мiнiп алып, жалынан сипап «айналайын күреңiм, жансерiгiм бiлемiн» дедiм. Жануарым, жолға түсiп алды да екi құлағын кей-шылап ауылға қарай тайпала жөнелгенi.

— Әй, Тәте-ай, жаман күреңiндi мақтай бердiң ғой — деп, сөзге араласты алда келе жатқан Сатыш — ат деп. Сәбеңнiң астындағы қызыл айғырды айт. Былтыр сонау Шолаққарғалыдан көкпарды осымен ауылға әкеп салған жоқпын ба? Олар осылай өткен кеткен сәйгүлiк бәйге аттарды әңгiмелеп келе жатып, — «Құдайқұл» шыңына кеп қалғандарын байқамай қалады.

Жамбыл:

— Мынау тұрған «Құдайқұл» шыңы, — дедi қамшысымен нұсқан.

— Неге «Құдайқұл» деген? — дедi Сәбит.

— Ой, ол ұзақ әңгiме, мейлi сұрап қалдың ғой, айтайын, — дедi Жамбыл: Ертеде Құдайқұл деген бай — саудагер болыпты. Ол мына жағы Қызылжар, Көкшетау, төменгi жағы Бұхара, Хиуа, Шығысы — Құлжа, Шәуешекке кiре жiберiп, сандық-сандық ақшаны жинап баса берiптi. Сол ақшасын өзгеден, тiптен өз бала-шағасынан да қызғаныпты. Қайда сақтасам екен дептi. Сөйтiп ол, ең биiк қия тасты қалапты. Оған құс болмаса адам баласы аяқ аттамаған-ды. Ол бiр түнде ұрланып сол құзға шығыпты да, тау басындағы аршаға арқан байлап, қия тастан қуыс тауып алады. Ертеңiне түнделетiп ақша салған сандығын бiртiндеп тасып; сол қуысқа тығады да, аузын таспен бекiтедi. Ендi қайтайын деп арқанды тарта берсе, шырша сынып кетiп, Құдайқұл құдай ұрып, күз етегiне бiрақ түсiптi. Адам танымас, тамтық жок, пәршепәршесi шығыпты. Елi iздеп жүрiп, сүйегiн жинап алыпты дейдi.

— Ол өзi бiздiң арғы аталарымызбен қатер едi. Бит терiсiнен биялай жасайтын сараң екен. Сол пейiлiне қарай жинаған ақшасы өзiне де, өзгеге де бұйырмапты. Бiр ақымақ бiздiң бала кезiмiзде сол Құдайқұлдың алтынын аламын деп, белiне арқан байлап шығыпты. Арқаны қия тасқа егелiп қиылын кетiп, ол да Құдайқұлдың жолын

құшыпты. Содан былай қарай ол құзға ешкім жоламай қойыпты...

Сол «Құдайқұл» шыңының астына жетіп тыныстап, биіктігі жүз метрдей құзға таңырқап тұрғанда оларды төменнен Кенен ақын мен «Киров» колхозының ферма бастығы Құсайын қуып жетеді.

— Түү, у, әзер қуып жеттік қой, — деп жатыр Құсайын.

— Сәбе-ау, мен сізді Алматыдан іздеп жүрсем, мұнда кеп қапсыз ғой — деді, Кенен, оның қолын алып жатып.

— Мен сені уәде бойынша екі күн тостым — деді, Сәбит тамағын қырнай сөйлеп «Үшқоңырға» шыққан соң ат жібертемін деп келе жатыр ем, өзің келгенің тәуір болды ғой. Бақсақ екеуінің бұл уәдесінің төркіні былай екен: Алматыда 3—4 күн болған Кенен Сәбитке сәлем бере барады. Сәбит оған: «Шоқан жүрген жерлермен жүріп қырғызға дейін барсам деймін. Алдағы жазар романыма материал жинамақпын. Соған қырғыз елін менен гөрі жақсы біледі деп өзінді ертпек едім. Жасы үлкен кісі ғой, аттап кеткеніміз жөн болмас, жолшыбай Жамбылға да соғып сәлем бере өтерміз» деп келіскен екен екеуі. Міне, сол Сәбит пен Кенен енді «Құдайқұл» құзында кездесіп тұр.

Аздап тыныс алған жолаушылар тағы да ілгері жүреді. Алдарынан мұнартып «Үшқоңыр» көрінді.

— Өне «Үшқоңыр» — деді, Жамбыл ой, шіркін мұндай жайлау жоқ қой, мүлдем тегі. Оң жағында Үлкен Қоңыр, сол жағында Орта Қоңыр, ортасында Кіші Қоңыр. Ар жағы қырғыздың Алатауы. Шөбі шүйгін балауса, сылдырап аққан мөлдір бұлақтарын айтсайшы! Екі елдің тел еміп жатқан анасындай ғой, шіркін. Бұл жайлау!

Ертеде осы «Үшқоңырда» бір ұлан-асыр той өтті. Ол кезде мен отыздағы орда бұзар жігіт кезім. Қырғыздың бір түйедей палуанымен күреске түстім. Екеуміз көп сілкілестік. Екі жақтың адамдары намысқа тырысып, шуылдасып жүр. Анау семіздеу еді, біраз жұлқыласқан соң алқынып, қан сорпаға түсті.

Абырой болғанда, менің белбеуім үзіліп кетіп, ол менің мойнымнан қармай түсті. Осы кезде аяғынан шалып шалқасынан түсірдім де, басынан аттап тұрып кеттім. Тәйті жарықтық «бәйге біздікі» деп, бір қырғыз ұстап тұрған буыршынды жетектеп былай шыға берді.

Жамбыл әңгімесі аяқтала бергенде, олар шопандар

ауылына жетіп, ат басын тежеді. «Жамбыл келді». «Сәбит келді», «Кенен келді» десіп, малшылар, бала-шаға қуанысып жатты. Құсайын қонақтарды өз үйіне түсірді. Дастарқан жайылды. Сары қымыз сапырылды.

— Той, мереке өткіземіз деп жүріп былтыр сендерге келе алмадым. Аман-есенсіңдерме, ағайын?— деп жатыр Жәкен.

— Малдан қолымыз босамай, тойыңа бара алмадық. Той құтты болсын Жәке? Осында балалар сізге орден беріпті деп, газеттен суретінді көрсетті. Оның да құтты болсын!— деді, бір қарт шопан. Бұл осы шопандар аулының жасы үлкен ақсақалы Тойбай Мәмбетов еді. Жамбылға сәлем айтып шақыртып жүрген де сол кісі екен.

Дастарқан үстінде жас малшылар жағының «не жазып жүрсіз», «тағы қандай кітабыңыз шығады?» деген сұрағына Сәбит:

— Шоқан туралы кітап жазсам деген ойым бар — деп, сөз бастады. Көптеген материалдар жинастырдым. Енді сол Шоқанның жүріп өткен ізімен Қырғызға дейін барып қайтсам деймін.

Шоқан Аягөзде, Қарқарада, Алтынемелдегі Тезек гөре ауылында бірнеше рет болған, одан Қапал, Іле, Верный, Ақсай, осы жайлаудың үстін басып Ыстық көлге жеткен. Қырғыз ыршыларынан Манасты, Көкөтайдың ертегісін жазып алған ғой.

Міне, осылардың бәрін қамтитын роман жоспарлап жүрмін. Мұнымның өзі бірнеше кітап болатын түрі бар. Оны құдай қаласа алдағы уақыт көрсете жатыр.

— Шоқанды жастау кезімде көрдім, — деп, әңгімеге қосылды Жамбыл. Бір жолы Сүйінбайға еріп әкем екеміз Тезек төре аулына бардық. Ол кезде бала екенбіз ғой. Кімнің кім екенін онша аңғара бермейтін. Шоқанның Шоқан екенін енді біліп жүрміз ғой. Ана бір жылы осы Жетісуға Шөже келді. Өзім ертіп жүріп біраз ауылды аралаттым. Қырғызға дейін ертіп бардым. Сол Шөженің аузынан Шоқанды тағы бір есіттім. Сонда Шөже мынаны айтты:

— Атбасар, Қараөткелді кезіп жүріп Омбыға бардым. Түске дейін базарын араладым да, сонда тұратын кәдімгі. Шыңғыстың немересі Шоқанды іздедім. Сөйтсем, ол әлгі үлкен медресенің дәл қарсы алдындағы шағын ғана ағаш үйде тұрады екен. Есігін ашып, табылдырығынан аттай беріп ем, алдымнан әскерше киінген талдырмаш

сұңғақ бойлы, ақ құбаша солдат шыға келді. — «Сен Шоқансың ба?» — деп, ем. Ол: «Иә, дәл сіз іздеп келе жатқан Шоқан балаңыз мен боламын. Сіз, қателеспесем, Шөже ақынсыз ғой». Екеуміз осылайша табыса кеттік. «Келіп кетсін — деп хабар айтқан соң, іздеп келдім. Иә, не шаруа еді» — дедім мен. Шоқан сәл күлімсіреп тұрды да: «Сізді осы жақтың қазақтары көп жыр-қисса біледі. «Қозы — Көрпешті» түгел айтады» деп еді. Соны өз аузыңыздан тындап, жазып алсам деп едім», — деді. Мен: «жарайды» деп келістім.

— «Әуелі шай-пай ішіп алайық», — деп, ол даяшысын шақырды. Домалақша келген кішкентай татар шалы шай әкелді. Шайдан кейін жазуға кірістік. Мен домбыраны жайлап шерте отырып, ақырындап жырлай бердім, Шоқан қолы-қолына жұқпай, жазып ала берді. Содан кешке дейін жазды. Әлгі даяшы шал «кешкі тамақ дайын» деп екі рет келді. Біз кешкі тамақты ішіп алып, түн ортасы ауғанша жаздық. Ертеңіне де сөйттік. Не керек, сол жолы бір жұмадай Шоқан үйінде жатып «Қозы Көрпешті» түгелдей айтып бердім. Мұныма риза болған Шоқан «маған үлкен олжа тастадыңыз» деп, қуанышын білдірді. Кейін оны не кәдеге жаратқанын білмедім.

Жамбылдың бұл әнгімесіне Сәбит елең етіп:

— Тәте, мынау бір мен естімей жүрген сөз екен — деп, ол да дәптеріне жазып жатты.

Осы кезде Құсайын домбырасын көлденең ұстап отырған Кененді нұсқап:

— Жәке, енді мына Кенен шәкіртіңізді тындасақ қайтеді? Жамбыл оған бұрылып:

— Е, тындасаң тындайық:

Кенен, Кенен деп жүр ғой елдің бәрі.

Осы тойға жиналған жас пен кәрі.

Төрт аяғы тең түсіп өленінін,

Құлағыңнан кетпейді салған әні. —

деп мен бекер айтпаймын ғой, тегі.

Кенен домбырасын күйлеп алды да:

— Ой, жайлау шөбің шүйгін, суың — дәрі.

Болады халқыменен ақын сәні.

Берейін әнге шырқап ортаңызда

Жиналған елім-жұртым, жас пен кәрі

деп, бір қайырып алды да, қайырмасын:

Ак бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен, бүрлен

Бүрленді арайлайды жолын білген.

Дүниені қанша аралап жүрсем-дағы
Жетпейді бәріненде ойнап, күлген-ай!»

деп құйқылжытты. Жұрт әсіресе, жастар жағы оны дуылдап көтермелеп кетті.

— Енді «Көк шолағын» айтсын?— деді, босаға жақта отырған жас шопан. «Көкшолақта» шырқалды. Отырған көпшілік оған да «Әй, бәрекелді»— деп мәз-мәйрам болысты.

Қадірмен қонақтар алдына үш жерден үйеме табақ бағлан еті тартылды. Жамбыл, Сәбит, Кенен алдына қойылған етті турап, қызмет көрсете бастаған Құсайын:

— Жылдағыдан биыл төлді тәуір алдық Сәбе, — деп, енді шаруа жайын әңгімеледі — мирнонос қойың жарықтық еті тәтті, жүні — жібек дегені болмаса, қысқа төзімсіз келеді екен. Алдағы жылдан бастап кегендіктерге ұқсап арқар-минонос тұқымын өсірмекпіз.

— Арқар-минонос дегеніңіз кәдімгі қазақтың қисары қойы ма?— деді, Тезекбай да сөзге араласып, Құсайын:

— Бұл қисарыдан да артық, ол кәдімгі жабайы арқар мен мирнонос арасынан шыққан тұқым. Мүйіздері шаңырақтай оралған, тайдай-тайдай ірі болады, ал жүнін — жібек дерсің. Қарынды, боранынды тындамайды, жылқы тәрізді қарды теуіп жайыла береді.

Кешкі тамақтан соң қонақтар далаға шығып, желпініп алды. Жамбыл, Кенен үйде қалды. Сәбең Құсайынды, тағы екі-үш жас шопандарды ертіп суат басына барды. Қалың шалғынды кешіп олай-былай жүрісті. Қора-қора жусап жатқан қойлар. Иттері жанында қой күзетіп жүрген қойшылар. Олар ыңылдап ән салады. Бірі Жамбыл атасының «ой, хой, жиырма бесін», енді бірі Кененнің «Ақ бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен, бүрлен, бүрленді аралайды жолын білген» деп, шырқаған әнін қайталайды.

— Бұл «Үшқоңырда» дейді Құсайын Сәбеңе қарап — қасқырдан гөрі аю, борсық көп. Аю дегендерің қозыны түнің былай тұрсын, күндіздің өзінде арқалай қашады. Ал, борсық болса, түнде қоймен араласып, қасында құйрығын сорып жата береді. Оны күзетшілер аңғармай қалады.

— Мылтықпен атпайсыңдар ма?

— Атамыз ғой, күзетшілердің бәрінде мылтық бар. Бірақ аю дегенің өжет мақұлық біреуін атсаң, ертеңіне өшігіп бес-алтауы андай шабады. Сондықтан күзетшелер

оларды сырттан боспалап қана мылтық даусымен жасқайды.

Таң атты. Отарлар өрді. Күн арқан бойы көтерілгенде, Жамбыл барып Сәбит пен Кененді оятты.

— О, қонақтар тұрыңдар, бүйтіп жата берсеңдер таңғы сыбағаларыңнан құр қаласыңдар!— деп жатыр. Құсайын үйінің дастарқаны тағы жайылды. Олар «үйірілген сары алтындай сары қымыздан» енді ала бергенде үйге тәпелтекше қойшы шал кірді. Бұл түндегі әңгімеде болған Тойбай екен.

— Тойбаймысың, жоғары шық — деп, Жәкең оны қасына отырғызды. Ферма бастығы:

— Түнде абыр-сабырмен сіздерге таныстыра алмадым. Бұл — Тойбай деген шопан биыл 100 саулықтан 130 қозы төлдетіп, бәйгінің алдын алып отыр. Өзі ауыл кеңестің депутаты.

— Қаншаға келдіңіз?— деді Сәбит.

— Биыл 77-демін.

— Таяғыңызды жастарға бермейсіз бе, — деді, Сатып.

— Өй, шырағым-ай, осындай қызық заманда қартайдым деп, қарап отыруға бола ма, алдымызда мынау Жәкең жүзге қадам басып сайрап отырғанда: оның інісі бізге жол болсын?

— Не шаруамен келдіңіз.— деді ферма бастық.

— Мынау Жәкеңді қонағымен үйге шақырып кел отырмын, — деді Тойбай. Көрмегелі көп болды. Малдан қол тимейді. Өлеңін сағындым, бала-шағамызбен бүгін бір жыр тыңдасак деп, дайындық жасап жатыр ек. «Қалай етеміз? Аттанғалы отыр ек» — деп, Сәбит Жамбылға қарады. Жәкең:

— Не қалайы бар, шақырса Тойбай, отырса болмай, барайық кәне, біріміз қалмай.

— Өй, садаған кетейін Жәкең-ай, сөзімді жерге тастамады ғой, — деп. Тойбай орнынан тұра салып, үйіне қарай домалай жөнелді.

Ферма бастығының үйінен шыққан қонақтар Жамбыл мен Сәбитті ортаға алып әудем жердегі Тойбай үйіне қарай аяндады. Жамбыл жан-жағына қарап Үшқоңыр жайлауының атырабын бір шалып алды.

— Ана бір дүрбелең жылы — деді ол — Бекболат батыр осы «Үшқоңырда» сарбаз жинап жасақ құрды. Ұста дүкен орнатып, қылыш, найза соқтырды, Жігіттерге қалай соғысуды үйретті. Ішінде мен де жүрдім. Бір күні

Бекболаттар оиға түскенде, осы төніректің байлары мен болыстары қаладан солдат алып келіп, бір топ сарбаздарды ұстатты. Солардың ішінде Бекболаттың Мырзабай деген батыр-жігіті де кетті. Оларды Алматыға апарып соттатты, Мырзабайды «ит жеккенге» айдатып жіберді. Сол Мырзабай ауылға қалай қашып келді — дейсіндер ғой, енді соны тыңдаңдар. Таяғың беліне қыстырып, келе жатқан Жамбыл қасындағы Сәбитке қарады. Байқамапты, Сәбит қойын дәптеріне оның айтқанын түртіп алып келе жатыр екен.

— Жазасың ба, онда анау үйге барған еоң айтайын.

— Айта беріңіз, Тәте әшейін ұмытып қалмас үшін керекті жерін ғана...

— Сонымен — деп Жәкен сөзін жалғады — қыстың бір күнінде өңкей ала киімді тұтқыдарды бір қазармаға айдап бара жатса, Мырзабай қасындағы досына «мен қашамын» депті. Мырзабай «Мұнда жүрсемде, ұсталсамда, бәрі бір өлім, ал мен кеттім» дейді де, «ойбай ішім!» деп бүк түсіп жата қалады. Айдаушы: «Ішін ауырса, пошел, ана жерге барып отырып кел» — деп саптан шығарып қалдырады. Мырзабай шынжырын сылдырлатып, сайға барып отыра кетеді. Өзгелері ұзай береді, бір жендеті атпен шауып келіп «кәне, тұр» деп ақырады. Ол ішін ұстап «тұра алмаймын, көмектес» дейді. Әлгі жендет «Ах, оңбаған ит, мен саған көмекті көрсетейін» деп, атынан секіріп түсіп, оны қарға аунатып тепкіледі. Мырзабайдың күткені де сол екен, ол оның аяғынан шалып жығады да, алқымынан қысып өлтіреді. Енді атқа мінейін десе, аяқ қолы шынжырлы, міне алмайды. Шынжырды таспен тоқпақтап үземін деп жанталасып жатқанда, ат босанып кетеді. Оны қуып ұстауға шама қайда, итшілеп сайдың ішімен еңбектеп, орман ішіндегі жалғыз үйге жетеді. Жақұт шалы екен, екеуі бірінің тіліне бірі түсінбейді. Шал Мырзабайдың үстіндегі алапаш киімді жұлқылап шештіреді де, өзінің тері тон, шалбарын кигізеді. Онысы: «түрме киімімен ұзаққа бара алмайсың, көзге түсесің», дегені ғой, қайтсін. Сөйтіп ол Енесай өзенін жағалап күндіз ағаш арасында жатып, түнделетіп жүріп отырыпты. Екі ай дегенде елге жетіпті.

— Бұл әлгі Қырқымбайдың Мырзабайы емес пе? — деп, сұрады Кенен.

— Дәл өзі.

— Қырғыз еліне барып, қызыл әскерге қосылыпты,

басмашыларға қарсы соғысқа қатысыпты, айласын асырып жеті басмашыны ұстатыпты — деген сөз рас па?—деді Кенен тағы да.

— Рас, — деді, Сатыш — ерлігі үшін командирінен алған қылышы күні кешеге дейін төрінде ілулі тұрғанын өзіміз талай көрдік.

Жамбыл Тойбайдың үйінде конақта отырғанда Саурық батырды жырлайды. Оны жырлау ойында жоқ еді. Тойбайдың балалары «біздің батыр бабамызды жырлап берсеңіз екен» деген өтініші бойынша айтты. Әуелі ол Саурықтың ата-тегін термелеп алады. Саурық Стамбек баласы, Стамбек — Кәшкеден, Кәшке — Қарасай батырдан, ал Қарасай Есқожадан таралады. «Сарыкемердегі соғыста қоқандықтарды тоз-тоз қылып жеңіпті» деген дабысын бүкіл ел есітті. Артынша батыр ауылға жеңіспен оралды. Ел-жұрт «батыр келді», «Саурық келді» деп, оған зор құрмет көрсетіп қарсы алды. Осылай жырлап алды да әлхиссаға ауысты:

— Менің бұл кезде 18-дегі жігіт кезім еді. Кейінірек Алматыдағы Қожамберді байдың үйінде (ол қасында отырған Кененге бұрыла қарап) мынау Кененнің ағасы Сарыбаспен айтысып, сонда осы Саурық, Сұраншы батырдың ерлігін айтып Сарыбасты жеңіп кеттім. Ой, несін айтасың? Олар ересен жойқын батырлар еді ғой, тегі. Ол, тағы да жырын жалғастырды. Соңында:

Қалың жаудан қаптаған,
Қаймығып беті қайтпаған.
Ед тыныштығын сақтаған,
Халқы сүйіп мақтаған,
Ардагер батыр кім еді?

деп, доғарды. Үлкен беторамалын алып, бетін сүртіп, жанында отырған Кененге бұрылды.

— Сенде бірдене демейсің бе?— Кенен домбырасын қоныр сазды әуенге қосты:

Қойшылар қой жайғанда кеш батпайды,
Отырсам қой күзетіп таң атпайды,
Қарайтын қабағыма бір адам жоқ,
Бел шешіп, төсегінде бір жатпайды.

Кенен «Бозторғайын» шырқап болғанда Сәбит:

— Ән жақсы-ау, бірақ еңсемізді түсіріп жіберді. Қазіргі мына шопандарды айтса, шіркін, — деп ол Кенен досын бір қағып күлді.

Олар «Үшқоңырда» үш күн болып шопандар аулын ән мен жырға қәнігі еткен. Төртінші күні атқа қонып жайлаудың иір-иір жолымен «Суықтөбені» айналып өткен. Жамбыл келе жатып «Суықтөбені» хикая еткен. «Мінікей алдымызда «Суықтөбе, төбесі көк аспанға жуық төбе» деген сөзін Сәбит дәптеріне түртіп алған. — Халықтың «Суықтөбе» дейтін себебі — деген Жамбыл — басына бұлт айналса, жаумай тарқамайды. Айналасында одан да биік таулар бола тұра, құдайдың құдіреті осы төбеге келгенде бұлт төгіп-төгіп тарқайды.

Суықтөбеден батысқа қарай ойыса кеп олар «Дегерес» жылқы совхозына жетіп бір аялдаған. Жамбыл, Сәбит, бәрі асыл тұқымды жылқыларды көріп тамашалаған. Жамбыл «Дегерес» жылқышыларына былай деп арнау айтқан:

Өсіріп асыл тұқым арғымақтан,
Жігіттер көкке бедеу қарғылатқан.
Сарыжазық, Қарақия, Алаяққа,
Совхоздың жылқышысы желі тартқан,
Ойнақтап құлын-тайы асыр салған,
Тұқымы алма мойын асылданған,
Аттары бәрі құлақ, бөкен санды,
Молайды ел дәулеті асыл малдан...

Олар «Дегерес» совхозына түстеніп аттанған. Төмен қарай бұраңдап жатқан «Бас батыр» жолымен жүріп отырып Алматы — Фрунзе тас жолына жеткен. Сәбит Кененді ертіп алып Қырғызстанға бет алған. Жамбыл балаларымен аулына қайтқан.

ҚАЙЫН ЖҰРТ АУЛЫНДА

Самсыдағы Қаттаубай деген кісі Қордай жақтан қайтып келе жатқан Жамбылды екі-үш күндей жібермей қонақ етеді. Әрине, ол отырған жер өлең-жырсыз болмайды ғой. Талай дастан-хикаялар жырланады. Үлкен, кіші демей бәрі оның әңгіме, жырын тындайды.

Бір уақытта Жамбыл босаға жақта тұғырда тұрған бүркітке көзі түседі.

— Бүркітің алғыр ма?

— Бір қағарлығы бар.

— Ой, шіркін бүркіт деп, Алтынбектің Таутүргенін айтсайшы! Ондай естияр, алғыр бүркітті әлі көргенім жоқ.

— Ол қандай бүркіт еді, Жәке, айтыңызшы?

— Ендеше тыңдаңдар.

— Балаң жігіт кезімде — дейді Жамбыл, — осы Суықтөбенің күнгей бетіндегі Қаракезеңде Алтынбек деген бүркітші тұрды. Ол өзінің Таутүрген деген бүркітін баптап аңға салушы еді. Таутүрген деуінің мәнісі балапан кезінде Таутүрген шынынан ұстап алып өсірсе керек. Өзі өсе келе орасан алғыр бүркіт болды. Қысы, жазы түлкі, қоян, арқар, киікті қырып ұстайтын. Өзін де, өзгелерді де қарық ететін. Бір жолы барып қалғанымда «Келіп қалған екенсің, тымақ тіктіріп ки» деп, бір алтайы түлкісін маған байлағаны бар. Енді сол бүркіттің заттылығын айтайын деп отырмын. Егесі өлді. Ел ақ жуып, арулап қойды. Жетісін өткізген соң, бүркітшінің баласы «Мен мұның бабын білмеймін, бекерге тұғырда ұстап не қыламын, қоя берейін, еркіндікте жүрсін» дейді де, атына мініп, бүркітті қолына қодырып, Суықтөбенің басына шығады. Бүркіттің аяқ бауын шешіп, томағасын сыпырады. «Бар, жануар» деп, қоя береді. Бүркіт аспанға самғап кетеді. Жігіт біраз отырып, енді төмен түсіп ауылға қайта берсе, әлгі бүркіт оның төбесінен қанатын суылдатып, боздап бір екі айналады да, әкесін қойған бұлақ басына қарай қалықтай жөнеледі. Артынан жалбақтап шауып барса, әкесінің мүрдесі үстіне қонып екі қанатын жайып, шанқ-шанқ етеді дейді. Жігіт өксіп, жылаған күйі бүркітті қолына қондырып үйіне қайтыпты. «Япырым-ай, жануардың естісін-ай! Құс екеш құс та осындай ести-яр болады екен-ау» — деседі бәрі.

Кеш. Ел жата бастады. Ілияс деген қайнысы Жамбылды «біздің үйге жат» деп ертіп кетті. Жатарда бойжеткен сұлу қызға: «төсекті қалың сал» деді де:

Балдыз жан жаба салшы ішігімді,
Шәуілдетпей байлап қойшы күшігіңді.
Көрпемді ашып, қойныма кіріп келсен,
Оятып алар едім, бұзығымды.

— Тағы не айтасың кәрі жезде! — деді қыз.

Жамбыл:

— Ой, қарағым мұндай өлең көп қой...

Ертеңіне Жәкен ауылға қайтпақшы болады.

— Біздің үйден дәм татып кетіңіз? — деп, оның бір қайнысы шылауына орала береді. Өтініп қоймаған соң
Жамбыл:

— Жарайды, барсам, барайын, — деп атының басын-сол үйге қарай бұрады. Ауыл адамдары оның соңынан қалмайды. Тағы да жыр тыңдай түссек дейді. Есік алдына бара бергенде әлгі жігіт алдынан шығады. Дүкеннен келе жатқан беті болу керек, қолында екі-үш шөлмек арағы және бірденелері бар, ол асып-сасып:

— Қәне, үйге кіріңіздер?— дей береді.

Ат үстінде тұрған Жамбыл, оның ауым-сауым сикына қарап, әрі арақ көтеріп жүргенін ұнатпай:

Арғы атаң Тарақты,
Бәйгеге атын жаратты.
Бергі атаң Таңатты,
Жұртты аузына қаратты.
Мені үйіңе шақырып,
Алып кепсін арақты.
Қарасаншы шіркін-ай,
Жырым-жырым балақты.
Тарғап, Самсы аулынан
Таппаспын сендей салақты...—

деп термелеп, аттан түспестен жүріп кетеді. Ал, өлең сол жердегі тұрғындардың көкейінде қалып қояды.

ХАЛКИН-ГОЛҒА

Шілденің орта тұсы. Кешқұрым мал өрістен қайтқан абыр-сабыр кез. Таудан құлаған қой, ешкі колхоздың көшесін шандатып келеді. Бәрінің қарны қампайып, іші айналып кеткен. Қақпалары айқара ашылған әр үйге топ-топ бұрылып қалып жатыр. Ақын ауласына да жиырма шақты саулық тоқты-торым кірді. Емшегі талыстай боп кеткен нән тарғыл сиыр соңына бес-алты тана-торпағын шұбатып, өзін сауатын бастырма-ақырына барып мөңіреп қояды. Жамбылдың сарапжал келіні Берікбала білегіне шелегін іле сала сиыр саууға шықты.

Жамбыл жоңышқалықта арқандаулы тұрған күрен жорғасын аударып арқандап, енді үйіне бұрыла бергенде, алдынан немересі Әлімқұл шықты:

— Ата, үйге кісі келді.

— Кімдер екен?

— Қалмақан, Тайыр тағы біреулер.

Ақын есік алдына жақындай бергенде, адымдай басып, Тайыр сәлем берді:

— Е, е, Қайырмысың, қайдан жүрсің?

Жайлап басып, Қалмақанда:

— Ассалаумағалайкүм, Жәке — деп жатыр.

— Қажымұқанның баласымысың, балуан аман ба?

— Аман, Жәке, сізге сәлем айтып жатыр.

— Е, е, саламат болсын, — деді де, Жамбыл шеткері-леу состиып тұрған Дмитрий Снегинге қарады:

— Мынау ұзын тұраларың кім?

— Бұл Митя ғой, танымай қалдыңыз ба, былтыр бір топ ақын тойыңызға келіп едік қой.

— Е, е, ұзын баламбысың, кешір сенде қартайған соң мен сияқты ұмытшақ боласың ғой әлі. Дмитрий қазақша:

— Сіздің жасыңызға жетсек, арман жоқ Жәке, — деп, күлді.

— Ау, неғып үйге кірмей тұрсындар тегі, кәне, жүріңдер.

Бәрі қонақ үйге кіріп отырысты. Жамбылдың келіндері зыр жүгіріп дастарқан жайды, қымыз әкелді. Қаладағы, даладағы әңгімелер айтылды. Үшеуі келгендегі шаруасын әлі айтқан жоқ. Ақында шешіле қоймады. Ол домбырасын көлденең өңгеріп, төмен қарап мүлгіді де қалды. Мұндайда Тайырдың арсың-күрсің батылдығы жетеді. Ол:

— Жәке, не ойлап отырсыз? Қыздармен күліп ойнаған кезіңіз еске түсіп кетті ме?

— Иа, Қайыр-жан, сені көргенде ілгеріде Сара қызға ынтық болғаным есіме түсіп отыр. Кәне, «Әбсер барсанды» аңыратшы? Тайыр Жамбылдың бұл әнін осыдан бірер жыл бұрын қасында жүріп үйреніп алған-ды. Ол дарылдаған жуан даусымен:

«Әбсер барсан, әбсер бар, Қызылжар бар,
Өзім сылқым, өзім сал, мен кімге зар?

Ай, угай-ау, ай-угай!...

шырқап қоя берді. Жамбыл басын көтерді:

— Ой, айналайын, Қайырым-ай, жабырқап отырған көңілімді бір көтеріп тастадың-ау. Ал, не шаруамен келіп едіңдер, айта беріңдер? Қалмақан Митяға қарап:

— Мынау Митя балан, бәріміз сізден бір жыр туар ма екен деп әдейі келіп едік.

— Ол қандай жыр?

— Монғолиядағы Халкин — Голде жүріп жатқан соғыс жайлы.

— Иә, Жәке, онда біздің әскерлер орасан ерлік көрсетіп жатыр. Сол жөнінде...

Үшеуі осылайша кезекпе-кезек Халқин-Гол шайқасын, ондағы біздің ержүрек батырларды баян етіп шықты. Ақын домбырасын өңгеріп біраз іштей ыңылдап отырды да:

— Біреуің жазындаршы?— деп, жырлай жөнелді. Ол біраз сілтеді де, домбырасын жастыққа сүйеп, өзі есік алдына шықты. Бақшасын бір аралап салқын ауада жүріп келді де:

— Кәне, Қайыр оқышы?

Тайыр, арындатып, сарындатып оқып шықты.

— Үйірге қосқан сәуірік айғырша... — деп, бір қалжындап тастады.

Қарт жырау енді Қалмақанға қарап:

— Сен оқышы?— деді.

Қалмақан шығыс шайырларыңша майысып, ыңылдап әуендетті. Жамбыл өз жырын өзі ұнатпады.

— Қызынды ұрайын, жыр сияғы жоқ, бері әкел — деді де, жыртып-жыртып лақтырып тастады.

— Түн ортасы болды, жатыңдар!

Өзі жатын үйге кетті.

Ертеңіне, күн көтеріле тұрса, Жамбыл жоқ.

— Тәтең қайда?— деп, келіндерінен сұраса:

— Атам таңала кеуімнен тұрып, егістікті аралауға кетті — дейді. Үш ақын жуынып-шайынып, ертеңгі шайға отыра бергенде Жамбыл оралады.

— Қалай ұйқыларың қанды ма?

— Түу, Жәке өзіңіз ұйықтамайсыз ғой.

— Е, е, балалар жыр бұған шалда қайбір ұйқы болушы еді. Толғақ келген, төлежіген биедей, ауылды бір айналып қайттым.

— Кәне, енді жазындар.

Шай жайына қалды. Қалмақан қалбалақтай домбырасын әперді. Тайыр қағазын жайып, жүресінен отыра қалды. Ақын домбырасын біраз сабалап алды да, «бұл күнге Жамбыл жеткенше, өлеңнен нөсер төккенше, сөз бұлағын толғаған, сұр жебесін қолға алған», — деп жыр нөсерін төге жөнелді. «Тыныштығымызды бұзса, жауға бізде тиеміз, тиіп қана қоймаймыз, сазайын оның береміз, сазайын беріп қоймаймыз, талқан қылып жеңеміз» — деп ол екіленіп өршелене түсті. Осылайша фонтанша атқылаған жыр нөсеріне құлақ құрышы қанған үш ақын

да, дастарқан басында отырған ауылдастары да оған дән риза болысты. Бұл толғауға хатшылар «Женіс жыры» деп ат қойып, айдар тақты. Оны сол күні орысшаға аударып, Дмитрий Снегин астанаға алып кетті.

ТАҒЫ ДА МӘСКЕУДЕ

Жамбыл Мәскеуге әлденеше рет барды. Соның бірін жазушы Қапан Сатыбалдин естелігі арқылы әңгімелемекпіз.

Жамбыл «Националь» қонақ үйінің 215 номеріне люкске орналасты. Келімді-кетімді кісі көп. Жеке жазушылар, мәдениет қайраткерлері, Мәскеуде оқитын қазақ студенттері бірінен соң бірі келіп, Жамбылмен сәлемдесіп, әңгімелессе, келген адамдарға Жамбылдың жүрегі де, есігі де ашық. Жасы жүзге жуықтаған қарт болса да люкстің төргі бөлмесіне барып, бүк түсіп жатып алмай, үлкен қалы кілем төсеп тастаған кең қабылдау бөлмесінде келген кісілермен ашық-жарқын әңгіме-дүкен құрады.

Бір күні түс кезінде үстінде сары қоңыр коверкот костюмі бар, аласа бойлы, кең маңдайлы татар жігіті кірді, жасы отыздың о жақ, бұ жағында.

— Мен татар ақыны Мұса Жәлил боламын, — деді ол кісі өзін таныстырып.

Мұса Жәлилді мен сырттай жақсы білетін ем, оның Мәскеуде орысша шыққан екі жинағымен таныспын-ды.

Татар халқының болашақ қаһарман ұлы, мақтанышы Мұса Жәлил Жамбылдың барлық сипатын көкейіне құйып алғысы келгендей, қоңырқай отғы көздерін қарт жыраудан бір алмай, оның әр қимылын, әр сөзін бағып таңырқап қарап отырды. Мұса Жәлил жайдары, ашық мінезді көрінді.

3 желтоқсан күні, таңертен Жамбыл Кремльге шақырылды. Жамбылдың қасында Павел Кузнецов және мен бармын. Жоғарғы Кеңес Президиумының секретары Горькин кабинетіне ертіп кірді. Басшылар Калининге кеткен. Горькиннің кабинетінде Жамбыл, Павел Кузнецов үшеуіміз отырмыз.

Екі көзіміз есікте. Қазір осы кабинетке Жамбылға орден тапсырғалы Калинин келуге тиісті. Горькин жолдас қарт ақынның хал-ақуалын сұрап, ілгипат білдіріп отырды.

— Шаршап қалған жоқсыз ба?

— Қуаныш шаршатпайды ғой.

Көп уақыт өтпей қасында біздің республика басшылары және тағы бір жас жігіт бар Калинин келді. Жүріс-тұрысы тың, Жамбылмен жайдары амандасып, халжайын сұрап жатыр. Жәкең Калинин алдында жайнап, дәл бір жақсы туысын көргендей, бетіне қан жүгіріп, кәрі көзі күлім қақты.

Михаил Иванович кірген бетте Жамбылмен қолдасып амандасты да, шұрқырасып хал-ахуалын сұрады. Калининнің бетіне күлімсірей қарап тұрған Жәкеңнің омырауына Михаил Иванович Ленин орденін қадады.

— Игілігіңе тақ, Жамбыл! Ұлы Отанды, біздің тамаша өмірімізді, істерімізді халыққа паш еткендей көп-көп өлең жазуыңа тілектеспін,— деді Михаил Иванович, Жамбылдың қолын қысып тұрып.

Калинин қолын босатысымен Жәкең домбырасына қол созды. Іркілген де жоқ, домбырасын шыңылдатып кәрі даусын азырақ кенеп алып, Жамбыл жырды түйдек-түйдек ағыза жөнелді. Михаил Иванович езу тартып, қарсы алдында диванда тыңдап отыр. Дәл бір Жамбыл не дегенін ұғып отырғандай көзін Жамбылдан алмайды. Домбыраға да, кәрі Жамбылға да танданып отыр. Енді бір мезет Жамбыл толас тапқан кезде, Калинин қолын көтерді.

— Рахмет Жамбыл! Көп рахмет! Өлеңіңе сондай сүйсіндім. Шаршап қалма!

Негр жігіті өлең айтып тұрды. Ол туған халқының «Май айында жол болсын-ай» дейтін байырғы әнін салды. Өлеңнің мазмұны — «менің халқыма жол бер» дегені. Ертедегі Египет фараоны осылай деп, тәңірге жалбарынған екен. Бұл өлеңде жүздеген жылдар бойы азап көрген қара нәсілді халықтың арман, аңсары бейнеленіпті. Иә, расында негр жігіт өлең айтып тұрған жоқ, жылап тұр еді.

Жамбыл жұмсақ диванда жантайып отырды. Басында түлкі бөрік, үстінде қаракөк жібек шапан. Кеудесінде ордендері жарқырайды. Оны отыз екі ұлттың өкілдері студент жастар қыз-жігіттер қоршап алыпты. Қара жігіттің зарлы әнін бар ықыласымен тыңдап отырған 93 жастағы қарт ақынның шуақты жүзі өзгеріп сала берді. Ол сөзіне түсіне алмаса да, әнін ұқты. Еркіндікті аңса-

ған зарлы әуен, оны еріксіз баурап әкетті білем, бір уақытта қарт бізге қарап бұрылды да:

— Мынау қара баланың үні зарлы екен, шамасы өз халқының тағдырын жырлап тұр-ау, өзі... Біз бәріміз «иә» — дегендей басымызды изеп, оны мақұлдадық.

Осы бір 32 ұлттан құралған студент жастар Жамбылға барып сәлем бергенде, сол негр жігітінің өлең айтқаны әлі есімнен шығар емес. Ол жігіт шынында, өзінің туып-өскен отанынан айрылған, бостандық үшін ата, аналары құрбан болған елден келіп, мұнда оқып жатқанды. Иә, негр ағылшынша жырлады. Ол өз халқының мұнын мұндады. Оны жұрт міз қақпай тындады.

Толқынды кәрі Каспийден сонау, Қытайға, оңтүстігі Памир шыңдарынан Сібірге дейін көсіліп жатқан кең байтақ қазақ даласы. Жұпар иісі аңқыған жусанды, бетегелі белдер, керіліп жатқан сар дала. Терістігі мен Шығысы сыңсыған қара орман, оңтүстігі мен Жетісу жағы мәуелі жемісті бақ, жазы-қысы ұшар басынан қары кетпейтін Адатау, сонау Ертіс пен Сырдария арасында шалқып жатқан небір өзен, көлдер, ортасында шудасын бауырына төсеп шөгіп жатқан қара бурадай шежірелі Қаратау — осылардың бәр-бәрі ежелден жырланып, шырқалып келе жатқан қазақ поэзиясының ән мен жырының оның Жамбыл сияқты таланттарының бұлқынып қайнап шығар бастау бұлағы дерсің. Қазақтың халық өлең, жырлары жиналған қалың жұрт алдында, төтеннен сол жердің өзінде туады. Олардың ақындары осындай ақындық тәсілге дағдыланған. Бұл — өзге халықта кездесе бермейтін, осы халықтың өзіне тән асыл қасиеті еді.

ЖАЛАДАН АРАШАЛАУ

Ақындық ғұмырының 75 жылдығын бүкіл ел болып думандатып өткізді. Ленин орденімен наградталды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Осындай бүкілхалықтық құрметке не болған Жамбыл қырқыншы жылдары бұрынғыдан да құлшына жырлады.

Ол ауыл-ауылды, колхоз, совхозды аралап өзінің ағынды асыл жырымен еңбек адамдарын жігерлендіріп жүрді. Ақмола-Қарталы теміржолы іске қосылғанда, Түрксібтің он жылдығы аталғанда арнау жырларын жолдады.

Қазақ КСР-ның құрылғанына 20 жыл толу мерекесін құттықтады.

Бұл жылдары Жамбылдың ақындық даңқы, интернационалдық, патриоттық рухқа толы өлең жырлары көптеген шетел тіліне аударылып таралды.

Пенде дұшпансыз бола ма? Бүкіл дүние жүзі халықтарының құрметіне бөленген, өзі 95 жасқа келіп отырған замана жырауының сыртынан сыпсың сөз айтушыларда, оның ақындық талантына күмән келтіріп, қызғаныш білдірушілерде болмай қойған жоқ. Біреулер «өзі қартайып отырған сауатсыз шал осыншама асқақ жырды қалайша жатқа төге береді? Оған хатшылары жазып беріп жүргөн шығар» — деп күдіктенсе, енді бірі: «Өзінің білімі жоқ, оқымаған ақын бұл заманның егжей-тегжей шындығын ғылым мен техника жаңалықтарын, бүгінгі күннің көкейтесті өзекті мәселелерін қайдан біле берсін?!» деп, жоғары жаққа арыз жөнелтеді.

Бұл ақын, жыраулықтың, олардың өлең-жырды кенеттен төге жырлайтын импровизаторлық өнерінің құдіретіне жете мән бермейтін, берсе де, оған қуана қарамайтын халықты қорғаудан гөрі өз басының, ұсақ-түйек мүддесін ойлайтындардың әрекеті екені белгілі.

Қырқыншы жылы Жамбылға тағылған осы жаланың мәнісін білуге, алғашқы хатшысы еді ғой деп, Әбділда Тәжібаевқа бардым. Келіні есік ашты. Еңселі үйдің екінші қабатындағы кабинетіне кіріп бара берсем, Әбекең арабша жазылған қағаздарын парақтап, жинастырып отыр екен. Сәлемдескен соң мен Жамбыл туралы естелік жинап жүргенімді айтып, өзіңіз не қосасыз дедім.

— Мен, Жәкең туралы талай жаздым ғой. Оным кітапта бар.

— Оныңыздың бәрін оқып жүрмін — дедім — Жамбылға арашашы болған бір жайыңыз бар екен ғой, соны айтып берсеңіз?

— Мен Жамбылға екі рет арашашы болдым — деп, әнгімесін бастады Әбекең — бірі — сонау қырқыншы жылы. Мәскеуден Соболев келіп тексеріп кететін кезде. Онда Жәкең тірі болатын. Екіншісі — қырық алтыншы жылы — Жәкеңнің қайтыс болғанына әлі жыл тола қоймаған уақыт. 1940 жылдың жаз айында Леонид Соболев келгенде оны Жамбылға ертіп барып, Мұхтар екеуміз басы-қасында жүрдік. Сонда Жамбылдың табан астында төгіп салып айтқан өлеңдерін екеуміз орысшалап

түсіндіріп отырдық. Мұны мен «Жылдар, ойлар» деген 1976 жылы шыққан кітабымда жаздым. Оны содан оқып көрерсін. Оған уақыт кетірмей-ақ қояйық. Ал, қырық алтыншы жылғы Жамбылға арашашы болғаным әлі айтылған да, жазылғанда жоқ. Оның жазылмауының себептері бар...

Көсіле сөйлеп келе жатқан Әбекең осы жерге келгенде сәл мүдірді. «Осыны айтсам ба екен, айтпасам ба екен?» деген кісіше маған қарады. Мен:

— Әбеке, тарих қой, бүкпей айта беріңіз. Мен сізге сөз келтірмеуге әзірмін — деп, өтіне түстім. Ол:

— Қайдам, осы күні достың өзіне сену қиын боп баратқан жоқ па?

— Сеніңіз Әбеке, мен жария етпеуге тырысайын.

— Ал, жарайды, өтініп қоймадың ғой, айтсам, айтып берейін. Бірақ былай болсын: біріншіден, сен бұл әңгімені газетке бермей-ақ қой, екіншіден, ол арызқойлардың аты, жөнін менен сұрама, мен айтпайын. Келістік пе?

— Келістік, келістік Әбеке.

— Айтпақшы сен осынша тәптіштеп сұрағанда оны не қылмақсың?

— Жамбылды зерттеп жүрген соң білгім келеді.

— Ә, ә, бала, кітап жазғалы ойың бар ғой, шамасы. Мейлі, маған зияндық ойламассың...

Әбекең орнынан тұрып, бөлмесінде ары-бері жүріп, алды да, жұмсақ диванға барып отырды.

— Сен де мұнда кел? — деді. Мен қасына барып отырдым.

— Ол кезде мен Қазақстан Жазушылар одағында ісеуші едім, бір күні мені Мәскеуге шақырды. Бардым. Шақырған Қарповқа жолықтым, ол столының суырмасынан бұрышы түйрелген машинкаға басылған арызды маған берді де:

— Мынаны осы жерде отырып оқып таныс та, өз пікірінді маған баянда — деді. Мен арыздың бас-аяғын аударып қарадым 16 бет екен. Автордың қолы қойылған соңғы беті жоқ.

— Кім жазған, авторы кім? — деп сұрадым.

Қарпов:

— Ол жағын кейін айтамын. Әзірше оқи бер, — деді. Мен оқи бастадым: Шуу дегеннен «Жамбыл ақын емес, жасы 95-ке келген қартайған колхозшы шал. Ол мұншалықты жырлай алмайды. Өзі сауатсыз, қараңғы. Оған

жас ақындар жазып беріп жүр! Осылайша анау өлеңін, анау ақын, мынау өлеңін — мына ақын жазып берген — деп, өзінше салыстырып дәлелдеген болыпты. Оның ішінде Тайыр, Ғали, Қалмақан, Қасым, Қапан, Мен бәріміз жүрміз. Сыдыртып оқып шықтым да, Қарповқа:

— Болдым — дедім. Ол:

— Кәне, айтшы?

Мен Жамбылдың нағыз төкпе импровизатор ақын екендігін айтып бердім.

— Ертең ақын, жазушылар осында бас қосады. Сонда осы пікірінді айтасың.

— Мақұл.

Ертеңіне сағат 10-да бір топ ақын, жазушылар келді. Ішінде Фадеев, Тихонов, Сурков, Соболев бар. Мен 40 минуттай сөйледім.

— Қазақ ақын халық. Ертеде Бұхар, Дулат, Жанак, Шөже, Абыл, Марқасқа, Құлыншақ, Сүйінбайдай дүлдүл ақындар өткен. Солардың бәрі импровизатор болған. Олардың өлең, жырлары елден елге ауызша таралған. Жамбылда сол дәстүрдегі төкпе, ақпа ақын. Мұндай ақындар әр облыс, ауылдан табылады. Жамбыл тектес, Шашубай, Нартай, Кенен, Үмбетәлі, Тайжан, Нұрпейіс, Орынбай сияқты ақындар Қазақстанда жүздеп саналады. Жамбыл солардың ішіндегі ең дарынды асқақ үнді мықтысы деп, оған мінездеме бердім де, енді оны қалай іздеп тапқанымды баян еттім. Өз үйіме жатқызып, одан 27 өлең, жырын, «Туған елім» толғау-дастандарын жазып алғанымды айттым. Оның ақындығына 75 жыл толуын тойлағанымызды, Кавказ сапарын жырдай қылып айтып бердім. Оны Николай Тихоновтың, Янко Купалоның жақсы білетіндігін айттым. Бәрі таң қалды.

Менен соң Тихонов сөйледі:

— Жамбыл нағыз импровизатор ақын — деді ол, — оның шебер ақын екеніне менің көзім жетті. Жамбылдың Грузияға барғандағы суырыла жыр төккені әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Мұндай талантты халық ақынын көрген емеспін.

Тихоновтан кейін Леонид Соболев сөз алды.

— Жамбылды ақын емес, сауатсыз, білімсіз деп жүрген кім өзі? — деп, айқайды салды. Қырқыншы жылы мен оның қасында бірнеше күн болып, жырын тыңдадым ғой. Менімен бірге Мұхтар Омарханович, мынау отыр-

ған Әбділда Тәжібаевич болды — деп, ол да өз дәлелдерін айтып шықты.

Жиналысты басқарып отырған Қарпов сөзді қорықты:

Жамбыл шын мәнінде теңдесі жоқ, импровизатор ақын. Оған дау жоқ. Жалақорлардың арызы аяқсыз қалды. Енді осы пікірмен ЦК-ға барамыз. Жолдас Тәжібаев, сіз бізбен бірге жүресіз. Осы сөзінді Орталық Комитетке баяндап шығасың — деді. Оған да бардық. Он-он бес минуттай хабарлама жаса деді. Мен 27 минут сөйледім. Халқымыздың ақындық өнерін, Жамбылдың өте дарынды шебер ақын екенін тағы да дәлелдеп, бақтым. Орталық Комитеттің бөлім басшылары бәрі менің сөзімді қуаттап мақұлдады.

Әбекең сөзін аяқтады. Кеште боп қапты. Мен үйіме келіп, оның жоғарыда айтқан «Жылдар, ойларын» тағы да оқи бастадым:

III

1940 жыл, маусым айының бас кезі. Москвадан телеграмма келді. «Самолетпен ұшамын, күтіп алуыңызды сұраймын. Мұхтарға сәлем. Соболев» деп қол қойыпты.

Мен осыдан бес күн бұрын ғана астанада болғанмын. Леонид Сергеевичтің үйінде бір кешті ұзақ отырып өткізгенбіз, бірақ Леонидтің ондағы әнгімесінде Қазақстанға келу мәселесі ~~өте қиын және жоқ түрде~~. Мен қайтарға бір күн ~~қалғанда~~ Александр Александрович Фадеевке кіріп бір сағаттай ақыл-кеңесін тындап, қоштасып шыққанмын. Онда да бізге жуық арада Соболевтің келетіні айтылмаған-ды. Сондықтан мына телеграмма бізге жұмбақ болып көрінді.

Арадан бір күн өткен соң Соболевті Мұхаң екеуіміз күтіп алдық. Машинаға отырған соң Мұхаң әзілдеп:

— Ал енді жұмбақ телеграмманың шешуін айт, — деді.

— Сендерді сағындым, — деді Соболев күліп.

Біз сол күні Орталық партия комитетінде болдық. Леонид келген жұмысын хатшылардың біріне айтып шықты. Ол «бір жеті Жамбылдың қасында болуым керек», — депті. Ертеңіне Жәкене деген сәлем-сауқатымызды алып, ақынның аулына Мұхаң үшеуіміз жүріп кеттік. Барсақ Жамбыл үйінде скен.

Мұндайда ол өлеңмен әзілдегенді, жақсы көрген адамдарының өзін сөзбен қажап, ырғап байқағанды ұнатады. Мұнысы тышқанмен ойнап, тырнағын жұмсап көретін мысықтың ермегі сияқты. Ол Соболевке жымия қарап отырып өлеңдете бастады:

Аман-есен келдің бе, қызыл нарым,
Аяғы да мойнындай ұзын нарым.
Қыз-келіншек қуанып қалған шығар,
Кіріп барсаң тобына бұзып-жарып,—

деді. Мұханмен екеуміз бір сөзін жібермей жазып үлгірдік. Жәкең тағы жырлап кетті:

Меймандостық қазақтың бір белгісі,
Сый көрсету ескінің жоралғысы.
Жорға мінгің келе ме, жүйрік мінгің,
Тілегінді айта отыр мейман кісі.

— Не деген таңғажайып, тамаша бұл!— деді Мұхан ерекше қуанып, қолын шапалақтап.

— Түсіндірші, маған, не ғажап болды, достар?— деп Леонид Мұхан екеумізге кезек-кезек жалтақтайды.

— Ғажап, ғажап! — деді Мұхтар орысшалап, содан соң жаңағы жазып алғанымызды келістіріп тұрып аударып шықты. Нарттай қызарған Леонид Сергеевич Жамбылдың сақалынан сүйді.

Біз бірінші күнді осылай өткіздік. Сұраудан Соболев шаршамады, түсіндіруге Мұхтар шаршамады, түнде үшеуміз бір бөлмеде жаттық, шам өшкен соң да көпке дейін ұйықтай алмадық.

— Импровизаторлық деген не?

— Кәдімгі ақындық.

— Әбділда сен де ақынсың ғой... сен өзінді импровизатор санаймысың?

— Мен көбірек ішкенде импровизатормын.

— Ендеше мен де импровизатор.

— Сен қанша жол өлең жатқа білесің?

— «Евгений Онегиннің жартысын жатқа айта аламын...» «Мыс салт-аттыны» да білемін.

— Ал Жамбыл «Көроғлұны» он бес күн айта алады. «Ол «Манасты» да айтады.

— Барлық қазақ эпосын, өзіне дейінгі ақындар айтысын түгел жатқа біледі.

— Миллион жол өлең оның бір басында сақтаулы.

— Бұл ғажап екен достар!— деген Соболев атып тұр-

ды да шам жақты. Бізге естірте отырып «Жамбыл миллион жол өленді жатқа біледі!» — деп жазды.

— Ай, ай! — деді Жәкең отырған жерінен қолын соза итініп. Мені де ала шығындар.

Леонид Сергеевич шапшаң бұрылып Жәкеңді сүйемелдеді. Леонидке асыла басқан Жамбыл кебісіне аяғын сұға алмай недәуір кідіріп қалды.

— Вот, Жәке, вот! — деді нар жігіт кебісін көрсетіп.

— От болса, от! — деп Жәкең кебісіне еңкейді.

Бір аяғын киіп, екінші аяғын сұғынып жатып бір ауыз өлең айтты.

— Жігіт едім жасымда қысылмаған,
Көрсеткен жоқ тірі жан қысым маған.
Тар санлаудан дәл соққыш мерген Жамбыл,
Кең кебісін кие алмай пысылдаған,—

деді есіктен жаңа ғана шыққан Мұхаң күлкіден аузы жуыспай қайта кірді.

— Мінеки, саған импровизацияның ат басындай алтыны! — деді Мұхаң Соболевке қарап. — Жаз тез, жаз. Жаңағы бір ауыз өленді түсіндіріп талдаумен ұзағырақ орысшалады. Бірақ Леонидке түгел жетті, барлық екпін, жарқылмен, өткірлігімен жетті.

— Мен қазақ болсам, — деді Леонид Сергеевич далаға шыққан соң бізге қарап. — Тек Жамбылмен ғана бірге болар ем, аузынан шыққан сөзін жаза берер ем, жаза берер ем...

Соболев Алматыда екі күн болған соң, Мәскеуге қайтты. Жүрер алдында ол бізге келген себебін де айтты:

Сталинге арыз түсіпті. Ол арызда: «Жамбыл деген дүниеде ақын жоқ. Ол өтірікшілердің жандарынан шығарып жүргендері. Бұдан былай Жамбылға сенбеніз» депті. Сталин арызды тексеруді Жазушылар одағының бастығы Александр Фадеевке тапсырыпты. Ал Фадеев «барып кел, көріп кел, біліп кел» деп Леонид Соболевке тапсырыпты. Біз Леонид Сергеевичпен құшақтасып сүйісіп қоштастық. Бірақ «Мәскеуге қандай пікірмен барасың?» — деп сұраған жоқпыз.

Сұраудың қажеті де болған жоқ.

ТҰҢҒЫШ ЛАУРЕАТ

1941 жылдың наурыз айында Жамбыл Жабаевтың көпшілікке белгілі өлең, жырлары үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сөйтіп, ол қазақ, ақын жазушылары ішінде тұңғыш лауреат болып саналды. Осы қуанышты хабарды айтып, құттықтауға Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов бастаған бір топ ақын, жазушылар оған барады. Бәрі сәлемдесіп, құтты болсын айтысып болған соң Жамбыл домбырасын қолға алады:

Дос жараным, өренім,
Сүйіншімен келіпті.
Бәрін билеп денемнің
Бір қуаныш ерітті.
Ұлы сыйлық беріпті...

Осылай деп, ол Отанға, халқына алғысын айтады.

Сол жылы ол Алматыға келіп 1 мамыр демонстрациясына қатысты. Май толғауын толғады. Ашық машинада отырған кеудесінде үш ордені жарқыраған, 95-тегі қарт ақынды үлкен, кіші демей бәрі «Жамбыл атаға сәлем!» деп, қолдарын бұлғап сәлемдесті. Жамбыл шаттанып ауылына қайтты.

Маусым айының аяқ кезі. Тайыр ақын Қастектегі Жамбылға барды. Жамбыл соның алдында ғана егістіктен оралып отыр екен.

— Қайырмысың, жоғары шық, не шаруамен келдің?

— Сізге сәлем беруге, өлең, жырларыңыз болса жазып алуға...

— Таң алакеуімнен егіс аралаймын деп, шаршап қалдым — дейді қарт жырау — бидай сарғайып орақ түскелі тұр. Арпа орылып, қырман бастырылып жатыр. Оларға барып мынаны айттым:

Біздің халық еңбегі,
Көк темірді жібіткен:
Біздің отан өнері
Машинаны жүгірткен.

Құлаштап алға сермейміз,
Күннен күнге өрлейміз.
Бұл байлықтың жалғызда,
Түйірін жауға бермейміз.
Жау тиіссе бір шеттен,
Тас-талқан қып түйрейміз! ...

— Өзен жағасындағы шөп орып жатқандарға бардым, — дейді Жамбыл сөзін жалғап — өңкей жалқау, түк өндірмепті. Қарайған шөбі көрінбейді. Бәрі жайбарақат ырғалып-жырғалып жүр. Жыным ұстап кетті. Ат үстінде тұрып оларға былай дедім:

Кей жалқаудың біздерде,
Жұмысқа қолы тимейді.
Еңкейіп басын имейді,
Үйіріле алмай — ұршықтай.
Маңдайынан тер шықпай,
Еңбекпен араз кісідей,
Қимылдауды сүймейді.
Нәр өнерін еңбектен,
Бал өмерін еңбектен,
Неғып солар білмейді.
Жұмысқа барса сүйрендеп,
Тек құрғақ сөз баққаны.
Қайта-қайта жұттынып,
Айнала шырт-шырт түкіріп,
Құр насыбай атқаны.

Қимылынан тұрысы
Жұмысынан жүрісі
Көбейед те, сонымен.
Айтуға да тұрмайды,
Еңбек күнге тапқаны...

— Ойбай, Жәке, мынауыңызды басшыларға айта көрмеңіз, шөмелені үйіп тастаймыз, ертең келіп көріңіз — деп, шылауыма оралды бәрі — дейді Жамбыл. Бұл өлеңді де Тайыр қағазға түсіріп ала қояды. Жазғандарын жинастырып жатып, — Жәке — дейді ол жырауға қарап — ана бір жылы Мұхамеджанға бір қызық әңгіме айтыпсыз ғой. Жамбыл ойланып:

— Көп сөз айтылды ғой, ол қайсы еді?

Тайыр:

— Әлгі жалқаулар туралы ертегіңізше?

— Е, е, оны қайтесіз?

— Балаларға айтып жүрейін деп ем.

— Ондай керегі болса, айтайын, — деп, ол ертегісін бастап кетеді.

— Баяғыда осы Жетісуда байдың бір ерке баласы болыпты. Әкесі табын жылқы, қоралы қой беріп, еншісін бөліп шығарыпты. Құл-құтанмен бір ауыл болып бөлек отырыпты. Жұрттың бәрі жұмыста жүрсе, ол ақ отауында, қалың төсек үстінде жатып алыпты. Тұяғын қимылдатпапты, шөп басын сындырып алмапты. Жалқау бол-

ғаны сонша, тіптен орнынан тұруға бір жамбасынан екінші жамбасына аударылып жатуға да ерінеді. Тамақ ішуге де басын көтермейді екен. Ет берсе — итке таста, қымыз әкелсе — төк, арман әкет, менің мазамды алмаңдар, — деп қызметкерлеріне ақырады екен.

Бір күні өрт шығыпты. Жел өртті ауылға қарай айдапты. Ауыл адамдары өз үйді-үйіне жүгіріп, өрттен құтылудың қамын жасапты. Мүліктерін тасып, малдарын айдап аулаққа қашыпты. Ал, әлгі бейбақ сол жатқан күйінше жата беріпті. Ауылдастары:

— Мырза тұр! Өрт қаптап келеді. Ол көзін ашуға ерініпті:

— Мейлі, өрт келсе, келе берсін. Әйелі оны жұлқылап:

— Тұрсайшы, жұрт қашып барады. Ол әйелін теуіп жіберіпті:

— Қашса, кете берсін, маған бәрі бір.

Жалшысы:

— Мырза, өрт жақындап қалды, өртеніп өлесің ғой. Оны да итеріп тастапты.

— Өрт жақындаса мейлі, маған бәрі бір.

Жылқышысы:

— Мырза жалғыз қалдың ғой — десе ол тырп етпепті:

— Жалғыз қалсам, мейлі.

Әйелі оны тағы да барып сүйрелепті:

— Қашсайшы, от ортасында қалдың ғой. Ол:

— Қет әрмен, өрт ортасында қалсам, мен қаламын, отқа жансам мен жанамын, сенің не ақың бар! — деп, әйелін тындамапты.

Осы кезде оның ақ отауы шатырлап жана бастапты. Жұрт аулақта тұрып айқай салыпты:

— Мырза, өртендің ғой! Оның:

— Өртенсем мейлі — деген даусы әрең естіліпті. Уық, кереге сықырлап жанып, шаңырақ ортаға түсіпті.

— Мырза, қаш, қаш!

Оның үні шықпапты. Қуақы қойшысы:

— Көресіндер, біздің мырзаның шашы, қасы жана бастағанда, жанталасып тұра қашады.

— Өйтпейді ғой, онда дұрыс болар еді, — дейді бірі. Сонда бір қария тұрып:

— Япырмай, біздің мырза жалқау біткеннің нағыз көкесі екен-ау — деп кекетіпті. Жалқау жатқан күйінше қозғалмапты. Үйі жанып күлге айналыпты. Үйілген күл арасында кәдімгі ұйткен қойдай боп домаланып жалқау-

дың денесі қалыпты. Сөйтіп, бір мырзаның түбіне жалқаулық осылай жетіпті дейді.

Жәкең бұл ертегіні жастарға, тіпті колхозшыларға да айтып жүрген.

ҚАҒАРЛЫ ЖЫЛДАР

Ұлы Отан соғысы басталған күні Жамбыл Алматыдағы ауруханада емделіп жатыр еді. Дәрігер, жазушы, хатшылары денсаулығы түзелгенше соғыстың басталғанын айтпай қоя тұрайық деп келіседі. Жаман сөз жатсын ба? Артынша бір сестра оған дәрі дәрмек беріп тұрып, «соғыс басталды» дегенді айтып қояды. Сол-сол екен. Жамбыл қайтып төсекке жатпайды. Кереует үстінде малдас құрып отырып алады да, дәрігерлерге:

— Киімімді әкел, машинамы шакыр, ауылға қайтамын!— деп шатақ шығарады. Сол кезде хатшылары Ғали Орманов пен Әбділда Тәжібаев та барып қалады.

— Соғыстың басталғанын, менен неге жасырдыңдар? — деп, оларға ашу шақырады. — Осындай қиын кезеңде ауырдым деп жатуға бола ма? Біздің Қызыл ерлеріміз түн ұйқысын төрт бөліп, Отанын қорғап, жаумен атысып шабысып жатқанда, мұнда біздің кескен томардай теңкиіп, бейқам жатуымызға жол болсын!

...Ол ертеңіне ауылға қайтып кетеді. Үйіне келген соң да, түнімен ұйықтай алмай, дөңбекшіп шығады. Өткенкеткен соғыстарды көз алдына елестетеді. «Япырмай, бұрын-сонды мұндай сұрапыл соғыс болмаған екен» дейді ішінен. Таң да атты. Алдына шай келді. Ас батар емес. Ашу мен ыза аралас бір толқынды ой кеудесін кернеп бара жатқандай. «Қой, бұл толқынның тығынын ағытпай болмас», — деп ол домбырасын қолға алды.

— Кәне, Қайыр балам, жазшы!...

Күні бұрын әзірленіп отырған хатшысы Тайыр Жарковтың жүйрік қаламы ақ қағазға жорғалай жөнелді.

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме.
Шапты фашист дегенде,
Ашуменен аралас,
Жыр да келді көмейге...

Осы бір термелі ұйқасты, сегіз буынды, төрт толқынды толғау сол күні Алматыға жөнелтілді. Ертеңіне ра-

диодан сәмпылдады. «Социалистік Қазақстан» газетінде (1941 жыл, 26 маусым) жарияланды. Одан майданға жетті. Осылайша, тоқсан бестегі қарт Жамбыл жиырма бестегі солдаттарша майданға араласты да кетті. Оның ерлікке, елдікке, жеңіске шақырған патриоттық жырлары бірінен соң бірі туындап, әрбір солдат пен командирлердің жадында, жүрегінде жүрді.

Содан қатуланған қарт жырау соғыстың алғашқы күндерінен бастап, соңғы жеңіс күніне шейін тынбай жырлады. Ленинград, Мәскеу, Сталинград, Воронеж қалаларын қорғап қалған жауынгерлерге қазақстандық дивизия, құрамаларға және өзінің майдандағы балаларына арнаған жыр, толғаулары бүкіл елге тарап майданның алғы шебіне жетіп жатты.

АҚЫН МЕН ГЕНЕРАЛ

Қырық бірінші жыл. Шілденің шыжылдаған аптап кезі. Аспан айналып жерге түсердей. Ол кездегі Алматы қаласының қақ ортасы — федерация (қазіргі 28 гвардиялық панфиловшы батырлар) паркінің іші толған солдат. Ана жерде де, мына жерде де сап-сап рота, взводтар, «Айт, два, айт два, оңға, солға!» деген командирлердің дауысы бір-біріне ұласып, паркты басына көтереді.

Осы парктің шығыс жағалауындағы 8-март көшесімен жоғары өрлеп ызғытып келе жатқан көнетоз көкшіл «МК» Гоголь кешесінің бұрышындағы екі қабат кірпіш үй (осы күні №19 орта мектеп) алдына жетіп тоқтады. Машинадан орта бойлы мығым денелі, қоңыз мұртты әскери кісі түсті. Бұл Талғар полкынан оралған 316 атқыштар дивизиясының командирі генерал майор Иван Васильевич Панфилов еді. Ол маңдай терін сүртіп тұрып, шоферына былай деді:

— Осыдан кідірместен баспаханаға бар. Саяси жетекші Кузнецов сонда болар, соны тездетіп мұнда алып кел! Жұлдызды пилоткасын бір жағына жыға киген шофер солдат машинасын дыр-р еткізіп қайта от алдырды да, бұрылып жөнелді. Генерал штабтағы кабинетіне келіп, телефонды ала сала әуелі байланыс техникумымен сөйлесті. Онда 1075 атқыштар полкы орналасқан-ды. Онан соң медициналық институттағы 1077 полк пен санитарлар батальоны, Тастақтағы 857 артиллериялық полк, Қомсомол көлі жағалауындағы саперлер, офицерлер

үйіндегі байланысшылар батальондарымен байланыс жасап, ондағы жүргізіліп жатқан әскери дайындықтар жайын білді.

Енді әр тараптан келген почталарды қарай бергенде, штаб бастығы И. Серебряков пен дивизия комиссары С. Егоров тағы екі-үш командирлер кіріп келді. Рапорт берісіп болған соң генерал оларға:

— Ал, мен сендерге — деді бұрын-сонды әскери дайындықта кездеспеген бір оқиғаны айтып берейін. Талғар полкы әскери ойынды кәдімгі шайқастағыдан бетер қатаң өткізген. Полк командирі аға лейтенант Бауыржан Момышұлы солдаттарға үш күн бойы судан басқа тамақ бергізбеген.; ұйықтатпай «шабуылға» бастап тау-тасқа өрмелеткен, темекі плантациясының арасымен еңбектетен. Қолдан түтіндетіп одан өткізген. Солдаттар осының бәріне төзген, кейбір «уланып қалғандарына», «жаракаттанып» қалғандарына дәрігерлік «жәрдем», көрсетілген. Мен Момышұлынан:

— Мұның қалай, осылайша уставта жоқ талаптарды өз бетінше қолдана беруге бола ма? — деп, ашу шақырып ем, ол маған: «Әскери ойында қиыншылық көрсен, ұрыста қиналмайсың» деген Суворов қағидасын айтты. Бұған не дейсіз? Полкты аралап сұрастырдым. Солдаттардың бірде-бірі командирінің үстінен шағым айтпады. Тізесін тас жырып кеткен, уланып қалған үш-төрт солдаттан «халдарың қалай?» — деп едім, бәрі де «Өте жақсы, жолдас генерал, неміс фашистеріне соққы беру үшін шыңдалып жатырмыз!» — деп, кәдімгі қырандарша санқ етеді. Мен бұған қайран қалып, риза болып қайттым.

Генерал осыны айтып бола бергенде Павел Кузнецов жетіп келді.

— Жолдас генерал, сіздің бұйрығыңыз бойынша... дей бергенде, генерал:

— Жарайды, бермен жақынырақ кел — деп, оған былай бұйырды: — Сен ана бір күні Жамбыл ақсақалға сәлем беріп қайтсақ деп едің ғой. Соның реті енді келіп тұр. Қасыңа 4—5 командирді іріктеп ал да, маған кел. Ішінде ақындары болсын, ұмытпа! Саяси жетекші днесін тікелейте түсіп, оң қолын шекесіне апарды да:

— Күп болады, жолдас генерал! — деп өкшесін сарт еткізіп шығып кетеді.

Ол әскери баспахананың бір жарым тонналық машинасына отырып, роталарды аралайды. Көп кешікпей Абдолла Жұмағалиев, Рашид Жанғожин, Иван Манаен-

ко, Мәулекеш Қайболдин, Арыстан Ахметовты тауып алып генералға келеді. Сөйтіп олар түс ауа бере Қастектегі Жамбыл аулына бет алады.

Ақ басты Алатаудың көк жота жондарымен бөктерлей көсіліп жатқан қара жол. Сол жақтан дамылсыз зузу өтіп жатқан әр қилы автомашиналар. Жолдың екі жағалауында қаз-қатар өскен қаратал, терек. Оның ар жағында егістік дала. Арпа, бидайы орылған сары аңыз. Онда жайылып жатқан қой, ешкі, тана-торпақ. Егістіктің кейбір тақталары көкпеңбек бұйраланған қызылша, бой түзеп жайқалған жүгері. Генерал ойда келеді: бұл жолмен кімдер жүрмеді дейсіз. Талай игі жақсылар із тастаған сүрлем ғой. Даңқты қолбасшы Фрунзе де, чапаевшы комиссар Фурманов та талай ары-бері шарлаған жол ғой, бұл... Арт жақта отырған Павелдің:

— Ананы қараңызшы, жолдас генерал! — деген сөзі оның бұл ойын бөліп жіберді. Ол оң жағына қараса, екі аттылы жарысып барады екен. Екеуі де жас балаң жігіт. Көйлектерінің арт жағын жел кеулеп кетіпті.

— Шіркің, атқұмар қазақтар-ай, жастайынан аттың жалында ойнайды-ау — деп қойды генерал.

Олар әне-міне дегенше Ұзынағаш қыстағын аралап, Жамбыл аулына қарай бұрылды.

— Машина, машина!

— Кісілер келеді — деген ауыл балаларының даусымен Тезекбай сыртқа шықса, өңкей әскери адамдар машинадан түсіп жатады. Мұндай қонақтарды күтпеген Тезекбай келіні Берікбалаға:

— Тез барып, атаңды оят, кісілер келді де, мен олардың алдынан шыға берейін, — дейді. Бұл ауылдың жайжапсарын жақсы білетін Павел алдымен Тезекбаймен сәлемдесіп тілдеседі:

— Амансындар ма? Тәтем үйде ме?

— Үйде.

— Көңіл күйі қалай?

— Жақсы, әлгіде ғана егіс даласынан оралған, анау киіз үйде демалып жатыр — дейді де Тезекбай:

— Мұнда жүріңіздер — деп, қонақтарды Тәтесінің үлкен үйіне қарай бастай береді. Қонақтар кілем төселген кең бөлмеге жайғаса бергенде, жадағай жібек шапаны үстінде, қолында сәнді бунақ таяғы бар Жамбыл кіріп келеді.

Командирлер сатыр-сұтыр етіп, орындарынан атып атып тұрып, жапырласа қол алысып сәлемдеседі. Ол ал-

дымен өзінің аудармашы хатшысы Павелды таниды.

— Сары баламысың, тү-у, әскер боп кеткенсің бе, тегі, танымай қалдым ғой...

— Иә, Тәте, енді әскермін. Мына кісі командиріміз генерал-майор Иван Васильевич Панфилов... Ақын мен генерал әуелі қол алысты, артынан айқара құшақтасып төс түйістірді. Жәкең жайғасып отырған соң:

— Е, е, генерал бала сен екенсің ғой, естуім бар. Алматыда қазақ, орыс, қырғыз жігіттерінің басын қосып әскер жасақтап жатыр деп еді осындағылар.

Генерал ақынға ә дегеннен-ақ қазақша жауап қатты:

— Иә, Жамбыл ақсақал, дивизия құрып, дайындалып жатырмыз. Жақында майданға аттанбақпыз.

Жамбыл оған кәрі көздерін ашыңқырап анықтап қарады.

— Өзің қазақша біледі екенсің ғой, тегі.

— Иә, ақсақал, мен Түркменстанда әскери қызметте жүріп түркменше, Қырғызстанда — қырғызша, сөйлеуді үйрендім. Енді міне сізге келіп қазақша сәлемдесіп тұрмын. Павел өзгелерді таныстыра бастады.

— Тәте, генерал Иван Васильевичпен ғой таныстыңыз. Ал, мынау сол жағыңызда отырған Абдолла Жұмағалиев деген жас ақын, одан былай жағалай отырған Рашид, Иван, Мәулекеш, Арыстан деген командир балаларыңыз...

Қарт ақын олардың әрқайсысына тесірәйе қарап алды да:

— Е, е, өңкей темір қанат жас қырандар екенсіңдер ғой. Генералдарыңды ертіп келгендерің жөн болған, қарақтарым. Әдейі шақырса келтіре алмайтын мейман екенсіңдер. Тезекбай-ай, қайдасың? — деп, сый-құрмет жайын баласына айтқысы келіпті. Талай қонақтарды атқарып жүрген Тезекбай әкесінің не дерін айтқызбай сезіп, сыртта нән ісегін жайғап жатады. Қызбала, Берікбала дейтін сарапжал келіндері кісілер алдына кең дастарқан жайып, қызыл күрең бауырсақты төгеді, Жәкеңнің өзі айта беретін, «Сары алтындай сары қымызды» сапырады.

Генерал китель түймесін ағытып, Жәкеңе бұрылып былай депті:

— Сіздің дабысыңызды қырғыз елінде жүргенде талай есіттім. Оспанқұл, Қалық ыршылардың айтуынан жырларыңызды ұқтым. Енді осындай сәті келгенде, асыл жырларыңызды өз аузыңыздан тындасақ деп келдік.

— Дұрыс қой, балам — деп шешіле түсті ақын. Әлгіде өзің айтқандай орыс, қазақ, қырғыз жігіттерінің басын құрап жатқаның жөн, балам. Осылай күш біріктіргендерің мақұл. Қол бірікпей жол болмайды. Ертеде Сұраншы батыр, Черняев, Егорменен дос болып бірігіп Қоқан шапқыншыларын қирата жеңген. Біздің Сарыбай деген ағамыз, генерал Колпаковскиймен тамыр болып, осы өңірдің бәріне иелік еткен. Одан берегіректе Бекболат батыр да сөйткен. Мен сол батырдың сарбаз жыршысы болдым. Бұл атаң Қлим, Буденный батырлармен де кездесіп, дәмдес болған. Чапайдың да ерлігінен хабардармын.

Жәкең осылай дей бергенде Павел тағы да сөзге киелікті:

— Тәте, сол Чапай батырдың майдандас досы дәл қасыңызда отыр. Ол мынау Иван Васильевич Жамбыл генералға бұрыла қарады:

— Не дейді, апыр-ау, сол Шапайдың серігі дейсің бе?

— Иә, ақсақал — деді, генерал да — Мен азамат соғысы жылдары Чапаев басқарған 25 дивизияда қызмет еттім. Ерліктің бәрін сол даңқты командирден үйрендік қой...

Ақын сәл ойланып отырды да:

— Ана бір жылы — деді — Кавказға бара жатқанымызда Чапаев қаласына аялдадық. Қасымдағылар Чапай туралы айтты. Сонда менің:

— Алғыр алмас сапысын,
Күміс қыннан суырды.
Жауының алып апшысын
Жаубүйректей қуырды.
Орыс, қазақ, башқұрттар,
Сарбаздары жиылды,
Чапай бастап майданға,
Ақбоз атпен тигенде
Қыран құстай шүйілді.

дегенім бар. Бұл сөз құлағыңа тиді ме? — деді де, ақын генералға қарады. Генерал:

— Иә, ақсақал, бұл өлеңіңізді талай қайталадым. Солдаттарға да оқы деп кеңес бердім. Осы арада саяси жетекші Рашид Жанғожин кезек алды:

— Тәте, — деді ол — мына қасыңызда отырған баланыз — Абдолла бірдене дегісі келіп тықыршып отыр, соны тыңдасақ қайтеді?

— Абдолла дейсіз бе, е, е, айтсын, тындап көрейік —

деді Жәкен. Абдолла орнынан атып тұрып, кемер белдігін бір ысып қойды да, ақын атасына арнауын оқыды.

— Ой, бәрежелде, балам, мен сені қай жерде көрдім десем, ана жылы тойға келген екенсің ғой.

— Иә, Жәке, — деді Абдолла орнына отыра беріп, — Сонда Қасым, Тайыр, Жұмағали, Әли бәріміз сізге жарыса арнау айтып едік қой, есіңізде ме?

— Есімде, балам, есімде, әсіресе, Қасымның:

Білмеймін май төбесі — қай төбесі,
Мен үшін шын еді ақын мәртебесі.
Аулына Алатаудай ақсақалдың,
Келдім мен бір кішкентай жан иесі —

дегені ойымда қалыпты. Ой ол да бір жалындап тұрған ақын еді, Қасым қайда екен бүгінде? Абдолла:

— Ол да майданда жаумен соғысып жүр. Мен хат алып тұрамын.

Генерал сағатына қарады.

— Ал, ақсақал, бізге рұқсат етіңіз? Бүгінде көп отыра беретін уақыт емес. Алда жауынгерлік міндет тұр, жақында майданға аттанбақпыз. Қәне, мына жігіттерге жол болсын айтып жібересіз бе?

Бағанадан бері осылай деп тілек білдіреді-ау деп жобалаған Жамбыл, домбырасын қолына қайта алды.

О, балаларым, мақтаным,
Отан тұзын ақтаған.
Жау анталап шапқанда,
Қаруыңды оқтағын,
Ел намысын жоқтағын.
Гитлершіл жендеттің
Тас ошағын талқандап,
Үй орманын таптағын.
Ыдыратып топтарын,
Батысқа қарай қаптағын!
Бастауышымыз партия,
Шақырады жеңіске.
Жауды жеңбей қайтпағын!
Панфиловтай генерал
Бата сұрай келгенде,
Осы еді айтпағым.

Жәкен осылайша бір төгіп тастады да, қолын жайып: — Балаларым, қырандарым, жортқанда жол болсын, сапарларың оң болсын! — деп бата берді. Осы кезде Абдолла Жәкеннің алдына жетіп барып, ақ сақалынан сүйіп-сүйіп алды.

Генерал мен ақып айқара құшақтасып, қоштасты.

«ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ!»

Неміс-фашист армиясы революция бесігі Ленинградты қоршап, бомбалай бастады. Бұл 1941 жыл, қыркүйек айының бас кезі еді. Қала қирап жатты. Электр, су жүйелері бұзылды. Бомбадан қираған көп үйлердің есік, терезелері үңірейіп, қаңырап қалды. Жан-жақтан байланыс қатынас үзілді. Қаланы аштық, жалаңаштық жайлады, Осы қиын кезде Қазақстан оларға көмектесті. Вагон-вагон азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ жөнелтілді.

Осындай қиын халде Мәскеуден Алматыға:

— Жыр алыбы Жамбыл Жабаев ленинградтықтарды жігерлендіретін жыр айтып берер ме екен? — деген хабар келді. Республика Орталық Комитеті ақын, жазушылармен ақылдасады. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов бастаған бес-алты жазушы түн ішінде Жамбыл ауылына суыт жүріп кетеді. Осы бір шұғыл тапсырманың қалай жүзеге асқаны жөнінде белгілі ақын Асқар Тоқмағамбетов былай еске алған-ды:

...Түнде сағат үш шамасында үйіне барсақ, Жәкен әлі ұйықтамаған екен. Кіріп келгенімізде қолын көзіне қойып көлегейлеп бізге қарады. Барғандардың ішінде: Мұхтар, Сәбит, Әбділда, Тарловский, Тайыр және мен бар едім. Бәріміздің де шашымыз дудардай қобырап, үрпіп тұр екен. Жәкен қолын беріп жатып:

Шаштары бар дудар-дудар,
Сөз аңдыған өңкей қулар,—

деп сәл жымиды да, кенет сұрланып:

— Алғадай аман ба, жүрістерің суыт екен — деп қыран бүркіттей қомданып шаңқ еге түсті де, тесіле қарады. Көзінен ыза мен кектің, ашудың оты шашырап тұрғандай еді. Бәріміз де келіп Жәкеннің қолын алуға ұмтылып едік, бірақ Жәкен қолын бермей қойды.

— Алдымен баламның амандығын айтыңдар, жаман хабар жоқ па?— деп тамыры тарауланған қолы дір-дір етіп кідіріп қалды. Әуелі Мұхаң сөйледі:

— Пәлі, біз ондай жаман хабар болса бірден топырлап алдыңызға келеміз бе? Алғадай аман, Жәке, деп құлағына аузын тосып айқайлады.

— Ендеше, жеті түнде не бітіріп жүрсіндер, топырлап.

— Ленинградты білесіз ғой, — деді Мұхаң сөзін жал-

ғап — Ленин тұрған қала. Қазір сол қала қауіптің үстінде тұр. Жан-жағынан жау қамап жатыр. Соған арнап сізде өлең айтыңыз? Сондағы өрендеріңіз марқайсын, «Қаһарлы сөз қамал бұзады» деген ғой, Жәке. Сіздің өлеңіңізде барып неміс фашистеріне ойран салсын, осыны айтқалы келдік.

— Е, е, тәйірі солай десеңдерші, — деп, қарт жырау сабасына түсе берді.

— Тәте, — деді, Сәбит тамағын қырнай түсіп — Ленинградтың революция бесігі екенін, онда тұнғыш рет «Аврорадан» оқ атылып, совет өкіметінің орнағанын өзіңіз жырлап жүрсіз. Ленинград қазақ халқына етене жақын қала, Онымен біз ежеледен байланыстымыз. Шоқан сонда оқып, қызмет істеген. Одан кейін қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтары Ленинградта оқып, білім алды. Енді сол қаланы гитлершіл фашистер қоршап алыпты, Қазақстан бар көмегін аяп жатқан жоқ. Қаланы қорғаушы ленинградтықтарға рух беретін толқынды жыр керек.

— Әй, Балуан шолақ, — деді, Жәкең — осының бәрін білгіш екенсің өзін неге жазбайсың.

— Ойбай Тәте-ау — деп жатыр Сәбең отты жыр жазу менің қолымнан келмейді ғой.

Тайыр да сөзге араласты:

— Солай тәте, — деді ол — ол қалада осында отырған Мұқан да, Сәбең де, мен де бәріміз оқыдық.

— Иә, — деді, Жамбыл оны қоштай түсіп — бәрің де сонда оқығансыңдар, Ленинградты жақсы білесіңдер, ал мен болсам.

Осы жерде қарт жырау өзінің оқымағанын, жастық шағының азаппен өткенін еске түсіріп, күрсініп алды.

Таң атуға бір сағат қалғанда олар көз шырымын алуға жатты. Жамбыл ары-бері дөңбекшіп ұйықтай алмады. Оқ ортасында кирап жатқан қала, шырылдап жылаған бала, еңіреп жылаған ана, қаруларын асынып, леклек болып жүрген адамдар көз алдынан кетер емес. Әлден уақытта көзі ілініп кеткен екен: өзінің қаснетті шұбар ала жолбарысы сабау құйрығын бұландатып аядына келіп тұр дейді. Оянып кетсе, түсі екен. Осындай қиналыс, толғаныс, ой-қиялмен арпалыс кезінде оның түсіне енетін бұрыннан әдеті. «Иә, пірім қолдай гөр» деп, ол төсегінен тұрды. Шырт ұйқыда жатқандардың ешқайсысын оятпай, киініп сыртқа шықты. Анадая жерде

колхоз бастығы Тұрап қырман жақты аралап келе жатыр екен, атының басын бұрып, атасына келді.

— Тәте-ау, ерте тұрыпсыз ғой, аздап ұйықтанқырамадыңыз ба?

— Ей-й, шырағым-ай, осындай жау жағадан, ит етекпен тартып жатқанда, кісі жатушы ма еді? Ана күреңді ерттеп жіберші? Майтөбе жақты бір шолып қайтайын.

Қарт жырау Алатауды бетке алып, ой үстінде келеді. Таудан ескен майда қоңыр самал оның көкірек сарайын ашқандай. Айнала төңірек, күн шапағымен нұрланып жайнап, құстар сайрап тұр. «Ленинград», «Ленинград», «Өрендерім, мақтаным» — деп іштей күбірледі.

Осы кезде оның артынан Тайыр шауып жеткен еді. Ол ұйқысынан апыл-құпыл тұра салып, Тұраптан:

— Тәтем қалай кетті? — деп сұраса, Майтөбе жаққа, — депті. Тайыр Тұраптың Ерттеулі атына міне салып, соңынан тұра шабады. Аңғармай қалған қарт:

— Қайырмысың, немене, жау куды ма'сені?

Т а й ы р:

— Тәте-ау, сізді жалғыз жіберіп бола ма, тапқан олжаңыз болса, бөле-жара, алысып жүрейін деп..

Ж а м б ы л:

— Олай болса, аттың басын ауылға бұр. Мына жыры құрғыр тұла бойымды кернеп барады. Тезірек домбыраға, қалам, қағазға жетейік.

Жамбыл мен Тайыр үйге жетіп аттан түскенде, өзгерлер де оянған екен. Ақынның келіндері Күлән мен Берікбала зыр жүгіріп дереу дастарқан жая қойды. Жәкең бір кесе шай ішті де, домбыраға қол соқты:

Ұлы Ленин дананың,
Атындағы қаланың,
Бесігінде тел өскен.
Балаларым, жараным!
Талқандандар құтырған,
Фашист тобын қайырып.
Жалтартпастан жауыздың
Шабындар басын айырып!
Бұрылып қарай алмасын,
Артына да қайырылып!..

Ол осылайша құлшына түсіп жыр тізбегін төге берді, төге берді. Төрт қалам, төрт жақтан сусылдап ақ қағазға арабша, латынша із тастап жосылды. Бұлар Тайыр, Ғали, Әбділда, Асқар еді. Ақын біраз сілтеп-сілтеп барып тоқтады. Осы кезде жүрек жарды қуанышты сөздер тұс-тұстан жауып кетті:

— Міне, ленинградтықтарға қажетті нағыз патриоттық жыр енді туды деді Мұқан.

— Біздің Тәтем тегін емес, Ленинградты көрген мына бізден артық жырлады — деп жатыр Сәбең де.

— Үніңнен айналайын, Тәтем-ай, жүрегімді шымырлатып жібердің-ау! — деп, Ғали інісі көзінің жасын сүртіп жатыр.

Ақын шай ішіп, аздап тыныстап алды да, қасында отырған Тайырға:

Кәне, оқышы? — деді, Тайыр дарылдатып, арындатып оқи бастады. Отырғандар бас изесіп, мақұлдап жатыр. Бірақ Жамбыл көңілі толмағандай.

— Ертеде — деді ол — Сүйінбай ұстазым «жақсы жыр тоғыз толғатқанда туады» — деп, бір өлеңімді әлденеше қайталатып еді. Сол Сүйекең айтпақшы кәне мені тағы бір тыңдап көріңдерші.

Сөйтті де, ол кәрі серік домбырасымен сырласқандай, құлағын бұрап біраз үнсіз отырды. Көкейінде жыр тізбектері жұпталып жатқандай. Екі нығын құнжыңдатып алды да «әу» деп қайта бастап кетті:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін.
Көпіріңе қарасам
Көмкерген су көлемін...

Осылайша қарт жырау төгіп-төгіп алды да жыр сонын:

Құс ұйқылы көнемін,
Қайтіп ұйқы көремін!
Жетсін деймін сендерге
Жыл құсындай өлеңім!
Қаласындағы Лениннің
Сайыпқыран өренім! —

деп тамамдады. Жыр толғақтан босанған ол аспанға әуелеп ұшатын ақнық қырандай екі нығын қомдап-қомдап алды да, ұмтылып орнынан тұрды. Таяғына сүйеніп есік алдына шықты. Салалы ақ сақалын сипап-сипап тараңды, жан-жағына қаранды. Күн қызыл арайланып еңкейіп барады екен. Қып-қызыл алып шоқ, жер жиегіне қонып алып, көк аспанға қызыл нұрын тарау-тарау шашып тұр. Көкжиекте ақулаға ұқсаған ақша бұлт ұзыннан ұзақ көсіліп жатыр. Оның ақтаңдақ бауыры күн

нұрымен шағылысып алтын жалатқандай жалтырайды. Кәдімгі теңіздегі тыныстап жатқан балық дерсің. Кешкі табиғаттың осы бір құбылысына қызыға қарап тұрған қарт жырау арт жақтан «Тәте» деген дауысқа жалт қарады. Тайыр мен Тарловский екен.

— Таза ауаға шығып, демалып тұрсыз ба?

— Иә, тынысым бітіп қапты, кәрілік қой.

— Олай деменіз, сіз мына бізден артық құлшынып кеттіңіз емес пе?

— Ал, Қайыр бұл жырды кім орысшаға түсірер екен? Әлгі сары бала болар ма еді?

— Кузнецов па, ол майданда жүр ғой Тәте, оның орнына мына балаңызды ертіп келдік. Жамбыл жанында сидиып тұрған Тарловскийге қарады:

— Әлгі ұзын балаға ұқсайды екен, қазақша біле ме өзі!

— Дмитрий Снегинді айтасыз ба, бұл одан да жүйрік ақын.

— Жарайды, жүйрік болса, көрерміз әуселесін.

Осылайша әңгімелескен олар үйге келсе, Мұхтар, Сәбит, Асқар бәрі арқа-жарқа болып Жамбыл толғауын қызыға әңгімелеп отыр екен. Ас-су ішіп болған соң Мұхтар толғауды жолма-жол аударуға кірісті. Тарловский оны жазып жатты, Сәбит, Асқар, Тайыр бәрі «Ленинградтық өренім!»-нің қазақшасын алып Алматыға тартты. Ертеңіне орысшасын алып Тарловский жетті. Жамбылдың «Ленинградтық өренім!» деген бұл жыры қазақша, орысша барлық газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күш-қуат берген осы жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерге плакат боп ілінді. «Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері де төбеде ұшып, бомба тастап жүргенде, баспаналау орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім». Бұл сөзді сол кезде әскери қызметпен ленинградтықтар арасында жүрген орыс ақыны Александр Прокофьев айтқанды. Үлкен тебіреністен туған осы бір сөздің өзінен-ақ ленинградтықтарға сол бір аласапыран күндерде Жамбыл толғауының зор әсер еткені көз алдына келеді.

Міне, киоска алды. Үйме-жүйме кезекте тұрған адамдар. Бәрінің қабағы қатыңқы, жүздері солғын. Көбісі қалай болса солай киіне салған, Гүрілдеп жатқан аспан-

нан да, дірілдеп жатқан жерден де сескенетін түрі жоқ олардың. Жан-жағындағы үйлерге, көшелерге түсіп жарылып жатқан бомба. Лап етіп құлап, күл, топыраққа айналып жатқан үйлер. Балаларын бауырына қысып алып, ойбайлап тым-тырақай қашып жатқандар. Леклегімен өтіп жатқан солдаттар. Газет қолына тиген біреулері былай шығып үйіріле қалып оқып жатыр. Осы бір оқиганың ішінде болған мемлекеттік эрмитаждың қызметкері ақ шашты кейуана Наталья Николаевна Ейман былайша еске алады:

— Соғыстың ауыр күндерінің бірі болатын. Бір күні көшеге шықсам көше-көшелерде басына бөрік киген үлкен ақ сақалды адамның суреті басылған плакаттар қаптап кетіпті. Бұл кім деп қасына барып оқысам Жамбыл Жаббаев — қазақ халқының ұлы ақыны деп үлкен әріппен көркемдеп жазыпты да, астына ленинградтықтарға арналған өлеңі басылыпты. Өлеңді оқып шығып, сүйсінгенім соншалық, екінші қайтара оқиын деп тұрғанымда дәл қасыма келіп, жаудың снаряды жарылмасы бар ма? Сонда екі құлағым бігіп, есім ауып, жығылып қалыппын. Бір жақсысы снарядтың жарықшақтары тимепті. Кейін жұбайыма:

— Әлгі бір қазақ ақыны Жамбыл деген бар екен ғой. Соның бізге арнаған өлеңін оқып тұрып.. — дей бергенімде, ол:

— Снаряд дәл қасыңа жарылып, аман қалғаның Жамбыл өлеңінің киелілігі болар, — деді. Нева көпіріне жақын зәулім үйдің бұрышында да шоғырланған халық. Арасында көк комбинезон киген, нықтарына противогаз асынған қыздар мен әлі армия қатарына шақырыла қоймаған 15—16 жасар оқушылар, матростар мен солдаттар. Бәрі де әлгі үйдің гранитті қабырғасына жапсырылған плакатқа үңілісе қалыпты. Ол плакатта басында бөрік бар, ақ сақалы омырауын жапқан Жамбылдың портреті. оның астына ірі әріптермен өлең жолдары тізіліпті. «Ленинградтық өренім, мақтанышым сен едің!» талқандаңдар фашисті, аямаңдар жауызды, бермеңдер ата-мекенді! — деп ұран тастап, бәрін шабуылға шақырып тұр. Не деген әсерлі жыр! Не деген қуатты сөз!

Жамбылдың осы бір патриоттық толғауының әсер еткені сонша жасақшы солдаттардың қатары толыққан үстіне толыға берген. Қаланың байырғы тұрғыны Кира Богданова айтады:

— Үйіміз Нева проспектісінің бойында 4-қабатта бо-

латын. 1941 жылдың сұрғылт күзінің бірінде үйдегі радиоқабылдағыштан Жамбылдың «Ленинградтық өреним!» деген өлеңі оқылды. Терезеден төмен қарасам Александр Невский алаңына көп халық жиналып қалыпты. Бір қарт адам қолындағы газеттен халыққа Жамбылдың өлеңін оқып: «Осы өлеңнен қуат алындар! Әлі-ақ осы көшеде үлкен той болады. Жеңіс біздікі!» — деп жиналғандарды жігерлендіріп тұр.

— Қызым, Кирочка, менің де майданға кетуім керек, — деп папам үйге асығыс кірді. Әкем Киров атындағы заводта істейтін. «Әлгіде ғана қалалық партия комитетінің қызметкері Жамбылдың өлеңін оқып берді. Жігерімізге жігер қосылғандай болды», — деді. Бір қолы шолақ еді. Соған қарамай армияға өзі сұраныпты.

— Папа, Жамбыл деген кім деп сұрадым.

— Жамбыл деген қазақ халқының ұлы ақыны. Сонау алыс қазақ сахарасында жатса да біздің қайғымызға ортақтасып, қайғыны да қуанышты да бір бөлісейік. Қабырғам қайысты ғой, ленинградтықтар, тағы да қолдарына қару алындар, — деп бізді жеңіске шақырыпты. Өзінің де сұм-жауларға ызалы, ашулы, кекті екенін айтты, — деді. Сонан әкем еріктілер қатарына қосылып, туған қаламызды қорғау үшін қан майданға аттанды.

Жамбылдың плакат болып шыққан сол толғауы бүгінде Ленинград, Мәскеу, Алматы музейлерінде және өзінің музей-үйінде сақтаулы тұр. Толғаудың екі нұсқасы бар. Алғашқысын — хатшысы Тайыр Жароков, соңғысын — Ғали Орманов жазып алған. Екеуінің мазмұны да, желісі де бірдей. Екі толғау да сегіз буынды, аралас ұйқасқа құрылған. Біріншісі 225 жолдай, екіншісі 192 жол.

Жамбылдың өлең-жырларының рухани жігер, қайрат бергені былай тұрсын, оның атақ, даңқының әсер, ықпалы да ересен болды. Бұған мынадай кездесуді келтіре кетейік. Өзбек ғалымы профессор Мәлік Мурадов 1968 жылы Әлішер Науаидың 525 жылдық мерей тойына арнайы жасалып жатқан той сауғаларын алып қайтуға Ленинградтың М. Ломоносов атындағы шыны заводына барады. Нева өзенін жағалап келе жатса, алдынан бір орыс әйелі кездесе кетеді.

— Сіз қазақпысыз?

— Иә, қазақпын, — дей салады Мәлік.

— Қош келіпсіз, бауырым, — дейді әлгі әйел тоңып

қалған шығарсыз, көне, біздің үйге жүріп, шай ішіңіз.

— Рахмет, бір шаруамен...

— Ол қандай шаруа еді, бәлкім, менің де жәрдемім тиіп қалар, айта беріңіз, қысылмаңыз?

— Шыны заводынан той сувенирлерін алуға келіп едім, бүгін демалыс, завод жабық екен. Қонақ үйге орналасамын ғой...

— Сіз қорықпаңыз, мен Жамбылдың өкіл қызымын. Үйге жүріңіз, қонағым болыңыз. Бұл Жамбылды сырттай ата санап кеткен ленинградтық Людмила Петровна Сейгиз еді. Ол Мәлік Мурадовты үйіне ертіп барып, дастарқан үстінде мына әңгімені айтыпты:

— 1941 жылдың қара күзі еді. Қатерлі жаудың қоршауында қалып, қиын-қыстау күндерді басынан кешіріп жатқан Ленинградтың көшелерінде барша жұрттың назарын аударған бір плакат пайда болды. Өтіп бара жатқандар тоқтай қалып үніле қарайды. Жұмысшылар да, солдаттар да, үлкен-кішінің бәрі де іздегені табылғандай плакаттың алдына жиналып жатыр. Мен де бардым. Басына бөрік киген, мейірбан жүзді, ақсақал кісі дуалдан маған нұрлы көзімен қарап тұр. Суреттің астында мынадай сөздер жазылған:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің...

Жасым он бірге аяқ басқан. Ата-анам, туыстарым бірі соғыста, бірі ашықтан өлген, тұлдыр жетіммін. Балалық не істетпейді? Кісілер сирей бастаған кезде плакатты дуалдан жұлып алдым да, қойныма тығып зыта жөнелдім. Ешкім қумады. Үйге келіп, плакатты қабырғаға жапсырдым да, қайта-қайта оқып, мағынасына түсінгендей болдым. «Бұл жақсы кісі екен, іздеп тауып, ата қылып алайын», — дедім. Өзі де «Ленинградтықтар баларым менің» депті ғой. Содан былай қарай Жамбыл атаға қыз болу арман болып, кейде ақсақалды шал түсіме кіріп жүрді. Әркімдерден сұрастырып атаның қайда тұратынын да біліп алдым. Жолға әзірлендім. Бір күні көшеден қарным ашып, үйге келдім де, плакаттың қасына барып жылап жібердім. Сонда Жамбыл ата: — «Қамықпа, қапаланба, қызым», — деп мені жұбатқандай болды. Бұл күндер өтер, ашынған қарын тойынар. Біздің ауылға кел. Сен менің қызым боласың. Мұқтаждық көрмейсің...»

Мен енді Қазақстанға Жамбыл атаның ауылына баруға бел байладым. Бұл ниетімді біліп қалған көрші-қолан, таныстарым бетімді қайтармақ болды:

— Алматы қайда, біреу қайда! Поезд бір жарым ай жүреді. Сенің паспорттың да, басқа документің де жоқ... — деп.

Жамбыл атаның бейнесіне қарап тағы да тілдесемін: «Ата, не істеймін, айтшы» — деймін. «Талаптыға нұр жауар» деген қызым, деп мені жігерлендіргендей болады ол — Жолға шықсаң, жетесің! Мен. «Документтерім жоқ қой» — деймін. Ол «Ақынның қызынан кім документ сұрайды? Жамбылдың қызымын десең, ешкім саған тимейді» — дейді. Сөйтіп апталар, айлар өтіп жатты. Ұшарға қанатым жоқ. Қиялым алыстағы Алматыда, өзім қоршаудағы Ленинградтамын. Тегі Жамбыл атаның сөздері мені суықтан сақтап, аштықтан аман қалуға себеп болды, әрқашан оның мейірбан жүзіне қараған сайын қайраттанып жүрдім. Бір мен ғана ма?...

Сонымен Алматыға барып, Жамбыл атаны көру маған нәсіп болмады, — деп күрсініп қойып әлгі әйел сөзін сабақтай түскен. Үлкендер жұмысқа орналастырды. Заводта істедім. Соғыстан кейін де атаға барып, зиярат етіп қайтуға, қолымдағы сол плакатты музейіне табыс етуге талай рет оқталдым. — Сәті түспей-ақ қойды. Әлі де «ештен кеш жақсы» деп жүрмін...

...1952 жылы Ленинград қалалық атқару комитетінің ұйғарымы бойынша бұрынғы Лештуков көшесі Жамбыл есімімен аталды. Лештуков император Елизаветаның Франциядан алдырған дәрігері екен. Жамбыл көшесінің бойында № 15 үйде В. И. Ленин тұрып, революциялық жұмыс жүргізген. № 13 үйде революционерлер, № 16 үйде атақты композитор Чайковскийдің семьясы тұрыпты.

Бүгінде Жамбыл Ленинград қаласының құрметті азаматы. Ол КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының 22 қараша 1942 жылғы Жарлығымен «Ленинградты қорғаны үшін» медалымен наградталды. Бұл медаль ақынның мемориалдық музейінде өзге документ, наградаларымен бірге сақтаулы тұр.

«Ұлы Отан соғысы тарих бетінде өшпес жойқын із қалдырып, жұмыр жердің бетінде тұратын халықты қайғы-қасірет құшағына орады. Осынау алапат соғыс тақырыбына қалам тартпаған ақын-жазушылар кемде-кем шығар. Бірақ Жамбыл өлең-жырларының алатын орны

ерекше. Соның ішінде «Ленинградтық өренім!» атты толғауы аспандағы шолпан жұлдызындай жарқырайды».

Бұл Лениндік сыйлықтың және КСРО, РСФСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Ю. В. Бондаревтің Жамбыл мұражайына келгендегі қалдырған қолтаңбасы.

ШОҢ ҚАЗАҚ

Қырық үшінші жыл. Мамыр айының орта кезі. Астанадан Ғали Орманов келді. Жамбыл оның сәлемін алып, жөн сұрады:

— Қалаңда не жаңалық бар?

— Бір жаңалық, — деді, хатшысы атасының жанына отыра беріп — Жазушылар одағының III-пленумы болып өтті. Онда Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Әбділда тағы бірқатары сөз сөйледі. Кенен ақын өлең айтты. Одақтың бұрынғы, бастығы Әбділда босатылып, орнына Сәбит сайланды.

— Көп сөз айтып уақытты босқа өткіздік десейші. Бұл Жамбылдың жиналысты жақтырмағанда айтатын дағдылы сөзі.

Айтпақшы, осы жаққа жүрер алдында Мұхтарға жолығып едім, ол да осында келмек екен, бір тығыз шаруасы болып кідіріп қалды. «Сен жүре бер, мен артыңнан жетемін» — деді. Кешікпей келіп те қалар.

— Е, е не шаруа екен?

— Ол жағын білмедім, келген соң өзі айтар. Ғали портфелінен бір бет қағазды алып оған көрсетті:

— Мынау сіздің Ленинград жастарына арнаған өлеңіңіз. Листовка болып шығыпты.

— Оны не қылмақ екен?

— Мұны аспаннан самолетпен қардай жаудырып, Ленинградты қорғаушыларға таратыпты.

Олар осылайша әңгімелесіп, шай ішіп бола бергенде, Мұхтар Әуезов те үйге кіріп, қарт ақынға қол берді. Сонда Жәкең «шу» дегеннен мына өлеңді айтып жіберіпті.

Әлейкумсалам Мұхтарым!
Оң қолымды ұстадың.
Жіі-жіі сенімен
Кездесуге құштармын.
Мен кәрімін, сен жассың.
Қолымды қатты қыспағын.
Құтты болсын карағым,
Баспадан әлгі шыққаның.

Сабасындай биенің
Өзінді-өзің ыстадың.
Енбегің жанды Абайдан —
Өрлеп көкке ұшқаның.
Жаркылдасын достарың,
Тұнжырасын дұшпаның.
Бұзып шықтың ақыры,
Өмірдің талай қыспағын...

Мұны хатшысы дереу қойын дәптеріне түсіріп ала қояды.

Аман-саулықтан соң Мұқан:

— Өзіңізбен бір оңаша сөйлесудің ретін таба алмай жүруші едім, ылғи той-жиында кездесіп тараймыз. Ана бір жылы Әбділданың үйіне барғанымда.

— Құнанбай елінен екенсің ғой. Мен оның ақын баласы Абайды білемін. Біздің жақ дуан басы Құнанбайды жақсы білген. Өзі Қырғыздың Шабдені секілді болса керек. Ілгері де Тәйти ағамызбен бірге әжіге барған. Екеуі құда-жегжат екен. Тәйти бір баласының атын Абай қойдырған. Одан берегіректе Әбсеметтің үйінде Сәт екеуіміз оның Мағауиясымен де дәмдес болып, Абай өлеңін біраз тыңдағанмын, — деп едіңіз.

Осы сөзіңіз содан бері мені алаңдатып жүр. Алматыдағы Әбіш қазасының басы-қасында болып, Абайға өлеңмен көңіл айтыпты дегенді Абай ауылының қарияларынан да есітіп едім. Әсіресе Тұраш, Әубәкір айтып отыратын. Енді осы әңгімеңізді өз аузыңыздан тыңдауға құштармын. Абай жайлы жазып жүрген романымың алды шықты. Қалғаны жазылып жатыр. Соңғы кітабына сіздің сол кездеріңізді қоссам деген ойым бар. Бұған қалай қарайсыз?

— Не қалайы бар? — Айт десең, айтып берейін, — деп, Жамбыл әңгімесін бастады. Мұхтар қағаз, қаламын ыңғайлады.

— Алматыдағы Әбсеметтің үйі, — деді Жамбыл — қалаға барғанда түсетін жатын орнымыз болатын. Әбсемет дүкен ұстайтын. Мата, қант, шай керегімізді содан алып қайтатынбыз. Қыстың күні еді. Сәт екеуіміз соның үйіне түстік. Киімімізді шешініп жоғары шықтық. Әбсемет бізге төрде отырған басында ноғай тақиясы бар, дөңгелек жүзді кісіні — «Абайдың баласы Мағауиа мырза» деп таныстырды. Мағауиа Сәтті бұрыннан біледі-ау деймін, екеуі шүйіркелесіп жөн сұрасып жатты. Жайғасып болған соң Сәт оған қарап:

— Мынау қасымдағы естулерін бар шығар, арасы қырғыз, берісі — Жетісу, Қапалға аты мәлім Жамбыл деген ақынымыз — деп мені таныстырды. Мағауия басын изеп:

— Иә, осында келгелі бері естіп жатырмын, — деді. Сәт те мақұлдады. Сәт Мағауиядан інісі Әбіштің хал-ахуалын сұрады.

Мағауия:

— Докторды алдырып, қаратып жатырмыз. Ем қонатын түрі жоқ, қайдам? — деп күрсініп қойды. Оған Сәт, Әбсемет бәріміз:

— Олай уайым жеменіз, әлі-ақ сауығып кетеді, деп, жұбату айттық, Сәт:

— Ауылдан, Абайдан хабар бар ма? — деп мұңды күйдің бетін бұрғысы келді.

Мағауия:

— Ағам телеграмма жіберіпті. Бәрін айтып тез жауап жаз? — депті.

— Қайтсін, әке жүрегі алабұртып, тағат таппай жатқаны ғой, тегі, — деп жатыр Сәт те. Онан соң Мағауия әкесінің жіберген өлең-хатын оқыды. Абай хатының соңында:

— «Әбсемет жиенің,
Ол сенің біреуің.
Достықпен достыққа,
Өтемек тілеуім.—

деп Әбсеметтің атын атапты. Бұған бәріміз риза болып қалдық. Әсіресе, Сәт.

— Бәрекелді Әбеке, сәлем қайырлы болсын! Жақсылық қылсан жақсыға қыл! Саған бір Абай емес мүлдем тегі ұлы жүз баласы мың да бір алғыс айтса болғандай.

Жамбыл сөзін әрмен жалғады.

— Үйсін Әбсемет, — деді, ол Мұхтарға қарап — Құнанбайдың қарындасынан туған жиен боп шығады. Қасқарау Мерқасымның әйелі де сол тобықтыдан. Оның сінлісі Ақмай Ноғайбай шешенге тиген ғой. «Сұлутөрдегі» осы күнгі «Арғын апа» дейтін ауыл сол Ақмайдан тараған үрім-бұтақтар.

Сонымен Мағауия ақын не деді дейсіз ғой. Ол менің өтінішім бойынша әкесінің біраз өлеңдерін айтты.

— Әкем өлеңге қатал қарайды, — деді, Мағауия — өзге ақындарға да, балалары бізге де қатаң талап қояды.

— Шортанбай, Дулатпенен Бұхар жырау,
Өлені бірі— жамау, бірі құрау.

Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау,—

деп мысалдап отырады. Өлең арзан қол дүние емес. «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы» — деп, өленді, ақындықты өте жоғары бағалайды. Нашар өлендеріміздің мінін бетке айтады.

— Бәрекелді, Мағашым, мынау тегі біз естімеген сөз екен. Иә, айта беріңіз деп, оған еміне түстім.

Енді Мағауия әкесінің «Қалың елім қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деп басталатын біздің елге тарап кеткен өлеңін айтты. Мен тағы да:

— Айналып кетейін Мағаш-ау, мынау бүткіл қазақтың қамын жеген кісінің сөзі ғой. Бәрекелді Абайым, сөзіңе құлдық болайын. Иә, қалқам сөзіңді бөліп жібердім бе, тағы да айтқылашы, құлағыма жағып барады, — дедім.

Бағанадан бері талмай жазып отырған Мұхтар, осы бір сәтте Жамбылдың бір ыңғай боп бара жатқан әңгімесінің бағытын өзгертіп, басқа бір арнаға салғысы келді білем, ол аймаңдайын жоғары көтеріп, қасын керіп, сұлуша бүйрек мұрнын бір сипап қойды.

— Жәке, Мағауия әкесінің әнін айтты ма? — деп сұрады. Жамбыл:

— Айтты. Әуелі «Қараңғы тау» деді ме, бір орыс ақынынан үйренгенін баяулатты.

Қарт ақынның бұл жобалауын Мұхтар түзетті:

— Бәлі, Жәке, бұл Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» дейтін әні ғой. «Орыс ақыны» деп отырғаныңыз Лермонтов. Ол неміс ақыны Гетеден аударған.

— Кете — сетенді, білемін бе, шоң қазақ, ол жағын Мағауия бізге айтқан жоқ, біз сұраған жоқпыз. Әйтеуір, Абай әні десе болды емес пе?

— Иә, Жәке, жөн сөз онан соң қай әнін шырқады? — деді, Мұхан. Жамбыл сәл ойланып сақалын сипап отырды да:

«Мағауияның қасында, — деп әңгімесін жалғады — бір жас жігіт отырды, аты қазір жадымда жоқ. Олда Семейден келген екен. Сол бала «Ақылбай ағамның әнін айтып берейін» деп, бір ән салды. Ән әуенді екен. Осы жерде Жамбыл әңгімесін доғарып, Мұхтарға қарады.

— Ақылбай қай баласы еді?

— Ақылбай Абайдың тұңғышы, — деді Мұхан. Абай-

дың Ділда деген әйелінен туған. Ақылбай туғанда Абай 16 жаста екен. Атамыз Құнанбай оны кенже бала етіп бауырына басқан. Ақылбай Құнанбайдың Нұрғаным деген тоқалының қолында ер жеткен. Сондықтан, ол ауылдан ұзап шыға алмаған. Ескіше оқуымен қалып қойған. Арапша кітаптарды көп оқыған кісі. Есейе келе Абайдың айтуымен «Дағыстан», «Зұлыс» деген дастандар жазды. Ақылбай әнді де жақсы айтатын әнші ақын болған.

Не керек, сол кеште Мұхтар мен Жамбыл осылайша ұзақ сұхбаттасқан. Мұхтар Абайдың философиялық ойға толы біраз өлендерінің мәнін аша сөйлеген. Жамбыл таңырқап тындай берген. Сөздің бір кезегінде ол:

— Ту, Шоң қазақ-ай, қасиет қайда, қазына қайда десем, Абайда екен ғой мүлдем тегі! Атам заманнан бері «Қабан ақын айтты»: «Құланаян Құлмамбет, Дулат, Майкөт, шапырашты Сүйінбай құйындай соқты — даңғыл шапты» дегеніміздің бәрі мына жерде екен ғой. Абай дария болғанда былайғы жүрген бәріміз жар-шұқанақ екенбіз ғой. Тәйірі шіркін, бірді күлдіріп, бірді жұлдырып айтады десекте, табатынды таппаппыз да!

Жамбыл сол жолы Әбсеметтің үйінде түн ортасы ауғанша Мағауиямен әңгімелескен. Мағауия енді бірде одан өз жырын айтуды өтінген. Жамбыл «Көроғлысын» айтып, жұртты сілтідей тындырған. Мағауия оның құлшына сілтесіне, сөзді түйдек-түйдек мәнерлеп, әсерлеп, жырлауына қайран қалып, құмарта тындаған.

Әбіш дүниеден қайтқан күні Әбсемет, Сәт, Жамбыл бәрі Мағауияға барып көңіл айтқан. Қайғыға ортақ екенін білдіріп, оның қасында болған. Әбішпен қош айтысуға Алматы тұрғындары мол жиналған. Сол қалың топтың ортасында Жамбыл да сөз сөйлеген. Ол әуелі Мағашқа қарап — бұл ауыр қазаға бәріміз ортақпыз. Өзекті жанға бір өлім, өлмейтін пенде жоқ, қайғыра берме қалқам, өзіңе-өзің берік бол» деген, сөзінің соңында Абайға арнаған жұбату өлеңін айтқан:

Сәлем айт барсаң Абайға
Кеңесі жеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда.
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ашысын жұтып күйінесін,
Тәттісін жұтып сүйінесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай!

Таскында тәңір басуы-ай
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай!

«Андаған адамға, Жамбыл сөзі бұндағы халық атынан алыстағы асыл азаматқа, халық ұлына айтылған арнаулы сәлем боп шықты» — деп жазды кейін Мұхан эпопеясының «Қапада» деген тарауында.

Талай рет бас қосып сырласып жүрген екі алып соңғы рет 1944 жылдың күзінде министрлер советінің ауруханасында кездесіпті. Осы кездесуді Мұхтар Әуезов 1956 жылы бір топ ақын, жазушылар ортасында отырып былайша хикая еткен-ді.

— Жәкең Алматыдағы белгілі бір ауруханада жатқан. Мен көңілін сұрай келдім. Жүзбен жүздескен жүйрік бұрынғысынан жүдеп қалыпты. Көрісіп көңілін сұраған соң, жасы кішінің үлкенді түртпектеп сөйлеткісі келетін әдеті ғой, әзіл айттым:

— Жәке бұ қалай ауру-сырқауға бой алдырғаныңыз ба, шоң-шомбал едіңіз ғой, — дедім.

— Е, менде қайбір жөнді сырқат бар дейсің. Емші-құшнашы келіспей жатыр да...

Сөйтті де, шежіре қарт, шешен ақын сыр ұшығын шығарып үнсіз қалды.

— Бір сөзді көмейіңізге таяп қойдыңыз ғой.

— Қазір айтамын. Аздап алқынып қалдым, демігімді басайын деп еті қашқан қолына орамалын алып, еппен маңдайын сүртті.

Сәлден соң Жәкең сөйлеп кетті:

— Баяғыда Тезек төренің бәйбішесі кенет зәрі жүрмей қатты ауырып қалады. Төсек тартып жатады. Атыраптағы аты мәлім емші-домшының бәрін жиып қаратады. Біреуі де шипасын таба алмайды.

Тезек төре сасады.

— Енді кім қалды, емші-құшнаш пен бақсы-бәлгерден — дейді.

— Пәлен таудың бауырында сексеннен асқан сірке көзді бір шал келмегені — деседі жандайшаптары.

Ат шаптырып, арбамен соны алдырады.

Жүріс-тұрысқа самарқауланғанымен жібі ширақ кісі екен. Ол келгенде төсегінде кірпігі ғана қимылдап жатқан, зәрі денеге шапқан соң сарғайып кеткен бәйбішенің тамырын ұстап отырып, әлгі шал;

— Әттең табылмайды ғой, табылмайды ғой, — деп, ба-

сын шайқап қойып, төңірегіндегілерді көзімен бір шолып өтеді.

— Жер бетінде бар нәрсе болса, тапқырайын, айтшы еміңді? — деп емінеді Тезек.

— Әй, табылмайды ғой, табылмайды ғой, тоғыз жылғы ту суыр, сегіз жылғы семіз суыр табылады дейсіз бе? — дейді тәуіп шал.

Қараөзек көктемгі кез екен. Тезек самсаған саятшыларын дереу аттандырады. Шартарапты шолып саятшылар кетеді. Әлден соң бір аңшы төрт суырды шыңғыртып, тірідей алып келеді.

— Киіз, үйде біреуің де қалма. Төре сен де шық! — деп, бәрін айдап шыққан тәуіп, екі суырды үйге алып кіріп, тірсегінен байлап жібереді де, керегенің басына басын төмен қаратып іле қояды. Қолына екі ұстара алып біріне-бірің соғып, шақылдатып.

— Бәйбіше маған қараңыз, іншалла дауасы болар! — деп, өзіне қаратып алады. Жаны қиналған бәйбіше тәуіптен көз алмайды, жан-тәнімен ұйып, емшінің сөзіне құлақ тосады.

Екі ұстараны шақылдата соғып, шамырқанған шал бір сәтте суырдың екі құлағын орып-орып кеп жібереді. Суыр шыңғырып, қан сау ете қалады.

— О, жаным-ай! — деп бәйбіше ышқынып қалады. Сөйтсе зәр жүре берген екен дейді.

Тәуіп деп әне, соны айт! Менде қай бір жөнді сырқат бар дейсің? Тәуібі келіспей жатыр ғой шіркін, — деп Жәкең жас балаша жәутен-жәутен маған қарады.

— Аяп кеттім аяулы ақылгөйді, — деп Мұхан кідіріп барып сөзін түйді.

— Мұның сыры психологияда ғой. Адам психологиясы күні бүгінге дейін жіті зерттелмеген тылсым десе де болғандай. Неше алуан ғаламаттар құпиясы әлі ашылмай жатыр-ау...

Осы кездесу, сұхбат нәтижесінде Мұхтар Әуезов кейін Жамбыл жөнінде бірнеше зерттеу мақалалар жазды. Арнау, толғаулары мен айтыстарын саралаған ғылыми тұжырымдары қазірде негізгі материал болып есептеледі. Өзінің әйгілі Абай туралы эпопеясында Жамбылдың көркем бейнесін кескіндеді. Осының бәрі алып ақынға, қазақ халық поэзиясына деген құрмет болса керек.

МӘЛІК КЕЛГЕНДЕ

«Алатауды айналсам, Алғадайды табам ба?» — деп қайғылы күй кешіп жүрген күндері еді қарт жыраудың. Ана бір күні өзінің төл шәкірті Кенен келіп жұбатып, жанында бір айдай жатып кеткен-ді. Сонда да әке өксігі басылар емес! Қайтсін, сол бір қырғын майданда екі бірдей ұлынан айрылу жасы жүзге таяп қалған қартқа онай ма?!

Бір күні кештетіп астанадан кәдімгі Сәбит Мұқанов бара қалады оған. Жамбыл қара барқыт шапанын киіп, төсек үстінде малдас құрып, мүлгіп отыр екен. Сәбең тамағын қырнап жайраңдаған күйі:

— Ассалаумағалейкүм, Тәте! — деп кіріп барады. Жәкең басын көтеріп, оның Сәбит екенін даусынан таниды:

— Балуан Шолақпысың, кештетіп неғып жүрсің?

Қазір айтамын, Тәте.

— Немене, жақсылық па, әйтеуір?

— Иә, жақсылық...

— Айта бер.

— Қазір Тәте, қазір...

— Немене күмілжисің? Асығыс па едің?

— Иә, Тәте, асығыспын, қалаға қайтамын.

— Осы түнде ме?

— Иә, ертең қайтып келемін, сонда бәрін айтамын.

— Онда жақсы сөздің әлқиссасын қазір айтып кетпейсің бе?

— Әлқисса дейсіз бе? Неден бастасам екен?..

Сәбең сәл, ойланып қарт жыраудың әнебір күндері өзі шерткен Абылайдың ерлігі туралы хикаясын бастай береді.

— Төлеби елге қайырымды болыпты. Ол әсіресе, жетім-жесірді есіркеп, оған қамқорлық көрсетер екен. Бір күні оның алдына жаман тымағы салбыраған, киімі жалбыраған бір жетім бала барады.

— Қайдан жүрген баласың?

— Үргеніштегі ұрыстан қашып шықтым.

— Атың кім?

— Атым жоқ.

— Атың сабалақ болсын.

— Мейлі.

— Әке, шешен бар ма?

— Жоқ, жастай жетім қалғамын.

— Маған бала боласың ба?

— Болайын.

Осылайша Сабалақ бала Төлебидің ұлы да, құлы да болып, түйесін, жылқысын бағып жүре беріпті. Арада он шақты жыл өтіпті. Арқа жақтан «Ел шетіне жау келе жатыр» деген хабар естіледі. Бөгенбай батыр Төлебиден Сабалақты сұрап алады. Барлық батырлар Ұлытауда бас қосып, жауға қарсы тұрады. Шабуыл басталады. Сонда Сабалақ бала «Абылай», «Абылай!» деп жауға ат қояды. Жекпе-жекте қалмақтың небір ноян батырларын аттан аударып, қалғанын тықсыра қуады. Сөйтіп, жеңіске жетеді. Әбілмәмбет хан Сабалақтан:

— Сен кімсің?— деп сұрайды.

— Мен Абылайдың немересімін.

Әбілмәмбет:

— Үргеніштегі соғыста жоғалтқан менің інім екенсің ғой, — деп екеуі жылап көріседі. Төлеби бастаған ел жиналып Сабалақты Абылай деп атап, оны хан көтереді. Хан ордасы — Көкшетау болсын дейді.

Сәбит сөзін осылай аяқтай бергенде, Жамбыл:

— Абылайды неге айттын? — дейді.

— Тәте, Абылайдан да асқан батыр келді.

— Ол кім?

— Мәлік. Кеңес Одағының батыры.

— Мәлік дейсің бе?

— Ия, Мәлік Ғабдоллаұлы майданнан келіпті. Ой, оның ерлігі ересен, айтып берейін бе, Тәте?

— Кәне, айтшы?

Сәбит қарт жырауға жақынырақ отырады да, әуелі 8-гвардиялық панфиловшылар дивизиясының Мәскеу түбіндегі орасан ерлігін, онан шыққан батырларды атайды.

— Міне, Тәте, сол батырлардың бірі осы Мәлік. Ол бір шайқаста өзінің жауынгер достарымен фашистердің жүздеген солдатын өзеннен өткізбей қойған. Жау жағы бес рет шабуылға шықса, Мәліктер автоматтарынан оқ жаудырып бес рет бетін қайтарып тастаған. Немістер тағы да үш машина солдат әкеп төккен. Мәліктер олардың машинасын өртеп, солдаттарын қырып салған. Артынан танкілері өре қаптаған. Оны да қиратқан. Сөйтіп, олар күн-түн жаумен арпалысып жүріп, қоршауда қалып қойған. Жеті күндей жау қыспағына, аштық, қыншылыққа шыдап, соғыса жүріп, қоршауды бұзып шыққан. Сөйтіп, ол өз дивизиясына кеп қосылған. Жол-жөнскей

қоршауда адасып жүрген екі жүздей кеңес жауынгерлерін қару-жарағымен өздеріне қосып ала келген. Мәліктің бұл ерлігіне риза болған Панфилов «Жарайсың ғалым батырым» деп, арқасынан қағып, бетінен сүйген. Тағы бір шайқаста Мәлік бастаған солдаттар жау қолында қалған деревняны азат етіп, ондағы кемпір-шал, бала-шағаны аман құтқарып қалған. Сол соғыста 27 фашист жендетін қару-жарағымен қолға түсірген. Бір түнде Мәлік өзінің он үш автоматшыларымен жау тылына өтіп, немістің бір ротадай солдатын жойған, бес танкісін қиратып оралған. Сәбит «Тағы бір ұрыста» дей бергенде Жамбыл:

— Япырмай, мынау не деген ер еді, тіптен Қобыланды мен Алпамыстан да асып кетті ғой, — деп таң қалады. Міне, Тәте, осы батырыңыз Алматыда демалыста жүр...

Жамбыл Сәбитке бұрылды:

— Балуан Шолақ-ау, оны неге ерте келмедің? Ондай батыр біздің үйде қонақ боп кету керек еді ғой.

— Сіздей жыр алыбына Мәлік батыр жолықпай кетпейді, келеді.

— Қашан келеді?

— Сіз қашан кел десеніз...

— Бүгін, тіптен қазір келсін.

Осылайша қарт жыраумен келіскен Сәбит сол түнде қалаға қайтқан. Мәлікпен хабарласқан. Жамбылға ертіп баратындығын айтқан.

Ертеңіне Сәбит, Төлеген Тәжібаев, Мәскеуден келген Маршак ақын және «Социалистік Қазақстан» редакциясынан Бәйдібек Әлиманов, тағы бірер фото тілшілер екі-үш машина болып ақын аулына тартқан.

«Батыр келеді» деген хабар алған Жамбыл күні бойы аландаумен жүрген.

— Неге тықырши бересіз, үйде отырып-ақ күтіп алмайсыз ба? — деген баласы Тезекбайға ол:

— Сөз бе екен, бұрын батырларды сырттан даңқын естіп, өзін көре алмаушы едік. Енді сондай батырдың өзі келгелі тұрғанда, үйде мелшиіп қарсы алу, кісі сыйлағандық бола ма? Әттең, шөгіп қалған күйім, әйтпесе, атпен шауып алдынан шығар едім.

Жамбыл Мәлікті жаңа үйінің жанында, алма ағаш көлеңкесіне төселген кілем үстінде күтіп алады. Машина даусы анадайдан естіле бергенде, балалары Сатыш пен Тезекбай қолтығынан демеп орнынан тұрғызады. Қарт адымдай басып, машинадан түсіп жатқан қонақтарға қа-

рай жүреді. Сәбит алдымен барып ақынның қолын алады.

— Міне, тәте, Мәлік дейтін батыр балаңыз, — деп, Мәлікті нұсқады.

— Өзім де шырамытып тұрмын. Қәне бала бері келші, — деп Жамбыл оны қапсыра құшақтап маңдайынан, бетінен сүйді. — Мен сені Қобыландыдай алып денелі батыр екен десем, талдырмаш қана жігіт екенсің ғой... «Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы қарт алдыңнан шығады» дегенді білсем де, Алматыға барып алдыңнан шыға алмадым. Келеді деген хабарынды естіп, таңертеңнен бері күтіп отырдым. Келген қадамың құтты болсын, балам!

Сәбең тағы да жайрандап:

— Тәте, мынау Москвадан келген Маршак дейтін ақын балаңыз.

Жамбыл:

— Е-е, ана жылы тойда кездескен Малшақ па, білемін, білемін, — деп қол алысты.

— Ал, мынау, Алматыдағы министр балаңыз, — деп Төлеген Тәжібаевты айта бергенде, Жамбыл:

— Бұл баланы таныстырмай-ақ қой, анау күні келіп сәлем беріп, жағдайымды сұрап кеткен, — деді.

Бәрі үйге кіріп, кең бөлмеге жайғасты. Төлеген әңгімені жалғастырды:

— Мәлік балаңыз майданнан демалысқа келген екен, туған аулы Қөкшетауда болды. Алматыны аралады. Еңбекшілермен кездесті. Сізге сәлем бермей, батасын алмай аттанбаймын, — дейді. Сәбең бәріміз Сізге ертіп келдік.

Қарт жырау жанындағы ақ домбырасына қол созды.

— Бәрекелде батырым, атаңды сыйласаң, тәңір жарылқасын! Майдандағы ерлігіне қанықпын. Кешелі бері балалар, мынау Балуан Шолақ айтып жатыр. Батырлық халқымыздың ата дәстүрі. Ертеде Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Сұраншы, Саурық, берегіректе Аманкелді сынды ел батырлары өткен. Енді міне, солардың дәстүрін өздерің жалғастырып келесіңдер, — деді де қасында отырған Сәбитке қарады. — Үйдің үш ауызын мен айтайын. Балуан Шолақ, сен ауылдың алты ауызын айт, қонақ кәдені батыр айтсын.

Сөйтті де Жамбыл былай деді:

Ризамын ерлерім!
Жауға намыс бермедім.

Қажып қабак шытпадын,
Қан майданда ерледің,
Шеру тартып батысқа,
Дүниені кернедің.
Қабыстырып қамалын
Тарылдырып заманын,
Сындыра жау белдерін,
Батырларым ала көр —
Жауға кеткен ел кегін.
Батыс жаққа бара бер
Азат етіп жер, кегін.
Басқан зілдей серпілсін,
Қасиетті жерлерің.
Батыр Қызыл Армия —
Халқымыздың қорғаны,
Ғаламға аян жария,
Батырларым ондағы,
Адам адам болғалы,
Сөзімді сол қозғады.
Ойымды сол толғады.
Бар тілегім соларда,
Болсын деумен жолдары.
Ел қорғаған ерлерге,
Елі бәрін арнаған.
Ең жүйрігін сайлаған.
Еңбектерін сыйлаған,
Ертегідей жыр еткен...

— Тәте, шаршап қаласыз ғой, демалыңыз, — деді Сәбит. Жамбыл оған:

— Тапқан екенсің, шаршайтын Жамбылды, — деді. «Мұндай батыр келгенде шаршау деген сөз бе екен? Отыз күн жырласам да талмаймын», — деп ол тіптен құлшынып кетті. Осы кезде дәрігер Рахымжан Барлыбаев қасында отырған Төлегенге бұрылып сыбырласты да:

— Тәте, ем жасайтын уақыт өтіп кетті. Кәне, жүріңіз? — деді.

Жамбыл сабасына түсе қойды.

— Ойбай, бұған бағыңбаса болмайды. Менің тағдырым осының қолында, — деп ол домбырасын жанына сүйеді.

Тезекбай қонақтарды ас үйге дастарқанға шақырды. Дәрігер Жамбылды қолтықтап демалатын бөлмесіне алып кетті. Арада екі сағаттай уақыт өтті. Қарт жырау ем қабылдап, ұйықтап алды.

Түстіктен соңғы сөзді тағы да Сәбең бастады:

— Тәте, бағаналы бері өзіңіз сөйледіңіз, өзгеміз сөйледік. Енді мынау майданнан келген батырды тыңдасак қайтеді? Жамбыл ақ сақалын елпілдетіп басын изеді.

— Бәсе, деймін-ау, келген қонаққа кезек бермей өзіміз сөйлей беріппіз ғой. Қәне, балам, құлағым сенде.

Мәлік сәл жымыңқырап:

— Мен сөзге шорқақпын, — деп алды. — Қазақстандық 8-гвардиялық панфиловшылар дивизиясының астанамыз Мәскеуді қорғаудағы жойқын ерлігін өздеріңіз естіп жатырсыздар. Фашистердің мұздай қаруланған дивизия, бөлімдері Мәскеуге жақындап қалғанда, біз алдына кесе көлденең шығып, қарсы соғыстық. Күн-түн шабуылға шығып арпалыстық. Қарапайым солдаттарымыздан бастап, командирлерімізге дейін батырларша жаумен айқасты, шетінен ерлік жасады. Политрук Василий Ключков: «Россия ұлан-байтақ, бірақ шегінуге жер жоқ, артымызда Москва!» деп 28 батырды шабуылға бастады. Олар өліспей — беріспей соғысты. Жаудың 50 танкісін қиратып, жүздеген солдатын қырып, алға бастырмады. Өздері де мерт болды. Халқымыздың перзенті Төлеген Тоқтаров, немістермен жекпе-жек айқаста, жан аямай соғысты. Ондаған фрицтің көзін жойды. Бауыржан Момышұлы гвардиялық батальонды, полкты басқарды. Жауға қарсы екі жүз рет шабуылға шығып, олардың бетін қайтарды, бес рет қоршауда қалып, бұзып шықты. Жүздеген фашистерді жер қаптырды. Талай техникасын қиратты. Майданда Мәншүк, Әлия деген екі қызыңыз адам есітпеген ерліктер жасады. Мәншүк пулеметінен оқ жаудырып, немістердің шабуылына тойтарыс берді, топ-топ солдатын баудай түсірді. Сөйтіп, өз жауынгерлерінің алға басуына жол ашты. Әлия болса, Ленинград қаласын қорғасуда теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Қыздардан құралайды көзге ататын мұндай мерген шыға бермес. Тағы бір мерген жамбылдық Ыбырайым Сүлейменов еді. Ол үш жүздей фрицті қағып түсірді.

— Бірақ, — деді де, Мәлік сәл кідіріп қалды. — Бір қырғын айқаста дивизия командирі Иван Васильевич Панфиловтан айрылып қалдық...

— Әттегене-ай, — деді Жамбыл, — сондай батыр командирді сақтап қала алмаған екенсіңдер!

— Соғыс шығынсыз болмайды ғой, Тәте! — деп жатыр бірі.

Жамбыл мұнайған күйде:

— Иә, соғысы құрысын, ол — опат қой! — деп сәл төмен қарап отырып, басын қайта көтерді:

— Айтпақшы, менің Алғадайымды көрдің бе? — деп сұрады Мәліктен.

— Алғадаймен, — деді ол, бір бөлімде болған жоқпын. Бірақ, оның ерлігіне қанықпын, жетінші гвардиялық Қызыл тулы атты әскер дивизиясында пулеметші болып Украина жерін жаудан азат етер кезде асқан ерлік көрсетіпті деп есіттім. «Алғадай үшін» деп жауға қарсы талай оқ атып, кек алдық.

— Уа, бәрекедді. Солай еткендерің жөн, шырақтарым, — деді қарт. — Жаудан кек алу, оны жайрата жену үшін бірлесе қимылдағандарың мақұл.

Майдан, ондағы батырлардың ерлігі туралы сол бір әңгіме түн ортасына дейін созылған. Қонақтар жатып демалған. Сәбит, Мәлік, Төлеген, тілшілер бәрі далада, алма бақтың астына төселген төсекке жайғасқан.

Үйде жатқан Жамбыл тиышсызданып баласы Тезекбайды ұйықтап жатқан қонақтарға екі рет жібереді. Тезекбай бір рет барып, еш қайсысын оятпай қайтып барады. Әкесі оны тағы жұмсайды. Сәбит оянып кетіп:

— Тезекбаймысың, неғып жүрсің? — дейді.

— Тәтем жіберді, — дейді ол. — Ұйықтамай отыр. — «Далада жылан, шаян-кұрт деген болады, әлгі батырды шағып алып жүре ме, үйге әкеп жатқызыңдар» деп қоймайды.

Сәбең Тезекбайға былай деген:

— Тәтеме айт, ұйықтап демалсың де, оқ пен оттан аман келген батыр ондай-ондайыңнан қорықпайды де.

Олар азанда тұрса, ел жиналып қалыпты. «Жамбылға сәлем беруге сонау майданнан Мәлік батыр келіпті» деген хабар бір түннің ішінде ауылдан-ауылға лезде тарап кетіпті. Ауданның, колхоз, совхоздың басшылары, қариялар, әйел-еркектер, оқушылар жапатармағай әуелі атасының қолын алып, онан соң жуынып-шайынып бола берген Мәлікке, Сәбитке, Маршакқа, Төлегенге амандасты.

— Уа, Жәке, батыр балаң келіп, көзайым болдың ба?

— Той қылмайсың ба?

Ауыл адамдары осылай деп, Жамбылды қолқалап жатты. Жәкең де:

— Той қылма деп кім айтты? Мәліктей батыр балам келгенде істемеген тойды, қашан істейміз? Ал, бастандар тойды!

— Е-е, бәсе, кәне, той бастарды кім айтады?

Үмбетәлі селдір мұртын бір сипап алға шықты:

Баста десен бастайын,
Той бастаудан қашпайын,—

дей термелеп, сөзін Мәлік батырдың келу құрметіне арнады. Жұрт ду-у қол соқты. Онан соң Жартыбай ақын домбырасын сабалады. Ол Мәліктің майдандағы ерлігін сипаттады. Бір жігіт даудырап:

— Тәтемнің мына келіні әнді әдемі айтады, — деп, бір келіншекті ортаға сүйрелеп шықты.

— Қойшы, үлкен кісілердің алдында ұят болады, — деп ол шегіншектеп жүр. Көпшілік:

— Ұялма!

— Айтсын, айтсын? — деседі. Бұл Жамбылдың Ізтілеу деген ортаншы баласының үйіндегі келіні Берікбала еді. Майдандағы Ізтілеуден сол жазда «қара қағаз» келін, мұңлы боп жүргенді. Осындай шат-шадыманда көңілін бір көтеріп, сергісін дейтін болу керек. Домаланған сұлуша келген Берікбала шынында әнді тәп-тәуір айтады екен. Ол Балуан Шолақтың «Мақпалын» сызылтып шырқап берді. Ән шарықтап, аспандап кетті. Онан соң Жамбылдың Өмірәлі деген інісі кезек алды. Ол да қара жаяу емес екен. Жәкең айта беретін «Ой-хой жиырма бес» әнін әуендетіп бір қайырып тастады. Жұрт «Ой, пәлі-ай!» — десті.

Артынша Сатыш пен Тезекбай ортаға шықты. Екеуі ұстаса кетті. Шалысып жүр. Жұрт: «Олай сілте, былай сілте», «Шалып жық, алып жық!» — деп шулайды. Күреске қызып кеткен Жамбыл:

— Балуан Шолақ, шығар жігітіңді, жігітің жоқ болса, өзің түс күреске! Кәне, менімен күресесің бе? — дейді. Сәбит:

— Тәте-ау, жығылып қаласыз ғой.

— Жығылсам жер көтереді, Тезекбай-ай, бері кел, қолтығымнан демеп жіберші?

Жәкең осылай деді де, Сәбитті барып қапсыра құшақтап, олай-былай жұлқылады.

— Ай, мынау шалың ойнайды десем, шындап барды, — деп Сәбит күліп қояды. — Тәте, шындасам жығып кетер едім, жасыңызды сыйлап жүрмін.

— Аямай-ақ қой, — деп Жамбыл оны жұлқылай түседі. Бұған жұрт мәре-сәре болып күліседі. Бәрі Жәкеңнің бүгін көңілденіп, арқа-жарқа болғанына мәз. Осылайша тамаша-тамашаға ұласқан.

Дастарқан басындағы әңгімені де Жамбыл қыздырды. Ол өткен-кеткеннен әңгіме қозғап, бірде өлеңмен термелесе, енді бірде қара сөзбен пернеледі.

— Ертеде Дәурен сал, Өтелбай сал дегендер өтіпті, —

дейді ол. — Дәурен жастау. Өтелбай мына мен сияқты шалдау болса керек. Екеуі өнер жарыстырыпты, бірін-бірі жеңе алмапты. Атпен жарысыпты. Дәурен озып, Өтелбай артта қалып қойыпты. Қыз-жігіттер қараң тұрыпты. Сонда ел оны: — «Салбаң-салбаң етеді шалы құрғыр — жарыспай-ақ қоймай ма ол антұрғыр» — деп мазақ етіпті. Бір уақытта Жамбыл Төлегеннің қасында отырған аудандық атком төрағасына қарап:

Мына отырған исполком,
Ашуы келсе, ақырады.
Шапшаң кел деп шақырады.
Шақырғанға бармасаң
Жатады да бақырады,—

деді. Ел тағы дуылдап кетті.
Бір кезде ол:

Сақалы сары алтыннан, мұрты жезден,
Сауықтан қалған емес, мына жезден.
Зәуімен оңашасын кеп қалғанда,
Өзіндей салулы едім, бота көзден! —

деп елді тағы бір ду-ду күлдірді.

Жұрттың неге дуылдап кеткенін түсініксіз қалған Маршак Сәбиттен сұрап жатыр. Сәбит өлеңді жолма-жол аударғанда барып, ол қол соғып, Жәкенді арқасынан қақты. «Молодец Джамбул» деді де, «можно еще раз повторить?» деп өтінді. Сәбит әлгі бір ауыз өлеңді қайталап берді, Маршак қойын дәптеріне жазып, «жезден», «жездең», «бота көзден» деген ұйқастың астын сызып қойды. Шамасы, кейін аудармасын сұрап алмақ болса керек. Ол Жамбылдың «Үйірілген сары алтындай сары қымыз, Ауруға — ем, сауға — қуат, дәрі қымыз» деп басталатын жырын тәржімалағанда да осы тәсілді қолданған-ды. Дастарқан жиналды.

— Жәке, батыр ертең жүрмекші, майдандағы балаларыңызға не сәлем айтасыз?— деді Төлеген Тәжібаев.

— Дұрыс айтасың, балам,— деді ол. — Өзім де батыр аттанарда не айтсам екен деп түнімен толғанып шықтым:

... Жасымнан сірә, кайғылы,
Жаудан алар кегім бар.
Кек алатын ерім бар.
Ер қаруын сайлаған,
Жеңіске белін байлаған,
Қаһарлы қалың елім бар,—

деп, ол домбырасын күйлеп, кәрі даусын бір кенеп алды.

... Өнкей батыр егесте,
Тайсалмасын, таймасын.
Қанын судай ағызып,
Батысқа жауды айдасын
Батырларға сәлем айт!
Көктен келген дұшпанға
Қара жерді қаптырсын.
Судан келген дұшпанның,
Кемесін суға ақтырсын.
Жерден келген дұшпанды.
Ақ қарда ажал таптырсын.
Батырларға сәлем айт!
Батырым Мәлік беренім!
Жүйрігім озған өренім.
Халқы сүйген қалаулым,
Жырымды саған төгемін...
Жолың болсын шырағым,
Балаларға сәлемде!
Күнде түріп құлағын,
Күткен кәрі бар елде.
Хиуада жатсам да,
Соларға үн қосамын.
Сөнер күндей тартсам да,
Соларды мен тосамын.
Ата жауды талқандап,
Аман барып, сау қайтқын,
Осы болсын жоралғым ¹...

Жамбыл сәлемін осылай аяқтай берді. Мәлік оны ба-
рып құшақтап қайыр-қош айтысты.

— Сәлеміңді майдан жауынгерлеріне жеткіземін, Жә-
ке. Біз жеңіспен оралғанша аман-сау болып, жырлай бе-
ріңіз!

Қонақтар жүрмек болып орындарынан тұрысты. Бәрі
Жамбыл атасының қолын алып қайыр-қош айтысты. Же-
ңіл машиналар жылжып келіп, сап түзей қалды. Мәлік-
тер машинаға отырып, жүріп кетті. Ауыл адамдары қол-
дарын бұлғасып қала берді.

БАУЫРЖАН БАРҒАНДА

Жазушылар Одағынан шыға бере, Бауыржан өзгелер-
ден окшаулана берді. Қасынан қалмай келе жатқан ма-
ған ол:

— Менде шаруаң бар ма? — деді.

— Ия, Бауке, — дедім, мен. Жамбыл жөнінде естелік

¹ Жамбылдың бұл өлеңі байырғы журналист-педагог Б. Әлима-
нов естелігінен алынды.

жинап жүр едім, соған кездескеніңізді айтып берсеңіз...

— Мен ол шалдың әуелі өлеңімен кездестім, — деді, ол — бұл майдан кезінде, Москва түбінде болатын. Кейін өзінің алдында да болып сәлем бердім. Мұның бәрін саған жол үстінде айта алмаймын, уақытым жоқ, понятно!

Мен үндемей қала беріп едім, ол екі-үш қадамдай алға жүрді де, артына бұрылды.

— Слушай, мұнда кел?

Мен қасына жүгіріп бара қойдым.

— Сен менімен бірге жүр.

— Мақұл Бауке, қайда?

— Магазинге.

Мен түсініңкіремей «шыны ма» деп, бетіне қарадым.

— Немене, арақ магазиніне деп тұрсың ба, сағат магазиніне деймін. Ясно тебе!

— Түсіндім, мақұл Бауке...

Екеуміз Коммунист проспектісімен төмен қарай келеміз. Бір көшеден өткен соң ол сәл кідіріп темекісін тұтатып, бүрк еткізді.

— Кеше, — деді ол — ауылдан бір шал келіпті. Қасында баласы бар. «Осы баламды оқуға түсіріп бер» дейді. Бар шаруасы сол. Мен: «Мұғалім емеспін ақсақал, «Жетектеген ит аңға жарамайды» деген. Бұл дурак сонау Жуалыдан сені сүйрегенше, өз білімімен келіп түспей ме?» — деп, баласына зекідім. Сөйттім де: «Үйге келген кісіге үйдей дауынды айтпа» деген, көңіліне алма, «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады». Мына алдандағы тамақты же-дағы ауылға қайт» — дедім. Өкпелемей кетсін деп, шалға шапанымды, баласына сағатымды шешіп бердім. Енді міне өзім сағат іздеп келемін.

Екеуміз жүріп отырып «Вымпел» магазиніне кірдік. Витринаға қараймыз. Сағаттың не бір түрлері тұр. Көздің жауын алады. Сағат іздеп келгенімізді сезген кертіш танау, аққұбаша қыз жалт-жұлт еткен алтын сағатты маған көрсетті:

— Мынаны алыңыз.

Бауыржан оған:

— Сағатты ол алмайды, мен аламын, маған лайықтысын көрсет.

Әлгі сатушы:

— Онда сізге мынау лайық, — деп, шынжыр бауы бар, танадай қалта сағатты нұсқады.

Баукең сатушы қыздың бұл қылығын жақтырмай:

— Молчать! — деп, оған көзін алартты.

Қыз зып етіп, түкпіргі бөлмесіне кіріп жоқ болды. Енді екі жағына екі көде шөп жапсырып алғандай бір сопақ бет мұртты жігіт шықты.

— Сізге не керек?

— Маған сағат керек.

— Қазір, — деп, ол суырмадан 3—4 қол сағат алып алдымызға қойды — таңдаңыздар. Баукең:

— Осы біреуін алайық, — деді де, ол чек жазғызып кассаға кетті. Осы кезде мен сатушыға:

— Бұл кісі полковник Бауыржан Момышұлы, — деп едім, әлгі сидан жігіт:

— Ә, ә, әлгі «Волоколамск тас жолы» кітабындағы Бауыржан ба?» — деп, оған «кешіріңіз» деп, жалпақтай бастады.

Не керек сонымен сағатты алдық. Оны Баукеңнің қолына тақтық. Былай шыққан соң мен:

— Такси ұстайын ба?

— Жок, жаяу жүремін.

Октябрь көшесімен келеміз.

— Ал, Академиянда не жаңалық бар?

— Бір жаңалық, — дедім мен. — Жамбылдың 125 жылдығын өткізгелі жатырмыз. Мәскеуден Рождественский, Өзбекстаннан Миртемір, Тәжікстаннан Турсын-заде, Қырғызстаннан Үмбетәлиев келді. Кешкі самолетпен Кугультинов, Кулиев келеді деп жатыр. Шетелдерден де көп қонақтар келе жатқан көрінеді. Кеше қонақ үйде Турсын-задеге, Үмбетәлиевке жолықтым. Жамбыл жөнінде айтқандарын жазып алдым. Енді өзіңізден...

Ол бүркіт көзімен маған бір қарап алды. Әзір ештеңе дей қойған жоқ. Тағы да темекісін бұрқ еткізді.

— Мен айтарымды айтқанмын.

— Кімге?

— Әзілханға, сен оны білесің бе?

— Е-е, білмегенде ше; Бауке, — дедім, жалма-жан — ол менің майдандас досым, ол қызмет еткен 100-бригада біздің 30-гвардиялық полкпен бір майданда қанаттас шеп құрып, талай рет неміс фашистеріне қарсы шабуылға шыққанбыз, кейін екеуіміз Қазақ кеңес энциклопедиясында бірге істедік қой.

— Ендеше, содан барып сұрағын, — деді, Баукең. — мен бір айтқан сөзді қайтып айтпаймын. Понятно! Ол тағы да түсін суытып маған бір қарап алды да, сөзін жалғады.

— Сен оны қой, одандағы мынаны тыңда:

— Москва түбінде генерал-майор Иван Васильевич Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясының фашистер армиясымен табан тіресе, беріспей шайқасқанын өзің білесің 28 батырдың төрт сағат бойы беріспей жау танкісінің жолын бөгеген күнінің ертеңіне біздің дивизия 8-гвардиялық дивизия аталып, Қызыл Ту орденімен наградталды. Одан кейінірек 1073 полк — 19-гвардиялық атқыштар полкі, 1075 — 23, сендердің 1077 полктарың — 30, 857 артеллериялық полк — 27-гвардиялық артполк болып аталды. Неміс фашистерінің бетін қайтарған сол шайқаста ерлік көрсеткен көптеген солдат, командирлер орден, медальдармен наградталды. Осы жойқын соғыста біздің гвардияшы атанғанымызды жазамыз деп тілшілер келді. Соның бірі «Правданың», әскери тілшісі өзіміздің Павел Кузнецов. Мен оған:

— Оны қой, сенен бұрын Александр Кривицкий, Александр Бек келіп кеткен, — дедім.

— Әдейі тапсырмамен келіп едім, — деп Павел, қиылып тұрып алды.

Мен оған:

— Ертең 19-гвардиялық полкты сапқа тұрғызып құттықтау сөз айтамын. Сен сонда өлең оқы.

— Қандай өлең?

— Гвардияшылар туралы.

— Ондай өлең менде жоқ қой, Бауке.

— Атаң Жамбылда бар емес пе?

— Ия, Тәтемде бар. Бірақ, оны мен аударған жоқ едім.

— Кім аударды?

— Менің орныма қалған Тарловский.

— Ендеше соны оқы. Есінде болсын, оқығанда екі тілде бірдей қазақша, орысша оқисың!

Мен Павелге осыны айттым. Ол:

— Құп болады, жолдас командир, — деп, өкшесін сарт еткізді де, штабка кетті.

— Ертеңіне орман ішінде полкты сапқа тұрғыздым. Штабтан екі-үш офицерлер келді. Олармен бірге Кузнецов та келді.

— Он тоғызыншы полктың солдаттары мен командирлері! Менің батыр қырандарым! Сендердің гвардияшылар атанғандарың құтты болсын! Енді осы құрметті атаққа сай жаумен соғысыңдар! Неміс фашистеріне өлім! Жеңіс үшін!

Осылай деп полқыма қысқаша құттықтау айттым. Саптағылар:

— Совет Одағына қызмет етеміз!— деп, қара орманды жаңғыртты. Менің құттықтауымнан кейін шайқаста ерлік көрсеткен солдат, командирлерге награда тапсырылды. Мен оларды орден, медальдарымен құттықтадым да, былай дедім:

— Енді Жамбыл аталарының сендерге арнаған өлеңін Павел Кузнецов оқиды. Ол менің қасыма келді де, әуелі орысшасын оқыды.

... Громче, чем гвардия не слыхал
Ярче, чем гвардия не встречал,
Слаше, чем гвардия не твердил,
Тверже, чем гвардия, не чертил,
Чище, чем гвардия не вдыхал,
Если такое слово из слов
Стало наградой целых полков.
... Құрсанғандай күш-куат,
Гвардия — деген ат,
Беріліпті ерлерге.
Қан майданда таймаған
Атақты талай аттарда
Мұнан күшті ат бар ма?
Жауынгерлік жүрекке
Бұл аттан тәтті зат бар ма?

— деп, оқып шықты.

Павел орысшасын бар даусымен екпіндетін айтты да, қазақшасына келгенде кібіртіктеп, тілі шыққан балаға ұқсап көмескілеу оқыды.

Мең оған:

— Өлеңді маған бер? — дедім. Ол төрт паракка жазылған Жамбыл өлеңін маған ұсынды. Қазақшасын алдым да өзімнің гүжілдеген ер даусыммен саптың басаяғына жететіндей етіп борандатып, дауылдатып оқып шықтым. Менің мұныма солдаттарым, әсіресе, қазақ, қырғыздар риза болған сияқты. Міне, мен Жамбылмен алғаш рет осылай кездестім. Бұл әңгімені тек саған айтып отырмын. Кейін Жамбылдың гвардияшыларға арнаған осы өлеңімен біздің дивизияға жіберген арнауың әлденеше рет солдаттар арасында айтып жүрдім. Оның Ленинге арнаған «Күнсіздерге күн болған, жер жүзіне нұр болған», Ленинград қабырғасына плакат болып ілінген «Ленинградтық өренім, мақтанышым, сен едің» деп басталатын жырларын кім білмейді?

Бауыржан осылайша жатқа білетін Жамбыл өлең жолдарының кейбірін тақпақтап, мәнерлеп қайталады

да, темекісін тағы бір бұрқ еткізді, сөзін де жалғай түсті.

— Жамбыл дегенің бұл ілуде дүниеге бірақ рет келетін самородок қой. Ол маған қарап «самородоктың қазақшасы қалай?» деп, сұрады. Мен қапелімде не дерімді білмей «сап алтын», «табиғи дарын» дедім. Ол қанағаттанбады-ау, деймін, басын шайқады да, сөзін жалғады.

— Ал сендер оның бағасына әлі де жете алмай жүрсіндер. Кәне, өзің айтшы? Жамбылды жинап жүрміз, зерттеп жүрміз дейсіңдер? Бізде оның көркем образын жасаған қандай прозалық, поэзиялық шығарма бар? Ол маған, сұсты бүркіт көзімен қадала қарады. Мен:

— Кузнецовтың «Мұратына жеткен адамы» бар ғой, Бауке.

— Оны мен көркем роман деп есептемеймін. Міне, роман деп, Әуезовтың «Абайын» айт. Мен саған осындай кесек дүние жазылса деп келемін. Понятно?..

— Ия, рас, рас, Бауке, — дегеннен басқа мен ол кісіге ештеңе айта алмадым.

Түс ауа бере Қарл Маркс, Гоголь көшелерінің қиылысындағы төбесінде «Радиотехника» деген ірі жазуы бар Баукеңнің жаңа үйінің ауласына кіре бергенде мен:

— Кузнецовтың сізге берген сол қолжазбасын көшіріп алсам рұқсат етесіз бе? — дедім.

Ол темекісін бұрқ еткізді де:

— Осыдан бір айдай бұрын архивтің бір адамы келіп, біраз жазбаларымды қабылдап алып кеткен. Соның ішінде кетсе керек. Оны архивтен іздеп аларсың.

Мен Баукең ағамен қоштасып, жайыма кеттім. Кешікпей мемлекеттік архивке де бардым. Бауыржан біраз материалдарын өткізген екен. Ішінде 8-гвардиялық дивизияның жорық жолдары, генерал И. Панфилов жөніндегі мемуарының және академияда оқыған лекциясының көшірмесі, тағы бір папкада әркімдерге жазған хаттары, олардың жауаптары сақталыпты. Тағы бір 1432 фонды, опись — 2 деген папкада дивизия штабымен өзі басқарған 19-полк арасында жазылған хаттар, баяндама көшірмелері, П. Кузнецовтың полковник Бауыржанға барғандағы жолжазбасы, Жамбылдың «Совет гвардияшыларына» деген өлеңінің қолжазбасы тұр. Оған қоса Баукең 1959 жылы ақпанда Шымкент қаласындағы № 26 Жамбыл атындағы қазақ орта мектеп оқушыларымен кездесу кешінің материалдарын да тапсырыпты. Мектеп оқушыларының қолымен төрт көз дәптер парақтарына жазыл-

ған протоколда мектептің әдебиет пәнінің мұғалімі Ильяс Құрманбаевтың жазушы Б. Момышұлының творчествосы туралы баяндамасы, кездесуде сөйлеген 10 класс оқушысы Мүтен Оспанов, 9 класс оқушылары Мәрия Есімова, Жаңылыс Құдайбергенованың сөздері жазылыпты. Протокол соңында Бауыржанның мынадай қысқа сөзі келтіріліпті:

— Балалар мен сендерге — мынау ұстаздарың сияқты жұп-жұмсақ етіп ұзақ сөйлей алмаймын, оны ескеріп қойыңдар. Совет Армиясы қатарында отыз жылдан астам қызмет еткен әскери адаммын. Иә, солай, қаттырақ айтсам көңілдеріне алмандар. Менің сөзімді солдаттарша тыңдаңдар. Сендер де ертең солдат боласыңдар. «Өгізге туған күн бұзауға да туады». Так-с-с, осы бастан дағдылана беріңдер.

Мектептерің Жамбылдың атында екен. Мұндай зор атақты кез келген мектепке бере бермейді. Так что, Жамбыл атағын жоғары ұстандар. Оның атына кір келтірмендер. Жақсы оқыңдар, әскердегідей тәртіп сақтаңдар. Халқымыздың болашақ Абайы, Жамбылы, Қанышы, Күләші, Мұхтары, Мәлігі, Әлиясы, Мәншүгі, Талғаты сияқты азаматы болып ер жетіңдер. Ал, мен өзім туралы сендерге ештеңе айтпаймын. Оны кітаптан оқып жүрген шығарсыңдар. Доклад окончен!

Жамбылдың көзі тірі кезінде Бауыржан оған тағы бір соғып, сәлем бере барған. Осы кездесуді ақынның немересі Әлімкүл былай еске алады:

— Қырық үшінші жылдың шілде айы. Егіс жақтан үйге келсем, ауылдағылар, «Алматыдан батырлар келе жатыр» десіп жүр. Дереву Тәтемнің үйіне жеттім. Сөйтсем, аудан басшылары музей алдында тұр екен. Орталарында Тәтем. Сөйткенше бір «Волга» келіп тоқтады, ішінен үш әскерше киінген адам түсті. Танып тұрмыз: Бауыржан мен Мәлік. Қасындағы ертіп жүрген — өзіміздің военком Тілек Мергенов. Ол дереву Тәтемнің қолын ала беріп:

— Бауыржан Момышов, Мәлік Ғабдуллин, — деп таныстыра бастап еді, Бауыржан:

— Отставить, Момышұлы деп айт! — деп оған ұрсып тастады. Мергенов қызарақтап «кешіріңіз, Момышұлы» деп сөзін түзетті. Олар үйге кіріп отыра бастады. Тәтем домбырасын шертіп:

Түсінгенге шырағым
Кәрілік те кәріп пе?
Деп жүр едім батырлар,

Сағынғанда кезіксе,
Таныстырды комиссар
Бауыржан мен Мәлікке...

Тәтем осылай деп біраз айтты да, домбырасын жанына сүйеді. Өленнің осы бір жері ғана есімде қалыпты».

Сол кездесуге қатысқандар сөзіне қарағанда әңгімесұхбат бір күн, бір түнге созылған. Алматы облыстық әскери комиссары Мергенов өзі ертіп барған Бауыржан мен Мәліктің қай жерлерде кездесуде болғанын, олардың майдандағы ерлігін баяндаған. Жиналғандарға Мәлік — Төлеген Тоқтаровтың батырлығын баян еткен. Бауыржан — генерал Панфиловтың байсалды, ақылды, тапқыр командир екенін айтқан. Ол сөзінің соңында былайша толғанған:

Панфиловтай қолбасшы
Ел ерлерін бастаған,
Қандай қиын болса да,
Қалтырап, ешбір саспаған.
Қауыпке қарсы мәрт тұрып,
Қиындықтан қашпаған.
... Қаршығадай, қырандай,
Дұшпанға тиіп ұрандай
Ту көтеріп майданда
Ел намысын қолға алған.
... Қолбасшы болсаң, сондай бол,
Жосылып жатқан жолдай бол.
Қайрат етер мезгілде,
Жүк көтерер нардай бол.
Ақыл айтар мезгілде,
Жүз жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатынап түскен жайдай бол.
Мейірім түсер мезгілде,
Ағарып атқан таңдай бол.
Жауды бөгер кезінде,
Көлденең жатқан ордай бол.
Жауға төнер мезгілде,
Басатын ауыр сордай бол.
Сенсің қолың баладай,
Сүйсін сені анадай.
Отқа түссең бір түссін
Өлемін деп қарамай,
Шыбын жанын аямай.
Майданға бірін кіргізбе,
Біреуін мыңға баламай.
Қолым бар деп ойлама,
Миллионға мыңын санамай.
Кешегі өткен Панфилов
Қолбасшы еді осындай.

Бауыржан осылай деп бола бергенде, Жамбыл қасындағы отырған Мәлік пен Мергеновқа қарап:

— Мына батырың ақындарша сілтейді ғой, мүлдем тегі — деген.

Мәлік:

— Жәке-ау, не дегеніңіз, бұл ініңізде батырлық та, ақындық та бар ғой, — деп сөзін қуаттаған.

Кездесу соңында батырлардың құрметіне Үмбетәлі Қәрібаев, Есдәулет Қандеков, Жартыбай Қырықбаев арнауларын термелеген. Жамбылдың Өмірәлі Сәлімбаев деген інісі ағасының «Ленинградтық өренімін» әуендетіп, соңынан балалайкамен орысша частушкаға салған. Өмірәлінің бұл өнеріне барлығы қол соққан. Мектеп оқушылары кернейлетіп, барабандатып батырларға рапорт берген. Бауыржан мен Мәліктің мойындарына алқызыл галстук тағып, оларды құрметті пионер қатарына қабылдаған.

Бұдан соң қонақтар дастарқанға шақырылған. Ас-су ішіп болған Жамбыл қол жайып бата берген. Батырларға жол болсын айтар алдында ол Төле бидің мына бір нақылын айтқан:

— Тоғыз жасар Төле тоқсандағы Жетес биге сәлем бере барыпты. Сонда Жетес былай деген екен:

— Бата басқа, қына тасқа, ақыл жаста, не қалайсың балам, — депті. Сонда Төле бала:

— О, қасиетті баба. Ат берсеңіз өліп қалады, тон берсеңіз тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз соған ризамын.

— Онда қолыңды жай балам, — депті Жетес:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол.
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса, өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе көпшілікті сағала.
Өзіңе — өзің кәміл бол.
Халқыңа әділ бол!
Жауыңа қатал бол!
Досыңа адал бол! —

— Міне, батыр балаларым, менің батам осы болсын. «Аумин» деп Жамбыл бетін сипапты. Бәрі «Жақсы бата екен, қабыл болсын» десіп тарасады. Қашанда халық ауыз әдебиетін құмарта тындап, жинап жүретін Мәлік бұл бата сөзді дәптеріне жазып алады.

Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы қырық төртінші жылдың қаңтарында екі айлық демалысқа шығып Алматыға келеді. Оны вокзалдан жазушылар, өнер адамдары, қала тұрғындары зор құрметпен қарсы алады. Ертеңіне Сәбит Мұқанов оны қонаққа шақырады. Бауыржанмен танысып, әңгімесін тындаймыз деп сол кешке Сәбеңнің шақыруымен Мұхтар, Қаныш, Ғабит, Ғабиден, Күләш, Серке, Әбділда, Иса, Әлжаппар тағы бірқатары қатысады. Бауыржан 8-гвардиялық дивизияның жанқиярлық жаппай ерлігін айтады. Жазушылар ауылдағы табыстардан Бауыржанды хабардар етеді. Б. Момышұлы сол жолы Қаныш пен Мұхтардың ұсынысы бойынша ғылым академиясының кең залында 4 күн лекция оқиды. Театрларға барады. 8-гвардиялық дивизия батырлары туралы қойылып жатқан «Намыс гвардиясын» көреді.

Туған ауылы Жуалыға соғар алдында Сәбит Мұқановтың ұсынысымен Жамбылға барып сәлем береді. Осының бәрін киножурналдардан көріп, газетке жазылған хабарлардан оқып жүрсем де, өз айтуынан тындайын деп:

— Жамбылға қалай барғаныңызды айтасыз ба? — деп сұрадым. Ол менің бетіме қарады. Қарағанда да жай қарау емес, түсін суытып жіберді.

Тікен мұрты тікірейіп кетті, Бүркіт көзі өңменімнен өтіп барады.

— Осы зерттеуші дегендерің тергеушіден жаман. Әрнәрсені сұрап қыр соныңнан қалмайды. Мен бір айтқанымды қайтып айтпаймын деп сөз басында ескерттім ғой саған, понятно!

Мен не дерімді білмедім, іштей тұншығып өзіме де сол керек деп, енді оған тіл қатпауға тырыстым, тағы бірдеңе десем, әлгідей сөздің енді көкесін есітермін, дедім де, қайыр-хош айтысып үйге қайттым.

Қелдім де Әзілхан Нұршайықовтың «Аңыз бен ақиқат» романын тағы бір ақтарып қарасам, онда былай деп жазылыпты:

«Екі ай демалысыңыз біткеннен кейін Алматыдан бірден майданға қайттыңыз ба, Бауке?»

Бауыржан: Екі айдан асыңқырап қайттым. Жолда Жуалыға соқтым. Одан бұрын, енді бірер күнде қайтамын деп әзірленіп жүргенімде бір күні Сәбит:

— Әй, Бауыржан, мен бір білместік істеп алыппын, кешір ұят-ай, ұят болды, — деді сол үйден түстік ішіп отырғанымызда.

— Не боп қалды, Сәбе?

— Біз бүгін кешке қарай Жамбыл қарттың ауылына барып келейік. Жәкеңнің алдын көріп, сәлем беріп қайтқаның орынды болады.

— Жарайды.

Сол күні кешке Ұзынағашқа бардық. Жамбылдың үйіне кіріп, бір бөлмесінде жантайып жатқан жұдырықтай ақсақалға сәлем бердік.

— Тәте, баяғы Ғазіреті Ғали сияқты, майданда жауды жайпап жүрген Бауыржан деген батыр баланыз осы, — деді Сәбит Жамбылдың құлағына дауыстап. — Талай немісті қырып салған нағыз ердің ері. Соғыстан келіп еді, енді соғысына қайта кеткелі жатыр. Сізге сәлем беріп, батаңызды алып кетемін деп келді.

Жамбыл менің бетіме сығырая қарады. Оның сынап отырғанын байқап, мен де қабағымды түйіп, оған ежірейе қалдым. Содан соң Жамбыл Сәбитке қарай мойнын бұрды да:

— Мына қызынды... — түсі тым суық екен, батыр болса болар, — деді.

Сәбит қарқ болып оған күліп жатыр. Менде үн жоқ. Жамбыл күлместен маған қайта қарады.

— Батыр болсаң сен Өтеген мен Сұраншыдан күштімісің, соны айтшы? — деді.

Мен ойланбаған жауап бердім.

— Өтеген қаптап келе жатқан өрт сияқты да, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүннеде от пен судан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына пар келе алмаймын. Мен — оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке, — дедім.

Жәкеңнің өлеңінде өзі айтатын «борға малған» сақалы шошаң-шошаң етіп қалды. Ол атамыздың күлгені екен. Енді көзі шырадай жайнап, жылы ұшқын шашып, тағы да Сәбитке қарады.

— Әй, Балуан, мынауыңның түрінде ғана емес, тілінде де бірдеңе бар екен, қонындар, — деді. Жәкең Сәбитті мол денесіне байланысты ылғи осылай, Балуан Шолақ

деп атайды екен. Жамбыл «Балуан Шолақ» десе, Сәбит «Ау, Тәте» деп жауап береді...»

Осылайша ақын мен батырдың кездесу сұхбаты басталып кетеді. Жамбыл балаларына келген қонақтарды жақсылап күтіп алуды тапсырады. Әкесінің бұл сөзін ұққан Тезекбай шөпханада көптен бері байлаулы тұрған ай мүйізді ақ қошқарды табалдырық алдына жетектеп келіп «Аумин» деп бата сұрайды. Сонда Жәкең:

— Әй, Балуан Шолақ өзің жасаушы ма едің, әлде батырдың беруші ме еді батаны?

Сәбит:

— Ойбай Тәте өзіңіз жасаңыз, сіз тұрғанда бата беру қайда?

Жамбыл қолын жайып:

Батырдың жолы болсын,
Самсаған қолы болсын
Түсі де суық екен,
Жауына долы болсын.
Жортқанда жолы болсын.
Ісінің оңы болсын.—

аллахуэкпар, — деп, бетін сипап бата береді. Тезекбай ақ қошқарды жайғауға алып кетеді. Келіндері қазан көтеріп, ас-су қамына кіріседі. Осы кезде олардың үстіне Ғали Орманов барады. Ол:

— Екіндіде елге сүйкімді қонақ келеді деуші еді. Бір қадірлі қонақ келген-ау, тегі. Ой, мынау сойып жатқандарың Тәтемнің ең сыйлы қонақ келгенде соямын деп жүрген ай мүйізді ақ қошқары ғой, қарақтарым-ау. Ойбай, шарбысын-ай ақтарылып жатқан, тура бір керсен май түсіпті ғой. Айтсаңдаршы кім келгенін?

Ғали осылай дабырлай сөйлеп қонақ үйге бет алады. Бұл кезде Жамбыл мен Бауыржан жөн сұраса отырып, біраз әңгіменің басын қайырып тастаған-ды. Ғали алдымен Сәбитті көре сала:

— Ой, айналайын, жүрген жері құт-береке Сәбитімнің өзі екен ғой. Әйтпесе, Тәтем ай мүйізді қошқарды кімге союшы еді? Өзім де біліп едім-ау, — дейді дағы, алдымен Сәбиттің қолын алады. Сөйтеді де ол Жамбылдың оң жағында отырған Бауыржанға қарап:

— Мына литенат жігіт кім? — деп, Сәбитке қайта бұрылады.

— Ой, Ғали қарабассын сені, — деді Сәбит — лейтенант емес, полковник Бауыржан Момышұлы ғой. Қалай

танымай қалғансың өзің? Ғали ыңғайсызданып, мінгірлей сөйлеп:

— Ойбай, қалқам, сыртыңнан атыңа қанықпын. Тек мынау жұлдызға шорқақпын. Кешіре гөр, келші бетіңнен, — деп, ол Бауыржанның бетінен сүйеді.

Жамбыл Ғалиға:

— Ай, қара бұқашық, отыр енді, сөзді бөле бермей! Иә, батыр, сөйлей бер, сонымен 28 батыр кімдер еді? Ішінде біздің елдің жігіттері бар ма? Бауыржан:

— Иә, Жәке, бар. Алматылық Василий Ключков, Петр Емцов, қордайлық Николай Белашов, қарағандылық Нарсұтбай Есболатов, талдықорғандық Мұсабек Сенгірбаев, үштөбелік Николай Митченко, Қырғызстаннан Дүйсенқұл Шопақов, Елікбай Қосаев бар. Орыс, украин, қазақ, қырғыз жігіттері бәрі бір анадан туғандай бірлесе жүріп қасиетті Отанды, өзіңіз жырлай беретін Москваны қорғасты. Фашистердің қаптап келе жатқан елу шақты танкісімен қасық қаны қалғанша шайқасты. Бәрін тас-талқан ғып қиратты. Сөйтіп мұздай темір құрсаңған жауды алға бастырмай қырып салды. Өздері де мерт болды.

Бауыржан осыны айтып бола бергенде, сырттан Тезекбай келді:

— Кәне, қол жуыңыздар, тамақ дайын. Қонақтар қол жуысып, кең дастарқанды жағалай отырысты. Алдарына екі жерден үйеме табақ ет тартылды. Бәрі буы бұрқыраған етті қармап ала бастады. Тек Бауыржан ғана табаққа қол созбай отырып қалады. Оны байқаған Жамбыл:

— Делбе болған жылқыдай, қаңқайып мына қызталағың неғып ет алмай отыр, — деп Сәбитке иек қағады. Сәбит:

— Әй, Бауыржан, неге тамақ алмай отырсың, немене бөгіп қалғансың ба өзің?

Бауыржанның даусы енді қатаңырақ шығады:

— Жемеймін.

Сәбит «шыны ма» деп, оның бетіне қарады.

— Саған не болды?

— Ешнәрсе болған жоқ.

— Ендеше неге тамақ алмайсың?

Сонда Бауыржан былай депті:

«— Мен мұнда сыбаға жеу үшін келгенім жоқ. Сыбағаны немістерді жеңгеннен кейін жеймін. Ал мұнда ұлы Жамбылдың — соғыстағы бар солдаттың ұлы әкесінің сарқытын ішуге келдім. Ол үшін Жәкең анау тұздық-

қа сақалын батырып ұрттасын да, қалғанын табақтың үстіне құйсын. Мен етті сонда ғана жеймін. Және барлық солдаттарға Жәкеңнің сарқытын ішкенімді айтып барамын.

— Әй, мынауың дұрыс екен, — деді де Сәбит қарқылдап кеп күлді. Содан кейін Жамбылдың құлағына еңкейіп, менің сөздерімнің бірін қалдырмай айтып берді.

— Бұл қызталағыңның мұнысы да жөн екен, — деп Жамбыл басын ізеп, анадай жерде тұздыққа қарай қолын созды. Бірақ сақалымды батыратын мен суға еңкейген теке емеспін, мұртымды тигізейін. Мына батырыңа түсіндіріп айт.

Жамбыл сөйтіп ырымын жасайды. Оның әлгі сөзіне де отырғандар риза болысып күлісіп алады.

Сонымен Бауыржан Жамбыл атасының үйінде қона жатып, оның тұз-дәмін татып, жырын тыңдап, ертеңіне майданға бет алып жүріп кетеді.

1946 жылы Жамбылдың туғанына жүз жыл толуы кеңінен аталып өтті. Жамбыл аулына келіп, басына тағзым етушілерде қисап жоқ. Астанадағы салтанатты жиын тарқаған күннің ертеңіне Жамбыл аулына бір топ ақын, жазушылар барады, Арасында Мәскеу, Ленинград, Украина, Өзбек, Тәжік, Түркмен, Қырғызстан, тіптен шет елден келген қонақтар да болады. Мұхтар, Сәбит бастаған бір топ ақын-жазушылар мұражайды аралап, Жамбыл жатып дем алатын бөлмеге кіреді. Сонда Бауыржан бәрінен озып алға шығыпты да, Жәкең жамбастап жатын төрдегі кілем көрпе үстіне олай бұлай аунап жатып алыпты. Сәбит:

— Әй, Бауыржан, мұның не, ұят емес пе, бала болдың ба, тұр, — дейді.

— Несі ұят? — дейді Баукен. — Мен атамның қара шаңырағына келіп, аунап-қунап, оның аруағына сыйынып жатырмын.

— Қара шаңырақ.

— Қара шаңырақ.

— Как переводится?

— Осылай десіп Снегин, Брагин және шет елдің бір қонақтары қасындағы қазақ ақын, жазушыларынан сұрасып жатады.

— Черный потолок,

— Черная крыша,

— Первая юрта,

десіп, дәл аудармасын таба алмай жатқандарға Бауыржан:

— Отчий дом, — деп, бармағын көрсетеді.

— Дәл тапты, — десіп бәрі оған риза болады. Сол айтқан қара шаңырыққа Бауыржан кейін талай барып жүрді.

ҚАЛМАҚАН ҮЙІНДЕ

Бүгін де біраз жыр қағаз бетіне түсті. Тышқанның ізіндей арабша жазылған нөпір қағазды жинады да, Қалмақан Әбдіқадыров Алматыдағы үйіне телефон соғуға кетті. Жамбыл болса жадағай шапанын иығына жамылып бау-бақшасын аралауға шықты. Түс мезгілінде екеуін ақынның келіні Берікбала шайға шақырды. Ақын мен хатшы қатар отырып дәм алды.

— Үйіңмен сөйлестің бе? Келінбала не деп жатыр?

— Ия, тәте сөйлестім. Келінісіз сізді қонаққа шақырады. Үйге палуан келіпті.

— Қай палуан?

— Қажымұқан.

— Е, е, ол дәу қайдан жүр?

— Былтыр күзде Шымкентте жолығып, біраз әңгімелескенім бар еді. Сонда Қажекең Алматыға барамын. Қалған әңгімені сол кезде айтармын деген-ді. Палуан жөнінде кітап жазбақшы едім. Сол уәде бойынша келген ғой.

— Бұл талабың жөн екен. Қазағымның Қажымұқаны жазуға әбден тұрарлық палуан ғой мүлдем тегі.

— Тәте, сізде жүрініз? Көптен бері реті келмей жүр еді. Қонағым болыңыз?

— Қашан?

— Дәл қазір.

Осы кезде сырттан Сатыш кіріп келді. Жамбыл оған қарап:

— Қалай етеміз, мынау Қалмақан үйіне шақырып отыр. Ана жылы «Сұраншыны» жазып алғанда да шақырып еді. Онда да бармап едім. Енді болмас өкпелеп жүрер. Әлгі сенің шаруаң не боп жатыр? Сатыш:

— Ой, Тәте-ай ауылдағы шаруа қайда қашар дейсіз. Ертелі-кеш біте жатар.

— Ендеше барайық, сен де жүр?

Жамбыл сәл ойланып сақалын салалап тұрды да хатшысына қарады.

Әй, жазушы Қалмақан!
Өкпелерсің бармасам.
Адасам деп қалада
Сатышыма жармасам.
Қажымұқанмен жүздесіп,
Ұзақ жатып қалмасам.
Қарақыпшақ Қобыланды,
Батыр еді арғы атаң.
Өлең айт деп мазамды,
Жақсы болар алмасам.
Таяқ жейсің Жамбылдан,
Осы жолы алдасам!

Қалмақан мен Сатыш бұған қарқылдап күлісіп алды. Сонымен ақын Алматыға жүрмек болды. Шофері Нағашыбекті алдырып, машинасын даярлатты. Түс ауа бере Қалмақан, Сатыш және оның үлкен баласы Әлімқұл бәрі астанаға бет алды.

Қаланың Қарл Маркс көшесіндегі Қалмақан үйіне келгенде төрде дөңбектей болып Қажымұқан палуан жатыр еді.

Жамбыл кіріп барғанда ол орнынан тұрып:

— Ой, қасиетіңнен айналайын Жәке!— деп, оны құшақтап, сақалынан сүйді.

Жәкең де:

— Палуаным-ау, қайдан жүрсің? Үй-ішің аман ба? — деп оның қақпақтай арқасынан қағып-қағып қойды.

Тар бөлме. Еденге түсті киіз, көрпеше төселіпті. Терезе алдында шағын ғана жазу стол. Оның үсті үйілген ескі кітаптар, арапша жазылған қағаздар. Жәкең жақын барып, былғарымен қапталған бір кітапты қолына алды.

— Бұл не кітап?

— «Мың бір түн» ғой.

— Әлгі біз айта беретін «Мың бір түн» бе?

— Ия, Жәке, дәл өзі. Сіздер айтып жүрген жыр ғой, бұл қара сөз, әңгіме.

— Мұны не қыласың?

— Аударып жүрмін, бірінші кітабын келесі жылы баспаға тапсырмақпын. Өзі төрт кітап болмақ.

— Кәне, оқышы?

Қалмақан аударған бірер парағын алып оқи бастады.

— Ей, ұлы бақытты патшам, қарындасынан бір түнде айрылған Зауал-Мәкен деген бала кірекештерге еріп Бағдатқа барады. Түн болады. Өзге кірекештер ұйықтап

жатқанда, әлгі бала кірпік ілмей қарындасын іздеп, зарлап отырады. Оның зарлы өлеңі қала әкімінің жаңадан түскен жас келіншегінің құлағына жетеді. Ол екі күзетшісіне:

— Түнімен өлең айтып шыққан баланы маған алып кел!— деп бұйырады.

Күзетшілер ұйықтап жатқандарды аралап жүріп, өлең айтып зарлап отырған баланы тауып алады.

— Жүр, сені ханым-бике шақырып жатыр!

Бала қорқады.

— Өлең айтқан мен емес. Бармаймын.

— Енді кім?

— Сенен басқа ояу адам жоқ, өлең айтқан сенсің, жүресің! Күзетшілер баланы сүйрелеп, ханым-бикенің шатырына алып барады. Шатырдың сыртында тұрып екеуі:

— Баланы әкелдік, — деп хабар береді. Шатырдың ішінен әйел:

— Өлең айтқан сенбісің?

— Ия, менмін.

— Өлеңінді қайталап айтшы? Құлағыма жағып барады.

Мұны есіткен баланың жүрегі орнына түседі. Ол «жазаға бұйыра қоймас» деп өлеңін айта беріпті:

— Мен бір қам көңілді бейбақ едім. Ата-анамыз жаугершілікте өліп, қарындасым екеуміз жетім қалып едік. Бір түнде сол қарындасымнан айрылдым. Соны іздеп осы шаһарға келдім.

Мұны есіткен ханым-бике шатырдың есігін серпіп тастап «Сен Зауал-Мәкенбісің» деп, ағасын құшақтап алыпты.

Қалмақан қағазын оқып болды да, столға қойды. Тәтем оған жымия қарады:

— Мынауың Құлмамбет екеуміз айтып жүргеннен басқа екен.

— Сіз қанша түнін айтасыз? — деді Қалмақан.

— Түн-пүніңді білмеймін, әйтеуір айта берсе, үш-төрт түнге барады ғой. Менен гөрі Құлмамбет ұзақ айтушы еді...

Ақын мен палуан қатар отырып ел аманшылығын жүрген-тұрған жағдайын сұрасады.

Көп кешікпей олардың үстіне Әліби Жанкелдин мен Омар Шипин келді. Бұларды Қалмақан бірге болсын деп әдейі шақыртқан-ды. Бәрі апыр-жапыр сәлемдесіп, аман-саулық сұрасады.

Сол отырыста алдымен майдан, соғыс жайы әңгімеленеді. Мәскеу түбінен жаудың беті қайтқаны, ондағы қазақстандық батырлардың жан қиярлық ерлігі сөз болады. Қажымұқан Жамбылдан:

— Былтырғы майданға жөнелткен балаңнан хат келіп тұра ма?— деп сұрады.

— Иә, Алғадайымнан хат алдым, — деді ақын — әзір аман-саумын, гвардияшы атандым, — депті.

— Бәрекелде, балаңның ерлігі баянды болсын.

— Өзі Сұраншы бабасындай батыр болыпты ғой.

Осылай деп Әліби мен Омар да Жамбылды қоштап қояды.

Әңгіменің бір үрдісінде Жамбыл қасында отырған Қажымұқанға бұрылды:

— Палуан інім, — деді ол — әлгі жапон палуанын жеңіп, бас терісің сыпырғаныңды айтшы? Біздің Мақыш¹ сенің:

Жайылған жер жүзіне менің ісім,
Адамды таңдандырған қара күшім.
Ойлаған өлтірмек боп Саркекидің
Сыпырдым түлкідей ғып бас терісін —

деген өлеңінді аузынан тастамайды. Жастыққа жамбастап жатқан Қажымұқан басын көтерді.

— Ол былай ғой, Жәке, — деп бір тоқталды. — Ресей палуандары Жапонияда өтетін жарысқа шақырылды, Иван Қорень бастаған бір топ палуандар поезбен жүріп кеттік. Жолшыбай олар әрқилы сөздер айтады: «Жапондардың бұл жарысының мақсаты не?» «Мақсаты — жер жүзінде күрестен бірінші орынға ие болу». «Олардың ең мықты Сар-ке-ки дегені бар» — дейді бірі. Иван Қорень маған қарап:

— Ендеше сол Сар-ке-кимен сен күресесің.

— Мен онымен күрескенмін, — деймін.

— Қашан?

— Ілгеріде, Парижда.

— Қайсың жеңдіндер?

— Әрине мен.

Жолшыбай осындай-осындай әңгімелермен бірнеше, күн жүріп отырып Токиоға жеттік. Поездан түскен бізді екі дөнгелекті жаяу арбаға мінгізбек болды. Мен:

¹ Мақыш Райымбеков — Жамбылдың жақын інісі. Өзінің ақындығы, палуандығы болған.

— Мінбеймін, — дедім.

Күтіп алушы жапон жігіті:

— Біздің елде құрметті қонақты жаяу арбамен тасиды. Әйтпесе ат арба да, машина да көп. Салтымыз осылай, — деді. Амал жоқ әр қайсымыз адам жегілген бір-бір арбаға міндік. Күнге күйіп кеткен қара жігіт мені қос дөңгелегімен ала жөнелді. Бар пәрменімен ол байғұс дедектеп келеді. Мен оған жаным ашып «жайырақ жүр» деймін. Түсініп жатқан ол жоқ. Көшенің екі жағы толған адам. Бәрі қолдарын бұлғап бізді құттықтап тұр. Қонақ үйге жетіп жайғастық. Бізден бұрын Қытай, Корея, Монғол, Түркия, Франция, Германия тағы бірнеше елдердің палуандары келген екен. Бәріміз танысып жатырмыз, Оңшақты күн жаттығудан өткен соң, күрес аренасына шықтық. Цирк бастығы жарыс басталады деп, ел-елдерден кімдердің келгенін хабарлады да, енді сіздердің алдарыңызға Жапонияның атақты палуаны Сар-ке-ки шығады, — деді. Оның бұл хабарлауын аудармашылар орыс, француз, қытай тілінде қайталады. Ортаға Сар-ке-ки шықты, жапондықтар:

— Сар-ке-ки, Сар-ке-ки! — деп айқайлап, қолдарын соғып, залды басына көтерді. Орта бойлы, қара мұртты, шып-шымыр палуан медальдары тағылған лентасын асынып алып ортада тұрды. Ол екі қолын бүйіріне таянып, көпке маңғаздана қарайды. Мен оны ә дегенде-ақ тандым. Кәдімгі өзім күрескен Сар-ке-ки. Ол оң қолын жоғары көтеріп:

— Мен өз елімде французша емес, жапонша күресемін. Кәне, маған кім шығады? — деп, өздерінің «Жибица» дейтін күресіне шақырды. Бұл күрестің әдісі мен шартын естуім бар. Онда жауырынды жерге тигізу шарт емес, күрескен палуанын әбден талдырып жығу. Кез келген жерін жұлып тастай беру, қылқындырып тұншықтыру, аяқ, қолын сындыру, қабырғасын күйрету, тіптен өлтіріп жіберсе де жауап бермеу.

Қажекеннің бұл сөзін тыңдап отырғандар «сондай да күрес бола ма екен» десті. Әсіресе, шыдамсызданған Сатыш «бұл жабайы тірлік қой, неге түстіңіз күреске» деп жатыр. Қажымұқан әңгімесін жалғай берді.

— Сар-ке-киге ешкім шыға қоймады. Ол тағы айқай салды:

— Ешкім шықпаса, жеңіс менікі. Келген палуандардың бәрі менен жеңілген болып саналады!

Намысты қойсаңшы! Ел намысы, ер намасы деген бар емес пе? Мен шапанымды иығымнан сілкіп тастап, орымнан атып тұрдым да «мен күресемін», — деп оның алдына жетіп бардым. Сар-ке-ки мені танып, әуелі қолымды алды. Иттің қолы темірдей екен, саусақтарымды күтірлетіп барады. Менде қатуланып оның қолын қыса түстім. Қасымызға екі арбитыр жетіп келді. Қолдарында қағаз, қаламы бар.

— Мынаған екеуің де қол қойыңдар!

— Не үшін? — дедім мен.

— Бір-бірімізді өлтіріп жіберсек, жауапты емеспіз деген акті. Қол қойдық. Олар жайына кетті. Судья екеумізді кілемнің екі шетіне тұрғызды да, ысқырық шалып қалды. Сар-ке-ки бір қарғып алдыма келді. Ұрыста-тұрыс бар ма, алыса кеттік. Сілкісіп жүрміз. Жұлқысып жүрміз. Бір кезде ол бұлқынып қолымнан шығып кетіп, анадай жерге барып тұрды. Мен оған қарсы ұмтыла бергенімде, ол орғып түсіп басымды сүйкеп өтті. Егер бұғып қалмағанда, мойнымды қылыштың қырындай қолымен қағып түсіре жаздады. Енді оның екі қолын аңдыдым. Өйтпесем болатын емес, қолы тиген жерін алып түсетін түрі бар. Ол тағы бір жолбарысша атыла бергенде, мен оның екі қолынан шап беріп ұстай алдымда, анадай жерге атып жібердім. Жығылмады, мысықты қанша лақтырсаң, аяғымен түсе береді ғой. Сол сияқты ол да аяғымен дік ете қалды. Сар-ке-кидің ызақор, күйгелек, кекшіл екенін білемін. Ол енді зуылдап келген күйі менің мойнымнан ала түсті. Ендігі амалы буындырып өлтірмек. Қысқа саусақтары менің жуан мойныма жетпей қалды. Кеудесінен итеріп кеп жіберіп ем, ол тәлтіректеп анадай жерге шегініп барды да, жүгіріп кеп тіземнен сарт еткізіп теуіп жіберді. Бұл оның аяқ сындыру әдісі екен. Көзімнің оты жарқ етті. Әйтеуір аяғым сынбай қалды, ашуым кеп кетті. Енді қолыма түссе, тура аяқтың астына салып, текпілеп өлтірмекпін. Ол ұстатпай ойқастай берді. Аяғымды сылти басып оны қуа жөнелдім. Сар-ке-ки лып етіп ту сыртымнан жармаса түсті. Мен оны оң жамбасыма ыңғайлағанша болған жоқ, темірдей қолымен басымды тырналап даладай қылды. Бір құлағымды жұлып әкетті. Үстімді қан жуып кетті. «Енді бір ұмтылсам шаруасы бітеді» деген оймен ол қайта шабуылға шықты. Орғып кеп тағы айқаса кетті. Ашу не істетпейді, мен бар күшіммен «я, пірім!»

деп, оны қапсыра құшақтадым да, жоғары көтеріп алып жерге гүрс еткіздім. Қайта тұруға шамасын келтірмей, басын жерге тұқыртып қолымды иегіне батырып жібердім де, бет терісін сыпырып тастадым. Осы кезде қоңырау сылдыры естілді. Сар-ке-ки жатқанынан тұрмады. Екі жапон оны зембілге салып әкетті. Біздің палуандар менің үсті-басымды сүртіп, танып, «ура, жеңіс!» деп басына көтеріп жатты.

Қажымұқан осылайша әңгімесін бітіре бергенде, Қалмақанның жұбайы Күлсән дастарқанды жаңартып қайта жайды. Қонақтар буы бұрқыраған үйеме табақ қазы-қарта, жал-жаяны ортаға ала берді. Қалмақанның Денес, Шадмұрат, Анар деген балалары және Жамбылдың немересі Әлімқұл аталары берген жілік, қабырғаны тәберік деп алып жатты.

Тамақтан кейін олар Әліби Жанкелдиннен Ленинге қалай жолыққанын айтып беруді сұрады. Әлекең жайлап сөйлей бастады.

— Ленинге — деді ол — әуелі он бірінші жылы Женевада кездестім. Ол бір қиын кез болатын. Революциялық жұмысты жасырын жүргізбесе болмайтын. Сол жолы Владимир Ильичтің тапсырмасымен Еуропаның біраз елін «Николай Степанов» болып жаяу араладым. Тиісті адамдарымызға жолығып, сырттан хабарласып тұрдым. Он сегізінші жылы Торғайда Төтенше соғыс комиссары болып істедім. Осы жылдары көсемнің қабылдауына барғанымда ол кісі:

— Ә, э. Николай Степановичпысың, — деп күлімсіреп қолымды алды. — Ойнап айтамын, қалжың ғой, сіз жөнінде Свердлов жолдастан есіткенмін. Ал, не шаруамен келдің? Мен: Торғай даласынан келгенімді, Аманкелді бастаған сарбаздардың жорық жолдарын баян еттім. Оларға көмек көрсетуді өтіндім. Менің бұл өтінішімді Ленин қабыл алып — көмек көрсетеміз, — деді. — Ақтөбе майданы орталық майданнан бөлініп қалды. Осы үзілген байланысты жалғастырып, оларға қару-жарақ, оқ-дәрі, киім-кешек жеткізетін әскери экспедиция ұйымдастырмақпыз. Осы экспедицияны басқаруды сізге жүктесек деп отырмыз, бұған қалай қарайсыз?

Мен Ильичтің бұл тапсырмасын күп қабыл алдым. Көп кешіктірмей қолыма мандат берді. Сол күннен бастап отрядты ұйымдастыруға кірістім. Оған Яков Свердлов көп көмек көрсетті. Басы солай басталған отряд жол-жөнекей әр ұлт өкілдерінен жұмысшы, шаруа, солдаттар-

мен толыға берді. Олардың ішінде орыс, украин, қазақтан басқа неміс, венгер, чех, поляк, серб, хорваттар да болды. Отрядты интернационалдық отряд деп атадық. Саратовқа барғанда солдаттар саны екі жүзге жетті. Саратовтан параходқа мініп, Еділмен жүзіп отырып Астраханға жеттік. Астрахандағы бүлікшілерге қарсы соғысқа қатыстық. Сол соғыста біраз солдаттарымыздан айрылды. Каспиймен жүзіп отырып Александров портына келдік. Бозашыда ес жинадық. Сол төңіректен біраз қазақ малшы, жалшы, балықшылар өздерінің ат, түйе көліктерімен келіп қосылды. Олар елден үш жүздей ағ, үш жүзден астам түйе жинасты.

Айналайын қазағымның кең пейілін қойсайшы! Ақшасын төлейміз десек болмайды, ат, түйелерін тегін әкеп беріп жатты. Отряд сол жолы Маңғыстауда кеңес өкіметін орнатуға көмектесті. Бозашыдан Шалқар станциясына дейін шөл даламен жүріп отырдық. Бозашы жігіттері жол көрсетіп алда жүрді. Жолда қиыншылықтар аз болған жоқ. Бандиттер, байлар талай кедергі жасап бақты. Отряд бәрін жеңіп, Шалқарға жетті. Сөйтіп, темір жолға жетіп, Түркстан майданына қосылдық.

— Сол жолы, — деп, Әлекеннің жанында отырған Омар сөзге араласты — Сіздің бір топ солдатпен Торғайға келіп, біздерге бір-бір мылтық оқ-дәрі үлестіргеніңіз әлі есімде.

— Аманкелді екеуміз, — деді Әліби оның сөзін бөле түсіп, — сені Қайдауылға жұмсадық емес пе?

— Ия, Әлеке, жұмсадыңыздар, — деді Омар — Қайдауыл аулына барсам, аттылы, жаяу ауыл ортасындағы сазға жиналыпты. Бәрінің қолдарында шокпар, сойыл, кейбірі өздерінің құс атып жүрген шиті мылтығын асынып алыпты. Бір сәлделі молда: «Патша ағзамға, қызмет ету үзір — парыз, ел қорғау үшін балаларыңды солдатқа беріңдер!» деп, сарнап тұрды. Мен торы дөненімді тебініп ортаға шықтым да:

— Молдеке қай Отанның, қай елдің қамын жеп тұрсыз! Жұртты теріс жолға салмай бұл жерден тайып тұрыңыз!

Қанын сорған кедейдің
Патшаны ағзам демейміз.
Жегідей жесе жерімді
Несіне оны жебейміз?
Николай отқа салсын деп,
Баламызды бермейміз.

«Бұратана жалшы» деп
Қорлады, оған ермейміз.
Жалынды жалын оты бар,
Жігіттерді терейік
Аманкелді батырдың
Соңынан кәне, ерейік?!—

дегенімде көпшілік « Осы жігіт дұрыс айтады» деп дүрлігіп менің соңыма ерді. Бәрін ертіп алып Аманкелді қолына қостым. Аманкелді батыр: «Ой, ерім-ай!» — деп, маған алғыс айтты.

— Осы Аманкелдінің, — деді. Омекең келесі әңгімесін сабақтап — Петербургқа барғанын сіздер біле бермессіздер.

— Соңына еріп, ақын хатшысы болып жүрген сіз білмегенде, бір даладағы біз қайдан білеміз Омеке-ау, айтыңыз, айтыңыз, — деп, Қалмақан да тілек қосты.

— Он төртінші жылдың күзі болса керек, — деді Омар ақын — Аманкелді Петербургқа барыпты. Ондағы мақсаты патшаның бас прокурорына шағым бермек екен. Ол шағымда Доғалдағы Түркебайдың Баймұраты дейтін болыс зорлық жасап жігіттерін жинап келіп Бегімбет деген кедей ауылының ежелден мекендеп келген жерін тартып алып, өздерін қуып шыққан. Сол жанжал қақтығыста кісі өлімі болған. Шоқпар сілтеп, қол жұмсаған оншақты кедей, жалшыларды болыс, билер тұтқындап Торғайдағы абақтыға жаптырған. Олардың ағайын, туыстары Аманкелді батырға барған. Мұны есіткен батыр қарап жатсын ба, Торғайға аттанған. Қамалғандарды құтқарып алмақ болып ары-бері әрекет жасаған. Еш нәрсе өндіре алмаған. Бір күні оған біреулер айтыпты: «Осы Торғайда Петербургтен келген бір адвокат бар, соған жолық» деп. Аманкелді оған жолығып, бар болған жайды баян еткен. Ол шағымды жазып батырдың қолына берген.

— Осыны патша ағзамның бас прокурорына табыс ет.

— Мен жолын білмеймін ғой.

— Жол ақысын төлесен, мен ертіп барайын.

Осылайша олар келісіп, елден қаржы жинап жолға шығады. Петербургқа жетеді. Қаланы аралап, казарма алдынан өте берсе, солдаттар бір сөлкебайлықты тақтаға қадап қойып, атып түсіре алмай жатады. Жасынан құралайды көзге атып өскен Аманкелді қызығып кетеді. Бір солдаттың мылтығын сұрап алды да:

«Мен атып түсірейін» дейді. Үстінде шапан, аяғында

саптама етік, басында жалбыр тымағы бар оған солдаттар таңырқай қарайды, Біреулері келеке етіп: «Мына біреу кім?» «Қайдан келген өзі?» Түріне қарамай мен атамн деуін қара, біреуге тигізіп алып құн төлеп жүр ме?» деп оны келеке етеді.

— Атып түсіре алмасаң айып төлейсің?

— Егер атып түсірсем сен не төлейсің?

— Мылтығымды берейін.

— Келістік.

Аманкелді әлгі солдаттарға ұқсап ырғалып-жырғалып көп көздеп жатпай тарс еткізеді. Сөлкебай сыңғыр етіп ұшып түсті. Солдаттар:

— Случайно!

— Қайта атсын! — дейді. Аманкелді:

— Жарайды, деп, сөлкебайды тағы атып түсіреді. Енді солдаттар: «Нағыз мерген екен» десіп, шуласып жатқанда олардың командирі атпен кеп қалады.

— Бұл не шу?

— Жолдас командир, мына бір киргиз сөлкебайды екі рет атып дәл тигізді, өзі мерген екен, — деседі. Әлгі оқалы шенді офицер:

— Былай тұрындар, оның мерген екенін өзім сынап көрейін, — деп, Аманкелдінің қолына өз маузерін қорбынан шығарып береді.

— Кәне, ат! Тез-тез! —

деп, асықтырады. Аманкелді маузерді жоғары көтеріп барып тарс еткізеді. Сөлкебай тақтайдан ұшып жерге түседі.

— Шыңымен мерген екенсің, өзің қайдан жүрген адамсың? — деп сұрайды. Осы кезде оның қасында еріп жүрген адвокат:

— Мәртебелі офицер, бұл қазақ даласынан келген Аманкелді батыр.

— Мұнда неғып жүр?

— Аулында жанжал болып, туыстары түрмеге қамалған, соның артынан іздеп осында келген, — дейді де, адвокат офицердің құлағына сыбыр ете қалады. Офицердің:

— Ә, ә, бунтар десейші, ұстандар! — деуі сол-ақ екен, солдаттар Аманкелдіге жабыла кетеді. Батыр бірін оңға, бірін солға лақтырады да, офицердің мініп келген атына міне қашады. Өңкей жаяу солдаттар қарбаласып, оның артынан мылтық атып қала береді. Сол қашқаннан ол аттың басын вокзалдан бірақ тартқан. Жүргелі тұрған

поезға ідігіп кете барған. Бірнеше күн жүріп Шалқар станциясынан түскен. Содан ауылға жеткен. Міне, Жәке, Аманкелді батырыңыздың басынан өткен бір оқиғасы. Бағанадан бері сақалын салалай отырғып тыңдаған Жамбыл енді басын көтеріп:

— Омар інім-ау, бар қызық хикая өзінде екен ғой, мұны неғып осы уақытқа дейін ішіңе сақтап жүрсін?

— Жәке, — деді, Омар күлімдеп — мен батырдың бұл әңгімесін өз аузынан есіткенмін. Бұл оқиға әлі кітап, кинода да жоқ, тек меңің жадымда жүр. Аманшылық болса оны дастан қылып жырламақпын.

— Е, е бәсе сөйткенің жөн, — десті бәрі оны қоштап.

Сол бір отырыс-сұхбатта шертілген Жамбыл, Қажымұқан, Әліби, Омардың осы бір айтқан әңгімелерін Қалмақан қойын дәптеріне түсіріп ала беріпті.

Біз желіні содан тарттық.

ЖҰБАТУ

Қырық төртінші жылдың қаңтар айы. Жерде ала қатқақ қар бар. Күн онша суық емес. Бір күні Жамбыл ерте тұрады да баласы Тезекбайды ауыл кеңеске жібереді. Ол ауылдық кеңестің төрағасы Базарбай Досмұхамбетовты ертіп келеді. Жамбыл дәрігері Рақымбайға арқасын уқалатып отыр екен, сәлем бере кірген оны көре салып:

— Ә, ә «сельский бала», келдің бе? — деп оның сәлемін алады да — әне жерге отыра тұр, мына Рақымбай «қай күні семіз шығар екен» деп, әйтеуір кәрі-кұртанды, сылап-сипап, бағып-қағып жатыр» — деп, бір күлдіріп қояды.

— Тәте, шақыртқан екенсіз, не шаруа еді? Жамбыл киініп жатып:

— Шаруа мынадай, — дейді. Көрші ағайын «Қызыл әскердің» бастығы Жанқұты майдандағы інісінен «қара қағаз» алып, қайғырып отырған көрінеді. «Ағайынның азары болса да, безері жоқ», ел болып барып көңіл айтпаймыз ба?

— Мұныңыз жөн екен, — деседі бәрі.

— Олай болса, — дейді. Жамбыл — әзірленіңдер, қазір әлгі Мыржының баласына барындар, ол да бізбен бірге жүретін болсын, анау-мынау тірлікті қоя тұрсын!

Жамбыл Базарбай Досмұхамбетовты «сельский бала»

деуші еді. Ол 1920 жылы туған. Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жаралы болып оралған, Жамбыл атындағы ауылдық Кеңестің төрағасы болып істегелі бір жылдай боп қалған. Ақынның өлең-жырларын қызыға тындап, жанында көбірек жүретін інілерінің бірі. «Қызыл әскердің» бастығы дегені — көрші «Қызыл әскер» колхозының төрағасы — Жанқұты. «Ағайынның азары болса да, безері жоқ» деп отырғаны — ана бір жылдары олармен өкпелесіп қалса керек. «— Әлгі Мыржының баласына» дегені Жамбыл атындағы колхоздың төрағасы — өзінің жақын інісі Тұрап Мыржиев.

Күн еңкейе бере қарт жырау, Базарбай, Тұрап, Рақымбай үшеуін өз машинасына мінгізіп алып, «Қызыл әскер» колхозына бет алады. Машина ролінде шофері Нағашыбек Байсабаев отырады. Оны «ешкі бөксе» дейді екен Жәкең. Машинаны қаттырақ жүргізіп тоңқыта берген оған;

— Әй, ешкі бөксе, сенің бүгінгі айдасың жайсыздау ғой, немене дәретің жоқпа еді? Анау Қарасуға жеткен соң машинаны тоқтатып, суға бір сүңгіп ал! — дейді. Бұған аналар: «Жәкең сезіп отыр, дұрыс айтады, дәрет алғаның жөн» — деп күлісіп алады. Олар колхозға жетіп, машинасын Жанқұтының еңселі үйіне бұра бергенде, есік алдында бір-бір таяқ ұстаған оншақты еркек «бауырымдап» қоя берсін. Сол ауылдың беделді ақсақалдары Исабай, Оспан, Темірбай, Тұрсынбек тағы біреулерімен олар көрісіп, үйге кірсе, бір топ әйел «жоқтау» айтып дауыс салып отырады. Жамбыл құлақ салып аңғарса, өз сөзіне ұқсайды.

Сарғайып атқан таң ба екен?
Сары аяқ болған бар ма екен?
Зарығып қана шақырсам,
Шырағым келер күн бар ма екен?
Бозарып атқан таң ба екен?
Боз аяқ болған бар ма екен...
Мінген атың кер ме екен?
Кекілден аққан терме екен?
Қиырға шығып шақырсам,
«Атамның даусы» дер ме екен?
Қаз келеді қаңкылдап,
Балақ жүні жалпылдап
Боздағым келсе жаркылдап,
Мен шығар едім аңкылдап.

Иә, дәл өз сөзі Алғадайға шығарған жоқтауы. Оны бастап сұңқылдап отырған Қаракөз екен. Ол осы ауылдағы Жамбыл өлеңдерін көбірек айтып жүретін оның келінде-

рінің бірі болатын. «Қойыңдар, жылағанмен болама?» «тағдыр ісі солай шығар!» «Елін қорғап мерт болғанды шейіт» дейді деп, тұс-тұстан жұбату айтылады.

Көңіл айта барған Жәкең сонда Жанқұтыға қарап Еламан батыр туралы аңызды айтады:

— Ілгеріде қара қалмақпен соғыс кезінде Еламан деген батыр өтіпті. Білектің күші, найзаның ұшы, ақылды сөзімен қол бастап, жауын жеңе беріпті. Елі-жұрты: «Еламан барда, не қам бар» деп, алаңсыз, қыс-қыстауын, жаз-жайлауын жайлап, көшіп-қонып жүре беріпті: Тіптен өрістегі жылқысына да қарамайды, қорадағы қойында санамайды екен. «Еламан барда мал түгел» дейтін көрінеді. Күн артынан күн, жыл артынан жыл өтіп, Еламанның жасы сексенге жетіпті. Көкірегі кірілдеп, көзі іріндеп, буындары дірілдеп қалғанда оның аулына жау шауыпты. Сонда да ол атқа қонып, атойлап ұрандап, жауға қарсы қол бастапты. Оның соңынан әкесінің ақ туын көтеріп, жиырма жасар баласы Аққошқар, онбес жасар кіші баласы Балпы еріпті. Еламан батыр сонда: «Ата қоныс жер үшін, еркін жатқан ел үшін, қара қазан, сары бала қамы үшін!» деп, өзі бастап жауға тиісіпті. Жау екі жарыла қаша соғысыпты. Бір тобын екі баласы Ақадырдан асыра қуып кетіпті. Мұндағы қалғандарын Еламан бастаған сарбаздар жаудың бір тобын қолға түсіріп пенде етіпті. Сөйтіп, бұлар ат белін шешіп демалыпты. Соғыста шейіт болғандарды жерлеп, оларға дұға қылыпты. Ақадыр соғысында жігіттері жауға тойтарыс беріп, жеңіске жетіпті. Бірақ, Еламанның екі баласы да ерлікпен қаза тауыпты. Сарбаздар ойласыпты да:

— Кімде-кім Еламан батырға жеңіске жеткенімізді хабарласа, екі баласының мерт болғанын естіртсе, соған үлкен сый беріледі — деп, жар салыпты. Көп ішінен аяқ-қолы жеңілтек бір қағілез жігіт «мен барамын» деп шығады. Жігіттер оны атқа мінгізеді де тұла бойын арқанмен шаңдып тастайды. Аққошқар мен Балпының екі атын жетектейді. Еламан батыр қариялармен дөң басына шығып, олардың жолына қарап ақсарбас айтып тұрады. Ат шаптырым жерден айқай шығады. Әлгі хабаршы жігіт:

— Сүйінші, сүйінші, жеңіс! Біз жеңдік — деп, атойлап шауып келеді, дейді. Алдынан бес-аттылы шауып шығып, оны Еламанның алдына әкеледі, арқанды пышақпен қиып, салқын су ішкізеді. Жігіт сонда былай депті:

— Жауды Ақадырдан асыра, Бозша төбе жазығына жеткенше қудық. Алдымыздан қара құрымдай самсаған қалың қол қарсы шықты. Олар көп, біз аз. Шарт-шұрт айқасып кеттік. Қан жоса боп ақты. Екі жақ та жусап қалды. Соғыс қатал, ажал рақымсыз. Жалғызды-жалғыз, жампозды-жампоз демейді екен. Балаңыз Аққош-қарға ажал жетті, ерлік жасап жастығын ала кетті!..

Еламан батыр:

— Не дейді, рас па?!

— Рас, батыр ата, міне, балаңыздың қанды сауыты мен қара көк аты — деп, сауытты алдына тастапты. Атының шылбырын қолына ұстатыпты. Сонда батыр:

— Орнында бар оңалар, — деген, құдайым енді Балпымды аман сақтасын!

Әлгі жігіт тағы былай депті:

— Балпыда нағыз ер екен. Жаумен тура өзіңізше ұстасты. Ноян батырмен қылыштасты. Бәрін баудай түсірді, өзі де мерт болды! Осыны есіткен Еламан батыр:

— Уһ, жасаған-ай, енді нем қалды? Қайтейін тағдыр ісі шығар, енді Балпымды алсаң да, халқымды алма! — деп, құлап түскен екен дейді.

Жамбыл осыны айтты да, үй иесі Жанғұтыға қарады.

— Сол Еламан батыр айтпақшы дәл осы қайғы біздің басымызға түсіп тұр. Жігерлі жігіттер, айбарлы азаматтардың бәрі майданда жүр. Ел қамын ойлаған Еламан — мендағы, оның төңірегіндегі ел-жұрты — сендерсіңдер. Жазда менің Алғадайымды, кеше сенің ініңді есітірді жұрт. Бұлар да сол батырларға ұқсап, ата-бабаның ерлік дәстүрін жалғастырды. Халқы үшін мерт болып кетті. Мен байғұс «Алғадайым бір төбе, өзге балам бір төбе» деп жүруші едім, Алла онымды қош көрмеді. «Алатауды айналсам, Алғадайды табамба» деп, аңырап артында мен қалдым. Ініңнен айрылып сен қалдың? Қайтеміз, «Балпымды алсаңда, халқымды алма» деп Еламан батыр айтпақшы, халқымыз аман болсын, берік бол, мына маған серік бол!» Жәкең осылай жұбату айтып, көзіне жас алғанда көңілі босап егіліп кеткен Жаңқұты орнынан ұмтыла тұрып: «Ой, нарым-ай! Нағыз мықты батыр өзің екенсің ғой» — деп, құшақтай алып қайта көрісіпті.

АТАДАН АҚЫЛ

1944 жыл. Маусымның бесі. Жамбыл дәрігері Рахымбай екеуі азанда үйінің алдындағы қара талдың көлеңкесінде отырса анадай жерде ауыл кеңес төрағасы Базарбай Досмұхамбетов кетіп бара жатады.

Жамбыл дәрігеріне:

— Анау кетіп бара жатқан қайсысы? Әлгі «сельский бала» емес пе?— дейді. Рахымбай:

— Дәл өзі.

— Бері шақыршы, өзін?

Рақымбай орнынан тұрып:

— Базекен, бері бұрыла кетіңіз?— деп қол бұлғайды. Базарбай келіп сәлем береді, Жамбыл оған:

— Әй «сельский бала» — дейді — қазір шай ішіп болған соң менімен бірге «Самсыға» жүресің. Жұмысыңды хатшыңа табыста, ауданнан, облыстан біреу-міреу іздеп қалып жүрмесің. Егер іздеген кісі болса, оған сені Жамбылмен бірге колхоз аралауға кетті десін, мақұл ма?

— Жарайды, Тәте, — дейді ол.

Күн арқан бойы көтеріле олар машинаға отырады. Жол-жөнекей «Қарасу» колхозшыларына кездесіп, әңгімелеседі. Еселі еңбекке шақыратын өлендерін айтып, күлдіргі әңгімелерін шертіп оларды бір көңілдендіріп тастайды. Ұзынағаш селосына барғанда дәрігері «аптекаға» кіріп, дәрі-дәрмек ала шығады. «Самсыға» қарай бетала бергенде, Жамбыл шоферына:

— Әй, «ешкі бөксе», машинаны тоқтат!— дейді. Нағашыбек артына бұрылады:

— Не боп қалды Тәте?

— Ешнәрсе болған жоқ, — дейді Жамбыл — әлгі жол шетінде таяғына сүйеніп ақсаңдап қалып бара жатқан шалды көрдің бе?

— Ия, көрдім.

— Көрсен, машинаны соған бұр, мінгізіп ала жүр.

— Ой, Тәте-ай, жол-жөнекей, көрінген шалды теріп жүреміз бе?

— Сен олай деме, ол мүгедек қой, сенде есіркеу деген болама? Жарайды деп, шофері машинасын шегінтіп әлгі ақсақ шалдың алдына тоқтайды.

Басында ұйпаланған мысық құлақшыны бар, жүдеу шал машинаға отыра беріп:

— Өзіміздің Жәкен екен ғой, ассалаумағалайкүм! — деп қол алысты. Жамбыл оны таниды екен:

— Айқымның Қалбарымысын, жол болсын?

Шал:

— Балам мен келініме сиыса алмай, «Самсыдағы» қызыма кетіп бара жатыр едім. Жарықтық, сіз кездесе кетіп тәуір болды ғой... Даудырасып «осы күнгі бала ата-анаға қарамайтынды, жасы үлкенді сыйламайтынды шығарды» десіп жатты бәрі.

Базарбай:

— Шүршіттеме әлде Жапонияда ма әйтеуір Шығыстың бір елінде кемпір-шалдарын «жасарын жасады, асарын асады, енді қоғамға пайдасы жоқ, құр масылды не қыламыз» деп теңізге тастап, балыққа жем етеді екен. «Япырмай-ай» десті бәрі.

Жамбыл:

— Ондай оңбаған әдет әр елде болса керек, сендер «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» дейтін ертекті білесіңдер ме?» — дейді.

— Айтыңызшы Тәте?

— Ендеше тындандар! Ертеде, алпысқа келген қартты күз-жартастан құлатады, немесе, елсіз мидай далаға апарып тастайды, сөйтіп ит-құсқа жем етеді екен. Бұл сол кездегі хандар мен бектер шығарған салт болса керек. Әкесін құздан тастаған бір бала-өзі де алпысқа келіпті. Енді оның баласы әкесін қапқа салып арқалап күзге шығады. «Үн» деп демін алады. Қап ішінде жатқан әке осы кезде күліп жібереді. Баласы бұған қайран қалады:

— «Жылағанды сұра, — айтатұғын мұңы бар, күлгенді сұра — айтатұғын сыры бар». Әке, бұл күлгеніңіздің мәнісі қалай?

Әкесі қаптан басын шығарып былай дейті:

— Сенің жасыңда мен де әкемді дәл осы құздан өз қолыммен итеріп құлатып едім. Енді бүгін сол жерден өзім ұшқалы тұрмын. Соған күлемін, балам!» Мұны есіткен баласы еңіреп жылапты. Әкесі:

— Неге жылайсың балам? Өлгелі тұрған мен жыламағанда, әлі өмірің алдыңда тұрған сенің жылағаныңа жол болсын?! Қой, өйтіп бекерге өксіме, тірлігіңді тындыр да, үйіне қайт!

Баласы:

— Қалай ғана жыламайын, әкежан-ау! Ақылы толып, кемеліне келіп, тарыққанда еліне ақыл берер, жөн айтар әкені құздан құлатып өлтіру деген не сұмдық! Шіріген ескі салт қой бұл. Осыны жоюдың амалы бар ма, соны айтшы?!

Әке мен бала күз басында отырып осы бір қатыгез ескі салтты жоюдың жолын іздеп ұзақ ақылдасады.

Баласы:

— Алпысқа келген әкені өлтірмендер, одан ақыл сұрандар!— деп, елге жар салсам ба екен?

Әкесі:

— Оны елің тындамайды, өйткені оның ішінде, байлар, бектер, қожа, молдалар бар. Билік солардың қолында. Олар кедей-кепшіктерге ерік бермейді,

Баласы:

— Бұл салтыңды тоқтат, жой, — деп ханға барсам ба екен?

Әкесі:

— Хан сені тындамайды, қайта басың бәлеге қалады.

Баласы:

— Енді не істеймін, әке?

Әкесі:

— Мына бір ақылды тындап көрші балам: Сен мені күндіз кебежеге сал да, аузын құлыптап қой. Түнде ел ұйқыға кеткенде шығарып ал. Ханға «әкемді өлтірдім» де дағы, ел көшсе, кебежені түйене артып алып, елмен бірге көше бар. Қонса-қона бер. Қысылған жерде менен ақыл сұрап отыр.

Ел көшеді. Шөл далаға кездеседі. Адам да, мал да шөлдейді. Хан сасады.

— Кім де, кім құдық қазып су шығарса, үйірлі жылқы, қоралы қой сыйлаймын. Үстіне ақ отау тігіп, бас уәзір етіп аламын, — дейді. Жігіттер жабылып әр жерден құдық қазады. Су шықпайды. Кебежедегі әкесі түнге қарай баласынан:

— Хан не деп жатыр?— деп сұрайды. Баласы хан жарлығын, жігіттердің су таба алмай жүргенін айтады. Әкесі:

— Біз қай жерге келдік?— дейді. Бала:

— Сарытаудың ар жағы, Ұлытаудың бер жағы, қыпқызыл тақыр күм ішінде қалдық, — дейді:

— Балам, — дейді, әкесі — қамыс, құрақ өсіп тұрған жерді тауып алда, сол жерден құдық қаз, су шығады.

Баласы іздеп жүріп, үй орнындай жерде судырап құрақ шығып тұрған жерді табады да, күн-түн құдық қазып су шығарады. Жұрт «су табылды» деп, құдыққа бас қояды. Сөйтіп, бала бар ауылды шөлден құтқарып қалады.

Хан уәдесінде тұрып, оны бас уәзір етіп алады. Бір

күні хан: — Бұл ақылды кімнен үйрендің?— деп сұрайды. Бала айтпайды. Екінші рет сұрайды, айтпайды. Жігіт хан бұйрығын орындамай, әкемді кебежеге жасырып жүргенімді білсе, құрығаным деп қорқады. Хан «менен сыр жасырасың, расыңды айтпайсың » деп, оны уәзірліктен түсіріп, қой бақтырып қояды.

Ханның жалғыз ерке баласы құрт ауруынан жатып қалады. Жоғары ауылдан тәуіп алдырып қаратады, жазылмайды. Төменгі ауылдан балгер әкеліп қаратады, жазылмайды. Хан тағы жар салады.

— Кімде, кім баламды жазып берсе, соны бас уәзір етіп қоямын!— дейді. Түнемеге қарай баласы кебежені ашып, әкесіне жасырып тамақ беріп жатқанда, әкесі одан сұрапты:

— Хан не деп жатыр?

— Баламды жазып шыққанды жарылқаймын, бас уәзір етіп аламын, — дейді.

— Балам онда сен былай ет, — дейді әкесі. — Қаратаудың күнгеі жағында Бөген деген өзен бар, соның екі жағына дермене деген көк жусан өседі. Барып бір қап дермене әкел. Әкелдағы кептіріп, келіге түй. Електен өткіз. Оған сарымай араластыр. Сәл тобарсытып кәдімгі бауырсақ жаса, сөйттағы, ханға бар да:

Балаңызды мен жазып беремін де. Дермене бауырсақты баласына жегіз. Үш жұмада баласы жазылады. Хан тағы да сені бас уәзір қояды. Сөйтеді де, «Бұл ақылды кімнен үйрендің?» деп, қыстайды. Сен бұл жолы қиналмай, әкемнен үйрендім деп айт. Хан сені ақ ордасына шақырады. Мені күздан құлатпай, осы уақытқа дейін сақтап келгеніңді жасырма. Ханның есі болса, сабасына түсер, алпысқа келгенді өлтір деген салт жойылсын!» деп өзі жарлық етер.

Бала әкесінің осы ақылын бұлжытпай орындайды. Бәрі әкесінің айтқанындай болып шығады. Хан: Енді алпысқа келгенді өлтіру заңы жойылсын. Бұдан былай қарияларды сыйландар, олардан ақыл сұраңдар! — деп бүкіл елге жарлық береді.

Жамбыл ертегіні осылай аяқтағанда «Самсы» колхозының қарасы көрінеді. Олар осында тұратын Базарбайдың әкесі Досмұхамбет қарияның үйіне түседі. Ол екеуі қатарлас, замандас екен, арқа-жарқа болып амандасып жатады. Әңгіме-әңгімеге ұласады.

Бізге Базарбай Досмұхамбетов айтып берген Жам-

былдың «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» дейтін ертегісінің айтылу мәнісі осылай еді.

«Алпысқа келгеннен ақыл сұрама» деген мақал мән-дес ертектің ертеден айтылып келе жатқаны мәлім. Жамбыл оны өзінше мәнерлеп, әрлеп осы кездің жастарына тағлым ретінде айтып жүрген.

СОҢҒЫ САПАР

1945 жылдың 15 маусымында Жамбыл ауырып Қазақ ССР Министрлер кеңесінің ауруханасына түсті. Оның алдында жеңіс мерекесін жұртпен бірге тойлап, арқа-жарқа жүрген-ді. «Жеңіс мерекелерің құтты болсын! Тойландар, шаттаныңдар! Енді менде арман жоқ» деп ол шексіз қуанып, өзінің жеңіс жырын жырлады. Ғабит Мүсіреповтың «Жәкең ең соңғы өлеңін мамырдың тоғызы күні жеңіске арнап айтты. Жүз жасаған Жәкең жырларының ең соңғы бетінде тап осы жеңіс жыры тұрмақ. Бұдан артық орынды аяқталған ақын өмірі бола бермейді» — деген сөзі осыған дәлел. Осыдан кейін-ақ ақының өлең айтуға мұршасы келмеді. Қартайған тән қалжырап, батар күндей төмендей берді. Оның көңілін сұрағандарда шек болмады. Бәріменен баяу ғана қоштасып жатты. Маусымның 22 күні ертеңгі сағат 8-ге 5 минут қалғанда алып ақын көз жұмды.

Ол жөніндегі некрологта былай делінген:

«Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті 1945 жылғы 22 июньде (Москва уақыты бойынша) 4 сағат 55 минутта Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, совет халық поэзиясының алыбы, қазақ халқының ғасырлар бойына дарыған даналығы, совет дәуірінің ардақты жыршысы, XX ғасырдың Гомері Жамбыл Жабаевтың ұзақ аурудан кейін 100 жасқа шығар алдында қайтыс болғанын совет халқына қатты қайғырып хабарлайды.

Өзінің бір ғасырлық өмірін адам баласының бақытты тіршілігі үшін жан аямай жұмсаған, асқан ақын Жамбыл Кеңес одағында көп ұлтты халықтардың барлық кәрі-жасына қадірлі, сүйікті еді.

Отаны мен халқы өзінің адал ұлының шексіз мол еңбегін орнымен бағалап, ел мұңы мен тілегінің сүйікті жыршысы болған Жамбылды, Ленин, Еңбек Қызыл

Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен наградтап, ҚСРО Мемлекеттік сыйлығын берді.

Жамбыл Жабаевтың өмірі біздің Отанымыздағы барлық еңбекші жұртшылыққа Отанды сүюдің зор үлгісі.

Жамбыл Жабаевтың ардақты есімі халықтар жүрегінде мәңгі сақталады.

*Қазақ ССР Халық
Комиссарлары
советі*

*Қазақстан Коммунистік
(большевиктер) партиясының
Орталық Комитеті*

«Жамбыл дүние салыпты» деген осы суық хабар шартарапқа тарап жатты. Қаралы қызыл лента мен гүл шоқтарына бөленген оның табыты Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрына қойылды. Қала халқы өзінің сүйікті жырауымен жылап қоштасты. Бастарын төмен салып, аяқтарын ілбіп басқан қаралы колоннаның ұшы-қиырында шек болмады. Театр үйінің іші-сырты лықа толған халық. Ақ сақалдары омырауын жапқан қарттар, немерелерін жетектеген кейуаналар өздерінің замандас жыршысымен ақырғы рет қоштасты. Олар «немере, шөберелерімізге сіздің жасыңызды берсін!» деп бас иіп тауап етті. Студент жастар мен пионерлер легі аталарына серт беріп жатты. Бәрі «Қош, ата!» деді.

Жеңіл машинаға тиелген ақын табыты ол кездегі Ташкент көшесімен Ұзынағашқа қарай бағыт алды. Соңына машиналы, жаяулы колонна ерді. Көшенің екі жақ тротуарына шығып, тізілген халықта есеп жоқ. Бәрі «қош, ата, қош, Жамбыл!» дейді.

Қала шетіне шыға бергенде, Ақсай, Шамалған жақтан келе жатқан, аттылы, жаяулар колоннаны жана-малай қосылды. Қарғалыға, Қаскелеңге жеткенде де солай болды. Бәрі қайғылы қазаны радиодан естіп, газеттен көріп тайлы-таяғымен қоштасуға шыққан. Осылайша, Ұзынағаштан өтіп Жамбылдың туған аулына жеткенше қаралы колонна шоғыры көбейе берді, көбейе берді. Ақынның ауылдастары, ағайын-туысқан түгел жиналып, мал сойып; ас-суды мол әзірлеп, қарбаласта жүрді. Мұражай төңірегіне киіз үйлер көп тігілді. Соның біріне Жамбыл денесі қойылды. «Бауырымдап» дауыс салып көрісіп жатқан жұрт. Жоқтау айтқан аналар. Бір жағынан қаладан барған оркестр, сай-сүйегінді сырқыратып, құйқа тамырынды шымырлатады.

Езіліп, егілген жұрт жүрегін онан сайын елжіретеді.

«...Күн еңкейе бергенде қырғыз тобын басқарған сол кездегі қырғыз елінің атақты екі халық ақыны жетті. Біз оларды кілем төселген, көрпе жайылған биіктеу жерде, тыста күтіп алдық. Олар Оспанқұл мен Әлімқұл еді. Екеуі де үлкен ақ орамалдарымен көздерінен ағып, сақалдарынан сорғалай бастаған жастарын сүртіп, недәуір уақыт қатар өксіді. Оларды көріп біз де қайта бір жылап алдық.

Сусар бөркін шешіп, тақиясымен қалған дөңгелек жүзді Оспанқұл жібектей ақ сақалы жарасымды төгілген бетін жоғары көтеріп көңіл айтты, Мұхтарға, Сәбитке қарап айтты. Оны қысқа қостаған қара мұртты, денесі сомдау келген Әлімқұл да басын шұлғып қалды.

Содан соң қырғыздың екі ақыны біріне бірі кезек бере, кейде жылай күңірене отырып әрі жоқтау, әрі қазақ еліне көңіл айту жырын төкті. Біз сілтідей тынып қалдық

Табанда төгіліп, егіліп айтылған «ырдың» күші тындаушы жұртты қиратып салғандай әсер етті. Жайлауы бір, ішетін суы бір, екі елдің қуанышы да, қайғысы да ортақ екенін білірде келе бұлар Жамбылдың да ортақ екенін айтты.

— Рақмет, Оспақұл аға, рақмет Әлімқұл, — деп Мұхаң осы отырысты өне бойында қостап отырды. Жырмен айтылғанды қара сөзбен жеткізу мүмкін емес. Менің жадымда барлық ұйқас ырғақтары түгел сақталмаса да, жалпы сарыны қалған сияқты. Мен бүгін сол сарынды қайталауға да жарайтын сияқтымын. Ендеше неге қайталамасқа.

Оспанқұл:

Сөйлей көр тіл мен көмейім,
Сөйлейін демей не дейін.
Қаралы күні, қазағым,
Қайғымды шертіп желейін:
Оң жақта Жәкем жатқанда,
Жыламай қалай көнейін?
Жәкем жоқ енді дегенге
Жұртым-ау қалай сенейін?
Өксіген жанға дем берсін,
Өлеңнің қабын сөгейін
Жасымен қосып көзімнің
Алдарына төгейін.

Әлімқұл:

Жамбылым, шалқар көл едің,
Алтын тонның жені едің.

Қара судың бетінде
Шайқалып аққан сел едің.
Сарыарқа деген даланың
Сағымдай биік белі едің.
Қырғыз бенен қазақты
Арда емің өскен тел едің,
Бұл жалғанда, Жамбылым,
Қандай жаннан кем едің?
Бір өзің, Жамбыл, бұл күнде,
Мың батырға тең едің,
Мың ақынға тең едің.
Ажалды күнің жеткенде,
Жарық күнге де қарамай,
Жарықтығым-ай, жөнөдің.

Оспанқұл:

Дүниені жалғыз шайқадың,
Әлі де көп-ті айтарың.
Күн болып баттың Жамбылым,
Болған соң жауды тойтарып.
Қайран бір Жамбыл кеттің — деп,
Жүз жасыңда өтті деп,
Халқыңа көңіл айтамын.
Сыйласарға келгенде,
Жаюлы төсек, сәні мол
Сынасарға келгенде
Намысы мен ары мол,
Қазаққа көңіл айтамын.

Әлімқұл:

Қарадан туған ханымдай,
Жақыным, досым, жанымдай,
Жылуы соққан жалындай.
Мандайымдағы барымдай.
Жамбылдың туған ұлындай,
Екі ене емген құлындай.
Қырмызы тонның жағасы,
Қырғызымның да ағасы,
Мұтарға көңіл айтамын...

Бұл екі ақының бірінен-бірі қағып алып, жырмен айтқан сөздеріне ырза болу, оларға жай ғана «алда разы» болсын айту аз, — деді Мұхаң, бізді оңашалап. — Біздің ақындардың бірі өлеңмен жауап беру керек қой.

— Жәкеннің жақын ақындары сөйлегені жөн болар...

— Кенен қалай болар екен?

— Төгіп айтуға Үмбетәлі дұрыстау.

Біз орнымызға тез оралдық та, Үмбетәлінің аузына қарадық.

— Үмеке, ауыл кезегі сізге кеп қалды білем, — дедім құлағына жақындап. Ол шіңкілдектеу кішкене домбырасын қаға бастады. «Ау!» деп алды. Әуелі даусы қарлығыңқырап, қырғыздың сойқан ақындарының мысы басып кетті ме, әйтпесе айта қоям деген әзірлігі болмай кібіртіктеді ме, Үмбетәлі қайта-қайта мүдіре берді. Әрі-беріден соң шашала жөтеліп алып, екі ауыз өлеңмен кезегін төменірек отырған Нартайға ұсынды.

— Ауырып жүр едім, сен де Жамбылдың бір баласысың ғой, қалған жүкті сен көтер, Нартай?— деді. Жаңағының арасында өңі қарауытып, ерні көгере түскен Мұхан, төмендеп кеткен басын көтеріп алып Нартайға қарады.

— Ал, Наке, — деді бар болғаны.

Нартай гармонын көтеріп жоғарырақ, қырғыз меймандарына жақындап отырды.

Өзінде аздап ызаланған адамның бейнесі бар ма, қалай: маңдайының ортасы дөңгеленіп бозамық тартыпты. Ыржиғанда әдемі тістерінің ақсифаны болмаса, күлімсірегенге тіпті ұқсамайды. Ол азалы күнде гармонын дарылдатпай, тұншықтыра, нұқып тарта бастады. Онысы әлдеқандай жылаған еркектің үнін шығарды.

Нартай «ағалар» деп бастады, меймандардан көз алмай отырып. Қиын кезеңде қайғымызды көтерістің дер-ау, бауырлар, — дей келіп:

Жаксы жігіт ермен тең,
Жаман жігіт жермен тең.
Тату болса ағайын,
Аскар ала таумен тең.
Араз болса ағайын,
Арпалысқан жаумен тең.
Оспанқұл мен Әлімқұл
Таудан асып келдіңдер,
Жамбыл карттың аулында
Жылаған жұртты көрдіңдер.
Қазаққа қайрат қосатын,
Қайнаған дертті басатын,
Жырменен көмек бердіңдер.
Оспанқұл мен Әлімқұл
Алдымда пана ағасын.
Алатаудан алады,
Қазақ та жырдың сағасын.
Қос бауыр елге келгенде,
Ақ ордама енгенде,

Көңіл айта бергенде,
Ақ бөксендей желгенде,
Жазылғандай-ақ болды ғой

Жанымның қанды жарасы,
Көңілімнің мұңды наласы...

— Әп, бәлі, — деді Мұхаң Нартайға жымындай қарап... Мына қырғыз жүйріктерімен қазақ жүйрігін бір қалыптан шыққандай деуге әбден болады екен...

— Мұхтаржан дұрыс айттың. Нартай деген атын естуші ем, өзін көргенім осы. Қелші, Нарым, қайта көріселік, — деп, Оспанқұл орнынан тұрып құшағын ашты. Күмістей аппақ мұрт пен мойылдай қап-қара мұрттар бір араласып қалды.

Ошақтағы оттар түнімен сөнген жоқ. Өзге қалалардан поезбен, самолетпен келгендер үлгірулеріне қарай жетуде. Ал анау, тау, жайлауларынан, алыс өңірден кейінірек естіп, кешеуілдеп аттанғандар да енді кеп қосылуда. Қасиетті атасына топырақ салдырамыз деп жас балаларын жетектей жеткендер де аз емес. Мұндай ағайындар таң алдында, күн шығарда да, ағылып жатты...» (Ә. Тәжібаев. «Есімдегілер»...)

ЖАЛҒАСҚАН ДӘСТҮР

Жамбылдың ақындық дәстүрі жалғасуда. Одан кезінде Кенен, Үмбетәлі, Орынбай, Доскей, Сапарғали, Сәттігүл, Нұрлыбек, тағы сондай қазақтың көптеген халық ақын, жыршылары тағлым алды. Тіптен одан бауырлас халықтардың ыршы, ашуг, шайыр, хафиз, бақшилары да, өнеге алуға бетбұрыс жасады. Мұндай ақындық дәстүр ауқымы кең, үлкен тақырып. Ол өз алдына кеңірек сөз етуді қажет етеді. Бұл жерде біздің айтпағымыз Жамбылдың өз отбасынан ақындық өнер жолын қуған баласы мен немересіне қысқаша тоқталмақпыз.

Қожаш Жамбылұлы 1889 жылы туған. Өлең жырға жастай әуестенген. Бірақ әкесі бар жерде өлең айтпаған. Онысы әкесіндей адуынды ақыннан қаймыққаны болса керек. Жамбыл анау-мынау жырды ұнатпаған ғой. Сондықтан да ол Қожашына:

Қожашым тәуір ақын бол,
Ақын болсаң, жасын бол.
Жалтақтама, жасқанба,
Дұшпаныңа батыл бол.
Сөзіңді ұйып тыңдайтын,
Халқына ылғи жақын бол!.. —

деп өсиет айтады.

Бұл нақыл недәуір шумақ екен. Ел аузында сақталғаны осы ғана. Өлеңнің қалай айтылуын Үмбетәлі Қәрібаев былайша еске алады:

— Қожаш менімен түйдей жасты болатын. Екеуіміз кездескен жерде, өлеңмен қағысып қала беруші ек. Ол «Менің Тәтем жүйрік ақын», — деп өленді төпей жөнейтін. Одан мен де қалыспайтынмын. Бір жолы Самсы аулындағы тойда ол Саяділмен айтысып қалды. Екеуі қыза келе бір-бірінің намысына тиетін сөздер айтты. Бәріміз ол екеуін «қой, қой» деп, мәмлеге келтірдік. Отырған көпшілік Қожаштан әкесінің жырын айтуды сұрады. Сонда ол жастар отырған оңаша үйде көп өлең айтты. Әкесінен үйренген «Көроғлы Сұлтанды» жырлады. Ертеңіне біздер оны Жамбыл қонып отырған үйге ертіп бардық.

— Мына Қожаш сіздің домбыранызды ұстауға жарапты, бата беріңіз?— дестік, сонда Жамбыл:

— Мен өмірсерік домбырамды көзімнің тірісінде ешкімге бермеймін, Бұл өзіммен бірге кететін кәрі серігім. Оны қолқаламаңдар, жасымды жаңғыртқан, жанымды сергітіп жүрген жан серігім өлеңім ғой...

Көпшілік ішінен біреу:

— Өленді туған баласынан да жақын көрген сараң,— деп қалды. Жамбыл оған:

— Бұл сараңдық емес, — деді. — Қожаш әлі ақын бола қойған жоқ қой. Ержетсін, қанаты қатайсын, асықпасын... Ол баласына қарап мына сөзді айтты:

— Ел көңіліне ұнамаған өленді айтпа, тыңдаушының көзінен жас шығармаса, не күлдірмесе ол өлең емес. Ол осылай деді де, сөзінің соңын терме нақылға ұластырды.

— Арада үш-төрт жылдай уақыт өтті,— деп жалғады сөзін Үмбетәлі — ұмытпасам 1923 жылдың күзі ғой деймін. Біздің ауылда Ералышан дейтін кісі болды. Өзі Жамбылмен түйдей құрдас-тын. Екеуі кездескен жерде әзілдесіп, ұстаса кететін. Сол Ералышанның үйіне Жамбыл келіп, ат басын тежеді. Астында ақ боз ат, үстінде түйе жүн шекпен, басында қара бұйра бөрік. Аттау түсетін түрі жоқ. Құрдасы: «Аттан түс. Той үстіне келдің, келіміз босанып, шілдехана өткізіп жатыр ек,»— деп шылауына оралды. Ол: Айқым-Көнтекке бара жатыр едім, жолымнан қалдырма», деп, көнбей тұрды. Сол тойда жыр айтып отырған Қожаш та, мен де: «Аттан түсіңіз»— деп жалынып жатырмыз. Ол

баласына қарап: «Сен де осында жүр ме едің?» деп қойды. Осы кезде Ералышанның бәйбішесі үйден шығып: «Құрдасжан-ау бұл неғып тұрғаның? Кәне, үйге кір?»— деп оны ат үстінен жұлқылап түсірді. «Қап, мына, кемпір болмағанда, жүріп кетпек едім» деп, ол үйге кірді. Той қайта басталды. Жәкеңнің келген құрметіне тағы да қой сойылды. Дастарқан қайтадан кең жайылды. Ералышан «кәне, Жәке, сізді тыңдамағалы көп болды. Енді бір құмардан шығайықшы», — деп жатыр. Сонда Жамбыл:

«Көрөғлыны» айтсам бола ма?
«Манасты» айтсам ағайын,
Көкейіңе қона ма?
Айқымдағы Кентекке,
Бармақшы едім қонаға.
Сүйінбай мен Қатаған
Айтыстың асқан пірі еді.
Қатаған қырғыз бұрында,
Сегіз жүз жылқы матаған.
Қызыл жебе Сүйінбай,
Ер болып туды атадан,
Ағайын қыштап қоймадың —
Кім қашқан берген батадан? —

деп қалау терме айтып алды.

— Әуелі Сүйінбай мен Қатағанды тыңдап алайық, — десті көпшілік. Жамбыл жырлай жөнелді. Біз міз қақпай тыңдадық. Мен де, Қожаш та Жәкеңнің айтып отырған әрбір сөзін қапы жібермей көкейге тоқып ала бердік. Алдымызға ас келді. Ералышанның бәйбішесі:

— Құрдасының үйіне бір соғар деп, әдейі сақтап жүрген соғым басы еді, алыңыз, — деп Жамбылдың алдына сары ала қазы мен бас қойды. Бәріміз табаққа қол салдық.

Тамақтан кейінгі сөз кезегін Қожашқа алып бердік. Оның өзі қызық болды: Әуелі Жамбыл маған қарап:—«Сен сөйле»,— деді. Мен Қожашқа қарап:—«сен сөйле»— дедім. Қожаш әкесінен қаймығып маған «өзің сөйле», деді. Жамбыл —«Немене, екеуің бір-біріңе сілтейсің?»— деді. Ералышан ағай:

— Үмбетті тыңдап жүрміз ғой, мына Жәкең баласының аяқ алысын көрейік. Кәне, балам, домбыраны қолыңа ал, — деді.

Қожаш енді батылдау кірісті:

— «Өтеген батырды» айтып көрейін. Бұл жыр менікі

емес, Тәтемдікі де емес, Сүйінбайдікі...

Жамбыл баласының бұл әдептілігіне сүйсіне қарады:

— Сүйінбайды да, мені де қой, сен өз Өтегенінді айтшы, тыңдап көрейік.

Қожаш әкесіне ұқсап әуендетіп бір қайырып тастады да, бірден Өтеген батырдың ел кезіп, жайлы қоныс іздеуінен бастады. Ия, ол солайша жырды төгіп-төгіп алды. Өтегеннің Шүршітпен соғысын, жезтырнақпен алысуын әсерлеп шықты. Ол дастанды түн ортасына дейін айтып тауыса алмады. Мен ішімнен «Қожаш мұнша жырды қайда жүріп үйреніп алған?» деп, оған қызыға қараймын. Бір мен емес, оған бәрі де, тіптен әкесі де риза сияқты. Дастан соңында әкесі оған: «Қожашым, тәуір ақын бол», — деп жол болсын айтты.

Үмбетәлі осылай деді де аздап тыныстады. Алдындағы шайдан бірер ұрттады да, домбырасын қайта шертіп, қасында отырған маған қарады:

— Қожаштың бозбала кезі, — деді ол — ауылдастарының жылқысын бағып жүреді. Көрші ауылда Бимембет дегеннің еркек шора қызы болады. Оның аты Сәулетай екен. Ол да өз жылқысын бағып жүріпті. Екеуі өрісте танысады. Өзара өлең айтысады. Сәулетайға Қастектің батыс жағындағы бір бай құда түседі. Қыз оның есерсоқтау баласын қаламайды. Сәулетай өлеңмен Қожашқа сәлем айтады. Қожаш оны алып оқиды, бірақ әкесінен бата алмай жүреді. Кейін екеуі бір тойда кездесіп айтысады. Бұл айтысты Саяділ түгелдей білмеуші еді. Мен де айтушы едім. Енді соның есте қалғанын айтып берейін, жазып ал.

Қожаш:

Өлеңім ақпа-төкпе ағындады,
Адамның шешен болмақ тіл мен жағы.
Па, шіркін, ерен жүйрік тіл болмас
Қисынның қиын жатыр табылмағы.
Көңілдің кірін жуып, сөзбен төксе,
Шерінен шығар еді сағынғаны.
Сен десе менде тағат тарыдай жоқ,
Қандай күн душар болдың не қылғалы?
Өтіпті талай ғашық зарлы мендей,
Өмірін бір жасауға шарты келмей.
Осы жұрт — Қозы Көрпеш, Баян — дейді
Менімен болды ма екен ода сендей?
Қолынан бар келгені өлең болып,
Сарнаған зарын төгіп тіл мен көмей.
Көзіме сондай болып көрінесің
Басылмас ауған көңіл сәулем демей?

Сәулетай:

Адамда адамдар бар алуан қилы,
Жігітте жігіттер бар ақыл, милы,
Сіңіріп тал бойыңа алсаң мені —
Өзіне бұл Сәулетай басын қиды.
Кей-кейде самарқаусын, кер тартасың,
Соныңа аздап көңіл ренжиді.
Көзіннен көзім таса алып кетсем,
Көнілім су сепкендей құлазиды...

Қожаш:

Қызы едің Бимембеттің ерке-шора,
Тел өскен жастайыңнан жеке-дара.
Сәулетай, оңаша айтар бір сырым бар,
Азырақ құлағың сал, бермен қара?

Сәулетай:

Айта ғой ол сырынды, Қожаш мырза,
Құлақ қояр сөз болса, көңіл ырза.
Бірақ та құр уәде боп жүрмесін,
Қол беріскен кешегі сертті бұзба!

Қожаш:

Айттырған кеше көрдім жігітіңді,
Деп мақтаған жеңгесі — сұлу, сынды.
Әркіммен жағаласып ұрсысып жүр,
Есерсоқ есі жарым екен жынды.
Сен оған тең емессің, Сәулетай-ау,
Үзгейсің одан, сірә, үмітіңді!

Сәулетай:

Мен одан әлдеқашан үміт үзгем,
Білерсің ол жайымды өткен күзден.
Арқауы құдалықтың үзілген соң,
Араздасып жүр содан әке қызбен.
— Жамбылдың баласына бармайсың! — деп
Себебін көріп жүр ғой сіз бен бізден.

Қожаш:

Әкемнен күнде ұлықсат сұрап жүрмін,
Құлағың домбыраның бұрап жүрмін.
Жатсам-тұрсам ойымнан бір кетпейсің,
Саған деген өлеңді құрап жүрмін.

Сәулетай:

Білемін, маған өлең құрап жүрсін,
«Иә, тәңір нәсіп қыл» деп сұрап жүрсін
Бірақ та, айтарың көп, батылың жоқ.
Бекерге көздің жасын «бұлап» жүрсін.
Жігіт тұрып, қыз ба екен бастайтұғын?
Жінішке дейді емес пе жолы қыздың,
Кел, кәне тәуекелге бел байлайық,
Өзгелер араласпай былай тұрсын...

Үмбетәлі айтуынан жазып алынған бұл айтыста екі жас арасындағы махаббат сыры шертіледі. Жамбылұлы Қожаш пен Бимембет қызы Сәулетайдың шама-шарқына қарай ақындығы, әсіресе жастайынан еркек шора болып өскен Сәулетайдың батылдығы аңғарылады. Бұл айтыстан, яғни Қожаштың ақындық талабынан Жамбыл сынды ірі тұлғаның ақындық дәстүрінің өзінің отбасында да өріс алып, жалғасқанын көреміз.

Айтыс бұрын жарияланбаған. Қожаш пен Сәулетайдың бұл айтысын әуел баста Үмбетәлі ақыннан 1968 жылдың 19 наурызында жазып алған едік. Кейін сұрастыра жүріп, оны анықтай, толықтыра түстік. Сәулетайдың ата-тегін сұрастырдық. Бимембеттен Сәулетай, Тайшы деген бір қыз, бір ұл болыпты. Сәулетайдан ұрпақ қалмаған. Ал Тайшыдан Шой, Жұмаш, Құлшат туған. Бүгінде жасы 80-нен асқан Тайшының жұбайы Бибіш кейуана немерелерінің қолында. Шойдың Фермахан, Бану, Мұрат, Болат деген ұл-қыздары Жамбыл ауданында. Алматы қаласында тұрды. Бұл деректерді бізге Жамбыл совхозында тұратын шежіреші қариялар мен Жамбылдың немересі Әлімқұл және Сәулетайдың жұраты Шоева Фермахан айтып берген еді.

Жамбылдың ұлы Қожаштың ақындығы оның жоғарыда келтірілген Сәулетаймен айтысы жөнінде әуел баста із тастап, бізге жол сілтеген Сапарғали Бегалин, Әбділда Тәжібаев, М. Ритман-Фетисовтың «Жамбыл» деп аталған өмірбаяндық очеркі (1964) болды. Осы кітапшада былай деп жазылған: «1920 жылдың қарсаңында Жамбылдың (бірінші әйелінен туған) баласы Қожаш қалыпты ақындардың қатарына қосыла бастады. Қожаш — алғыр сөзді, дарынды ақын еді. Әкесінің алдында иба сақтап, өлеңді көп айтпағанмен, әкесі жоқ жерде күшті ақындардың талайынан-ақ басым түсіп жүрді. Ғашығы Сәулетайды айттырған жері зорлап алып кеткенде, Қожаш тамаша бір өлең шығарыпты.

Сол өлеңнің нұсқасы таяуда табылып отыр. Тек осы бір өлеңіне қарап, Қожаштың қандай күшті ақын болғандығын байқауға болады. Қожаш 1932 жылы қайтыс болды. Құрбы-құрдастары, достары болған қазіргі Үмбетәлі, Саяділ сияқты ақындар осы күнге дейін Қожаштың асқан шебер ақын болғандығын ауыздарынан тастамайды».

Қожаш Жамбылұлының кезінде қандай ақын болғандығын осы зиялы ағалардың сөзімен тұжырымдауды мақұл көрдік.

Өмірәлі — Жамбылдың ақын інісі. Ол да кезінде төкпе ақын болған. Оның өлең, жырлары, ақындық өмірі туралы кезінде ешкім іздестіре қоймаған. Өмірәлінің өзінде «Тәтем тұрғанда бізге ақындық қайда?» деп, өзін ақын санамаған. Шынында орталарында Жамбылдай асқақ дарынды ақын тұрғанда жұрт оған ден қоя бермеген тәрізді. Мұны ауылдастары, Өмірәліні көрген, оның жырларын талай тыңдаған көне көз қариялар айтады. Қастек тұрғыны Сәрсембай Қопабаев айтқан бір сөз:

— Жадыраның немересі Өмірәлі де домбыраны саба-лап өлең айта беретін. Ол көбінесе Жәкеңнің «Қөроғлы сұлтанын» айтатын. Әсіресе Қөроғлының шешесінің зарын, көрден шыққан баланың зыр жүгіріп қашқан жерлерін термелеп әнге салғанда кемпір-шалдар көзіне жас алып отыратын. Ақынның кенжесі Тезекбай ақсақал айтады:

— Өмірәлі ағамыз қызық кісі еді. Өлеңді кейде орысша, қазақшасын араластырып қыздырып айтатын. Өзі орыстың балалайкасын жақсы тартатын. Домбыра болмаған кезде балалайкаға, мандалинге қосылып жо-сылта жырлайтын. Ол Тәтем жоқ кезде оның «Сұраншысын», Құлмамбетпен айтысын айтып елді риза ететін. Өзінің көк дөненмен айтысы дейтіні болушы еді. Оны мұражайдың бұрынғы директоры Тұршабай магни-тофонға жазып алған...

Осы сөзбен енді Тұршабайды іздедік. Жамбылдың немересі Тілепалды екеуміз Қазақ телестудиясында істейтін Тұршабай Жағыпаревты тауып, жолықтық.

Ол бізге Өмірәлі жөнінде біраз әңгіме айтып берді.

Өмірәлінің бір сағатқа жететін өлең, жырларын лен-таға түсіргенім рас. Қазір ол менің қолымда жоқ, мұ-ражайға тапсырып кеткенмін, — деді. Мұражайға тағы бардық. Қазіргі директор Мәулен Қожашев:

— Ол лента бар, Әлімқұл ағай үйреніп аламын деп әкетіп еді, — деді. Енді Әлімқұлды іздедік. Үйі мұражайдың арт жағында екен, барып жолықтық. Әлімқұл Жамбылов аудандық автоклуб жұмысын басқарып келген. Жақында жасының алпысқа толған мүшел тойын өткізіп, ел құрметіне бөленіпті. Ұзақ жылдар бойы үздік өнегелі еңбегі үшін совхоз коллективі оған алты бөлмелі жаңа үй сыйлапты. Бәріміз жапырласып оған құтты болсын айттық. Әлімқұлдың жұбайы Құлшәрия жеңгей кең дастарқанын жайды.

Сөздің бір кезегі келгенде:

— Сізде Өмірәлінің өлеңдері жазылған ән, күй лента бар дейді, соны тындасақ қайтеді?— деген өтінішімізді білдірдік.

— Оны кімнен есіттіңдер?

— Тұршабай айтты бізге, — деді Тілепалды.

— Ол лента бар, — деді Әлімқұл оны ертең күндіз тындармыз, мен әуелі Өмірәлінің өзі, оның Жәкеннің өлең, әндерін күйлерін қалай орындайтынын айтып берейін. Бәріміз тыңдай қалдық:

— Өмірәлі ағай, — деді. Әлімқұл — Жәкеннің Қожашымен құрдас болатын. 1889 жылы туып, 75 жасқа қарағанда қайтыс болды. Жапаның Жадыра деген батыр інісі болғанын естулерің бар шығар, сол Жадырадан Сәлімбай одан Өмірәлі туады. Мұны мына жастар ажырата білсін деп әдейі айтып отырмын. Өмірәлі де ақын әрі әнші, күйші болатын. Түлкі бөркін сілкіп-сілкіп киіп, тікендей сары мұртын едірейтіп алып: «Өлең деген сөз бе екен, кәне менімен айтысатындарың бар ма?» деп тойды қыздырып отыратын. Өмірәлі бар жерде, басқа ешкім асаба болмайтын. Қандай той болсын өзі басқаратын. Орысшаға да жүйрік болатын. Соғыс жылдары Украинадағы шайқасқа қатысып нығынан жараланған. Рязандағы госпитальда жатып емделген. Сонда көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, өлең, терме айтып, би билеп жүрген. Балалайка, гармон тартып орысша, қазақша, татарша частушкаларды әр әуенде салып құбылта айтар еді. Пушкин, Лермонтов, Байрон, Есенин өлеңдерін орысша жатқа білген. Госпитал басшылары осы өнеріне қызығып оны екі-үш жылдай жібермей ұстапты.

— Қайнаға ауылға келген соң — деп сөзге қосылды Жәкеннің келіні Берікбала — біразға дейін үйленбей жүріп алды. «Неғып жүрсің, Рязаннан көккөз мөлді-

шегінді күтіп жүрсің бе?»— деп қалжындайтынбыз. Бір жазда ол Талдықорған жақтағы жалайырларға барып «Үштөбе» колхозының Қызбала деген бойжеткенімен бір тойда танысып, екеуі таң атқанша айтысыпты. Ауылға келген соң ол осыны айтты. Біз Сатыш, Тезекбай қайнаға үшеуіміз барып, құда-жекжаттық жолын жасап Қызбаланы алып келдік. Өз алдына отау тіктік, той жасадық. Бүгінде Өмірәлі қайнағамыздың Азамат, Қанат деген ұлдары, Қарлығаш, Бибажар деген қыздары бар. Бибажары Қызылордада зоотехник болып істейді.

— Өмірәлі ағай Жәкеңнің өлеңдерін әндетіп айтатын, — деді төрде отырған Таубай. Бұл Алғадайдың үлкен баласы, 1929 жылы туылған. Бүгінде Жамбыл совхозында механизатор. — «Заман ағымын» Жәкеңнің терме сазымен, «Көроғлы сұлтанын» ара-арасында күй араластырып тура Жәкеңнің өзі айтқандай етіп жырлайтын. Майбұлақтағы бір шілдеханада Өмірәлі Жәкеңнің Айкүміспен айтысын айтып отырды. «Сонда Жамбыл былай депті» деп, ол ағасының даусын айнытпай, «Айкүміс былай депті» деп қыздың сыңғырлаған дауысына салып елді еліктіріп отырғанда, үстіне Жамбыл барып қалыпты.

— Менің даусымды ғой айнытпадың, — депті, ол төрге жайғасып отыра беріп. — Ал, Айкүмісті келтіре алмадың. Сен оны көрген жоқсың ғой. Айкүміс сен айтқандай шіңкілдеген жіңішке дауысты шөп желке қыз емес-тұғын. Екі көзі танадай зор қоңырқай дауысты, денелі болатын. Өмірәлі домбыраны ағасына ұсынады. Жәкең «Айтыс деген былай болады» деп, сонда Құлмамбетпен кездескендегісін құлшына отырып сілтепті.

Таубайдың сөзін оның жанында отырған Атакелді жалғастырды. Бұл — Жамбылдың Момын деген әйелінен туған Қожамбердінің баласы.

— Өмірәлінің өз өлеңдері де көп болатын — деді. Ол — ана жылы дуалдан қой қора соқтырып жүріп, колхоздың көк дөненімен айтысын шығарды.

Жал-құйрықтан айрылған көк дөненім,
ал-жайынды есітіп келдім сенің»,—

деп, қыршаңқы болған көк дөненге сөз қатады, көк дөнен айтады: «Дегерестен алдырған көк айғырдың тұяғы едім, Асылды қор қылды. Бригадир екі өкпеме тепкілеп мініп алды, ендігі халым мынау, маған не дейсің» деп,

мұнын шағады. Осылайша екеуі кезек айтысып кете береді. Өмірәлі ағайдың осы айтысының әсері болды-ау, деймін, сол әпербақан бригадир кешікпей орнынан ұшып түсті.

Әлімқұл — Жамбылдың немересі. Ол 1927 жылы Қоман деген ағасының баласы Тоққұлыдан туған. 1930 жылы әкесі, артынша шешесі Айшагүл қайтыс болған. Сатыш оны бауырына басып, асырап алыпты. Бес жасынан Тәтесінің тізесіне отырып, домбыра үйренген. Мектепте оқып жүрген күндерінен бастап ол «Туған елім», «Ленин», «Замана ағымы» толғауларын, Алғайдайға шығарған жоқтауын жаттап, домбырамен айтады. Арасында өзі де өлең құрастырып, мектеп сахнасында тақпақтап айтып, кішігірім шілдехана, той жиындарда ауыл ақындарымен айтысып жүреді. Оқуды бітірген соң колхоз жұмысына араласады, бригада, фермаларда жүріп, мал бағысады, егін егіседі. Өлең құмар Әлімқұл жастайынан атасының жанынан табылады екен. Атын ерттеп береді, қайда барса, қасында болып, атасын жетектеп жүреді. Айтқан өлең, жырларын тыңдап ұға береді. Жамбыл радио тыңдауды ұнатқан ғой. Күнделікті хабарды, газет, журнал, жаңа кітаптарды Әлімқұлға оқытып, одан хабардар болатынды.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен Онкүндігі, одан кейінгі ақындық қызметіне 75 жыл толу кезіндегі, той-мереке кезіндегі құттықтау, арнаулары және қырқыншы жылдарғы майданнан келіп жатқан хат тасқындарын Жамбыл хатшылары болмай қалған кезде көбінесе Әлімқұлға оқытып оларға қайтарар жауаптарын соған жаздырған. Қарт ақын немересіне:

Орнымнан мен тұрайын
Белді бекем буайын.
Келші жақын, Әлімқұл,
Күндерім түбін сұрайын,—

дейді екен.

Енді Әлімқұл Жамбыловтың өзіне сөз берейік:

— Бұл 1945 жылдың 27 ақпан күні болған еді. Бүкіл кеңес халқы сияқты колхоз еңбеккерлері де бар күшті неміс-фашистерін тезірек жеңуге жұмсап жатқан кез.

Колхоздың темекі сарайының жанында астында кү-

рең жорға ат, қолында тобылғы сапты қамшы, үстінде суыр ішігі бар Жәкең бір топ колхозшылардың ортасында тұрған болатын. Ол кісімен бірге парник қазған қарт колхозшылар Ыбырайым, Қасен, Тайшы, Алдаберген, Мыржы, Есбай, Жартыбай атайлар және Керімбала, Алуа, Әуайша апайлар әңгімелесіп тұрды. Мен сол жылы көк егіс бригадасында есепші едім. Келе жатып Жәкеңнің «Еңбек етсең емерсің» деген өсиет сөзін құлағым шалып қалды. Сәлемдесіп жатқанымда ұзын бойлы, қызыл шырайлы, шоқша сақалды колхоздың хат тасушысы 65 жастағы Омар қарт жанымызға келді.

— Жәке, сізге хат бар!

Жәкең жан-жағына қарап алып:

— Әлімқұл, балам, қайдасың, мына хатты оқып берші?— деді. Адресін қарасам «Социалистік Қазақстан» газетінен келген екен. Мұнда былай делініпті: «Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауыл Советіне қарасты. Жамбыл колхозында тұрушы халық ақыны Жамбыл Жабаевқа.

Біз сізден мына төмендегіге рұқсат етуіңізді сұранамыз. Оңтүстік Қазақстан облысы, Жуалы ауданы, Некрасов атты колхоз едік. Ірі табыстарға жетіп, үлкен колхоз болғандықтан оны екіге бөлдік.— Жаңа колхоздың жалпы жиналысында көпшілік ду қол шапалақтап, сіздің есіміңізді колхозға беруді бір ауыздан жақтады. Рұқсатыңызды күтеміз. Көпшілік атынан оқытушы Ш. Елеусізов. 20 қаңтар, 1945 жыл»,— депті.

Олар хатты «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына жіберген екен. Ал редакция Жәкеңе жолдапты. Жамбыл Тәтем зор қуаныш үстінде ризалығын бере тұра: «Ал, былай деп жазып жібер, балам!»— деп ат үстінде тұрып, өлеңдетіп жіберді:

Ал, бердім рұқсатымды елім саған,
Хаттарың арнап жазған тиді маған.
Күн санап өмірімді жасартып тұр,
Мәңгілік бақыт берген әділ заман.
Гитлердей әлін білмес көп ақымақ,
Талқан боп тас ошағы қаран қалған.
Қашанда бірлік болмай, тірлік болмас,
Біле ме, ел қадірін бұзақы арам.
Әділ заң, біздей бірлік еш елде жоқ,
Кедей мен кәрі-жасты бағалаған.
Сұм жауға еңбекпенен оқ атуда,
Басшы боп жүзге келген Жамбыл бабан.
Рұқсат еттім, елім ризамын,
Ниеттерің құтты болсын қабылдаған!..

Мен хатты поштаға салып жібердім.

Тағы бірде 1945 жылы 1 наурызда жауынгерлерден мынандай хат келді.

«Ардақты, алтын бағалы, данышпан атамыз Жамбыл! Қалай, аман-есен Ұзынағаштың таза ауасында жүріп жатқан боларсыз. Сіздің сондай жақсы халде жүргеніңізге тілек білдіріп, неміс-фашистеріне күн-түн демей соққы беріп жүрген қазақ балаларынан әскери-гвардиялық сәлемімізді жолдаймыз.

Біз неміс-фашистерін түп-тамырын жою жолында жан аямай күресудеміз. Майданның барлық жерінде де, атай, сіздің есіміңіз ауымыздан түспейді. Біз тез арада неміс-фашистерін талқандап, өзіміздің гүлденген Қазақстанға қайтып барамыз, сізге қол береміз. Осы хатты алысымен газет арқылы жауап берсеңіз, ата! Жазған балаларың:

Гвардия капитаны Ж. Исағалиев, гвардия аға сержанты Қ. Ажмұқанбетов, гвардия сержанты Т. Жаңбырбаев, гвардия старшинасы Т. Сәбденбеков, 16 ақпан, 1945 жыл».

Бұл хатты мен өз қолыммен алып, Жәкеңе оқып берген едім. Жәкең батыр ұландарына жауапты маған жаздырды:

«Гвардеецтерге Жамбылдан ризалық сәлем! Сіздердің хаттарыңызды 1 март күні алып, барлық хабарларыңызды ұғындым. Мен де сіздерден Отан қорғау жолында жан аямай күресіп, гүлденген Қазақстанға жеңіспен оралып, ата-аналарыңды қуанышқа бөлеулеріңе тілектестік білдіріп, ыстық сәлемімді жолдаймын.

Гвардеец балалар!
Хаттарыңды алдым арнаған,
Мұнда Жамбыл бабаң бар,
Халықты іске қайраған,
Топтанад соған айналам.
Қазақстан елімнің
Еңбекте ісі қайнаған
Сіздерге керек-жарактың
Барлығын мұнда сайлаған.
Сіздер үшін барлық жан
Отанның қамын ойлаған.
Аманбысың, балалар!
Атаң сәлем арнаған.
Өлеңім — найза, сөзім — оқ,
Мен бұлбұл көпке сайраған.
Гвардеец Исағалиев,
Егескен жауды қоймаған.
Гвардеец Ажмұқанбетов,

Қирата жауды торлаған.
Гвардеец Жаңбырбаев
Жеңістен әсте таймаған
Гвардеец Ақмейілов
Айқасқан сұмды жайғаған.
Гвардеец Сәбденбеков,
Отанды батыл қорғаған.
Ерлігіне қуандым,
Жойылсын фашист оңбаған!
Жеңіспен орал еліңе,
Туып-өскен жеріңе,
Гитлершіл сұмырайды,
Мықтап тық өз көріне.
Екінші бүлік салмасын,
Бейбіт жатқан еліме.
Тағы жау болса танысын,
Сені де, мұнда мені де.
Көп рахмет айтамын,
Күтемін жеңіп келуге,
Мен де қайрат етемін
Жеңісті көзбен көруге.

Аталық көңілмен Жамбыл-Жабаев, 3 март, дүйсенбі, 1945 жыл Жамбыл колхозы». Әлімқұл әңгімесін тағы жалғады:

— Осы хаттан екі-үш жыл бұрын,— деді ол — Тәтем Алматыға жүрмек болды. Бұл жолы қасына мені ертіп алды. Жартыбай «менде барайын, мені Алматыдағы жазушыларға таныстыршы?» деп қоймады. Тәтем «жүрсен, жүр» деді. Тәтемнің машинасымен бардық. Әуелі Жазушылар Одағына соқтық. Тәтемді бәрі жапырлап құрметтеп жатыр. Жартыбай бір ақындарға жолығып тұр еді. Біруақытта соларға еріп кетіпті де қалыпты. Біз ертеңіне академияға бардық. Есмағамбет ағай екі күндей жібермей әңгімелесті. Көп өлең жазып алды. Болған соң ауылға қайттық. Бір күні Жартыбай келіп тұр. Тәтем:

— Әй қызынды ұрайын, дарылдақ неме, сен қайда құрып кеттің?— деп, оған ұрысты. Жартыбай күмілжи берді. Тәтем, маған қарап:

— Әлімқұл, балам, мынаның жазасын берші!— деді, сонда мен мынаны айттым:

Әлімқұл менің атым-ақын бала
Әншейін бала деген атым ғана.
Сен болсаң қырықтағы Қырықбаев
Баладан жеңілесің жақындама!
Жартеке жұрт алдында жеңілерсің
Мұнымды не білерсің, не білмессің
Кім жүйрік халық сынап айта жатар

Сөзімді құлақ естіп, көзің көрсін.
Жартеке, Алматыда он күн жаттың,
Қанша олжа Алматыдан алып келдің,
Білмеймін күй тарттың ба, ән салдың ба
Әйтеуір араққа әбден қанып келдің.
Жартыбай Алматыға барып келдің,
Мәлімсіз онда қанша олжа таптың.
Анығы мұнда жатқан біздерге аян
Қыдырып бекер-босқа өңмең қактың...

Тәтем, маған риза болып, маңдайымнан сүйді.

Мінеки, Әлімқұлмен әңгімелесе қалсаңыз осындай естелік, өлең-жырлар бірінен соң бірі шыға береді. Ол бүгінде жыршылық кемеліне келген айтыскер ақын. Оның Әсімхан Қосбарасов, Манап Көкенов, Надежда Лушникова, Көпбай Омаров, тағы бірқатар өзі тұстас ақындармен айтыстары ел жадында. Отыз жылдан бері аудандық автоклуб меңгерушісі. Ертеде атасы Жамбыл мал жайлауларын аралап ән мен жырға бөлеп жүрсе, бүгінде немересі Әлімқұл сол дәстүрді жалғастырып келеді.

Мен Әлімқұл Жамбылдың немересі,
Өлеңнің ұшан-теңіз кенересі.
Атамыз бізге мұра сөз қалдырған,
Айтсын деп немере мен шөбересі.
Сақтадым өлеңменен ел мұрасын,
Өнермен елге сыйлы болды басым.
Басына бақ-құс қонған жыр Жәкемнің,
Мұраға алып қалдым домбырасын,—

дейді ол бүгінде.

Әлімқұлға үздік еңбегі үшін 1979 жылы «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген атақ берілді. Ол «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

Ертең 1 Мамырды мерекелейміз деп отырған кез еді. Телефон сылдыр ете қалды. Тыңдасам Жамбылдың немересі Тілепалды екен.

— Май мерекеніз құтты болсын, — деді ол — уәде бойынша көлік дайын. Ауылға жүріңіз?

Мен: Жарайды — дедім.

Осыдан оншақты күн бұрын екеуіміз телестудияда кездесіп Жамбылдың ізімен біраз жерді шолып қайтайық деп уәде байласқанымыз бар-тын.

Алматының батыс жағындағы «Көктем-3»-тегі Тілепалдының үйіне жеттім. Сөйтсем, ол бала-шағасы-

мен бір қара «Волгаға» жайғасып жатыр екен, қосылдық та жүріп кеттік.

Тақтайдай асфальт жолмен ызғытып келеміз. Тілепалды Тәтесінің жүрген жолдарын, түскен үйлерін, онда кімдермен кездесіп жыр дүкенін құрғанын айтып келеді. Бәріміз қызықтап тыңдаймыз. Шофер Нұрсұлтан Әбдірайымов та (белгілі журналист Ұзақ Бағаевтың інісі) әңгімешіл жігіт екен. Жамбыл туралы бір екі анекдоттың басын қайырып тастады. Оның жанында отырған мен машинаның (бүлкүл-сүлкүліне қарамай дәптеріме түртіп алып жатырмын. Осылай қызық әңгімемен отырып, Ұзынағашқа жеткенімізді сезбей қалыппыз. Тілепалды шоферға:

— Машинанды солға бұр, біздің үй Тәтем музейінің тау жақ шетінде — деді. Машина көк түнікелі үйдің қақпасына тұмсығын тірей тоқтады. Алдымыздан 5—6 адам шықты. Бәрі Тілепалдының туыстары екен.

Табалдырықты аттап төргі үйге ене бергенімізде диванда сүйеулі тұрған бес домбыраға көзіміз түсті.

— Музыка аспаптары музейіне кіріп кеттік пе қалай? — дедім, Тілепалдының жұбайы Алма түсіндіріп жатыр:

— Мынау — Ұлардікі, мынау — Бұландікі, мынау — Бағландікі.

— Семьялық ансамбль құрғансыздар ма?

— Иа, ағай, — деді Алма — жаңа бастап жатырмыз.

Алматының Горький паркінде өткен Наурыз мерекесіне алғаш рет қатысып, өнер көрсеттік, — бала-шағамызбен жүлдегер болып қайттық.

Мен оларды тыңдауға асықтым. Тілепалды мен Алма осыны сезді білем, ас-су қамын жеңгелеріне тапсырды да, әрқайсысы өз домбыраларын кезеніп отыра қалысты. Әуелі екпіндеген ырғақ сазды, кейде аяныш әуеніне ұласқан бір күй тартылды. Онан соң қоңырқайлау, ойнақы үнді күй шертілді. Осы екі күй тартылып болған соң Алма:

— Бұл тыңдағаныңыз Тәтем тартатын күйлер. Әуелгісі «Көроғлы Сұлтан», соңғысы «Шортанбай шертпесі». Енді ең кішкентайымыз Бағлан атасының бір әнін айтып береді. Сол сол-ақ екен, әлі мектепке бара қоймаған алты жасар Бағлан «Ее-й» деп, сәби даусын әуендетіп алды да, «Ленинградтық өренім, мақтанышым сен едің» деп атасының өз әуенімен термелей жөнелді. «Қазақстан жерінен, сендерге дем бергелі, жол-

ды кернеп қол кетті»,— деп, Бағлан алқынып, даусын бәсеңдете берді. Біз: «Бәрекелде, жетеді. Атаңдай атақты жырау бол!»— деп, жан-жақтан тілек білдірдік. Онан соң 9 жасар Бұлан домбырасын шертті. «Елдің ақын ұлдары, Егей, өңкей ділмәрі» деп шырқады. «Ой, бәрекелде!» дестік. Бұланның бұл шырқағаны атасының «Ақындарға арнауы» еді. Кезек 11 жасар Ұларға жетті: Ол да іркілместен домбырасын қағып-қағып алды да:

Қырғыз ұлы құлақ сал,
Ежелден қимас бауырым,
Жайлап жүрдік саялап,
Іле, Шу, Нарын бауырын.
Атамыз болған бал тату,
Анамыз болған жан тату» —

деп, атасының қырғыз ағайындарға арнаған жырын төкті-ай келіп! Екі інісіне қарағанда, Ұлардың әуен термемсі нықтау шықты. Жыршы боларсың-ау деген ой түйдік. Тәрде отырған Атакелді, Әлімқұл, Таубай аталары орындарынан ұмтылып тұрып үш сәбидің бетінен сүйіп, көзіне жас алды. Бір олар емес бәріміздің де көңіліміз босап кетті. Дәстүр жалғасына деген қуаныш сезім ғой, баяғы!

Дастарқан жайылды. Буы бұрқыраған сары самауырын келді. Шай үстіндегі сөзді Тілепалды бастады. Ол атасының бір толғауын толғап өтті де, кезекті оң жағындағы Алмаға берді. Алма да домбырасын күмбірлетті. Атасының «Хатынды балам оқыдым»— деп басталатын «Алғадайға» жолдаған сәлемі «Ақын болдым он үште». «Туған елім», «Қырғыз ұлы құлақ сал», «Алатау — Жетісу», «Алғадайды жоқтау», бас-аяғы жиырма шақты ән салды. Бәрі де Жамбыл әуені, кезінде Жамбыл шырқап жүрген әндер.

— Бұл әндерді қайдан үйреніп жүрсіз?— деген сұрағымызға Алма мынаны айтты:

— Мен әнші, күйші, жыршы семьясынан өсіп-өрбігенмін. Әкем марқұм Мүтәліп Қыраубаев ақын, жыршы болатын. Жастайынан Қызылорда төңірегіндегі Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Нартай сияқты ақын, жыраулардың өлең-жырларын жаттап өскен. «Сұр мерген», «Ағыбай батыр» және «Шаһнаманың» тарауларын таң атқанша айтатын. Кеншімбай мен Ақсұлу, Жамбыл мен Айкүміс айтыстарын айтып тыңдаушыларының құлақ құрышын қандырушы еді. Өзі Отан соғысының ар-

дагері болатын. Майдан жылдарғы өлеңдері де аз болмайтын. Берегіректе Манап Көкенов, шымкенттік ақын Қалдыбек Әлімқұловпен айтысқан-ды. Шешем де әсем әуенді әнші еді. Сыр елінің Нартай, Қараторғай сияқты әншілерінің әуеніне салатын. Мен ән салып, терме айтуды сол әке, шешемнен үйрендім. Мектепте, университетте оқып жүргенде көркем өнерпаздар үйірмесінің әжептәуір әншісі атанып жүрдім. Осы өнерімді үлкен Атамның аулына келін боп түскен соң ілгері дамыттым. Соңғы жылдары Тәтемнің ел аузында шашырап жүрген әндерін қазіргі ата, ежелерімнен тыңдап жинастырып, оны ел арасында да, радио, теледидарда орындап келемін.

Енді Тәтемнің қайсы әнін кімнен үйренгенімді айтып берейін:

«Ай, угай» әні патефонда бар екен, содан тыңдадым, «Туған елімді» Сатыш атамның үйінде сақталған лентадан жаттадым. Күләшқа арнаған әнін тәтемнің келіні Еркетайдан үйрендім. «Тоқсан бесті» Үмбетәлі ақсақалдан, «Ой-хой, жиырма бесті», «Ақтеректегі» нағашым Сейітқасым Бөденеевтен, «Алғадайды жоқтауын» Әлімқұл ағайдан тыңдап ұқтым. «Алатау — Жетісу» әнін ақын Мұқаш Байбатыровты үйіме үш күн қондырып тыңдап, жаттап алдым.

Ал, қиссаша термелейтін «Көроғлы Сұлтан» және қырғыз әуеніне салып айтатын «Қырғыз ұлы құлақ сал» әндерінің жобасын Тезекбай атам айтып берді. Бұл кісі әнші емес еді, сөзін жатқа айта алмайтын. Құр әшейін көмейінен ыңылдап отыратын. Мен сол ыңылдың басын біріктіріп домбыраға қосып «Тәтем осылай айтушы ма еді?»— дегенімде, ол кісі тыңдап отырып, «Ә, ә, дәл осылай айтатын» деп қуанатын. Тәтемнің біраз әндері мен терме әуендері Москвада, Грузияда лентаға түскен деп есітемін. Ондасынов ақсақал «Туған елім» толғауының бір сағаттық записі бар дегенді жазды. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, композитор Борис Ерзакович. 1936—39 жылдары қазақ радио комитетінің музыкалық редакциясында істеп жүргенде бір күні оған Ахмет Жұбанов Жамбыл атамды ертіп барыпты.

— Сол жолы,— дейді Ерзакович — біз оның «Туған елім», «Замана ағымы» тағы бірер өлеңдерін өз әнімен жазып алғанбыз. Ол записстер архивте сақтаулы. Одан басқа мен 1956 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан

«Творчество Джамбула» деген жинақтағы мақаламда Жамбылдың «Ай-угай», «Жаз жыры», «Айтыс», «Ел едің құт дарыған Есім — Малай» әндерін магнитофонмен нотаға түсіргенімді және композитор Ғазиза Жұбанованың Жамбыл «Термесін», музыка зерттеушісі Зәуре Керееваның «Өсиет» өлеңін грампластинкадан нотаға түсіргенін жаздым...

Қазақ университетіндегі әдебиет кафедрасының доценті Алма Қыраубаева осыны айтты да домбырасын жанына сүйеді.

— Енді алдағы уақытта осы қазыналарды іздестіріп, жинастырсам деген ойым бар,— деді ол сөз соңында.

«Іздеген жетер мұратқа» деген, мақсатыңа жет Алма, атаңның ән-күй мұрасын жинап, оны халық игілігіне айналдыра бер — деп тілек білдірдік оған.

«Гүл өскен жерден гүл өседі, ну өскен жерден ну өседі» деген. Жиырмасыншы ғасырдың Гомері аталған қазақ халық поэзиясының жүз жасаған алыбы Жамбыл Жабаетың ақындық дәстүрі осылайша ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

МАЗМҰНЫ

БАСПАДАН	3
БОРАНДЫ КҮНІ ТУҒАН БАЛА	4
ҚАРА ҚОБЫЗДЫ ҚАНАДАН	6
БӨЛТІРІК АҚЫН ОСЫ ЕКЕН	7
МОЛДА АЛДЫНДА	9
ЖАРАПАЗАН	11
«МЕНИҢ ПІРІМ СҮЙІНБАЙ»	14
САЙҚАЛ ҚЫЗ	20
ЖАНЫСҚА ЖАУАП	21
ҚАЙРАН БҰРЫМ	23
САРЫМЕН САЙЫС	27
АЙКҮМІСПЕН АЙТЫС	28
СӘНДІ КӨШ	31
ШӨЖЕ	32
«КӨРОҒҰЛЫ»	33
ТІЛЕМІС	35
ҚУАНДЫҚ	38
ОРАҚБАЙ	39
САУЫТБЕК	41
ҚЫЛЫШБАЙ	42
АЛТЫНЕМЕЛДЕ	44
ОҢТҮСТІК ӨЛКЕСІНДЕ	46
ҮЙЛЕНУ	65
БАҚТЫБАЙ	73
ҚҰЛМАМБЕТПЕН АЙТЫС	75
ӘРІП АҚЫН	78
МАЙҚӨТ	80

ҚИСЫБАЙҒА	83
ШЫБЫЛ ШАЛҒА АЙТҚАНЫ	85
КҮЙГЕ ДЕН ҚОЙҒАН ЖЫЛДАР	86
САРЫБАСПЕН САЙЫС	91
«СҰРАНШЫ БАТЫР»	94
БАРМАҚ	95
ДОСПАМБЕТПЕН АЙТЫС	96
ШАШУБАЙМЕН ШАЙҚАС	100
ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕ	101
БАЛУАН ШОЛАҚ	108
ТОҚТАҒҰЛ	114
ӨСТЕПКЕДЕ	123
КӘДІРБАЙҒА	125
ДҮРБЕЛЕҢ	127
КЕЗДЕСУ	136
ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫЛҒЫ СЛЕТТЕ	138
«АҚЫН БОЛДЫМ ОН ҮШТЕ»	141
ТОЙҒА ШАҚЫРЫЛМАЙ ҚАЛҒАНДА	143
ҮМБЕТӘЛІ	144
ЗАМАНА АҒЫМЫ	146
ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАР	148
ЖӘКЕҢНЕН ШАПАҒАТ	154
СӘКЕНМЕН СҰХБАТ	161
«ТУҒАН ЕЛІМ»	171
КАВКАЗҒА САЯХАТ	179
«ӨТЕГЕН БАТЫР»	183
ДИНАМЕН ДИДАРЛАСҚАНДА	187
«ШАҢНАМА» ҚАЛАЙ ЖЫРЛАНДЫ?	197
ҮШ ҚОҢЫРДА	203
ҚАЙЫН ЖҰРТ АУЫЛЫНДА	213
ХАЛҚИН-ГОЛҒА	215
ТАҒЫ ДА МӘСКЕУДЕ	218
ЖАЛАДАН АРАШАЛАУ	220
ТҰҢҒЫШ ЛАУРЕАТ	227
ҚАҢАРЛЫ ЖЫЛДАР	230
АҚЫН МЕН ГЕНЕРАЛ	231
«ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМІ»	237

ШОҢ ҚАЗАҚ	246
МӘЛІК КЕЛГЕНДЕ	253
БАУЫРЖАН БАРҒАНДА	262
ҚАЛМАҚАН ҮЙІНДЕ	276
ЖҰБАТУ	286
АТАДАН АҚЫЛ	290
СОҢҒЫ САПАР	294
ЖАЛҒАСҚАН ДӘСТҮР	299

НЫСАНБЕК ТӨРЕКҮЛ
АЛАТАУ АСҚАРЫНАН ЖЫР АСЫРҒАН
(*Ғұмырнама.тық-эссе*)

Редакторы - *Бәкеш Әбдіханұлы*
Көркемдеуші редакторы: *В. Пак*
Техникалық редакторы: *Л. И. Конькова*

Теруге 20.08.96 тапсырылды. Басуға 12.12.96 қол қойылды.
Қалпы 84×108^{1/32}. Басп. қағ. Гар. әдебиеттік.
Басылымы күрделі. Шарт. б. т. 16,8. Шарт. бояу көлемі 17,01.
Есепке алын. бас. табақ 17,86. Таралымы 1000. Тапсырыс 140.

«Ғылым» баспасы
480100, Алматы, Пушкин көшесі, 111/113
«Ғылым» баспасының баспаханасы
480021, Алматы, Шевченко көшесі, 28